



Б.А. ШИЛБАЕВ

ҰЛТТЫҚ СПОРТ ОЙЫНДАРЫ

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

73.727(553)2
Ш 56

Б.А.ШИЛІБАЕВ

ҰЛТТЫҚ СПОРТ ОЙЫНДАРЫ

Оқу құралы

224813/94

Алматы
2019

ӘОЖ
КБЖ 74.264.5
Ш:56

*Баспаға Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының Әдістемелік кеңесінің шешімі бойынша оқу құралы ретінде ұсынылған.
Хаттама № 9. 25.04.2017 ж.*

Пікір жазғандар:

І.Қ.Минарбеков - ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы. М.Х.Дулати атындағы ТарМУ. «Сұңқар» спорт клубының басшысы.
Ғ.Ж.Исаков - э.ғ.к. доцент. Ұлттық спорт ойындары қауымдастығының мүшесі. М.Х.Дулати атындағы ТарМУ. «Менеджмент» кафедрасы.
А.Д.Болтаев - ТарМПИ. «Психология және акмеология» кафедрасы. Халықаралық педагогика білім ғылымдары академиясының корреспондент мүшесі. п.ғ.к. доцент.

Шилібаев Б.А.

Ш:56 Ұлттық спорт ойындары. Оқу құралы./ **Б.А. Шилібаев** – Алматы, Альманахъ, 2019. – 179 б.

ISBN 978 – 9965 – 20 – 440 - 1

Жалпы оқу құралы еліміздегі ұлттық спорттың қысқаша жалпы тарихы, даму жолы, ережелері және әдіс-тәсілдері қарастырылады.

Еліміздегі ұлттық спорт ойындары үлкен тәрбиелік және білімдік маңызға ие. Ол ғылыми көзқарастың қалыптасуына ықпал етеді, адамдар санасын өткеннің маңызды оқиғаларымен байыта түседі, адамгершілікке тәрбиелейді, отанға деген сүйіспеншілікке, дене шынықтыру мен спорттың дамуы мен қалыптасуына үлес қосқан барлық халықтарға құрмет сезімдеріне тәрбиелейді. Халқымыздың ұлттық ойындары ежелгі адамзат баласының өткен тарихының дамуымен байланыстырады.

Еліміздің ұлттық спорт ойындары - идеологиялық көзқарастық пән. Оның мазмұны 5B010800 - «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша Қазақстан Республикасының негізгі білім беру мемлекеттік стандартының талаптарына сәйкес барған сайын арта түсуде.

Осы оқулыққа байланысты пікір айтамын деушілерге автор шын ықыласты екенін білдіреді. Пікірлеріңізді Тараз мемлекеттік педагогикалық институтына жіберуіңізді өтінеді. Оқу құралы жоғары, арнайы, орта оқу орындарының ұстаздары, мұғалімдеріне және «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының білімгерлеріне, қызмет істейтін нұсқаушы, жаттықтырушыларға арналған.

ӘОЖ
КБЖ 74.264.5

Бұл басылымға барлық құқықтар «Альманахъ» баспа үйіне тиесілі. Авторлық құқық иесінің келісімінсіз кез келген тәсілмен көбейтуге тыйым салынды.

ISBN 978 – 9965 – 20 – 440 - 1

© Шилібаев Б.А., 2019
© Альманахъ, 2019

Кіріспе

Еліміздегі ұлттық спорт ойындары тарихы қоғамдағы өмір сүруінің әр түрлі кезеңдеріндегі дене шынықтыру саласындағы құралдардың, әдістердің, ой тәркініндеялар мен теориялардың пайда болуы мен дамуын зерттейді. Тарих бүкіл адамдардың мәдениеті, тәрбиесі мен білімінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырады.

Ұлттық спорттың жалпы тарихы ежелгі замандардан, қазіргі күндерге дейінгі ұзақ жолдан өткен. Тарих ежелгі дүниеде, орта ғасырларда, жаңа және қазіргі заман жағдайларында еліміздегі дене шынықтыру мен спорттың қалыптасуы мен дамуының жалпы заңдылықтары туралы баяндайды. Ұлттық спорт ойындары үлкен тәрбиелік және білімдік маңызға ие. Тарих ғылыми көзқарастың қалыптасуына ықпал етеді, адамдар санасын өткеннің маңызды оқиғаларымен байыта түседі, адамгершілікке тәрбиелейді, отанға деген сүйіспеншілікке, дене шынықтыру мен спорттың дамуы мен қалыптасуына үлес қосқан барлық халықтарға құрмет сезімдеріне тәрбиелейді.

Ұлттық спорт ойындары адамдардың қызығушылықтары дұрыс ұштасуына үйретеді, өзіншілдік сипаттағы насихаттауларды теріске шығарады.

Елімізде дене шынықтырудың әр түрлі ұлттық түрлері пайда болуда және дамуда. Еліміздегі дене шынықтыру мен спорттың ұлттық түрлері, Одақтың басқа республикалары сияқты жылдам даму үстінде.

Еліміз ұлттық спорт ойындарын дамыту үшін үлкен мүмкіншіліктерге ие. Осыған байланысты республикадағы дене шынықтыру ұйымдарының алдында үлкен және жауапты міндеттер тұрды. Бұл үшін, дене шынықтыру қозғалысы жалпы және жалпы халықтық қозғалысқа айналу үшін, дене тәрбиесінің ұлттық жүйесінің жалпы принциптерін тарату ерекшеліктерін талдау керек. Бұл аймақта зерттеу жұмыстарын өткізу қажеттілігі өкіметтің көптеген шешімдерінде айтылады.

Ұлттық спорттың даму тарихына зер салсақ қоғамдағы өзгерістер мен қатар спорттың мән-мағынасын да түсінуге болады. Бүгінгі күнге белгілі үңгір өнерінің көп үлгілерінде дәстүрлі ырымдық көріністері бейнеленген. Осы бейнеленген көріністерді

сенімді түрде қазіргі мағынадағы спортқа жатқызуға болмағанымен сол кездің өзінде спортқа жақын әрекеттердің орын алғаны хақында байлам жасауға болады.

Қазақтың ұлттық спорт түрлері - дене тәрбиесі (әртүрлі жаттығулар), ойындар (ұлттық) және қимыл-қозғалыс ойындары (спорттық), ат спорты (аламан бәйге, бәйге, құнан бәйге, дөнен бәйге, тай жарыс, ат жегу, ат омырауластыру, аударыспақ, жорға жарыс, қыз қуу,көкпар, жамбы ату, күміс ілу, сайыс), саяттаушы құстарды аңға салу (бүркіт, тазы), тоғызқұмалақ, қазақша күрес, асық ойындары.

Ұлттық спорт туралы түсініктер оның зерттелуі және даму жолдары.

Ұлттық спорт туралы түсініктер және даму тарихы. Еліміздің, мемлекеттің, халықтың мықтылығы мен тектілігін, мәдениеті мен мінез-құлқын танытатын ұлттық ойындар болатыны белгілі. Соның ішінде жалпы ережесі қалыптасып, жарыс күнтізбесіне еніп, спорт түріне айналғандары қаншама. Негізі қазақ халқында ел арасына кеңінен тараған 300-ге жуық ойындары бар. Оның ішінде кейбірі ғана ұлттық спорт түріне айналып, дамып келеді. Көптеген салалармен қатар спорт саласыда өз орнын тапты. Соның ішінде ұлттық спортымыз қайта жаңғырды.Адамның ақыл-ойы парасаты ұлттық сананы сіңіру арқылы байи түседі. Демек ұлттық спорт - бабаларымыздың асыл қазыналарына деген көзқарасын құрметтеуге сөз әсемдігін сезінуге үйретеді. Қазақтың ұлттық спорт ойындарының басқа халықтың спорт ойындарынан айырмашылығы - оның шығу пайда болу тегінің ерекшелігіне байланысты белгілі бір тәрбиелік мақсат бірлігін көздейтінінде.

Қазір елімізде ұлттық спорттың жиырмаға жуық түрі өмірге келді. Олардың алды әлемдік деңгейге дейін көтеріліп, Олимпиада ойындарына кіретін спорт түрлерінің қатарынан орын алуға тақап қалды. Айтар болсақ әрине - қазақ күресі, көкпар және тоғызқұмалақ келесі олимпиада ойындарына кірудің алдында тұр. Төл спорт түрлеріне кезеңдік тұрғыда ғана назар аударатын болсақ, оның мүлдем ұмыт қалуы мүмкін, немесе өзгенің меншігіне айналып кетуі де ықтимал. Қазақша күрес пен

көкпардың өзіне көз салып отырған көрші халық бар екендігі осының куәсі. Біз өз елімізде ұлттық спортты аяғынан тұрғыздық, ендігі міндетіміз-оны әлемдік деңгейге көтеру. Ол үшін насихаттау жұмыстарын өз елімізден бастауымыз керек. Өз мемлекетімізде толыққанды жүзеге асқан жағдайда, төл спортымызды халық назарына ұсынуымыз керек. Елімізде өткізілген «Қазақ барысы» атты жарыстары өзіміздің ұлттық санамызға сай келетіндей өтті десек те болады. Осындай турнирлерді көбірек өткізсек, тағысын тағы осылайша жалғасын тауып отырады. Елімізде Олимпиадалық спорт түрлерінің барлығы даму үстінде. Ал қуатты материалдық базаның жоқтығынан қазақтың қанға сіңген спорт салалары әлемдік аренада танылмақ түгілі, ел арасында насихатталып, таралуы қиындау. Ұлттық спортын олимпиадалық дәрежеге дейін жеткізген елдерді де санамалап беруге болады. Корея халқы таеквондо спортын тықпалап жүріп, олимпиада ойындарының бағдарламасына енгізді. Бүгінде таэквондо халықаралық деңгейдегі дәрежелі спорттардың біріне айналды. Бір ғана Алматы қаласының өзінде бірнеше таэквондо мектептерінің бары осы айтпағымыздың дәлелі.

Осы салада өз күш-қуаттарын жұмсап «ұлттық спорттың ертеңі не болмақ» - деген сұрақ қойып жүрген азаматтарымыз аз емес. Соңғы жылдары елімізде ұлттық спорт түрлеріне енген : Алыпсоқ, Жекпк-жек, Жұдырықтасу, Сайыс және биыл қайта түлеген Тай жарысы, Алаш алыспағы, Асық ату, Хан дейбасы ұлттық сипат алып, көпшіліктің қолдауына ие болуда. Осы ойындардың барлығы елін сүйетін азаматтардың арқасында жеке федерация болып құрылып өз шаңырақтарын көтеріп жатыр. Осы жұмыстың ұйытқысы, қолдап, қолынан жетектеп, үлкен өмірге қосып келе жатқан Қазақстан Республикасының Ұлттық спорт түрлері қауымдастығы болып табылады. Бүгінгі таңда осы Қауымдастықтың құрамында 22 ұлттық спорт түрлерінің федерациялары бар. Олардың барлық облыстарда филиалдары құрылып, жұмыс істеп жатыр.

Ұлттық спорттың өркендеуі атты 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарлама талқыланып, Үкімет пен Парламентке жіберілетін болды. Және Ұлттық спорттың мәселесін айтқанда көптің көңілінде жүрген, әлі толық шешімін таппай келген

мәселелер: Ұлттық спорт туралы заң, Атбегілердің Ар-ождан кодексі, Ұлттық спорттың жеңіпаздары мен еңбек сіңірген мамандарына атақтар мен спорттық разрядтар беру, Ұлттық спорттың кейбіреуінің Ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, жыл сайын Ұлттық спорттың үздіктері байқауын өткізіп тұру мәселелері қарастырылып, оны ұзауқа созбай тездетіп жүзеге асыруға жауапты адамдар белгіленді. Ендігі мақсатымыз Астана қаласының жылдық мерейтойында Ұлттық спорт түрлерінен Еуразия чемпионатын, ал тәуелсіздігіміздің 25жылдығында әлем чемпионатын өткізу қажет. Оған еліміздің қаржысы да, қабілеті де, мүмкіндігі де жетіп тұр. Ендеше, ұлтымыздың даңқын көтеретін ұлттық спортты қадірлейік.

Саламатты өмір салтын қалыптастыру қазақтың бүгінгі ұрпағына жаңаша сипатпен келді. Технологиясы дамыған, өндірісі өркендеген қоғамға, ең бастысы азаттық алған айрықша кезеңге тұспа-тұс келіп тұр. Сондықтан, оның негізгі тіні ұлттық спорт болуы тиіс. Өткен ғасырға сәл шегініс жасасақ, ұлттық спорт түрлері ара-тұра көзге шалынғанымен, «ұлттық спорт» деген термин жоқ болатын. Келмеске кеткен саясаттың құрбандығына шалынып, мереке-жиындарда ғана көрініс беріп жүрді. Сол дәуірдегі той-жиындарға көрік бергенімен, алыпсоқ, арқан тарту, көкпар, бәйге тәрізді ұлттық спорт ойындары былайғы өмірде спорт ретінде мойындалмағанын көпшілік жақсы біледі. Сондықтан дәл қазіргі таңда ұлттық спорт түрлерін дамыту туралы идеялар болсын, бастамалар болсын, бұл жақсылықтың нышаны деп түсінеміз. Және осыны саламатты өмір салтын қалыптастыру идеясының төңірегінде түсіндіре алсақ, еліміздегі барша халыққа өтімді болар еді деп шамалаймыз.

Ұлттық спорт түрлері қоғамымыздағы іргелі салалардың біріне айналып келеді. Бұл бойынша атқарылған шаруалар ел спортының дамуына зор үлесін қосып отырғанына куә болудамыз. Әсіресе, ұлттық төл өнерлеріміздің жандана түсуі халықтың спортқа, дене тәрбиесіне, саламатты өмір салтына мойын бұруына, сондай-ақ, ұлттық құндылықтарымызға ілтипатпен қарауына себеп болуда.

Ұлттық спортымызды өз биігіне көтеру үшін алдымен оларға мемлекеттік деңгейде көңіл бөлінуі керек деп ойлаймыз. Мысалы, Кубада бокс мектеп бағдарламасына енгізілген. Ол дене шынықтыру сабағының орнына жүреді екен. Әрине, оларда

оқушылардың боксты емес, дене шынықтыру сабағын таңдауына мүмкіндік бар. Бірақ боксты осындай дәрежеде қолпаштау оның мәртебесін биіктететініне күмәндануға болмайды. Ал Кореяның таэквондоны дәріптеуінің астарында өздерінің ұлттық спортының абыройын көтеру жатқаны саналы адамға түсінікті. Осы орайда мемлекеттік деңгейде қолдау қажет ететін ұлттық спорттың бірі қазақ күресі болуы тиіс деп шамалаймыз.

Қазақ күресінің Азия және Олимпиада ойындары тізіміне еруге дайын екенін айттық. Тағы да нақтылап айтатын болсақ, осы күні қазақ күресіне 40-тан астам ел атсалысты. Яғни 40-тан астам ел мойындады деген сөз. Ал Олимпиадалық ойын түріне ену үшін төрт құрлықтан 60-70 ел мойындауы тиіс дейтін болсақ, қазақ күресінің бағы жанатын күн алда екенін бәріміздің ішіміз сезеді. Расында, қазақ халқының өте ертеден қалыптасқан спорт ойындарының бірі – қазақ күресі.

Қазақ күресі көшпелі халықтың тіршілігімен бірге жасасып келе жатыр. Қазақ күресі басқа халықтардың күресімен салыстырғанда өзіндік бір ерекшелікке ие. Ол негізінен салт-дәстүрді дәріптейтін жиын-тойларда өткізіледі. Кезінде бұл спорттың түрі «күш атасын танымайды» деген ұранмен, балуандардың салмақ дәрежелері ескерілмей өткізілетін болған. Халық арасынан шыққан мұндай күш аталары, яғни, Қажымұқан, Балуан шолақ сынды тұлғалар еліміздің көркем әдебиетінде ерекше дәріптелді.

Қазақ күресінің ауқымы, көкжиегі кең. Оны жетік меңгерген адам өзге халықтардың күресіне еркін түсе алады. Осындай ғажап күресі бар қазақ елінде бүкіл әлем мойындаған даңқты балуандар шықты. Олар – Ә.Айханов, Ж.Үшкөмпіров, Д.Тұрлыхановтар.

Қазақ күресі біздің барлық балуандарымыздың айла-тәсілдерін жетілдіре түсетін нағыз бұқаралық спорттың бір түрі. Қазіргі таңда қазақ күресінің өзіндік жүйесі, ережесі, тәртібі бар. Жарыс алдын ала белгіленген ереже бойынша өткізіледі. Балуандар өзара командаға бірігіп, ол командалар салмақ дәрежесі бойынша өзара кездеседі де, ұтылған команда жарыстан шығады. Осылайша, бүгінде жарыс қорытындысы командалық есеп бойынша шығарылады. Ал жекелеген балуандарды анықтаудың да өзіндік тәртіптері бар. Бірақ, оның бәрін біз баяндап жатпаймыз. Біздің негізгі айтпағымыз қазақ күресінің елімізде жоғары тұғырға

көтерілуі, сол арқылы бұқараға тартымдылық сипатқа ие болуы. Осы тұрғыдан келгенде, өткізілген «Қазақстан барысы» додасын нақтылап мәлімдеуге болады. Біріншіден, бұл дода «балуан» деген атақты кәсіби маман деңгейіне көтеру үшін өткізілді. Екіншіден, республикалық деңгейде ұйымдастырылған әлеуметтік жобаға еліміздің бүкіл аймағынан, оның ішінде ауылды жерлерден келген «менмін» деген ең мықты балуан жігіттер қатысып, доданың маңызын арттыра түсті. Оны мерзімді баспасөз бен телеарналар да лайықты деңгейде көрсетіп, насихаттай білді. Додаға тігілген қаржының көптігі де көпшіліктің есінен шыға қоймаған болар. Соның өзі де ел назарын едәуір аударды ғой деп ойлаймыз. Өз еліміздегі айтулы жарыстарды есептемей-ақ, елімізден тысқары жерлерде де қазақ күресінен дүбірлі жарыстар өткізіліп жатқаны көңілімізді мақтаныш ұялатады.

Мысалы, 2008 жылы Ресейдің Орынбор қаласында қазақ күресінен әлем чемпионаты, 2011 жылы Иранның Машат қаласында қазақ күресінен жастар арасында әлем чемпионаты, 2011 жылы Үндістанның Пуна қаласында қазақ күресінен Азия чемпионаты, 2012 жылы Бразилияның Сан-Паоло қаласында жасөспірімдер арасында әлем чемпионаты өткізілгені қазақ күресінің абыройын одан әрмен асқақтататыны даусыз. Бұл орайда жастарымызға, жасөспірімдерге қазақ күресінің дәуірі басталғанын айтқымыз келеді және ол тек спорт түрінде ғана емес, ұлттық рухты оятуға септігі тиетін өзіндік ерекшелігі бар өнер ретінде дәріптелуді қажет етеді.

Қазақтың ұлттық спорты дегенде, неге екенін қайдам, ақын Қадыр Мырза Әлінің «Қазақ осы» дейтін өлеңі ойға орала береді екен. Ондағы «Сәйгүлікті құйрық-жалы таралған, Сүйетұғын қазақ осы қараңдар. Қазақ осы, күй шығарып, ән салып, Көкпар тартып, қыз кууға жаралған» дейтін жолдар әрбіріміздің есімізде болар? Жер бетінде атты, оның ішінде бәйге атын, көкпар тартатын аттарды қадірлеген, жалпы, жылқы баласы тұрмыс-тіршілігімен біте қайнасып кеткен бір халық бар болатын болса, ол қазақ деп білеміз. «Ат – ер серігі» деген мақал жайдан жай шығарылған жоқ. Адамға серік болуға жараған жануарды қазақ ежелден бейбіт өмірде де, соғыста да пайдаланғаны тарихтан белгілі. Қазақты жылқы мінезді деуінің астарында да жылқының қазақпен біте қайнасқан тіршілігі жатса керек. Осы тұрғыдан келгенде

жаужүрек, ер мінезді, өжет, қайсар жауынгерлерді дайындау үшін жылқының рөлі орасан болғанын айтқымыз келеді.

Ал бейбіт өмірдегі бәйге, көкпарлардың жөні тағы бөлек. Кеңес өкіметі қанша жерден ұлттық спорт түрлерін тұншықтырғысы келгенімен, жылқы мінезді қазақ бәйге мен көкпарды қызғыштай қорығаны мәлім. Әсіресе, көкпар ойындары қазақ баласының шымырлығын, батылдығын, оған қоса білегінің күшін көрсететін, ат үстінде түрлі қимылдар жасай алатынын дәлелдейтін ең бір тартымды ойындардың бірі. Көкпар жаппай тарту, дода тарту деген екі түрге бөлінеді. Жаппай тартуда жеке адамдардың тақымдасып, қол қайратын, тақым күшін, батылдығын, ептілігін толық көрсетуіне мүмкіндік бар. Ойында кәрі-жас, үлкен-кіші деген шектеу болмайды, жаппай тарту деп аталуы да сондықтан. Мұнда әркім лақты өзі иемденуге тырысады. Сайысты жиналған қауым сол майданнан жаппай көріп, тамашалайды.

Дода тартуда жүйелі және тұрақты тәртіп сақталмайды. Үлкен жікке бөлінген топтар тұтас сайысады. Бұрын мұндай тартуға көбіне аталы ауылдар, руларымен түскен. Дода кезінде де көк лақ жеңімпаздың қолында кетеді. Бұл ойынның айналма көкпар деген де түрі бар. Екі шеттен мәре белгіленіп, ойынға қатысатын екі топтың мүшелерінің көк лақты бір ғана белгіленген жерге апарып тастауы көзделеді. Қазіргі кезде республикалық деңгейде өткізіліп жүрген көкпар ойындары осы айналма тарту бойынша өткізіледі.

Өткен жылдардан бері «Қазақстан» телеарнасы сенбі және жексенбі күндері «Көкпар» ойынын көрсетіп келеді, өйткені, бұқара халықтың арасында оны асыға күтіп отыратын адамдар бар. Делебенді қоздырып, дегбірінді алатын көкпар нағыз қазақы қаны бар адамдарды патриоттыққа тәрбиелеуге де, саламатты өмір салтын ұстауға да серпін беретін спорт түрі. Рас, еліміздің салт-дәстүрді берік сақталған өлкелерінде кеңес дәуірінде көкпар ойыны тек той-жиынның кезінде ғана емес, әуесқойлық деңгейде де өтіп тұратын. Үкімет «мына жерде өткізіндер» деп шеңберін белгілеп, сызып бермесе де ауылдың жазық жерлерінде көкпар өткізіліп тұрды. Көк лақтың немесе серкенің еті көкпарды тартып ала білген мықтының үйіндегі қазандарда қайнап жататын. Оған көңілі жақын азаматтар шақырылып, мәре-сәре, дуылдаған мерекелік көңіл-күйге ауылдық жерде өскен мына біздер талай рет

куә болғанымыз бар. Ал қалаларда арнайы ипподромдарда өткізілді.

Жалпы алғанда, бұл ойынның еуропалықтардың кез келген спорт ойынынан кем еместігін дәлелдеу аз, соны халыққа жете насихаттау керек боп тұр. Бір жағынан Олимпиадалық ойындарға қаржы бөлгендей етіп қаржы бөлу жағы да кемшін түсіп жатқанын несін жасырайық? Сөйте тұра, көкпардың кешегі кеңес кезінде де, тәуелсіздігімізді алған тұста да еңсесі түспегенін, қайта жылдармен бірге жетіліп, дамып келе жатқанын мақтанышпен айтамыз. Түркияның Денизли қаласында өткен әлем елдерінің ұлттық ойындары фестивалінде қазақ көкпарының бағы жанды. Бұл жүлдеде көкпар үшін жанын салып, соның ыстығына күйіп, суығына тоңып жүрген талай азаматтардың үлесі бар деп түсінеміз. Дүниежүзінің 25 мемлекеті қатысқан сол сындарлы додада қазақ көкпаршыларының құрама командасы топ жарып, бірінші орынды иеленді. Бұл ұлттық рухымызды көтеретін айтулы оқиға болды.

Қазақтың ұлттық спорт ойындарының даму тарихына көз салсақ, Қазақстан жерінде қалыптасқан алғашқы қауымдық құрылыс кезінен басталып, сонан бізге дейін жеткен, әзір де айналып жүрген ұлттық спорт ойындарының ішіндегі тоғызқұмалақ, бестас, садақ ату секілді ойындардың бес мың жылдық тарихы бар екен. Бұл ойындардың тәрбиелік маңызы халықтың саяси, экономикалық, әлеуметтік дамуына негіз болды. Мәселен жүйеленген дене шынықтыру, әр-түрлі ойындармен қатар, дене жаттығуларын дамытты десек, көшпелі тайпалардың әскерлерінің соғыста мықты, төзімді, батыр тұлғалы болып келуі бізді ойлантуы тиіс.

Ұлттық спорт ойындарының адамның денсаулығына да пайдасы барын халқымыз ежелден білген. «Бірінші байлық – денсаулық» дегеннің астарында да денені шынықтыру қағидасы жатыр. Қазіргі таңда азаматтар арасында ұлттық спорт түрлерінің бізге дейін жеткен түрлерін ел ішінде одан әрі дамыту ниеті байқалады. Оны Ұлттық спорт түрлері қауымдастығына кіретін федерациялар арқылы байқауға болады. Қауымдастық құрамында «Көкбөрі», «Қазақ күресі», «Тазы, төбет-алабай», «Бүркітшілер», «Жекпе-жек» тағы сол сынды жиырмадан астам құрылым бар.

Соңғы жылдары және бүгінгі таңда Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі тарапынан республика көлеміндегі ұлттық спорт түрлерін дамыту мен насихаттау бойынша нақты жұмыстар жүргізілуде. Атап айтқанда қазақ күресінен, ұлттық ат спорты түрлерінен (аламан бәйге, топ бәйге, жорға аттар жарысы, құнан бәйге, тай жарыс, көкпар, аударыспақ, теңге ілу, қыз қуу), құсбегілер спортынан, тоғызқұмалақтан, жекпе-жектен және басқа ұлттық спорт түрлерінен республикалық және халықаралық деңгейде ресми біріншіліктер, чемпионаттар, турнирлер және кешенді жарыстар өткізілуде.

Олардың ішінде республикалық дәрежеде ұйымдастырылып, көпшіліктің назарын аударар білген тоғызқұмалақ бойынша өткізілген әлем чемпионаты, қазақ күресінен үш әлем чемпионаты, қазақ күресінен жеті Азия чемпионаты, Қазақстан Республикасы Президентінің жүлдесіне арналған халық спорт ойындары, «Ақ бидай» республикалық ауылдық спорт ойындары, Қазақстан Республикасының Ұлттық спорт түрлері фестивалдері, ұлттық ат спорты түрлерінен Қазақстан Республикасы Президентінің кубогы, көкпардан А.Асқаровты еске алуға арналған халықаралық турнир бар.

Бұл бағыттағы жұмыстарды одан әрі өнімді жүргізу үшін әлі де көптеген байрақты бәсекелер, фестивалдер, турнирлер ұйымдастырылу керек. Ұлттық спорт түрлерінің олимпиадалық деңгейге көтерілуіне мүмкіндік беру керек деп ойлаймыз. Әрине, мәселенің бәрін қаржыға, басшылыққа әкеп тіреп қоюға болмайды. Бұл ұлттық спорт ойындарын насихаттап жүрген, соған титтей де болса қатысы бар немесе басы-қасында жүрген әрбір азаматтың қасиетті міндеті. Отаншылдық сезімін қалыптастыру, саламатты өмір салтын насихаттау барысында ұлттық спорт түрлері өз көкжиегіне көтерілетін күн әлі алда деп сенеміз.

Ұлттық ойындарды оқу және тәрбие үрдісінде пайдаланудың өзектілігі.

Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін бүгінгі жастарға үлгілі, өнегелі тәрбие беру - қазіргі міндеттердің бірі. Адамда жалпы адамзаттық құндылықтар мен адамның айналадағы дүниемен жеке тұлғалық қатынасын (этикалық, эстетикалық, адамгершілік тұрғысынан) тәрбиелеу мақсатын халқымыздың мәдени рухани мұрасының, салт-дәстүрінің озық үлгілерін оның

бойына дарыту арқылы жүзеге асыруға болады. Осымен байланысты бағдарлама халқымызға тән әдептілік, қонақжайлық, мейірімділік, т.б. сияқты қасиеттер, табиғатқа деген қарым-қатынасындағы біздің халыққа тән ерекшеліктер. Жас ұрпақ өз халқының мәдениетімен, асыл мұраларымен ұлттық әдебиеттер арқылы танысып келеді. Халық ойынды тәрбие құралы деп таныған. Ойынды сабақта қолдану адамның ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы.

Халық педагогикасының адам, отбасы, өскелең жас ұрпақты тәрбиелеу туралы арман-мақсаттарын, орныққан пікірлерін, ұсыныстарын қамтып көрсететін педагогикалық идеялар мен салт-дәстүрлері өткен мен қазіргінің арасындағы байланысты көрсетеді.

Ол тарихи даму барысындағы әлеуметтік мәні бар ақпаратта (білім, білік) т.б. жиналып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады.

Ең алдымен, халық педагогикасы өскелең ұрпақтың еңбек пен өмір сүру бейнесінің негізі болып, оларды келешектегі қызметіне дайындайды. Біздің халықтық педагогикада еңбек тәрбиесі өте ертеден бастау алады. Ертеден келе жатқан еңбек тәрбиесінің әдіс-тәсілдер құралы, сөз жоқ, еңбек болып табылады. Еңбек адамның қалыптасуы мен тәрбиеленуінде бір ұрпақтан екінші ұрпаққа өмірлік тәжірибе береді және халықтың даму барысында шешуші роль атқарады. Еңбек ету кезінде адамның дене, ақыл-ой, эстетикалық дамуы мен еңбек тәрбиесі қатар жүреді.

Халықтық педагогиканың ең бір көне тиімді құралдарының біріне ойын жатады. Ойын арқылы бала қоршаған ортаны өз бетінше зерделейді.

Сөйтіп, өзінің өмірден байқағандарын іске асырып, қоршаған адамдардың іс-әрекетіне еліктейді.

Соның нәтижесінде өзі көрген жағдайларды отбасылық тұрмыс пен қызмет түрлерін жаңғыртады. Мәселен, қазақтың ұлттық ойындары: «Бәйге», «Көкпар», «Алтын сақа», «Хан талапай», «Қыз қуу», «Тоғызқұмалақ» т.б. балалардың еңбекке деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін арттырады.

Ойын дегеніміз – адамның ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан-ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе.

Оқу үрдісінде ұлттық ойын элементтерін пайдалану сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сай алынады. Сонда ғана оның танымдық, тәрбиелік маңызы арта түседі. Оқушыларды әсіресе, «Сиқырлы қоржын», «Көкпар», «Асық» секілді ұлттық ойындарға қатыстыру өте тиімді екеніне көз жеткізу қиын емес. Бұл ойындарды жаңа материалды бекіту немесе қайталау кезінде қолдану керек деген пікір бар. Оқушы ойынның үстінде не соңында өзінің қатысу белсенділігіне қарай түрлі баға алуы мүмкін. Мұғалім әр оқушының еңбегін бағалап, ынталандырып отыруы тиіс. Ойынның тәрбиелік маңызы мынада: ол баланы зеректікке, білгірлікке баулиды.

Бабаларымыздың асыл қазыналарына деген көзқарасын құрметтеуге сөз әсемдігін сезінуге үйретеді. Батылдыққа, өжеттікке тәрбиелейді. Ендеше еңбекке баулу сабағын ұлттық ойындар арқылы сабақтасытырып түсіндіру пән тақырыптарын тез, жылдам меңгеруге ықпал етеді. Оқушының сөздік қорын байыта түседі.

Халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі, аса көрнекті жазушы М.Әуезов: «Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жылдарында өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген менің түсінуімше көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған», - деп тегіннен тегін айтпаса керек. Одан кейінгі кезеңде қазақ халқының бай этнографиялық материалдарын жинақтаған және оның ішінде ұлт ойынының тәрбиелік маңызы туралы пікір айтқандар К.А.Покровский, А.И.Ивановский, Н.И.Гродеков, Е.А.Алекторов, Ә.Диваев, А.Левшин, Н.Пантусов, Ф.Лазаревский, П.П.Пашин, Г.С.Запряжский, А.Шиле, А.Харунзин, А.Горячкин, П.Ходыров, Е.Букин, О.Әлжанов, т.б. болды делінген.

Е.Сағындықов өз еңбегінде: «Қазақтың ұлт ойындары тақырыпқа өте бай және әр алуан болады», - дей келіп, ұлт ойындарын негізінен үш салаға бөліп топтастырған.

Ә.Диваев «Игры киргизских детей» атты еңбегінде тарихта алғаш рет қазақтың ұлттық ойындарын үш топқа бөліп қарастырады.

Қазақ балаларының ұлттық ойынына тоқталғандардың бірі – орыс ғалымы А.Алекторов. Мәселен, оның «О рождении и

воспитании детей киргизов, правилах и власти родителей» (Орынбор, 1891) атты еңбегінің атауға болады.

М.Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінен бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырымдайды. Кезінде ұлттық ойындарды зерттеген авторлар қатарында М.Тәнекеев, Б.Төтенаев, М.Балғымбаев, Ә.Бүркітбаев, т.б. есімдерін атауға болады.

Кеңес Одағы кезіндегі ұлттық ойындардың маңызы мен қажеттілігін көрегендікпен қарастырған ғалым Б.Төтенаев «Қазақтың ұлттық ойындары» (Алматы, 1994) атты еңбегінде қазақ ойындарын бірнеше топқа бөліп, ойын шарттарын жазып, жастар үшін тәрбиелік мәнін зерделеп, ойын білдірген.

Сабақта және тәрбиеде, яғни балабақшалар мен бастауыш мектептерде ұлттық ойынды ұтымды пайдаланса, алдымен еңбекке баулу және дене шынықтыру пәндерінде оқушылардың өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру шарттары теориялық тұрғыдан негізделсе, онда оқушылардың білімге деген құштарлығын арттыруға және халықтың асыл мұрасын бойына сіңіріп, ұлттық сананы қалыптастыруға болады.

Қазақ халқының ұлттық ойындарының зерттелуі.

Қай халықтың болмасын, оның ұлттық ойындарының белгілі бір мақсаты мен әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан ерекше қасиеттері болады. Сондықтан халық арасында қалыптасқан ойындар туралы сипаттамалық жинақтар, деректер және құжаттар дұрыс зерттеу мен талдауды қажет етеді.

Ұлттық дәстүрлі халық ойындарының ел арасындағы беделі, тарихи қоғамдағы алатын орны және болашақ ұрпақты өсірудегі қажеттілігі, оның шығу тарихы туралы ғылыми тұрғыдан бізге дейінгі ғалымдар да көп ізденді. Осы мәселеге байланысты зерттеген ғылыми еңбектерді біз хронологиялық шектігіне қарай бірнеше топқа бөліп қарастырамыз.

1. Орыстың отарлау саясаты кезеңіндегі алғашқы орыс әскери шенеуніктері мен миссионерлерінің көшпенділер хақындағы зерттеу жұмыстары;

2. Кеңес заманы кезеңіндегі Орта Азия және Қазақстан халықтарының ұлттық ойындары туралы жазылған ғылыми еңбектер;

3. Мектеп жасына дейінгі балаларды дене шынықтыруға баулу әдістерін педагогикалық сипаттағы бағыт-бағдарлама тұрғысынан зерттелген жинақтар.

4. Тәуелсіз егеменді елдер кезеңіндегі (1992 жылдан бүгінге дейін) аталған тақырыпқа қатысты ізденістер.

Алғашқы топтама еңбектің тарихнамалық тізгінін Ә.Диваевтың еңбегін талдаудан бастайық. Ол өзінің «Игры киргизских детей» атты еңбегінде тарихта алғаш рет қазақтың ұлттық ойындарын үш топқа бөліп қарастырады.

Ә.Диваев алғашқы топтағы ойын түріне рулық-қауымдық құрылыс кезеңінде өмірге келген ойындарды, екінші топтамадағы дәстүрлі ойындарға қозғалыс ойындарын, үшінші топқа – спорттық ойын түрлерін жатқызады. Ізденуші этнографтың дәлелдеуінше, халық ойындары балалардың іс-әрекетін, қимыл-қозғалысын дамытумен қатар денсаулығын шыңдауда тездетуші үрдіс әрекетін атқарады. Ә.Диваев: «Как киргизы развлекают детей» деген мақаласында: «бала бас бармағын көтеріп оған пайғамбарымыз не дейді деп көк аспанға қарап, құдай тәңірінен рұқсат сұраған», - дей келіп, «Бес саусақ» ойыны мен саусақ атауларын алға тартады және аталған мақалада саусақ пен қимыл-қозғалыс жасау әрекеті негізінде баланы тәрбиелеп, шынықтырудың үлкен даналық философиялық мағынасы жатқандығы сөз етіледі.

Қазақ балаларының ұлттық ойынына тоқталғандардың бірі – орыс ғалымы А.Алекторов. Мәселен, оның «О рождении и воспитании детей киргизов, правилах и власти родителей» (Орынбор, 1891) атты еңбегін атауға болады.

Автор бұл еңбегінде көшпенді қазақ халқының өмір сүру салтындағы баланың дүниеге келген сәтінен бастап өсу динамикасына дейін ұлттық ойын мен қимыл-қозғалыс әрекетінің алатын орны және балғындардың денсаулығы мен дене мүшесінің қалыптасып дамуындағы жеке халық ойындарының қажетті жақтарын ашып көрсетеді. Қазақтың белгілі ғалым ағартушылары А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин халық ойындарының балаларға білім берудегі тәрбиелік мәнін жоғары бағалап, өткен ұрпақтың дәстүрі мен алтын құрметтеп, адамдардың ойы мен іс-әрекетін танып түсінуде жастардың эстетикалық, адамгершілік ой талабының өсуіне оның атқаратын қызметін жоғары бағаласа,

М.Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінің бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырымдайды. Ұлттық ойындар халық тәрбиесінің дәстүрлі табиғатының жалғасы. Ежелден дәстүрлі ойындарда халықтың өмір сүру әдісі, тұрмыс-тіршілік еңбегі, ұлттық дәстүрлері, батырлық-батылдық туралы түсінігі, адалдыққа, күштілікке ұмтылуы, шыдамдылық, т.б. құндылықтарға мән берілуі – халық данышпандығының белгісі.

XX ғасырдың басында өмір сүрген этнограф М.Гуннер қазақтың ұлттық ойындарын былайша жіктейді: 1. Жалпы ойындар; 2. Қарсыласу мен күресу сипатындағы ойындар; 3. Ашық алаңқайдағы ойындар; 4. Қыс мезгіліндегі ойындар; 5. Демалыс ойындары; 6. Ат үстіндегі ойындар; 7. Аттракциондық-көрініс ойындар.

Қазақтың ұлттық қозғалыс ойындарын спорттық ойындардан ажыратып, алғаш рет бөліп қараған ғалым М.Гуннер қазақ ойындарына топтамалық жіктеу жасай отырып, ұлттық ойындарды оқу үрдісінде пайдалануға ұсыныс жасайды. Бұл жерде айта кететін бір жайт, Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1943 жылғы шешіміне сәйкес 1949 жылы жарық көрген «Краткий сборник казахских народно-национальных видов спорта» атты еңбегі М.Гуннердің толықтырып, өңделген кітабы. XX ғасырдың басында көшпенді халықтар: қазақ, өзбек, қырғыз, түркімен, қалмақ, т.б. отар елдері туралы этнографиялық деректер жинақтап, олардың ұлттық мәдениетінің тармағы – халық ойындары, оның ішіндегі құрамдас бөлшегі болар ойынын жинап зерттеуді Түркістан генерал-губернаторы арнайы шенеуніктер мен миссионер ғалымдарға жүктеген. Орыс ғалымы А.Васильев «Игры сартовских детей» атты мақаласында Ферғана және Сырдария аймақтарын мекендеген өзбек халқының ұлттық ойындарының бірнеше түрлерін ажыратып, топқа бөліп, нақты зерттеген.

Ізденіс барысында автор Ферғана балаларының күнделікті ойнайтын ертеден келе жатқан дәстүрлі «Гимчук тушты бошимга» ойыны Ташкенттегі сарт балаларына таныс емес екендігін айтады. Ал М.Гавриловтың авторлығымен жазылған «Перепелиный спорт у Ташкентских сартов» атты мақаласына өзбек халқының ойын түрлерінің айрықша маңыздысы жыл мезгілдерінің белгілері

уақытында «Құстар ойынын» (тауық, қаз, т.б.) ойнаудың ережесі, ойын түрлері, тәртібі зерттеледі.

Кенес дәуірі жылдарында қазақтың ұлттық дәстүрлі халық ойындары күн тәртібіндегі өзекті мәселе болғанына қарамастан, сол тоталитаризм кезінде дәстүрлі ұлттық ойындарды зерттеген авторлар қатарында М.Тәнекеев, Б.Төтенаев, М.Балғымбаев, Ә.Бүркітбаев, т.б. есімдерін атауға болады. Әсіресе М.Тәнекеевтің қазақтың ұлттық және дәстүрлі ойындарын зерттеген деректерінің өзі жеке мәселе. Оның негізгі еңбектері Қазақстандағы спорт пен дене тәрбиесі саласына арналған. Ең бастысы, ол дене тәрбиесінің халықтық педагогикасы сияқты көкейтесті мәселесінің негізін қалаған М.Тәнекеевтің авторлығымен шыққан алғашқы туынды «Казахские национальные виды спорта и игры» (Алматы, 1957). Бұл зерттеуінде ізденуші қазақтың «Тоғызқұмалақ» ойынының ереже тәтіптерін таразылап, халық ойынының қажетті жақтарын ашып, сонымен қатар басқа да ұлттық қозғалмалы, спорттық ойын түрлеріне тоқталып, анықтама беріп жіктеп, құнды мұрағат деркестеріне сүйене отырып, ғылыми сараланған пікірлер айтады. Ғалым негізінен Қазақстандағы Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде дене тәрбиесі мәдениетінің дамуын талдай отырып, тарихта тұңғыш рет, дене мәдениеті мен спорттың екі даму бағытын қара халқтық және аксүйектік деп көрсетіп, оны формациялық әдістемеге сүйеніп, яғни таптық тұрғыдан қарастырады. Сонымен бірге ғалым зерттеуіне әскери қолданбалы маңызы бар кейбір спорт және ойын түрлерінің өрлеуіне отаршыл Ресей патшалық өкіметінің саяси көзқарасын көрсетеді. М.Тәнекеевтің аталған еңбегінде таптық-формациялық идеологиялық көзқарас тұрғысынан сол заманға сай зерттелгеніне қарамастан, бүгінгі күні өз құндылығын жоймаған, ғылыми тұрғыдан аса жоғары еңбек болып табылады. М.Тәнекеевтің басшылығымен бұдан басқа да бірнеше ғылыми монографиялық еңбектер жазылды. Кенестік кезеңдегі ұлттық ойындардың маңызы мен қажеттілігін көрегендікпен қарастырған ғалым Б.Төтенаев «Қазақтың ұлттық ойындары» (Алматы, 1994) атты еңбегінде дәстүрлі қазақ ойындарын бірнеше топқа бөліп, ойын шарттарын жазып, жастар үшін тәрбиелік мәнін дәлелдеп, ойын зерделеген.

Аталған автор қаламынан халықтың этнопедагогика мен ұлттық ойындар арасындағы байланыс және ойындардың ертеңгі

болашаққа керекті қасиеттілігін зерттеген басқа да қомақты ізденістер дүниеге келеді. Е.Сағындықовтың авторлығымен жазылған ғылыми монография «Ұлттық ойындарды оқу-тәрбие ісінде пайдалану» (Алматы, 1993) деп аталады. Ғылыми еңбекте қазақ мектептерінде I-ҮІ сыныптарда қазақ халық ойындарын жекелеген классификацияларға топтап, оны сабақта және сабақтан тыс тәрбие жұмыстарында қолдану әдістері анықталып, қазақ халық ойындарына педагогикалық талдау жасалып, оқу үрдісінде пайдалану қажеттілігі негізделеді. Ә.Бүркітбаевтың авторлығымен 1985 жылы жазылған «Спорттық ұлттық ойын түрлері және оның тәрбиелік мәні» жинағында ұлт спорты түрлері мен ұлттық спорт ойындарының балалардың күнделікті өміріндегі алатын орны, тәрбиелік маңызы және ат спорты мен ұлттық ойындардың ережесі қарастырылса, М.Балғымбаевтың «Қазақтың ұлттық спорт ойыны түрлері» (Алматы, 1985) атты еңбегіндегі ат спортына қатысты бәйгені бастап жорға жарыс, аударыспақ, жамбы ату, аламан бәйге, т.б. жарыс түрлеріне салыстырмалы талдау жасалады. Бала өміріндегі ұлттық және спорттық қимыл-қозғалыстың және ойынның алатын орны, формасы және мазмұны үлкен адамның тұрмыстық күйімен, еңбек түрімен және мазмұнымен салыстырылса, қаладағы қажеттіліктің бір тұсы адамды дағдыға үйрету екендігін байқаймыз. Ғалым А.Усова өз еңбегінде ойынның мәнін баланың дербес іс-әрекеті, айналасындағы өзгерістерді танып-білуге, белсенді әрекет етуге жол ашуы ретінде түсіндіреді. Автордың айтуынша шынайы өмірде баланың аты – бала. Өз бетінше әлі ештеңе тындырып жарытпайтын жан. Қам-қарекетсіз өмір ағысына ілесіп кете барады. Ол ойын үстінде ол бейнебір ересек адам тәрізді өз күшін сынап көреді». Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту барысындағы спорттық жаттығулар И.Давыдов, Л.Былеева, В.Яковлев, Н.Поддякова, Н.Михайленко, Д.Куклова және тағы басқалар ерекше назар аударған. И.Давыдов ойын мен ойыншық және дидактикалық құралдарға ғана сүйеніп, мектепке дейінгі балалық кезді заттар жөнінде жекелеген нақты түсініктер, жинақтау кезеңі деп түсіну қателік деп дәлелдейді. Бұл кезде дене шынықтыру мен ақыл-ойын ақыл-ой дамуына, жалпы түсінік пен ұғымның қалыптасуында, маңызды ойлау операциялары: талдау, салыстыру, қорыту, қабілетіне қажетті организм деп аударған. И.Давыдов

ойын-ойыншық және дидактикалық құралдарға ғана сүйеніп мектепке дейінгі барлық кездерге заттар жөнінде жекелеген нақты түсініктер жинақтау кезеңі деп түсіну қателік деп дәлелдейді. Бұл кезде дене шынықтыру мен ақыл-ой дамуына, жалпы түсінік пен ұғымның қалыптасуына, маңызды ойлау операциялары: талдау, салыстыру, қорыту қабілеттеріне қажетті организм деп тұжырымдайды.

Д.Хухлаеваның пікірінше, дене шынықтыру жаттығуларын ойынмен ұштастырған сәтте баланың тұрақты іс-әрекетке бейімділігінің қалыптасуы айқын сезіледі, сондықтан дене шынықтыру күнделікті қажеттілік болуымен қатар денсаулықтың, шыдамдылық пен тез кимыл-әрекеттің символы болып табылады.

М.Контарович, Л.Михайлованың авторлығымен жазылған еңбекте жыл мезгіліне сәйкес қыс айларында ойналатын ойындар, топ болып ойнайтын, жеке бір балаға арналған далада өткізілетін кимыл-қозғалыс ойындарының әдістемелік нұсқауы берілген. Ойын түрлері мен шарттарын бала жасына қарай бөліп классификация жасап, бірнеше халық ойындарын ұсынған. Олардың ішінде «Қояндар» (2-3 жасарларға), «Аңшы мен ит және қояндар» (4 жастағылар үшін), «Торғай мен мысық» (5-6 жастағыларға арналған) қозғалмалы ойындарын зерттеп, қолданысқа түсірген.

А.Быкованың басшылығымен баспадан шыққан «Физическое воспитание в детском саду» кітабында балабақшаның әр тобында жас ерекшелігіне қарай өткізетін қарым-қатынас ойындарын ұйымдастыру және оны өткізу әдістері, т.б. мәселелер қарастырылған. Мысалы, қозғалып ойнау барысында алғашқы күннен бастап балаларды өзін-өзі тежеуге үйрету, сонымен қатар барлық баланың қабылдау қабілеті бірдей емес екендігі, яғни белсенділер мен жайбасар әлсіз балалар арасындағы тепе-теңдікті сақтау қасиеті, оларды әр түрлі ойынға тарту арқылы шыңдау, ұмтылдыру, бірнеше рет бір ойынды ойнату барысындағы баланың физиологиялық өзгерісімен қатар психологиялық тұрғыдан сенімділігінің артуы ғылыми еңбектің құндылығын жоғарылатады.

Еліміздің егемендік алуы Қазақстандағы дене шынықтыру, ұлттық ойындар мәселесіне басқаша сын көзбен қарауды талап етеді. Осы орайда соңғы жылдары біздің қарастырып отырған

ізденіс тyaқырыбымызға орай бірнеше ғылыми еңбектер жарық көрді. Е.Мұхиддинов қазақтың ұлттық ойындарын дамыған қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық құрылыммен байланысты қарастырады. Дене шынықтыру пәнінің теориялық дәлелдемесін қазақтың ұлттық ойындарының тәжірибелік жағымен біртұтас алып қарайды.

А.Құралбекұлы мен С.Әкімбайұлы жалпы білім беретін қазақ мектептерінің дене шынықтыру жүйесінде қазақ этнопедагогикасы материалдарына, оның ішінде халық шығармашылығы мен ұлттық ойындарды тиімді пайдаланудың ғылыми теориялық-әдістемелік негіздеріне сүйене отырып талдау жасаса, А.Айтпаеваның ғылыми еңбегінде орыс тілінде оқытатын мектептердің бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу құралы ретінде қазақ халқының ойындарын пайдаланудың теориялық-әдістемелік негіздері жасалып, олардың тәрбиелік мүмкіндіктері айқындалған.

Сонымен түйіндеп айтарымыз, қазақтың ұлттық ойындарының басқа халықтардың ұлттық ойындарынан айырмашылығы - оның шығу, пайда болу тегінің ерекшелігіне байланысты белгілі бір тәрбиелік мақсат бірлігін көздейтінде.

Ұлттық спорт түрінің даму тарихы.

Халықтың ұлттық және спорттық ойындарының да өзіндік тарихы даму жолдары, қалыптасу кезендері, тәрбиелік маңызы халықтың саяси әлуметтік экономикалық дамуының негізі болды. Ұлттық спорт ойындарының қалыптасу кезеңі сонау адамзат баласының жаратылған күнінен, демек Қазақстан жерінде қалыптасқан алғашқы қауымдық құрылыстан басталады. Сонан бері біздерге жетіп, ойналып жүрген ұлттық спорт ойындарының ішіндегі әр түрлі құмалақ ойындары, бестас, садақ ату, тағы басқалары шамамен алғанда 5000 жылдар бұрын ойналған. Мұндай жүйеленген дене шынықтыру одан ары дамып, қалыптасу барысында әр түрлі ойындармен дене жаттығуларын дамытты. Бұл сияқты бала кезінде ойнаған ойындардың арқасында көшпелі тайпалардың әскерлерінің соғыста мықты да төзімді, найза лақтырған кезде мерген де кесек, батыр тұлғалы болып келуі жекпе-жек келген жаулардың қай-қайсысына болса да оңайшылықпен берілмеген. Ұлттық спорт ойындардың адамға тигізетін

пайдасын халық ертеден –ақ білген. Халық арасында «Денсаулық –зор байлық» деп тегін айтылмаған. Бұл арқылы халық даналығы тіршіліктің негізгі көзі осы денсаулық екенін тағы ескертеді.

Жалпы қорыта келе айтатын болсам қазақтың ұлттық спорт түрлерімен, қазақ спортшыларының алар асуы биік. Біздің ұлттық спортымызда жаяу көкпар, арқан тартыс, бәйге, аударыспақ, тоғызқұмалақ, қазақша күрес, т. б спорт түрлері кіреді. Осының бәрін алып қарайтын болсақ қазақ спорт жағынан кенде қалмайды.

Біздің қазіргі кезде осы ұлттық спортымыздың жақсы дамығаны ол көкпар, қазақша күрес, тоғызқұмалақ т. б. с.с. Арқан тартысымыз бар ол өте көп күшті қажеттететін және күшті адамдардан тұратын спортшы қажет. Бәйгеде атпен ойналатын спорт түрі ер қанаты атдеп дана халқымыз бекер айтпаған бәйгеде аттың ішінде аты ғана бәйгені жеңе алады. Құлагер сияқты асыл тұқымды аттар ғана бәйгені ала алады.

Шынықсан –шымыр боласң дегендей қазақша күресте белі бекем жігіттер ғана жеңе алатың болған, белдескенде екі аяғында аспаннан келтіретін қазақ жігіттері аз емес. Қортындылай келе біз негізі қазақ халқы батыр халықпыз ғой, ертеде жаудан тайсалмай тіке шыққан алдынан жаужүрек халық болғанбіз, Күш –атасы танымайды деген тағы бар.

Ежелден садақ тарту, бәйге, сайыс, күрес, аударыспақ сияқты спорт түрлерімен айналысқан қазақ халқы басқа да спорт түрлерімен айналысу арқылы өздерінің рухани байлықтарын жетілдіріп, толықтырып отырған. Халық өзіне лайықты деп санаған ұлттық спорт түрлерін, әр түрлі дене жаттығуларын үнемі жетілдіріп келген. Әр рудың, әр жүздің, әрбір хан мен бай-манаптың, болыс-бектің өз балуаны, өз мергені, өз сәйгүлігі болған. Олар бәйге-жарыстарда ірі рулардың намысын қорғаған.

Қазақ халқы арасында спорттың дамуына әр ұлт өкілдерімен арадағы қарым-қатынастың нығаюы көп әсер етті. Мұндай жағдай, әсіресе, Қазан төңкерісінен кейін берік қалыптасты. Алғашқы кезеңде спорт пен дене тәрбиесі еңбекшілердің денсаулығын нығайту, жалпы гигиеналық мәселелер, әскери шынықтыру даярлығын жақсарту мақсатында жүргізілді. 1918 жылдың 1-жартысында жұмысшылар клубтарында гимнастикамен айналысатын үйірмелер ұйымдастырыла бастады. Халық ағарту

органдары мен комсомол ұйымдары қыруар жұмыстар атқарып, жастар күшімен спорт алаңдарын, әскери даярлық ісіне жаттығу өткізетін орындар жасады. 1920 жылы 1 қазанда Қазақстанның сол кездегі астанасы Орынбор қ-нда дене тәрбиесі нұсқаушылары және ұйымдастырушыларымен әскерге баратын жастарды спортқа баулуға арналған курстар ұйымдастырылды. Оған жүзден астам кісі қатысты. Оның тең жартысынан көбі қазақ жастары болатын. Мұнан соң Ақтөбе, Гурьев (қазіргі Атырау), Орал, Верный (қазіргі Алматы), Орынбор, Петропавл, Қызылорда, Семей қалаларында ірі спорттық орталықтар құрылды. Сол жылдары Семей, Қостанай, Жетісу губернияларында спартакиадалар өте бастады. Әйелдер арасында дене тәрбиесін дамыту мақсатында 1925 жылы Семей қаласында арнаулы спартакиада өтті. Дәл осындай әйелдер арасында спартакиадалар Орал, Петропавл, Алматы қалаларында да ұйымдастырылды. 1928 жылы Петропавл қаласында Бүкілқазақстандық 1-спартакиада өз жалауын көтерді. Оған қатысушылар футбол, жеңіл атлетика, қалашық (городки), қазақша күрес, баскетбол және нысана көздеуден сынға түсті. Қазақстанда дене тәрбиесі мен спортты дамытуда 1931 жылы енгізілген “КСРО-ны қорғауға, еңбек етуге дайын бол” (ГТО) деп аталған бәсекелердің маңызы зор болды. Бұл жастардың спортқа тұрақты түрде қатысуына мүмкіндік берді. Дене тәрбиесінен ұлттық кадрлар даярлауға көңіл бөліне бастады. 1932 жылы Алматыда дене тәрбиесі техникумы ашылды. 1934 жылы республикалық ведомствоаралық 1-спартакиада, Орта Азия мен Қазақстан спортшылары арасындағы 1-спартакиада және мектеп оқушылары арасында бүкілқазақстандық 1-спартакиада өтті. Қазақстан К(б)П-нің 1937 жылы өткен 1 съезі дене тәрбиесі мен спорт және бұқаралық қорғаныс жұмыстарын кеңейте түсуді атап көрсетті. 2-дүниежүзүлік соғыс қарсаңында Қазақстан спортшыларының саны 150 мыңға жетті, оның ішінде 30 мыңнан астамы қазақ жастары болатын. Соғыс жылдарында әскери-спорт кадрларын даярлауда көп жұмыс атқарылып, елімізде 1,5 миллионға жуық әскери-спорт мамандары тәрбиеленді.

1945 – 56 жылдары Қазақстанда дене тәрбиесі ұйымдары нығайып, спорт кадрлары өсіп шықты. 1945 жылы Алматыда дене тәрбиесі институты (Қазақ физкультура институты) ашылды. 1946 жылы Шоқыр Бөлтекұлы “Спартак” қоғамы бойынша бокстан

КСРО чемпионы атанып, қазақ жастары арасында бірінші болып спорт шебері деген дәрежеге жетті. 1950 жылы Қазақстан спорт ұйымдары құрылды. 1959 жылы бұл ұйымдар спорт федерациясы болып өзгертілді. 1951 жылы “Колхозшы” спорт қоғамы құрылды. 1956 жылдан бастап “Қайрат” деп аталды. 1956 жылы Мәскеуде КСРО халықтарының I-спартакиадасы өтті.

Қазақстан спортшылары 1956 жылдан олимпиялық ойындарға да қатыса бастады. Тау шаңғышысы А.Артеменко 1956 жылы Италияның Кортина Д’Ампеццо қ-нда өткен 7-қысқы олимпия ойындарында, ал Е.Кадяйкин Мельбурнда (Австралия) өткен жазғы 16-олимпиялық ойындарда 3000 м-ге тосқауылдар арқылы жүгіруден сынға түсті. Қазақ жастары арасынан шыққан жеңіл атлет Ғ.Қосанов 1960 жылы Римде өткен 17-олимпиялық ойындарда 4-10 м-лік эстафеташылар жарысында күміс жүлдені иемденді.

Елімізде қысқы спорттың дамуына 1951 жылы ашылған әйгілі Медеу мұз айдыны (к. Медеу спорт кешені) үлкен ықпал етті. Мұнда көптеген дүниежүз. және құрлықтық рекордтар жаңарды. 1960 жылдардың басында Қазақстанда спорт клубтары (АДК “Шахтер”, “Болат”, “Динамо”, т.б.) құрыла бастады.

1976 жылы 21-Олимпиялық ойындарда (Монреаль, Канада) КСРО құрама командасына 14 қазақстандық спортшы 11 спорт түрінен қатысты. Бұл олимпия ойынында жерлестеріміз 8 алтын және 2 күміс медальға ие болды. Ал осы жылы өткен Қысқы олимпия ойындарында шаңғы жарысынан 2 қола медальді иемденді. Мәскеуде өткен 22-олимпия ойындарында (1980) 20 қазақстандық спортшы 6 алтын, 2 күміс және 7 қола медальді алды. Осы олимпияда ойындарында Ж.Үшкемпіров, Ш.Серіков, т.б. олимпия чемпиондары атанды. 1988 жылы Сеулде (Корей Республикасы) өткен 24-олимпия ойындарында КСРО құрама командасында 30 қазақстандық спортшы қатысты. Олар әр түрлі дәрежедегі 18 медальді иеленді. Барселонада (Испания) өткен 25-олимпия ойындарында (1992) Қазақстан Республикасы ТМД құрама командасында болды. Мұнда 11 спорт түрінен 23 спортшы қатысып, 5 медаль (Е.Чебукина, И.Герлиц, Д.Тұрлыханов, Т.Сеньшова, В.Вохмянин) алды. Қазақстандықтар 1994 ж. бастап Азия ойындарына қатысып келеді. Хиросима (Жапония) қ-нда өткен 12 ойындарында қазақстандықтар жалпыкомандалық

төртінші орынды иеленді. Олар 77 медальға (оның 25-і алтын) ие болды. Атап айтқанда Қ.Шағатаев, Н.Сманов (бокс), М.Мамыров (еркін күрес), Ю.Мельниченко, Д.Тұрлыханов (грек-рим күресі), О.Шишигина (жеңіл атлетика) сынды спортшылар алтын медаль иегерлері атанды. 1998 жылы Таиландта (Бангкок қ.) өткен 13-Азия ойындарында қазақстандықтар бесінші орын алды. Олардың үлесінде барлығы 78 медаль (оның 24-і алтын) болды. Чемпион атанғандардың ішінде В.Гуша, Д.Аспандиярова (нысана көздеу), Д.Топоров, Қ.Нұрмағамбетов, (ескек), Б.Байсейітов, С.Матвиенко (грек-рим күресі), Н.Торшина, О.Шишигина, И.Потапович, С.Арзамасов (жеңіл атлетика), В.Бурба, Е.Ибрайымов, М.Ділдәбеков (бокс) сынды спортшылар бар.

2002 жылы Корея Республикасының Пусан қаласында өткен 14-Азия ойындарында жерлестеріміз 76 медаль алды. Командалық есепте бесінші орында болды. 20 спортшы алтыннан алқа тақты. Олардың арасында А.Тетерюк (велоспорт), Ә.Иманбаев, Г.Цурцумия (грек-рим күресі), Б.Ахметов, С.Филимонов (ауыр атлетика), Н.Торшина, Г.Егоров, В.Борисов (жеңіл атлетика), Н.Кәрімжанов, Г.Головкин (бокс), О.Довгун, С.Беляев (нысана көздеу), т.б. спортшылар бар. 1994 ж. Лиллехаммерде (Норвегия) өткен Қысқы олимпия ойындарында көкшетаулық В.Смирнов олимпия чемпионы атанды. Атланта (АҚШ) қ-нда өткен 26-олимпия ойындарында Қазақстан тұңғыш рет жеке команда болып шықты. Қазақстандық спортшылар 3 алтын, 4 күміс және 4 қола медальға ие болды. Олимпияға қатысқан 197 елдің ішінде Қазақстан 24-орынды иемденді. Ю.Мельниченко (грек-рим күресі), А.Парыгин (бессайыс), В.Жиров (бокс) тәуелсіз мемлекетіміздің тұңғыш чемпиондары болды. Сиднейде (Австралия) өткен 27-олимпия ойындарында (2000) қазақстандықтар 3 алтын, 4 күміс медальді иемденді. Олимпияға қатысқан 199 елдің ішінде Қазақстан спортшылары 22-орында тұрақтады. Бұл олимпия ойындарында Е.Ибрайымов, Б.Саттарханов, О.Шишигина чемпион атанды. 2001 ж. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған 1-жазғы спартакиада өтті. Бұл бәсекеге еліміздің миллионнан аса тұрғыны қатысты. Бәсеке қорытындысында Оңтүстік Қазақстан облысының өкілдері (4430 ұпай) бас жүлдені еншіледі. Алматы қ-нын

спортшылары екінші (4272 ұпай), қарағандылықтар үшінші (3658, 33 ұпай) орынға шықты.

Ұлттық спорт түрлері де жақсы жолға қойылған. Атап айтқанда Қазақша күрес, тоғызқұмалақ, сайыс, аударыспақ, бәйге, көкпар, қыз куу, жорға жарыс, асық ату сияқты спорт түрінен арнайы федерациялар құрылған. Ресми жарыстар өтіп тұрады. Тоғызқұмалақ ойыны Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Қостанай облыстарында кейбір мектептерде пән ретінде оқытылады.

Спорт базалары. 2001 жылдың қаңтар айындағы дерек бойынша Қазақстанда 291 балалар және жасөспірімдер спорт мектебі болды. Оның ішінде олимпиялық резервті дайындайтын 55 арнайы мектептерде 142 мың жас спортшыларды 4420 бапкер жаттықтырады. Бұлардан басқа дарынды спортшыларды дайындайтын 9 мектеп-интернат (2340 жас спортшыларды 210 бапкер жаттықтырады), ірі халықар. жарыстарда жоғары жетістіктерге жеткізу мақсатында құрылған спорттық элита 6 мектебі (құрамында 1128 спортшы, 210 бапкер бар) жұмыс істейді.

Қазақстан кәсіпорындары мен мекемелерінде 11,3 мың дене шынықтыру ұжымдары бар (2001). Онда 1,4 млн-ға жуық адамдар әр түрлі секцияларда дене шынықтыру және спорттың әр түрлі салаларымен айналысады. Жылдан жылға спорт базалары көбейіп келеді. 2002 жылғы мәлімет бойынша республикада 26019 спорт құрылыстары тіркелген. Оның ішінде 242 стадион, 20 спорт сарайы, 124 спорт кешені, 13 оқу-жаттығу орт., 150 бассейн, 6123 спорт залы, 34 спорт манежі, 143 шаңғы базасы, 8 ескекшілер жүзетін каналы, 1448 тир, 3 велотрек, 9 эллинг, 3 желкен клубы, 2 шаңғымен секіретін тұғыр, 13 спорттық мұз айдыны және 142 теннис корты бар.

Спорт және дене тәрбиесі. Қазақ халқының дене тәрбиесіне, оны шынықтыруға, ептілікке, денсаулықты, көңіл-күйді көтеруге арналған осы кездегі дене тәрбиесі мен спорт нышаны ерте заманда-ақ халық кәдесіне жарағандығын кейбір археологиялық деректер дәлелдейді. 1970 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында б.з.б. 4 – 3 ғасырларда тоғызқұмалақ тастары табылды. Сол жылы Тараз қаласынан 30 км жерде археологтар тоғызқұмалақ тақтасының тасқа қашап салынған суретін кездестірді. Түрік қағандығы дәуірінде Қазақстан жерінде көптеген қалалар салынып, мәдени орталықтар бой көтерді. Көне Таразда әнші-

күйшілер, шабандоздар, садақ тартушылар, балуандар, басқа да күш өнерін көрсетушілер бас қосып отырған. 7 ғасырларда Орта Азия мен Қазақстан жерін жаулап алған Араб халифаты ислам дінін уағыздаумен қатар, шахмат (шатрандж) ойынының таралуына, оның дамуына айтарлықтай ықпал етті. Сөйтіп, көшпенді деп аталып келген қазақ халқы дене тәрбиесін, оның ішінде спортты дамытуға көңіл бөлгені байқалады.

Қазақтың ұлттық спорт түрлері, дене тәрбиесі және ойындары, ұлттық ат спортынан, кейбір үстел және қимыл-қозғалыс ойындарынан және ұлттық күрес түрлерінен тұрады. Ат спортының түрлері: аламан бәйге - алыс және өте алыс қашықтарға атшабыс, байте - ойлы қырлы жерлермен атшабыс, ат жегу - тез арада атты дайындау, ат омырауластыру - атты итерістіріп шеңберден шығару, аударыспақ - ат үстінде алысу, жорға жарыс - жорғалар сыны, құнан бәйге, дөнен бәйге, тай жарыс - жылқы түліктерінің жарысы, қыз куу, көкпар - командалық ойын, жамбы ату - шауып келе жатып нысана көздеу, күміс ілу - жерден күміс тиынды ат үстінен іліп әкету, сайыс - ат үстінде қарумен жекпе-жек өткізу; Ақыл-ой ойындары: шатрантаж (шахматтың бір түрі), шатраш (дойбының бір түрі), тоғызқұмалақ - домалақ тас ойыны, саяттаушы құстарды аңға салу; Күрес түрлері: қазақша күрес, қатын күрес; Жеңіл атлетика: жаяу жарыс, жігіт жарыс, қатын жарыс; Күш өнері: балуан тас, түйе көтеру, өгіз жығу, Асық ойындары және т.б.

Ұлттық спорт ойындарының ғылыми-педагогикалық негіздері.

Жалпы ойындардың ғылыми-педагогикалық негіздері.

Дүние құбылыстары мен амалдары бір-бірімен тығыз байланысты. Олай болса ұлттық ерекшеліктерді құрайтын, сол арқылы ұлттық мінез-құлық, құштарлықты белгілейтін, оның бойына басқалардан ерекше қасиеттерді дамытып, даралап, ерекшелеп көрсететін ұлтқа тән, ғасырлар бойына жинақталған ерекшеліктерді жастардың санасына сіңіре білетін ұлттық тәрбие халық педагогикасын құрайды.

Халық педагогикасы дегеніміз - әр халықтың өзіне ғана тән ерекшеліктеріне негізделген, өзін қоршаған қоғамдық-әлеуметтік

отра мен табиғат жағдайына бейімделе қалыптасқан халықтың шаруашылық-экономикалық жағдайына байланысты атадан-балаға мұра болып келе жатқан тәрбие туралы ақыл-ой үлгілерінің жиынтығы.

Ұлттық ойындар тәрбие құралы ретінде педагогикасының аса қомақты саласына жатады. Сонымен бірге ұлт ойындары халық педагогикасының ең белсенді бөлігі болып табылады. Қазақ халқының ұлттық ойындарының тағы бір өзіне тән ерекшелігі – көшпелі тұрмыстың әлеуметтік құрылымына сай өнер атаулының басын біріктіріп, ұлтқа тән бірінғай психологиялық-педагогикалық ақуалды қалыптастыруға, әлеуметтік орта жасай білуін де.

Ұлттық ойындар – халық педагогикасының құрамдас бөлігі. Ұлттық ойындарды пайдалану арқылы оқушыларды тәрбиелеу процесін жетілдіру және оның ғылыми-педагогикалық негіздері туралы айту үшін, ұлт ойындарына қатысты мәселені анықтап алуды жөн деп білеміз.

Ұлт ойындары халық педагогикасының құрамды бір бөлігі бола тұрып, өзін дүниеге әкелушілердің есеюіне, ақыл-ойының толысып, қалыптасуына, олардың өмірге құштарлығының артуына, жасампаздық көңіл күйінің көтеріліп, күш-қуатының молаюуына, адамгершілік қасиеттерінің қалыптасып жетіле түсуіне әсерін тигізеді.

Қазақ халқының рухани байлығын оның ішінде ұлт ойындарын алғаш рет қағаз бетіне түсіріп әлем жұртшылығына паш еткен бізге белгілі Италия саяхатшысы Плато Карпини XIII ғасырда Жетісу, Тарбағатай өлкелерінде болған кезде, осы өлкедегі халықтың тұрмысы, әдет-ғұрыптары, ойын-сауықтары жайы көптеген этнографиялық материалдар жинап, жазып қалдырған.

Қазақтың ұлттық ойындарын топтаудың ерекшеліктері.

Ұлт ойындарын баланың еркін әрекеті деп түсінуге болады. Ойынның ұлттық деп айтылуының астарында түрлі мағына жатыр. Олай болатыны:

1) біздің ойымызша, ұлт ойындары әр ұлттың ерекшелігін даралап көрсететін, ұлтқа тән қасиеттерді ашық айтып, көрсете алатын негізге бейімделген;

2) ұлттық ойындар арқылы әдет-ғұрыптарды, салт-сананы, дәстүрді өз бойына сіңірген, жас ұрпақ ойын барысында ұлтқа тән қасиеттерді еркін меңгеріп, бойына дарытуға мүмкіншілік алады;

3) ұлт ойындарының бойына ұлтқа тән психологиялық негіздер толық топтасқан, өйткені ол өмір бойғы ата ұрпақтың өмір, тұрмыс, еңбек тәжірибесінің көрінісі, жастар соларды өздерінше қайталап, толықтыра отырып, үлгі өнеге, тәлім-тәрбие ала отырып, ұлттық өкілі ретінде қалыптасады;

4) ұлт ойындарының бойына ұлтқа тән өмір ортасы, шаруашылығы, қоршаған ортаға тән қалыптасқан өзара қарым-қатынасы, әлеуметтік болмысы сіңіскен, жас жеткіншектерге бұны ешкім де үйретпей-ақ, ұғындырмай-ақ өз ұлтының өкілі ретінде өздері ойын үстінде меңгереді;

5) ұлт ойындары ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүр жалғасы ретінде әлеуметтік-педагогикалық тәрбие құралы ретінде қоғамдық роль атқара отырып, ол ешуақытта жастарға өзінің осы функциясын ашық түрде білдірмейді;

6) біздің заманымызда таза отырған, оқшауланған ұлттар, ұлттық аймақтар жоқ. Олай болса, әр ұлт өкілінің ойындарын аралас отырған ұлт өкілдерінің балалары бірлесе ойнауының нәтижесінде, олардың бір-бірімен табысуы психологиялық жағынан түсіністік табуы ерте басталады.

Ұлттық ойындар – мектептегі оқыту барысын жетілдірудің тиімді құралы. Қазақтың ұлттық ойындары – тақырыпқа да, мазмұнға да өте бай. Сондықтан олар сала-салаға бөлініп, әр жақты қызмет атқарады. Мысалы, балалар ойыны, салт-санаға байланысты ойындар, дәстүрлі ойындар, әдет-ғұрып ойындары, ойын-сауық ойындары т.б. болып, тарамдалып кете береді. Бұлар ешқандай ғылыми талдауды қажет етпей-ақ, халықтың өзінің топтастыруына негізделген ұғым-нанымынан туындалған. Көпшілікке арналған ойындар ойын-тойларда орындалып, еркін бәсеке, жарыс түрінде өткізіледі. Оның көбі адамның жылқы түлігімен орындалатын ойындары болып келеді. Көптеген ойындар қалың жұрт арасында театрлық, цирктік ойын түрінде көрсетіледі. Мысалы, ат үстіндегі аударыспақ ойыны, балуандардың күресі, мергендердің «жамбы» атуы, «сайыс», шауып келе жатып жерде жатқан теңгені іліп алу өнері, атқа мініп көкпар тарту ойындары болды.

Халқымыз жасаған ұлт ойындарының әлеуметтік-педагогикалық негіздерін зерттеп, пікір айту мәселесі – Кеңес дәуірінде идеологиялық кедергіге кездесті. Тоталитарлық жүйенің кезінде ұлтқа қатынасты мәселенің күн тәртібіне қойылуына, оның тура мағына түгіл, жанама мағынада айтылуына тыйым салынды.

Қазақтың ұлт ойындарын жинап, баспа орындарына ұсынушылардың бірі Ә.Ә.Дидаев қазақтың ұлт ойындарын тек жинап қана қойған жоқ, оның бала тәрбиесіндегі маңызын көре біліп, орынын белгілеуге тырысты. Ол қазақ халқының қалыптасқан әдет-ғұрыпына орай жас өспірімдерді негізінен үш топқа бөледі: 1) бір жастан жетіге дейін; 2) жеті жастан он бес жасқа дейін; 3) он бестен отызға дейін.

Осыны негізге ала отырып, қазақтың ұлт ойындарын да үш топқа бөлген: 1. Сәбилер ойыны деп ат қойып, баланың дүниеге көзқарасын қалыптастыратын ойындарды жатқызады; 2. Балалар ойыны; 3. Жігіттер ойыны.

Осы топқа жататын ойындардың өзін үш топқа бөледі: 1) Қоғамдық өмірге байланысты қазақ халқының ұғымында ерте қалыптасқан ойыны; 2) жедел қимылды ойындар; 3) спорттық маңызы бар ойындарды жатқызады.

Сексенінші жылдардың басында қазақтың дәстүрлік ойындары мен жаттығуларын мектептегі дене тәрбиесі пәніне қолдану туралы Т.Ж. Бекбатчаев ойынды сыныптау жасауға көңіл бөлген. Оны ол 10 бөлікке бөліп, кесте арқылы кескіндеген: 1. Ойыншақтармен ойналатын ойындар. 2. Лақтыру, жүгіру және секіру элементтеріне қатысты ойындар. 3. Күрес және қарсыласу элементі кездесетін ойындар. 4. Көзді байлап, ойналатын ойындар (бағдарлай білуді дамыту). 5. Алаңда ойналатын ойындар (кешке, түнде өткізіледі). 6. Суда ойналатын ойындар. 7. Әскери-өнерлік ойындар. 8. Үстелде ойналатын ойындар. 9. Ат спорт ойындары. 10. Аттракциондар.

Жас ерекшелігіне орай бұлар екі топқа бөлінеді: балалар және үлкендер ойыны.

Еліміздің ұлттық ойындарының оқыту барысын жетілдіру мен тұлғалық-салауаттылық негізі.

Ұлттық ойындарда оқыту барысын жетілдірудің тиімді құралдары.

Еліміздің ұлттық ойындарының егеменді елдің болашақ жастарын оқытып, білім беру барысында дидактикалық материал болатындығында, атап айтқанда: 1) ұлт ойындары басқа да дидактикалық материалдармен оқай астасып, жымдасып келіп, сабақтың барысында оның элементтерін орынды пайдаланудың нәтижесінде оқушыларға беретін білімнің көлемі мен оқытудың негізгі бағытын айқындауға; сондай-ақ білім негіздерін беруде ең алдымен оқушыға өзін қоршаған дүниені танып-білуге бағытталған қағидаларды ғылыми түрде түсінуге мүмкіншілік береді; 2) оқу-тәрбие жұмысында, сабақтың барысында, ойын элементтерін ретті пайдаланған жағдайда оқушылардың қабылдауына қиын берілетін күрделі оқу материалдарын олардың ұғымына, түсінуіне ауыр салмақ түсірмей жеңіл қабылдауына мүмкіншілік жасайды; 3) ұлт ойындарын сабақ барысында ұтымды пайдалану жағдайында, пәнаралық байланысты өрістете жүргізуге, пәндердің бірін-бірі қайталап, оқушылардың оқу уақытын бос өткізуге жол бермейді; 4) мектептегі біртұтас педагогикалық процесті жетілдіре түсуге мүмкіншілік жасайды; 5) ұлт ойындарын мектепте оқушыларға дәйекті білім беру принциптерін негіздеі отырып жүргізудің нәтижесінде, әр оқушыны өз мүмкіншіліктеріне орайластыра жеке тұлға дәрежесіне жеткізуді басты мақсат етіп қою принципін алға тартады.

Бүгінгі оқушыға берілетін білім мазмұны мен оның жиынтығы адам баласының ғасырлар бойы жинақталған дүниені танып, білудегі іс-тәжірибесінің жиынтығы ретінде, заттар мен құбылыстарды, табиғат пен қоғамның даму заңдарын танып, білуге негізделенеді. Олай болса, ұлт ойындары халықтың ғасырлар бойы жинақталған іс-тәжірибесі ретінде бүгінгі білім негіздерімен үндесе келіп, адам баласының тарихи тәжірибелерінің үндестігін жалғастырып, оқу-тәрбие жұмысының тарихи сабақтастығын қамтамасыз ету принципін іске қосады.

Мұғалімдер ұлт ойындарын сабақтың барысында басқа да оқу құралдарымен бірге пайдалана отырып, оқушылардың ақыл-ойын дамыту принципін негізгі бағыт-бағдар ретінде алға тартады. Сондай-ақ, ұлт ойындары арқылы оқушылардың оқу материалдарын талдай білуге, оны қайта топтау арқылы ортақ бір жүйеге жинақтап ой қорытындысын жасай білуге және өз бетімен ой қорытындысын жасау негіздерін меңгеруге, оқу құралдарын оңай түсінуге байланысты талдау мен жинақтау индукция мен дедукция әдісін пайдалану арқылы өз бетімен ой операцияларын жасай алуға бейімдеу принципін пайдаланады.

Халық ойындарының өзіне тән тағы бір ерекшелігі - өмірмен ұштасып, байланысып келетіндігі. Оның бастысы баланың өмірімен етене жақындығы.

Халық ойындарын классификациялау – оқыту мен тәрбиенің ғылымилығын қамтамасыз етіп, сабақ мазмұнын кеңейте түсу принципін негізделеді. Өйткені, оқыту мен тәрбие – егіз ұғым. Оқыта отырып тәрбиелеу, дамыту, оқушының есін қалыптастыру, қиялын оятып ілгері ұмтылдыру, еңбекке, өмірге талпындыру – ойын қолданылатын сабақтың негізгі мақсаты болып табылады. Ол талапты жеке дара тұлғалар мен саламаттығы жоғары салауатты өмір салтын ұстаған, жан-жақты жетілген адам ғана орындайды.

Халық ойындарын классификациялау – ойынды сабақтың барысында қолдану – оқушы ұғымына сай мүмкіншілігіне сабақ мазмұнын оңайлату, оқушылардың түсінігін жеңілдетіп, сабақтың тиімділігін, арттыру принципін негізделеді. Бұл принцип педагогикалық жеңілден-ауырға, қарапайымдылықтан-күрделіге, белгіліден- белгісізге қарай деген принципін іске асыруға жәрдемін тигізеді.

Халық ойындарын классификациялау – жүйелік негізде, бірізділік принципін ұласады. Олай болатыны, ұлт ойындары оқыту мен тәрбиенің ғылыми негіздеріне сәйкес оның мазмұнын байытып, толықтыра түсу жағын қамтамасыз ету идеясына келуі көзделеді.

Халық ойындарын классификациялау – оқытудың, тәрбиенің, оқудың саналылығын, оқушылардың білім негіздерін белсенді қабылдау принципін орайластырылады. Сабақта және сабақтан, сыныптан тыс тәрбие жұмыстарына ұлт ойындарын пайдаланудың

өзі оқушылардың сабақтың мазмұнын қабылдау белсендігін арттыруды көздейді. Оқушы бойындағы белсенділік саналылықтан тыңдайды.

Ұлт ойындарын классификациялау – сабақтың нақтылығын арттырып, мазмұнын аша түсуге, оқушының өмір тәжірибесін нақтылай түсу принципіне жетелейді. Оқушының сабақты тек ілімдік жағынан меңгеріп қоймай сыныпта алған білімін тәжірибеде қолдана білу мәселелерін қоса шешіп, сабақ барысында оқушыны ынталандырып, ілгері ұмтылдырады.

Халық ойындарын классификациялау – оқушылардың білім алу процесінде белгілі бір мақсатқа сай бағыттаушылық принципіне негізделеді.

Сонымен, жоғарыда біз атап айтқан принциптердің бәрі ұштасып келіп жан-жақты дамыған саламаттылығы мықты, салауатты өмір салтын өзінің өмір жолының негізіне айналдырған жеке дара тұлғаларды оқытып-тәрбиелеуге бағытталады.

Ұлттық ойындардың тұлғалық-салауаттылық негіздері.

Еңбек-тұрмыс ойындары, ішінара: ойын-сауық ойындары; тұрмыс-салт ойындары, әдет-ғұрып ойындарына; жануарларға байланысты; аңшылыққа байланысты ойындарға; ойын өлең араласып келетін ойындарға және олардың бәріне ортақ қасиет зат пен орындалатын ойындар: зат қолданбайтын ойындар болып бөлінеді. Бұл жас ұрпақты адамгершілікке, адам арасындағы қатынасқа, өнерге, оны сезініп бағалауға үйретеді, өзін-өзі танып білуге жетелейтін ұлт ойындары.

Дене шынықтыру, спорт ойындары тобына жататындар, өзара бірнеше топтарға бөлінеді. Оларға: жедел қимылды дене шынықтыру спорт ойындары; баяу қимылды дене шынықтыру спорт ойындары; зат қолданып ойналатын ойындарға; зат қолданбай ойналатын ойындарға бөлінеді. Зат қолданып ойындар өзара бірнеше топтарға топтастырылады.

Атпен ойналатын жедел қимылды ойындар; атпен байланысты емес жедел қимылды ойындарға; доппен ойналатын ойындарға, сүйекпен ойналатын ойындарға бөлініп, ол ішінара; асықпен ойналатын ойындар, сүйекпен түнде ойналатын ойындарға топтасады. Бұл топтағы ойындар жастардың күшін сомдап, адам ағзаларын шындап, дене саламаттылығын арттыруға, гигиеналық рол атқарып тазалық, таза ауада өтетіндігімен ерекшеленеді. Бұл

ойындар дене шынықтыру спорт ойыны болғанымен адамды жан-жақты дамытуға ойластырылып жасалған. Сондықтан бұл ойындар пәнаралық байланысқа да қызмет етеді.

Бұл топтағы ойындар сабақ барысында бірден қолдануға келе бермейді. Сондықтан біраз педагогикалық өңдеуден өткізуге, ойынның негізгі идеяларын алып, сабақтың тиімділігін арттыруға, сапасын жақсартуға, сонымен бірге оқушының сабаққа деген ынтасын арттыру мақсатында қолдануға болады. Бұл топтағы ойындар көбінесе сыныптан, мектептен тыс жұмыстарында қолданылады.

Ойлау арқылы орындалатын ойындар өзара бірнеше топқа бөлініп классификацияланады. Олар: логикалық оймен математикалық сызбаларға негізделген ойындар; Тез ойлап, жедел шешімді талап ететін ойындар; философиялық ой-жүйені дамытуға негізделген ойындар; абстракциялық ойлау мен тіл дамытуға негізделген ойындарға бөлінеді де, солардың әр қайсысының өзі іштей: ойша санауға, ауызша есеп шығаруға, амалдар қолдануға, ойлауды дамытуға негізделген ойындарға; дағдыны, іскерлікті, тез шешім қабылдауды дамытатын ойындарға; ақыл ойды шыңдауға арналған ойындарға; жануарларға байланысты абстракциялық ойды реттеп, жүйелейтін ойындарға бөлінеді.

Бұл топтағы ойындар ақыл-ойды шыңдауға дүниетанымды кеңейтіп, дамытуға арналған ойындардың негізін құрайды.

Ұлттық ойынды бұлай етіп классификациялау оларды оқу-тәрбие жұмысына пайдаланудың мүмкіншілігін кеңейтіп, ғылым негіздерін оқып, білуге деген оқушы санасын оятып, оларды ілгері ұмытуға әрекет пен еңбектене білуге жетелейді.

Ұлттық ойындар – мектептегі педагогикалық жүйені жетілдірудің дидактикалық құралы. Қазақтың ұлттық ойындарының тұлғалық қасиеттерін үш деңгейге бөліп қарауды мақсат еттік:

1. Ұлт ойындарының оқушыға әсер етер моралдық қасиеттері. Моралдық қасиеттерге біз өлшем етіп, оқушыға берілетін адамгершілік, мақсатшылдық, намыс, сыйластық, сабырлық, тәртіптілік, шешімділік, өзін-өзі ұстай білу, тапқырлық, жеңіс қуанышы, қызығуы, ұжымшылдығы, басқалармен санаса білуі, жауапкершілігі адалдығы, әділдігі т.б. қарастырылады.

2. Ұлт ойындарының оқушыларға әсер етер ақыл-ой қасиеттері. Ақыл-ой қасиеттеріне; ақыл-есі, абайлауы, ойлылығы, батылдығы, белсенділігі, жауапкершілігі, жасампаздығы, алға ұмтылушылығы, байыптылығы, байсалдылығы, ұстамдылығы, тапқырлығы т.б. жатқызылады.

3. Ұлт ойындарының оқушыға әсер етер салауатты қасиеттері қарастырылады. Салауаттық қасиетіне: деннің саулығы, ағзалардың жетілуі, тыныс мүшелерінің жетіліп қалыптасуы, салауаттылығы, бұлшық еттерінің жетілуі, сезім мүшелерінің жетілуі (көру, есту, сезу, дәм, иіс сезімдері) ерік-қайраттарының шыңдалуы, күш-қуатының толысуы, шыдамдылығы, төзімділігі т.б. жатады.

Ұлттық ойындардың даму тарихы.

Ұлттық ойынның пайда болу тарихын зерттеу мәселесі.

«Ойын» ұғымына түсініктеме берсек - бұл адамның мінез-кұлқын өзі басқаруымен анықталатын қоғамдық тәжірибені қалыптастыруға арналған жағдаяттар негізіндегі іс- әрекеттің бір түрі.

«Ойын» сөзі мағынасының түп-төркіні қуаныш, әзілге сәйкес келеді. Мысалы, Ежелгі Рим халықтарында «ойын» сөзінің мағынасы қуаныш, мереке сөздерінің мағынасымен ұштасып жатыр, еврей тілінде әзіл мен күлкіні білдіреді, ал қазақ тілінде жас баланың іс - әрекетін, ересектер арасындағы әзілді, қалжыңды меңзейді. Бұл қазақ халқының мақал - мәтелдерінде анық байқалады. Мысалы, «Асық ойнаған - азар, доп ойнаған - тозар, кітап оқыған - озар» накыл сөзінде ойын сөзі балалардың іс-әрекетін білдірсе, «Әзілң жарасса, атаңмен ойна» мақалында ойын сөзі әзіл-қалжыңға сәйкес келеді.

Ойынның пайда болу тарихын зерттеу мәселесі ұзақ жылдар бойы ғалымдардың басты назарында болды.

Өте ертедегі тұжырымда ойын адамдардың бос уақытына байланысты пайда болды деген пікір бар. Ежелгі уақытта ойынға діни-саяси жағынан мән берілді. Ежелгі гректер құдай ойынға қатысушыларды қорғайды деп ойлады. Сондықтан Ф.Шиллер ежелгі ойындар адамның бос уақытындағы қызметі деп

тұжырымдады. Ежелгі Қытайда мерекелік ойындарды әмірші өзі ашып, оған өзі қатысқан.

Кеңестік кезде ұлттық ойындардың сақталуы және дамуы тоталитарлық тәртіппен байланысты болды.

Әлемдік педагогикада ойын нақты мақсатқа жетуге бағытталған және белгілі шарттары (ережесі) бар әрекеттерден тұратын, ойынға қатысушылар арасындағы жарыс немесе сайыс ретінде қарастырылды.

Ойындардың шығу тарихына үңілсек, алдымен көз алдымызға шахмат және карта ойындары келеді. Көне Үнді елінде дүниеге келген, кейінірек бүкіл әлемді жаулап алған шахмат ойыны о баста соғыс жүргізу тактикасы мен стратегиясын үйрету құралы болған. Шахмат ойынында патша (король), патшаның таңдаулы әскері (ферзь), атты әскер (ат), піл әскері (офицер), кеме әскері (ладья) және жаяу әскерлер бір-біріне соғыс жүргізеді. Бертінге дейінгі шахмат ойыны соғыс өнерін үйрететін бірден-бір құрал ретінде саналып келді. Тек XVII ғасырдан кейін ғана бұл ойын бүкілхалықтық сипат алып, өзінің бұрынғы кейпін жоғалтып, адамзаттың қисынды ойлауын дамытатын сүйікті ойын түріне айналды. Карта ойындарының қай ғасырда пайда болғанын ешкім дәл кесіп айта алмайды. Бұл ойын адамдардың тарихымен құрдас болып есептеледі.

Ойын әрекетінің негіздерін ғылыми тұрғыдан қарастыру.

Ойын әрекетінің философиялық негіздерін ғылыми тұрғыдан қарастырған К. Гросс, Г. Спенсер, И. Хейзинга, И. Кант, В. Вундт, Ф. Шиллер, К. Бюллер, В. Фриге, Р. Ван дер Козей, В. Демин, М. Каган, К. Исупов, т. б. ғалымдар ойын теориясының қалыптасуы мен дамуын, ойын әрекетінің әлеуметтік жақтарын айқындап, оның бала қиялы мен ойлау қабілетіне оң әсер ететінін анықтаған.

Ойын жөнінде айтылған философиялық көзқарастар әлем мәдениетімен тығыз байланысты.

Сонау ерте замандардағы эллиндік және римдік халықтар өмір сүрген дәуірдің өзінде-ақ ойынды балаларды тәрбиелеу құралына жатқызып, жауынгер ұландарды дайындау үрдісіне қосқан. Ойындар арқылы жас ұрпаққа соғыс өнерін үйреткен, мәдениет пен сөз өнерін дарытқан. Ойындардың жастарды тәрбиелеу мүмкіншіліктеріне аса зор мән берген. Мәселен, сол дәуірде өмір сүрген грек ойшылдары Гераклит пен Платон ойынның

философиялық жақтарын ашқан және олардың көзқарастары бірін-бірі толықтырған. Гераклит ойынды шексіз әлемге теңесе, Платон өзінің «Мемлекет» еңбегінде жас өскінге өмірлік қажетті іс-әрекеттерді үйретуші құралға, өмірге, трагедияға, сезімге жалпы ғарыштық әлемге теңеген.

Антик ойшылдары ойынды адам мен өмір арасындағы байланысқа балайды. Себебі, философия «Дүниені, оның құрамына енетін бөлімдерін жекелеп, бөлшектеп емес, тұтас күйінде қарастыруға, сол әдіспен олардың бәрін, жалпы заңдылықтарды ашуға тырысады».

XVII–XX ғасырларда ойын әрекетін түсіндіруде жаңа көзқарастар, пайымдаулар орнықты. К. Гросс адамдар мен жануарлардың ойындарын олардың бойында ген арқылы қаланған инстинктің әсері деп түсіндіре келе, олар келешек өмірге қажетті дағдыларды ойын негізінде меңгереді деп пайымдаса, Г. Спенсер ойын балалардың ағзасындағы басы отын энергияның әсерінен, күшінің тасуынан пайда болады деп түсіндіреді.

Ойын - өмірдегі, іс-әрекеттегі пайдасыз және сонымен қатар аса қажетті маңызды құбылыстардың бірі болып табылады. Кеңестік педагогика және психология ғылымдарында ойын К. Д. Ушинский, П. П. Блонский, С. Л. Рубинштейн, Д. Б. Эльконин еңбектерінде қарастырылды. Ойынды шетел зерттеушілері — К. Гросс, Ф. Шиллер, Г. Спенсер, З. Фрейд, Ж. Пиаже және т. б. зерттеді.

Осы теориялардың арасында К. Гросстың теориясы көпке белгілі. Ол ойынды баланы болашақ іс-әрекетке даярлау қызметін атқарады, сондай-ақ сол ойында жаттыға отырып, өз қабілетін жетілдіреді деп қарастырды. Бұл теорияның құндылығы, ойынды дамумен байланыстыруында, ал кемшілігі – ойынға итермелейтін себеп, мотивтерді ашпайды. Ол адам ойынын жануарлар ойыны тәрізді түсіндіре отырып, оны биологиялық факторлармен, инстинктпен байланыстырып қателік жібереді.

Ф. Шиллердің ойын жалғастырған Г. Спенсердің теориясы бойынша ойын барысында бала өзіндегі артық күшін сыртқа шығарады. Ойынның мотивін ашуға талпына отырып, К. Бюллер ойынның негізгі мотиві ретінде қанағаттан (нәтижесіне қарамай-ақ әрекеттің өзінен қанағат алу) теориясын ұсынды.

Г. В. Плеханов ойынды еңбекпен байланыстырды. Г. В. Плехановтың пайымдауынша, ойын еңбекке еліктеуден пайда болған еңбектің нәтижесі. Ойын — балалардың еңбегі. Сондай-ақ еңбек оның мазмұнын анықтайды, дәл тұжырым жасайды. Ертедегі ойындардың мазмұнынан соғыс, аңшылық орын алды. Ең әуелі соғыс, содан кейін осы соғысты бейнелейтін ойынның болғаны еш күмәнсіз. Сөйтіп, Г. В. Плеханов ойынды балалармен біріге отырып, ойын міндеттерін шешу барысында тиісті жағдайларды қалыптастыра білуді де ойластыруы қажет деп тұжырымдайды.

Г. В. Плехановтың осы ойын кеңестік кездегі ғалым Д. Б. Эльконин ойын, ең әуелі, үлкендердің іс-әрекеті ретінде пайда болды деп жалғастырады. Зерттеушілердің пікірінше, балалар ойыны осылай пайда болған.

3. Фрейдтің теориясы бойынша ойында өмірде нені жүзеге асыру мүмкін болмады, соны бастан өткізуге, көруге болады.

С. А. Шмаковтың пайымдауынша, ойынның табиғаты — бұл оның құндылығы, яғни қуанышты сезімі, сергектік, өмірге белсенді кірісу, қиялы, эмоциясы.

И. Хейзинга ойынды бүкіл мәдениетке, өнерге теңеп, оған поэзияны, би өнерін, салт-дәстүрлердің барлығын енгізеді. Ал неміс философы И. Кант ойынды қоғамға тән құбылыс ретінде танып, Г. Спенсердің көзқарасын ұстанады.

Р. Ван дер Коэй мен Г. Мейес ойынның когнитивтік және эмоционалдық аспектілерінен басқа оның әлеуметтік аспектісін айқындаған. Балалардың ойынына жолдастары, ата-аналары, мұғалімдер мен ойыншықтары әсер ететіндігі дәлелденген. Олар үш аспектілердің ішінде әлеуметтік (қоршаған орта) аспектісі басым деп тұжырымдайды.

Кеңес философтары М. Каган, В. Демин ойынды адам әрекетінің құрамдас бір бөлігі деп қарастырғаны белгілі.

Жеке тұлғаның дамуындағы ойынның әсерін ерте заманның өзінде-ақ атақты ғұлама ойшылдар, педагог, психолог ғалымдар көріп, байқап оны іске асыру жолдарын ұсынған. Ертедегі ұлы ойшылдар Я. Коменский, Ж. Руссо, Дж. Локк, И. Пестолоцци ойын арқылы балаларды болашақ өмірге бейімдеу керек деп түсіндірген.

Я. Коменский ойынды баланың қозғалуына табиғи қажеттілік ретінде қарастырды. Ол балаларға ойнау үшін көмектесіп отыру қажеттігін, олардың іс – әрекетін бақылау керектігін ерекше атап көрсетеді.

Дж. Локк балалардың еркіндікке, бостандыққа, ынталы келетіндігімен санасуды талап етті. Бұл мәселеде ол кейін Ж. Руссо дамытқан еркіндік тәрбие ұғымының негізін сала бастады. Оқытудың әдістері мен құралдары жөнінде мәселелерді қарастырған. Дж. Локк та, Ж. Руссо да ең бірінші орынға баланың дамуын, білім алып тәрбиеленуін ойын арқылы жүзеге асырылуын қойған.

Неміс педагогикасының көрнекті өкілі Ф. Фребель дидактикалық ойындардың негізін салушы болып есептеледі, ол қимыл–қозғалыс ойындарының, құрылыс дағдылары мен еңбек ету қабілеттерін дамытуға бағытталған дидактикалық жаттығулардың жүйесін жасады. Бірақ, Ф. Фребель ойындарының мазмұны баланың ой–өрісі мен қиялын дамытуды шектеді.

Қазіргі кезде ойын мәселесі бірқатар ауқымды зерттеулерде қомақты орын алып, оның баланы дамытудағы мәні анықталды. Зерттеушілер ойын арқылы оқу міндеттерін тиімді шешуге болатынын дәлелдеді. Ойынның теориясы мен маңыздылығы туралы К. Д. Ушинский мен П. Ф. Лесгафт, тәрбиеде және оқыту барысында ойынның алатын орны туралы В. А. Сухомлинский, С. П. Шацкий және Н. К. Крупская өз пікірін білдірген.

К. Ушинский : «Сабаққа ойын элементтерін енгізу оқушылардың білім алу үрдісін жеңілдетеді. Ойынды балалардың өз бетімен ерікті атқаратын іс-әрекеті, ойын арқылы адамның жан дүниесінің барлық қырлары, жүректілігі, ерік-жігері қалыптасады», - деген ой айтады.

Н. Крупская: «Бала жас болғандықтан ғана ойнамайды, балалықтың өзі оған ойнау үшін, яғни жаттығу арқылы өмірде қажетті дағдыларды игеру үшін берілген», - деген пікір айтады.

В. Сухомлинский: «Ойынсыз ақыл–ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік

алады. Ойын дегеніміз – ұшқын білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты», - деген ой айтады.

А. Макаренконың айтуы бойынша, ойынға бір жақты көзқарас қате. Педагогикалық үрдісте ойынды дұрыс пайдалану сабақтың тиімділігін арттырады, балаларға қуаныш сыйлайды. Ойын бала үшін жаңа ортаға тезірек бейімделуге мүмкіндік береді. Жаңа ортаға, оқу үрдісіне өту үйреншікті өмір сүру әдістерін өзгертуді қажет етеді.

Ал, Бабанский: «Ойын бастауыш сынып оқушыларының барлық әрекеттерін ынталандырудың әдісі», - деп қараған.

С. А. Шмаковтың анықтауы бойынша ойын төрт түрлі қырымен сипатталады:

- еркін дамытушы іс-әрекет, ол әрекет белгілі бір нәтиже үшін емес, баланың қанағаттануына байланысты;

- әрекеттің эмоционалды жағынан көтеріңкі болуы, яғни жарыстың орын алуы;

- ойынның мазмұнын сипаттайтын қағидалар.

Ойынның, әсіресе балалардың психологиясына тигізетін әсері көп, ойын кезінде балалардың ортамен қарым-қатынасы кеңейіп, таным қабілеті өсіп, мінез-құлқы қалыптасады, ойынның сан алуандылығы балаларды достыққа, адамгершілікке, тапқырлыққа, шапшаңдыққа баулиды.

Ойындардың психологиялық мәнін зерттеу мәселесімен көрнекті психологтар: Л. Занков, Л. Выготский, Д. Узнадзе, С. Рубинштейн, А. Леонтьев, Д. Эльконин, А. Люблинская, В. Мухиналар айналысты.

Д. Эльконин төменгі сыныптағы бала психикасының дамуында ойынды «жетекші іс-әрекет» сөз тіркесімен сипаттайды. Д. Эльконин еңбектері балалар ойынының әлеуметтік табиғатын ерекше мәдени құрылым ретінде түсіндіреді, ол ойынды ересектердің қоғамдық өмірін бейнелеу деп анықтайды.

Одан кейінгі кезеңде қазақ халқының бай этнографиялық материалдарын жинақтаған және оның ішінде ұлттық ойынның тәрбиелік маңызы туралы пікір айтқандар К. А. Покровский, А. И. Ивановский, Н. И. Гродеков, Е. А. Алекторов, Ә. Диваев, А. Левшин, Н. Пантусов, Ф. Лазаревский, П. П. Пашин, Г. С. Запьянский, А. Шиле, А. Харунзин, А. Горячкин, П. Ходыров, Е. Букин, О. Әлжанов, т. б. болды делінген.

Егер адам өмірінде қарым-қатынас жасау ең алғашқы қажеттіліктердің бірі екендігі дәлелденсе (Божович Л. И., Запарожец А. В., Лисина М. И., Любминская А. А., Шерьязданова Қ. Т. және басқалары), онда қарым-қатынас дара түрде қарастырылып оны жетілдіру әдіс-тәсілдерін құрастыру мүмкін емес. Сондықтан мектеп жасына дейінгі балалардың ойын әрекетін жағдайға талдау жасауды қарым-қатынаспен тығыз байланыста қарастыру қажет екендігі белгілі. Артемова Л. В., Кушина В.Ф., Иванова Р.А., Тетлицкая И.Б., Щербакова Е.И., зерттеулерінде ойын әрекетіне (жағдайға талдау жасауды қарым-қатынаспен тығыз байланыста) қатысты дағды мен икемділікті жетілдіруді балалардың өз қатарластарымен және ересектермен қарым-қатынасты тиімді жасаудың алғы шарты деп қарастырылады.

Балалық шақ ойыннан бөлінбейді. Мәдениетте балалық шақтың мәні көп болған сайын, соғұрлым ойын да қоғам үшін маңызды болады. Ойынның элементі барлық белгілі мәдениеттерде кездеседі. Балалықты танудың оған әсер етудің және балалық шаққа енудің бірден-бір әдісі ол — ойын.

Балаларға ойын арқылы әсер ету жақын аралықта ғана дами бастады. Ең алғаш рет оны Анна Фрейд II-ші дүние жүзілік соғыс кезінде Лондонды бомбылауды бастарынан өткерген балалармен жұмыс істеуде қолданған. Егер бала өзінің қайғы-мұңын ойында көрсете алса, онда ол қорқыныштан арылады және оның басынан кешкені психологиялық жарақатқа айналмайды.

Ойын арқылы әсер етудің дамуындағы екінші ірі бағыт 30-шы жылдары Дэвид Леvidің жұмысында алдын-ала құрылған ойындар мен әсер етудегі қандайда бір психологиялық жарақат жағдайды басынан өткізген балалармен жұмыс істеу кезіндегі әсер ету жайлы ойлар дамыды. Леви ойын балаларға әсер ету мүмкіндігін береді деп сендіруге ықпал жасайды.

Джесеп Тафт пен Фредерик Аленнің көңіл қою ойыны деп аталатын зерттеулерінің шығуымен байланысты ойынмен әсер етудің үшінші маңызды бағыты болып табылады.

Ойын әсерінің төртінші ірі бағыты болып Вержинин Экслайп жұмысы табылады. Ол ойынның принципін жақсы қолданады (мысалы, индивидтің өсуге талпынуы, индивидтің өзінің дамуын басқара алу қабілеті).

Ә. Диваев «Игры киргизских детей» атты еңбегінде тарихта алғаш рет қазақтың ұлттық ойындарын үш топқа бөліп қарастырады.

Қай халықтың болмасын, оның ұлттық ойындарының белгілі бір мақсаты мен әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан ерекше қасиеттері болады. Сондықтан халық арасында қалыптасқан ойындар туралы сипаттамалық жинақтар, деректер және құжаттар дұрыс зерттеу мен талдауды қажет етеді.

Ұлттық дәстүрлі халық ойындарының ел арасындағы беделі, тарихи қоғамдағы алатын орны және болашақ ұрпақты өсірудегі қажеттілігі, оның шығу тарихы туралы ғылыми тұрғыдан бізге дейінгі ғалымдар да көп ізденді. Осы мәселеге байланысты зерттеген ғылыми еңбектерді біз хронологиялық шектігіне қарай бірнеше топқа бөліп қарастырамыз:

орыстың отарлау саясаты кезеңіндегі алғашқы орыс әскери шенеуніктері мен миссионерлерінің көшпенділер хақындағы зерттеу жұмыстары;

кеңес заманы кезеңіндегі Орта Азия және Қазақстан халықтарының ұлттық ойындары туралы жазылған ғылыми еңбектер;

мектеп жасына дейінгі балаларды дене шынықтыруға баулу әдістерін педагогикалық сипаттағы бағыт-бағдарлама тұрғысынан зерттелген жинақтар;

тәуелсіз егеменді елдер кезеңіндегі (1992 жылдан бүгінге дейін) аталған тақырыпқа қатысты ізденістер.

Алғашқы топтама еңбектің тарихнамалық тізгінін Ә. Диваевтың еңбегін талдаудан бастайық. Ол өзінің «Игры киргизских детей» атты еңбегінде тарихта алғаш рет қазақтың ұлттық ойындарын үш топқа бөліп қарастырады.

Ә. Диваев алғашқы топтағы ойын түріне рулық-қауымдық құрылыс кезеңінде өмірге келген ойындарды, екінші топтамадағы дәстүрлі ойындарға қозғалыс ойындарын, үшінші топқа – спорттық ойын түрлерін жатқызады. Ізденуші этнографтың дәлелдеуінше, халық ойындары балалардың іс-әрекетін, қимыл-қозғалысын дамытумен қатар денсаулығын шындауда тездетуші үрдіс әрекетін атқарады. Ә. Диваев: «Как киргизы развлекают детей» деген мақаласында: «Бала бас бармағын көтеріп оған пайғамбарымыз не дейді деп көк аспанға қарап, құдай тәңірінен

рұқсат сұраған», — дей келіп, «Бес саусақ» ойыны мен саусақ атауларын алға тартады және аталған мақалада саусақ пен қимыл-қозғалыс жасау әрекеті негізінде баланы тәрбиелеп, шынықтырудың үлкен даналық философиялық мағынасы жатқандығы сөз етіледі.

Ұлттық қозғалыс ойындарының спорттық ойындардан айырмашылығы.

Қазақ балаларының ұлттық ойынына тоқталғандардың бірі орыс ғалымы А. Алекторов. Мәселен, оның «О рождении и воспитании детей киргизов, правилах и власти родителей» (Орынбор, 1891) атты еңбегін атауға болады.

Автор бұл еңбегінде көшпенді қазақ халқының өмір сүру салтындағы баланың дүниеге келген сәтінен бастап өсу динамикасына дейін ұлттық ойын мен қимыл-қозғалыс әрекетінің алатын орны және балғындардың денсаулығы мен дене мүшесінің қалыптасып дамуындағы жеке халық ойындарының қажетті жақтарын ашып көрсетеді.

XX ғасырдың басында өмір сүрген этнограф М. Гуннер қазақтың ұлттық ойындарын былайша жіктейді: жалпы ойындар; қарсыласу мен күресу сипатындағы ойындар; ашық алаңқайдағы ойындар; қыс мезгіліндегі ойындар; демалыс ойындары; ат үстіндегі ойындар; атракциондық-көрініс ойындар.

Қазақтың ұлттық қозғалыс ойындарын спорттық ойындардан ажыратып, алғаш рет бөліп караған ғалым М. Гуннер қазақ ойындарына топтамалық жіктеу жасай отырып, ұлттық ойындарды оқу үрдісінде пайдалануға ұсыныс жасайды.

Бұл жерде айта кететін бір жайт, Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1943 жылғы шешіміне сәйкес 1949 жылы жарық көрген «Краткий сборник казахских народно-национальных видов спорта» атты еңбегі М. Гуннердің толықтырып, өңделген кітабы.

XX ғасырдың басында көшпенді халықтар: қазақ, өзбек, қырғыз, түркімен, қалмақ, т. б. отар елдері туралы этнографиялық деректер жинақтап, олардың ұлттық мәдениетінің тармағы — халық ойындары, оның ішіндегі құрамдас бөлшегі болар ойынын жинап зерттеуді Түркістан генерал-губернаторы арнайы шенеуніктер мен миссионер ғалымдарға жүктеген.

Орыс ғалымы А. Васильев «Игры сартовских детей» атты мақаласында Ферғана және Сырдария аймақтарын мекендеген өзбек халқының ұлттық ойындарының бірнеше түрлерін ажыратып, топқа бөліп, нақты зерттеген.

Ізденіс барысында автор Ферғана балаларының күнделікті ойнайтын ертеден келе жатқан дәстүрлі «Гимчук тушты бошимга» ойыны Ташкенттегі сарт балаларына таныс емес екендігін айтады.

Ал М. Гавриловтың авторлығымен жазылған «Перепелиный спорт у Ташкентских сартов» атты мақаласына өзбек халқының ойын түрлерінің айрықша маңыздысы жыл мезгілдерінің белгілері уақытында «Құстар ойынын» (тауық, қаз, т. б.) ойнаудың ережесі, ойын түрлері, тәртібі зерттеледі.

Ғалым А.Усова өз еңбегінде ойынның мәнін баланың дербес іс-әрекеті, айналасындағы өзгерістерді танып-білуге, белсенді әрекет етуге жол ашуы ретінде түсіндіреді.

Автордың айтуынша, «Шынайы өмірде баланың аты – бала. Өз бетінше әлі ештеңе тындырып жарытпайтын жан. Қам-қарекетсіз өмір ағысына ілесіп кете барады. Ал ойын үстінде ол бейнебір ересек адам тәрізді өз күшін сынап көреді». Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту барысындағы спорттық жаттығулар И. Давыдов, Л. Былеева, В. Яковлев, Н. Поддякова, Н. Михайленко, Д. Куклова және тағы басқалар ерекше назар аударған.

И. Давыдов ойын мен ойыншық және дидактикалық құралдарға ғана сүйеніп, мектепке дейінгі балалық кезді заттар жөнінде жекелеген нақты түсініктер, жинақтау кезеңі деп түсіну қателік деп дәлелдейді. И. Давыдов ойын-ойыншық және дидактикалық құралдарға ғана сүйеніп мектепке дейінгі барлық кездерге заттар жөнінде жекелеген нақты түсініктер жинақтау кезеңі деп түсіну қателік деп дәлелдейді. Бұл кезде дене шынықтыру мен ақыл-ой дамуына, жалпы түсінік пен ұғымның қалыптасуына, маңызды ойлау операциялары: талдау, салыстыру, қорыту қабілеттеріне қажетті организм деп тұжырымдайды.

Д. Хухлаеваның пікірінше, дене шынықтыру жаттығуларын ойынмен ұштастырған сәтте баланың тұрақты іс-әрекетке бейімділігінің қалыптасуы айқын сезіледі, сондықтан дене шынықтыру күнделікті қажеттілік болуымен қатар денсаулықтың, шыдамдылық пен тез қимыл-әрекеттің символы болып табылады.

М. Контарович, Л. Михайлованың авторлығымен жазылған еңбекте жыл мезгіліне сәйкес қыс айларында ойналатын ойындар, топ болып ойнайтын, жеке бір балаға арналған далада өткізілетін қимыл-қозғалыс ойындарының әдістемелік нұсқауы берілген. Ойын түрлері мен шарттарын бала жасына қарай бөліп сыныпификация жасап, бірнеше халық ойындарын ұсынған. Олардың ішінде «Қояндар» (5-6 жасарларға), «Аңшы мен ит және қояндар» (6-7 жастағылар үшін), «Торғай мен мысық» (7-8 жастағыларға арналған) қозғалмалы ойындарын зерттеп, қолданысқа түсірген.

Зигмунд Фрейд балалармен өте аз жұмыс жасаса да, бала ойынның мәнін айқын түсінеді. Ол былай деп жазды: «Біз бала басынан елестің алғашқы белгілерін іздеуіміз керек». Баланың ең сүйікті және тартымды іс-әрекеті – ойын. Ойын үстінде бала жазушыға ұқсас келеді: ол өзінің жеке жұмысын жасайды, келмесе жұмысын өзіне қалай ұнаса, солай етіп құрады. Ол өз әлемін шын етіп қабылдамайды десек, қателескен болар едік. Керісінше, ол ойынға шын беріледі және барлық эмоциясын салады.

Фрейдтің тұжырымы бойынша, бала үшін ойын ешкім үйрете алмайтын нәрсеге үйрету әдісі болып табылады. Бұл шын өмірдегі; кеңістік пен уақыттағы; заттардағы, жануар құрылымындағы және адамдардағы зерттеу және ориентациялау әдісі. Ойын процесіне араласа отырып балалар біздің символикалық әлемде өмір сүруге үйренеді.

Уолтман былай деп жазады: «Баланың өзінен туындайтын іс-әрекет өз тәрбиесін және соған байланысты сезімін» құруға мүмкіндік береді. Ойын сонымен бірге балаға өзіне жағымсыз жағдайларға жауап қайтаруға мүмкіндік береді. Кішкентай балаға семантикалық жылдамдық жетіспейді, онда түсіну қабілеті енді ғана қалыптасып келеді.

Қауымдастық.

Қазақ халқының сан ғасырдан бері аңсаған арманы – тәуелсіз, егемен, қуатты мемлекет құру болған еді. Осы мақсатқа жету жолында қазақтың хандары, билері мен батырлары ғұмырын сарп етіп ұзақ жылдар бойы аянбай күресіп келді. «Мың өліп мың тірілген» халық осы арманға жетер жолда басынан сан қилы

заманды, «ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаны», бодандықты, жойылып кетуге азақ қалған қырғын мен сүргінді басынан өткізсе де, еш уақытта мойымады. Өрлігін, ер мінезін, батылдығы мен батырлығын жоғалтпай келді. Қазақ халқы тек қана өздеріне ғана тән: өнері, дәстүрі, салты, ділі, бай тілі бар, шебер, өнерлі халық. Қазақ халқының тарихы өте бай және мыңдаған ғасырдан бастау алады. Аталарымыз асты мен үсті тұнып тұрған байлық, табиғаты да өте сұлу кең байтақ ұлан ғайыр жерді иеленіп, қорып, артындағы ұрпағына сақтауға тырысты. Сондықтан да қазақтың кең байтақ жеріне көз алартқан, оны иеленуді армандаған жаулары да аз болған жоқ. Бірақ, ертеде қазақ хандары мен батырлары, бертінде еліміздің Ұлы көшін бастаған зиялы қайраткерлері, еліміз бен жеріміздің тұтастығын сақтап қалды. Аталарымыздың арманы бүгінгі таңда жүзеге асып, қазақ халқы тәуелсіз, егемен, әлемдік қауымдастықтың ортасынан ойып орын тепкен, жержүзі таныған қуатты мемлекетке айналды. Биыл еліміздің тәуелсіздік алғанына жиырма жыл толып отыр. Елбасымыз биылғы жылды «Тәуелсіздік жылы» деп жариялады.

Осы уақыт ішінде еліміз қай салада болмасын айтарлықтай зор табыстарға қол жеткізді. Еліміздің экономикасы қарыштап дамып, Қазақстанды әлем мойындады. Сонымен қатар тәуелсіздік жылдары халқымыздың өшкені жанып, өлгені тірілді, ұмыт болған өнері, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы мен ежелгі қадыр-қасиеті қалпына келе бастады.

Қазақ халқының ұлттық спорты болғанын өткен ғасырда ұмыта бастаған еді. Қазіргі ел арасына кеңінен тараған: ат жарыстары, көкпар, аударыспақ, қыз қуу, теңге ілу, сайыс, саяткерлік, казак күресі, тоғыз құмалақты ұлттық спортқа жатқызып, дамыту, әлемдік деңгейге көтеру тек еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңде ғана мүмкін болды.

Әсіресе, Ұлттық спорттың еркін дамып кең қанат жайуы «Қазақстан Республикасы Ұлттық спорт түрлері Қауымдастығы» құрылған күннен басталды.

Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары еліміздің болашағын ойлаған озық ойлып, ұлтжанды партиот азаматтар бас қосып, ұлтымызды әлемге танытудың маңызды жолдарының бірі спорт болса, соның ішінде біздің халық үшін ұлттық спортты өткендетіп, дамытып, биікке көтеру болып табылады деп шешті. Алдыға

нақтылы мақсат қойып, оны жүзеге асыруға кірісті. Олардың қатарында: Қайрат Сатыбалдыұлы, Рақышев Кеңес, Бекболат Тілеухан, Сәдібек Түгел, Жүнісбаев Несіп Жүнісбайұлы, Ақантай Бауыржан, Ахметов Қанат Ахметұлы, Бисенов Ғиззат Махұұлы, Махметов Сабыржан Ғалымжанұлы, Қанағатов Елсияр Баймұхамбетұлы, Игаев Мақсұт Бейсенұлы сынды азаматтар болды.

Осы азаматтар Астана қаласында Құрылтайшылардың жалпы Құрылтай жиналысына 2004 жылдың қазан айының 29 күні жиналып Заңды тұлғалар бірлестігі «Қазақстан Республикасы Ұлттық спорт түрлері қауымдастығын» құрды. Оған Ұлттық спорттың жеті Қоғамдық бірлестіктерінің президенттері қатысты. Қауымдастықтың алғашқы Президенті болып Қайрат Сатыбалдыұлы, бірінші вице-президент болып Сәдібек Түгел төрт жылға сайланды. Осы жиналыста Қауымдастықтың Жарғысы бекітіліп, Құрылтайшылардың келісім- шарты жасалды.

Оның алдында осы жылдың 12-13 мамыры күндері еліміздің ұлтжанды бетке ұстар азаматтары: Қайрат Сатыбалды, Рқышев Кеңес Хамитұлы, Тлеухан Бекболат Қанайұлы, Заңқоев Қалижан Байырбекұлы, Молдағожин Базархан Молдаспайұлы, Сәрсенбаев Марат Ағыбайұлы, Уматай Абдырахман Искандарұлы, Қараулов Асылхан Аманханұлы, Абдрахманов Болат Үкібайұлы, Нағашыбеков Бүркіт Дүйсенұлы бас қосып Ұлттық спорт федерацияларын құрған болатын. Олар екі күнде жеті федерация құрып, өздері осы федерациялардың құрылтайшылары болды. Ал қазан айында осы федерациялар Ұлттық спорт Қауымдастығының құрамына кірді. Олар төмендегі ұлтымыздың намысын жыртып жүрген еліміздің әр түкпірінен жиналған, алдарына ортақ ұлы мақсат қойған батыл да өжер жігіттер болатын. Алғашқы Қауымдастықтың құрамына кірген Бірлестіктер:

-Қоғамдық бірлестік «Ұлттық ат спорты түрлері федерациясы» Президенті Сәдібек Түгел;

-Қоғамдық бірлестік «Тоғызқұмалақ» федерациясы» Президенті Жүнісбаев Несіп Жүнісбайұлы;

-Қоғамдық бірлестік «Тазы-Төбет-Алабай» федерациясы» Президенті Ақантай Бауыржан;

-Қоғамдық бірлестік «Бүркітші» федерациясы» Президенті Ахметов Қанат Ахметұлы;

-Қоғамдық бірлестік «Түйе жарыс» федерациясы» Президенті Бисенов Ғиззат Махуұлы;

-Қоғамдық бірлестік «Қазақстан көкбөрілер қауымдастығы «Көкбөрі» Президенті Қанафин Болатбек Өтегенұлы;

-Қоғамдық бірлестік «Жекпе-Жек» федерациясы» Президенті Махметов Сабыржан Ғалымжанұлы;

Құрылтайшылардың Қауымдастықты құрудағы алға қойған мақсаты: Қазақстан Республикасында Ұлттық спорт түрлерін жандандырып, насихаттап, әлемдік деңгейге көтеру болды.

Халқымыздың ұлттық мерекелері мен ойындары және спорттық жарыстары.

Қоғамының өмірінде мерекелердің, ұлттық ойындар мен спорт жарыстарының алатын орны.

Дәстүрлі қазақ қоғамының өмірінде мерекелердің, ұлттық ойындар мен спорт жарыстарының алатын орны ерекше. Мерекелерде адамдар жаппай бас қосып, бір-бірімен сөйлесуге, қарым-қатынас жасасуға мүмкіндік алды. Ұлттық ойындар мен спорт жарыстары жастарды төзімділікке, ұстамдылыққа, тапқырлық пен әбжілдікке баулыды. Олар кез келген дене еңбегі мен ауыр сынаққа әрқашан әзір болып өседі. Сондай-ақ салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал етеді.

Қазақтар көктемгі күн мен түннің теңелуін Жаңа жылдың басы - Наурыз мерекесін атап етеді. Наурыз парсының «новруз» «жаңа күн» деген сөзімен мағыналас. Ол — бағзы заманнан келе жатқан қасиетті мереке. Бұл күні ұрыс-керіс, соғыс атаулы тоқтатылады. Бұрын бір-бірімен ренжісіп қалған адамдар қайтадан татуласады, өткен-кеткен өкпе-реніштердің бәрі де кешіріледі. Өркім өз үйлерін тәртіпке келтіреді, сыпырып, тап-таза етіп қояды. Адамдар сәнді киініп, бір-бірін құттықтайды, қонаққа барады. Ақсақалдар үй-үйді аралап, өмірден өткен ата-бабаларға, аруақтарға, марқұм болғандарға арнап құран бағыштайды. Әйелдер ежелден келе жатқан салт бойынша құрамында жеті түрлі Әйелдер ежелден келе жатқан салт бойынша құрамында жеті түрлі тағамдық зат бар наурыз көжені мол етіп пісіреді. Одан көрші-қолаң, туған-туыстар мен үлкен-кішілер және үйге келген қонақтар түгел дәм татады. Жастар бір-біріне ескерткіш сыйлықтар ұсынады. Бұл күні ұлттық ойындар мен спорт

жарыстары өткізіледі. Қазақтарда наурыздан өзге қымызмұрындық, соғым басы, сүндет тойы, тоқым қатар сияқты басқа да толып жатқан мереке-тойлар болған. Наурыз - әлем халықтары арасындағы ежелгі және жылдың жаңаруын алғаш әйгілеп, адамзатқа дәстүрлеген бірден бір әуелгі мереке. Бұл дәстүрдің аталуы мен «наурыз» сөзінің таралу аумағына қарағанда, оның адамзаттық жыл мерекесі екенін мойындауға тура келеді.

Саясаттың өзгеруі Қазақстандағы Наурыз мерекесіне де салқынын тигізіп келді. Мыңдаған жылдар бойы мерекеленіп келген Наурыз мейрамы, кеңес өкіметі тұсында 1926-1988 жылдар арасында жалпыхалықтық сыйпаттан өңірлік және ауылдық ауқымға тықсырылды. Наурыз көптеген атрибуттық және мазмұндық тұрпатынан ажырап, қарабайырланды әрі сүреңсіз тартты. Ұлыстың ұлы күні саналатын Наурыз мерекесі кеңес өкіметінен тәуелсіздік алған түркі елдерінде ХХ ғасырдың 1988 жылдан бастап қана ресми түрде қолға алына бастады. Алайда, Наурыздың Қазақстандағы мерекеленуіне қарап, оның этностық мейрамнан ұлттық, мемлекеттік мерекеге айналғанына көңіл сенбейді.

Қазақтың ұлттық ойындарының терең тәрбиелік, әскери-спорттық, салт-дәстүрлік, өзара қарым-қатынастық және көркем-эстетикалық сипаты бар. Ұлттық ойындар дене шынықтыру, жастардың ақыл-ой қабілетін арттыру сияқты міндеттер атқарған.

Балалардың ең көп тараған ойыны — айгөлек. Ежелден бар ойындардың бірі - ақсүйек. Бозбалалар мен жігіттердің ойыны аударыспақ кезінде олар екі-екіден ортадағы алаңға шығып, бірін-бірі ат үстінен аударып түсіру үшін күш сынасады. Әбжілдік пен төзімділікке тәрбиелейтін ойынның бірі ат үстінде шауып келе жатып жерден күміс алу болатын. Ер адамдардың кеңінен тараған ойыны - көкпар тарту.

Бәйгеге ондаған, кейде тіпті жүздеген бас мал, әсемдік әшекей бұйымдар, күміс және алтын тайтұяқтар тігілетін. Ат жарыстарына қазақтар да қатыстырыла беретін. Халық арасына кеңінен тараған спорт жарыстарының бірі — қазақша күрес. Ол барлық салтанатты жиындарда өткізіледі. Күрестің бұл түрінде балуандардың жас мөлшеріне де, салмағына да шек қойылмайды. Халық өзінің балуандарын төбесіне көтеріп, құрмет тұтқан. Қазақ

тарихында Қажымұқан Мұңайтпасұлы, Балуан Шолақ сияқты басқа да балуандар ұмытылмастай болып есте қалды. Үлкен мерекелерде, жиын-тойларда әр ру өз балуандарын күреске шығаратын.

Қазақтарда бұлардан өзге алтыбақан тебу, асық ойнау, жамбы ату, қыз қуу, жілік сындыру сияқты ұлттық ойын түрлері мен спорт жарыстары да болды.

Еліміздегі адамдардың денсаулығының негіздері.

XVIII ғасырдағы белгілі орыс зерттеушісі И. Г. Андреевтің сөзімен айтқанда, «олардың арасында көптеген адамдар 100 жасқа дейін, тіпті одан да көп жасаған». Қазақтардың мықты денсаулығы мен ұзақжасауы бірқатар маңызды факторларға байланысты. Біріншіден, дала тұрғындары өмірінің көп уақытын таза ауада өткізеді. Қоныстарын жиі-жиі ауыстырып отырады. Сондықтан да олар өкпе ауруы (туберкулез) дегенді атымен білмеген. Екіншіден, қазақтар, экологиялық таза тағам түрлерін ішіп-жеген. Олардың сүйікті сусыны қымыз болды. Ал қымыздың адам денсаулығына пайдасы орасан зор еді. Қымыздың емдік қасиетін орыс шенеуніктері де жақсы білді. Мәселен, XIX ғасырдың орта кезінде Томск губерниясының губернаторы Супрунюк әр жаз сайын Құлынды даласында болып, қымызбен емделген. Үшіншіден, дала тұрғындарының өмірі ат үстінде өтті. Салт ат мініп жүру адамның денсаулығын нығайтуға өте-мөте пайдалы. Төртіншіден, қазақтар арақ-шарап ішімдіктерінен аулақ болды, темекі де тартпады. Бесіншіден, маман дәрігерлер болмаса да қазақтар білікті халық емшілерінің ем-домын пайдаланды. Емшілік өнер оларда ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырды. Немістің зерттеуші ғалымы Ф. фон Шварц қазақтардың денсаулығының мықтылығы жөнінде былай деп жазды: «Қырғыздар Орталық Азиядағы барлық халықтардың арасында денсаулығы өте күшті халық. «Қырғыздай қайратты» деген сөз тегіннен-тегін айтыла салмаған».

Қазақтардың өз емшілері болды. Емшілік өнерін олар ұрпақтан ұрпаққа қалдырып отырды. Халық емшілері тәуіп, ал табиғи шипалы шөптермен емдейтіндер дәрігер деп аталды. Хирургтерді оташы, сынған сүйекті салушыларды сынықшы деп атады. Қазақтың халық емшілері арасында Бұхара мен Самарқандағы медреселерді бітіріп келгендер де кездесіп жүрді. Олар Ибн Синаның медициналық трактаттарымен таныс болатын. Халық

емшілері шипалы дәрі-дәрмектерді кеңінен қолданды, тіпті ұлы заттарды да пайдаға асыра білді.

Шипалы табиғи шөптердің арасында жусанның толып жатқан түрлері, қара андыз, саумалдық, арша, киікоты, қалампыр, тал қабығы, долана, мендуана, итмұрын мен мияның тамыры және басқалар жиі қолданылды. XIX-XX ғасырларда тек Түркістан өлкесінің өзінде ғана қазақтың халық емшілеріне табиғи шипалы шөптердің 227 түрі белгілі болған.

Емшілік ісінде жануарлардан алынатын шипалы өнімдер де жиі пайдаланылды. Мәселен, аюдың және аққудың өті, борсық, суыр, қаз, қой мен жылқының майы емшілерге шипалы өнім ретінде жақсы таныс болды. Қазақ емшілері адам анатомиясын бес саусағындай жетік білді. Олар адам ауруының себебін және оны емдеу жолдарын тек тамыр ұстау арқылы ғана қанның қозғалысынан анықтады.

Шөлейт және шөлді аймақтарды науқас адамдарды құмға түсіру арқылы емдеді. Ал қыс кезінде оларға тұз және шипалы шөп тұнбалары қосылған жылы су ванналарын қабылдау ұсынылды. Қазақ емшілері аурудың бірқатар түрін жаңадан сойылған қой, ешкінің, бұзау немесе құлынның жас терісіне былауға түсіру арқылы емдеді. Қазақтар тұзды көлдер мен минералды су көздерінің - арасандардың емдік қасиетін ерте замандардан бері жақсы білген. Ондай ем қабылдағандар көптеген буын ауруларынан, жел-құздардан, сыртқы және ішкі дерттерден құлан таза айығып кететін.

Емшілер қан қысымының артып кетуі кезіндегі бас ауруын қан алу арқылы емдеген. Олар сүлік салу тәсілдерін де жақсы игерген. Жарақат алған адамның жарасының қанын тоқтату және жараның күшейіп, асқынып кетпеуі үшін дезинфекция ретінде оған таза күл себуді немесе киіз күйдіріп басуды да кеңінен пайдалана білген.

Халық емшілерінің қолынан босана алмай жатқан ананың нәрестесін шешесінің ішін жарып алу да, сөйтіп ана мен баланы аман алып қалу да келген. Кәнігі сынықшылар адамның іс жүзінде шығып кеткен немесе сынып қалған жіліктерінің, бұғанасының, тіпті жамбасының кез келген сүйегін орын-орнына қайта сала алған. Психикалық дерті барларды бақсы-баягерлер емдеген.

Ұлттық ойындардың түрге бөлінуі.

Қазақтың ұлттық ойындары бес түрге бөлінеді. Олар: аңға байланысты, малға байланысты, түрлі заттармен ойналатын, зеректікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін, соңғы кезде қалыптасқан ойындар. Олардың негізгілерінің өзі жүзден астам. Бұл ойындардың көбісінің ежелден қалыптасқан арнайы өлеңдері бар. Өлеңдер ойынның эстетикалық әсерін арттырып, балалардың өлең-жырға деген ыстық ықыласын оятып, көңілін көтереді, дүниетанымын арттырып, еңбекке баулиды, ширықтырып, шынықтырады. Этнограф – ғалымдардың пайымдауынша, ата-бабаларымыздан бізге жеткен ұлттық ойындарымыздың тарихы Қазақстан жерінде б.з.б. бірінші мыңжылдықта-ақ қалыптасқан. Олардың ішінде тоғызқұмалақ, қуыршақ, асық ойындары Азия елдерінде тайпалық одақтар мен алғашқы мемлекеттерде кеңінен тарайды. Біздің қоғамыздағы ұлттық ойындардың негізі, шығу тегі халқымыздың көшпелі дәстүрлі шаруашылық қарекеттерінен бастау алады.

Бұлардың көбісі мал шаруашылығына, аңшылыққа, жаугершілікке негізділген.

Ахмет Жүнісовтың айтуынша (Фәниден бакиға дейін, — Алматы: «Қайнар», 1994), «Өзге халықтар сияқты қазақтың да ертеден қалыптасқан, атадан – балаға мұра болып жалғасып келе жатқан ұлттық ойын-сауық түрлері бар. Зер салып байқап отырсақ, ол ойын-сауықтар қазақтың ұлттық ерекшелігіне, күнделікті тұрмыс-тіршілігіне тығыз байланысты туған екен және адамға жастайынан дене тәрбиесін беруге, оны батылдыққа, ептілікке, тапқырлыққа, күштілікке, төзімділікке т.б. әдемі адамгершілік қасиеттерге баулуға бағытталған екен». Ал енді, «Қазақстан. Ұлттық энциклопедия» кітабында қазақтың ұлттық ойындарының мән-маңызы туралы былай деп жазылған: «Қазак ұлты не- гізінен ұрпақ қамын басты мақсат етіп қойып, балалардың нағыз азамат болып қалыптасуына аса зор мән берген. Нәтижесінде дәстүрлі бала тәрбиесінің басты құралы ретінде ұлттық ойынды орайластырып, дамытып отырған».

Аңға байланысты ойындар: аксерек-көксерек, аңшылар, аңшылар мен қояндар, кірпіше қарғу, қас-құлақ, ордағы қасқыр.

Түрлі заттармен ойналатын ойындар: ағаш аяқ, аққала, ақпа, ақсүйек, ақшамшық, алақүшік, алты-бақан, арқан аттау, арқан

тартпақ, арқан тартыс, арынды арқан, асау мәстек, асық, аттамақ, ауыртаяқ, әйкел, әустаяқ, батпырауық, белбеу соқ, белбеу тартыс, дауыстап атыңды айтам, епті жігіт, жаяу көкпар, жемекіл, жігіт қуу, жігіт ойыны, күзетшілер, күміс ілу, қамалды қорғау, қараше, қимақ, қыз қуу, лек (шөлдік), монданақ, орамал тастау, сақина жасыру, сиқырлы таяқ, тапшы, кімнің дауысы, таяқ жүгірту, тепе-теңдік, тобық, тұтқын алу, түйілген орамал, шалма, шертпек, шілдік, хал қалай?

Зеректілікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін ойындар: айгөлек, айдапсал, атқума, аударыспақ, бағана өрмелеу, балтам шап, бөріктастамақ, бұғнай, бұғыбай, бұқатартыс, бұрыш, біз де, егер..., жасырынбақ, жаяу жарыс, көкпар, көрші, күрес, қарамырза, қассың ба, доссың ба?, қындық-сандық, орын тап, отырмақ, санамақ, сұрақ-жауап, тасымақ, тасымалдау, тең көтеру, тымпи-тымпи, ұшты-ұшты, үй үстіндегі кім?, шымбике.

Соңғы кезде қалып-тасқан ойындар: әріп таңдау, бригада, мейрамхана, нөмір, пароль, пошта, сымсыз телефон, сыңарын табу. Бұлардың ішінде бірқатар ойындар спорттық, той ойындары болып саналады. Ал енді, қазақтың ұлттық ойындарының ішінде «қуырмаш» тәрізді жас сәбилерге арналған да ойындар бар.

Тоғызқұмалақ — қазақтың ұлттық дәстүрлі ойындарының бірі, ақыл-ой ойыны. Соңғы деректерге қарағанда, оның шығу тарихы 4 мың жылдық кезеңді қамтиды. Ал кейбір мамандардың айтуынша, оның пайда болған кезі бұдан да көп уақыт болуы әбден мүмкін. Тоғызқұмалақ өткен ғасырларда қазақ даласындағы ең кең тараған ойын болатын.

Қазақ ұлты негізінен ұрпақ қамын басты мақсат етіп қойып, балалардың нағыз азамат болып қалыптасуына аса зор мән берген. Нәтижесінде дәстүрлі бала тәрбиесінің басты құралы ретінде ұлттық ойынды орайластырып, дамытып отырған. Қазақ халқы-ұлт ойындары ерлікті, өжеттілікті, батылдықты, шапшаңдықты тағы басқа қуаты молдылығын, білек күшін дененің сомданып шынығуын қажет етеді.

Қазақтың ұлттық ойындары: көкпар сайыс, күрес, теңге алу, қыз қуу, алтын табақ ату т.б. спорттық сипатпен бірге үлкен тәжірибелік маңызға да ие болды.

Көшпелі қазақтардың өмір-салты денсаулыққа аса зор мән берген. Атқа міну өнері жас баланы сезімі мен денесін

жаттықтырудың басты және ортақ дәстүріне айналды. Бозбала да, қыз бала да жастайынан аттың құлағында ойнауға бейімделді, соған тырысты.

Ұлтымыздың тұғыры мықты болуында ұлттық ойындардың ұмытылмай ойналып тұруы да өз үлесін қоспақ.

Ұлттық спорт ойындарының әртүрлі дене жаттығулары.

Дене жаттығуларының сипаттамасы.

Дене жаттығулары, белгілі бір мақсаттарға жетуге (қозғалыс міндеттерін шешуге) бағытталған үздіксіз бір-бірімен байланысқан қозғалыс қимылдарының жиынтығы. Жарыстық спорттық жаттығуда қозғалыс әрекеттерінің тұтастығы барынша жоғары спорттық нәтижелерге жетуге бағытталған.

Дене жаттығуының ең көбірек жалпы физиологиялық жіктелуі сол жаттығуды орындауға қатысатын еттер белсенділігінің үш негізгі сипаттамасының бөлінумен: 1) белсенді еттер салмағының көлемімен; 2) еттердің жиырылу түрімен (статикалық немесе динамикалық); 3) жиырылудың күшімен және қуаттылығымен байланысты.

Белсенді еттер салмағының көлеміне байланысты дене жаттығуын шектеген (жаттығуларды орындауға бүкіл ет көлемінің үштен бірінен азырақ қатысқандар); аймақтық (жаттығуларды орындағы бүкіл ет көлемінің жартысынан астамы қатысқанды) деп бөлінеді.

Спорттық жаттығулардың басым көпшілігі оның ауқымына байланысты. Сол жаттығуды орындауға қатысатын негізгі ет топтарының жиырылу түріне сәйкес, олар статикалық және динамикалық болып бөлінеді. Статикалық жаттығуға ұстап тұратын қалыпты қамтамасыз ететіндерді (мысалы, гимнасшы мен мәнерлеп сырғанаушыда) жатқызады.

Дегенмен де дене жаттығуының көпшілігі динамикалық (жүру, жүгіру, жазу) болады. Күштің, қуаттылықтың және олармен байланысты жұмыс жасаудың ең жоғары ұзақтығы көрініс беру дене жаттығулары күшті, шапшандық - күштілікті және шыдамдылықты арттыратындар болып үш топқа бөлінеді. Қимылдың аз ғана шапшандығымен (сыртқы үлкен қарсылықпен)

статикалық немесе динамикалық режимде керініс беретін негізгі еттердің барынша жоғары немесе барынша жоғары шамасындағыларды күш жаттығулары деп атайды. Күшті барынша кеп көрсетумен басты жаттығулардың ең жоғары ұзақтығы бірнеше секунд ғана құрайды. Үлкен қуат жұмсау, яғни салыстырмалы түрдегі үлкен күш пен жиырылу шапшаңдығы бір мезгілде көрінетін динамикалық жаттығулары шапшаңдық - күштілік жаттығулары болып та- былады.

Еттердің барынша жоғары қуаттылығын, жалпы қуаттылықтың 30-50 % -ын құрайтын (статикалық күш) сыртқы қарсылықтар кезінде дамытады. Күшпен жиырылатын еттер қатысатын жаттығуының ең көп ұзақтығы 3-5 сек. 2 минут аралығында болады. Шыдамдылық жаттығуына қимылды іске асыратын еттердің негізгі тобы жұмсалатын күш пен жиырылу шапшаңдығы онша кеп болмай, дамытатын жаттығуды, бірақ оларды қалпына ұстауға және бірнеше минуттен бірнеше сағаттарға дейін қайталауға болатындарды жатқызады.

Мектеп оқушыларын жүйелі түрде дене жаттығуларына үйретудің тиімді жолдары.

Оқушылар дене-бітімінің дұрыс дамуы, денсаулығының нығаюы, жұмыс қабілетінің артуы сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларына қарсы тұруға ықпал етеді. Жақсы денсаулық – адамның еңбек және қоғамның іс-әрекетке жемісті қатысуының маңызды кепілі. Оқушылардың денсаулығына қамқорлық жасауға біздің қоғамымыз мейлінше мүдделі. Сабақтарда, сабақтан тыс уақытта, спорт секцияларында дене тәрбиесін күн сайын ұйымдастырып, қолайлы жағдайлар жасау қажет. Табиғи қозғалыстың түрлері жүгіру, қарғу, жүзу, лактыру, шаңғы, коньки, велосипед тебу, акробатика өмірге қажетті дағды және іскерліктерді қалыптастырады. Жас адамдардың денесі түрлі жаттығулар көмегімен ширап, дамиды. Сондықтан күш, жылдамдық, төзімділік, икемділік сияқты адам қабілетін дамыту оқушылардың қозғалтқыш тәжірибесін байытады, дене қозғалысын үйлестіреді. Дене тәрбиесі саласында ырғақ, жеке гигиена, дене шынықтыру мәдениеті, туризм, спорт ерекше орын алады. Дене тәрбиесі ең басты күн тәртібін, яғни, еңбек, демалыс, тамақтану, ұйқы, бос уақыт ырғақтарын дұрыс ұйымдастыруда

талап етеді. Күн тәртібін тиімді пайдалану балалардың ақыл-ойы мен дене құрылысының дұрыс дамуына, денсаулығын сақтауға көмектеседі. Күн тәртібін бұзбау міндет. Тәртіп дегеніміз - демалыс, тамақтану, жеке гигиена және күн мен түннің пайдалы сәттерін мазмұнды қолдану.

Дене тәрбиесінің мазмұны, міндеттері және формалары әрбір мектептердің жағдайларына байланысты дене шынықтыру және сауықтыру жұмысының жүйесін жасауды қажет етеді. Дене тәрбиесінің негізгі құралдарына дене жаттығулары, гимнастика, ойын, туризм, спорт, табиғи факторлар жатады. Дене жаттығулары - бұл саналы түрде орындалған қимылдар және қозғалтқыш әрекеттер. Дене жаттығулары бұлшық ет жүйесін, қан айналымын және тыныс алу мүшелерін дамытады. Гимнастика. Түрлері: негізгі және гигиеналық гимнастика, спорттың гимнастика, акробатика, көркемдік гимнастика, өндірістік гимнастика және емдік гимнастика. Ойын оқушыларды жылдамдыққа, төзімділікке тәрбиелейді.

Туризм - оқушыларды төзімділікке, ұжымдыққа, еңбек сүйгіштікке және қолайсыз сыртқы жағдайларда кездесетін қиындықтарды жеңуге тәрбиелейді.

Спорт - оқушылардың денсаулығын нығайтатын, дене күшін, қозғалыс дағдыларын және моральдық-еріктік қасиеттерін дамытатын дене тәрбиесінің құралы. Дене тәрбиесіндегі маңызды құралдарының бірі - табиғи факторлар: күн көзі, ауа, суға шомылу, душ қабылдау. Табиғат факторларын балалардың денесін сауықтыру жұмысы кезінде пайдалану өте тиімді. Дене тәрбиесінің маңызды мақсаттарының бірі - балалар мен ересек адамдарды дене шынықтыру ісіне жұмылдыру.

Дене тәрбиесі бойынша сыныптан тыс жұмыстардың міндеттері: баланың денсаулығын нығайтуға көмектесу; ағзаны шынықтыру, оқушылардың жан-жақты өсіп жетілуіне, дене шынықтырудық оқу бағдарламасын ойдағыдай меңгеруге көмектесу; балаларды дене шынықтыру және спортпен үнемі шұғылдануға әдеттендіру; қозғалыс дағдысын тәрбиелеу. Дене шынықтыру мен спорт жөніндегі сыныптан тыс жұмыстың негізгі формалары: секциялары мен үйірмелердегі сабақтар спорт

жарыстары, серуендер, туристік жорықтар, дене шынықтыру және спорт мейрамдары.

Серуендер мен жорықтарды балалардың табиғат туралы білімдерін толықтыра алатындай тамаша адамдардық әңгімелерін ести алатындай жерде белгіленген жөн.

Оқушыларды жүйелі түрде дене жаттығуларына үйретудің тиімді жолдарының бірі - олардың өз еркімен дайындалуы. Осыған байланысты оқу бағдарламасына дене тәрбиесінен үйге тапсырма беруді міндетті түрде енгізу керек.

Отбасында өз еркімен орындалатын дене тәрбиесінің бір түрі - таңертеңгілік гигиеналық-бой сергіту жаттығуы. Ол адамның дене құрылысының ұйқыдан соңғы тіршілік қызметіне тез араласуына әсерін тигізіп қана қоймай, адамды сергек жүруге және көңіл-күйін көтеруге көмегін тигізеді. Таңертеңгілік бой сергіту жаттығуы тұлғаны дұрыс қалыптастыруға әсер ете отырып, тыныс алуды жақсартады, қан айналу жүйесі қызметін күшейтеді, зат алмасуға көмектеседі, оқушылардың зеректігін, мақсатқа жету ұмтылысын қалыптастырады, ақыл-ой қызметін арттырады. Ертеңгілік бой сергіту жаттығулары оқушыларды тәртіптілік пен бейімділікке, өзіне деген сенімділік пен белсенді қызмет атқаруға тәрбиелейді. Қоғамның болашағы - оқушы-жастарға ұжымдық тәрбие беруде дене тәрбиесі сабағында ұлттық ойындарды өткізудің рөлі зор. Қазақстанның ұлттық ойындарының ішінде ұжымдыққа, ауызбірлікке тәрбиелейтін ойындарды оқу-тәрбие үрдісінде тиімді пайдалануға болады.

Еліміздің ұлттық дене шынықтыру мәдениеті жеке тұлғаның жалпы мәдениетінің құрамдас бір бөлігі ретінде мектептегі кезеңнен қалыптаса бастайды. Сондықтан оны пайдалану тек қозғалмалы біліктілік, дағдыларды дамытып қана қоймайды, сонымен қатар мектеп оқушыларынан қазақтың ұлттық спорт түрлеріне деген көзқарасын қалыптастырып, дене жаттығулары мен ойындарын өз беттерінше дамытуға тәрбиелеп, оқу- ойын материалдарын бір жүйе ретінде олардың руханилығын, адамгершілігін, дене тәрбиесін тірбиелеуге баулуды қалыптастырады.

Дене шынықтыру- денсаулық көзі, денсаулықты сақтау үшін әрекет, адамның күш мүмкіншілігін дамыту, жеңіске деген жігерін

шығдау, қиыншылыққа төзу қимыл- әрекетін шоғырландыра білу, соларға үйрену.

Халқымызда қозғалмалы ойындардың түрі кең таралған. Мамандар қозғалмалы ойындарды төрт топқа бөледі:

Табиғи заттарды қолданып ойнайтын ойындар: асық, бестас, лек, лек жалау, сиқырлы таяқ, бақатай пісті, жылмаң т.б.;

Жануарлар бейнесін елестетіп ойнайтын ойындар: соқыр теке, түйе-түйе, ақ байпақ, көк сиыр және т.б.;

Мүліктік бұйымдарды қолданып ойнайтын ойындар: шалма, бөрік жасырмақ, түйілген шыт, тақия телпек, белбеу тастау, орамал тастау, т.б.;

Құрал-жабдықсыз ойнайтын ойындар: айгөлек, ақсерек-көксерек, шымбике, мөлкетотай, тоқтышак, шертпек, жасырынбақ, бұғынай, т.б.

Халықтың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, әдет-дағдыларын жас ұрпықтың бойына сіңіру, ойын арқылы дарытып, көңіліне қондыра білу өмір қажеттілігінен туындап отыр. Өйткені баланы бала шағынан бастап адалдыққа, батылдылыққа, елін, жерін, тілін сүйе білуге, отаншылдыққа, адамгершілікке, мейірімділікке, еңбек етуге тәрбиелеудің құралы- ойын. Оның тәрбие білім берудегі сиқырлы сырын терең меңгеру үшін ежелден бері өркен жайып, үздіксіз дамып келе жатқан ұлттық ойындарды оқыту процесінде пайдаланудың тиімді жолдарын анықтау- бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Ұлттық ойындардың тиімділігі олардың сабақтың әр кезеңіндегі орны мен мақсат-міндетін дәл анықтауға, оны қолданудың теориясы мен практикасын мұғалімнің жетік игеруіне, жетік танытуына, ойынға қажетті материалдардың жиынтығын алдын-ала дайындап алуы, ойын процесіне оқушыларды белсенді ұйымдастыруға байланысты.

Дене тәрбиесі мұғалімдері әр сабақты жүйелі ұйымдастыра отырып, оқушылардың денсулығын нығайтуға көңіл бөлуі тиіс. Осы тұрғыдан мынадай ұсыныстар айтуға болады: қазақ ұлттық ойындары бойынша дене жаттығулары ендірілген сабақтарды ұйымдастыру; ұлттық ойындар арқылы оқушылардың дене дайындығын қалыптастыру үшін олардың теориялық негіздерін жетік меңгеру; әрбір ұлттық ойынның атқаратын қызметі мен

педагогикалық мүмкіндіктерне сай сабақта қолданылу орнын анықтау керек.

Ойынды ұйымдастырмас бұрын ойынды өткізетін орынды, керекті құралдарды дұрыс таңдап, даярлап алу қажет. Ойынды топқа бөліп ойнатқанда, ойын өте қызықты, тартымды өтуі үшін қимыл қабілеттілігі, күші жағынан оқушылар тепе-тең болғандары жөн. Ойындарды таза ауада өткізген дұрыс. Таза ауада ойын маңызды сауықтыру міндеттерін атқарады, ағзаның жұмыс қызметін жақсартады, сонымен қатар белсенді демалыс құралы ретінде қолданылып, оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытып, адамгершілікке, ұжымшылдыққа тәрбиелейді.

Ұлттық спорт ойындарының қимыл-қозғалысы.

Қимыл-қозғалысқа үйрету.

Дене тәрбиесіне оқыту - адамның дене қуатына және психологиялық жетілуіне бағытталған арнаулы білім жүйесі мен қимыл-әрекетке үйрету, оны меңгеру іс-барысы. Дене тәрбиесіндегі үйретудің нәтижесі – дене қуатының білімі, яғни қозғалысқа үйрету, теориялық мағлұматтың көлемі мен мазмұны жалпы педагогтық принциптермен анықталады, оқу мақсатына сәйкес үш топқа бөлінеді: 1. Дене тәрбиесінің әулеттік қажеттігі туралы мағлұмат. 2. Дене тәрбиесі жаттығуларының қолдану ережелері туралы мағлұмат. 3. Медициналық-биологиялық мағлұматтар.

Қимыл-әрекетке үйрену алдында оқушы оның ережелері, адам денесінің қозғалу заңдылықтары, арнайы терминалогия туралы мағлұмат алуы керек. Теориялық мағлұматтар алу көздері. Қимыл тәжірибелілігі, арнайы оқулық, сөз және көрнекі қабылдау, мұғалімнің әрекеті, кино және бейнефильмдер көрсету т.б. Теориялық мағлұматтарды баяндау кіріспе сабақтар мен оқу материалдарын үйрену кезінде жүзеге асады. Қимыл-әрекетке үйрету үш кезеңнен тұрады: таныстыру, үйрену, жетілдіру кезеңдері.

Қимыл-қозғалысқа таныстыру.

Бұл кезеңнің міндеті – оқушыларға үйренетін жаттығу туралы түсінік беру және соны үйренуге ынтасын ояту. Түсіну, ұғыну

процесі қалыптасу кезінде бір-біріне айланысты үш кезең пайда болады.

1. Үйрену міндеттерін ұғыну. Оқушының міндеті бір сабақта (мысалы, шаңғымен сырғанауға үрету) немесе бірнеше сабақта (мысалы, шаңғымен екі адамды, кезекпе кезек таяна сырғанау тәсілі) орындауды ұғынуы. Оқушылар тәсілдің негізін түсінуі керек, ал бөлшектерін келесі оқыту кезеңдерінде үйренеді.

2. Орындау жобасын құру. Бұнда оқытушы қимыл тәжірибесі мен білімін ұсынады, ал оқушыды сол арқылы жаттығуды қалай орындауға болатыны туралы қисынды бейнелі түсінік қалыптасады.

3. Қимылды бөліп немесе тұтас орындау. Қимылды орындап көру танысу кезеңінің бастапқы элементі. Орындап көру арқылы оқушы өз міндетін қаншалықты ұққанын, қозғалысқа үйрену міндетін қалай құрғанын тексеруіне болады.

Қимыл әрекеттің күрделілігіне байланысты жаттығуды бөліп немесе тұтас орындауға болады. Қарапайым жаттығуды толық орындай беруге болады.

Күрделі жаттығуды бөлшектеп орындаған жөн. Қозғалыс тәсілін тұтас орындағанда оқушы қате жіберсе, бөлшектеніп орындау әдісін қолдану қажет.

Сөз қолдану әдістері (түсіндіру, баяндау), көрнекі қабылдау әдістері (көрсету, көрнекі құралдар т.б.) және тұтас немесе бөлшекеп үйрету әдістері – оқу әдістеріне тән қимыл әрекетімен таныстыру кезеңі.

Қимыл-қозғалысқа үйрену.

Бұл кезеңнің міндеттері, оқушыларға тәсіл негізін үйрету, оны тұрақты орындауға жеткізу және осылар арқылы қимыл ептілігін қалыптастыру. Оқушының әрбір қозғалысқа ықылыс сала орындайтын қимыл әрекетін қимыл ептілігі дейміз. Қимыл ептілігі қалыптасуының өзіне тән мынадай белгілері бар: Қимыл әрекетін орталық жүйке жүйесінің бақылауымедағдысыз басқару.

Жаттығуды тұрақты дұрыс орындамау.

Әр түрлі жаңылдыратын себептерге қарсы тұра алмаушылық.

Құрылым жоспары бойынша үйрету кезеңі екі бөлімнен тұрады: қимыл ептілігі. Оқытушы бұл бөлімде оқушылардың жаттығу тәсілінің негізіне, пайда болған қателерді жоюға, жаттығу

орындаудағы дене сіресуін болдырмауға үйретеді. Физиология тілімен айтқанда орталық жүйке жүйесінің артығырақ жайлы қозу, бірінші әрекеттен кейін қозуы, бірінші әрекеттен кейін қозу қозғалыс орталығына ауыса шоғырланады. Оқушыларда бұл мезгілде артық қозғалыс жоғалады, қимыл еркінделе бастайды, жаттығуды орындау амплитудасы үлкейеді, сенімділік пайда болады.

Қимыл-қозғалыс ептілігінің жетілуі.

Бұл бөлімде қимыл әрекетін орындау тәсілі меңгеріледі және бірталай дағды белгілері пайда бола бастайды. Бірақ жаттығуды орындау тұқсыздығы сақталады, тәсілді әр түрлі себептер жеңіл бұза алады. Жаттығуды орындау барысында жіберілген қателерді дер кезінде түзетудің маңызы зор. Өйткені ол жаттығушының жаттығуды үйренуде жақсы нәтижеге қол жеткізуіне септігін тигізеді. Қимыл - әрекетті меңгерудің бастапқы кезеңдерінде қателер көп кездеседі. Сондықтан оқу әдістемесін дұрыс қолдана отырып оларды болдырмауға ұмтылу қажет.

Қателердің шығу себептері: оқушылардың үйрену міндетерін дұрыс ұқпауына, үйрету жобасын дұрыс құрмауынан, жалпы дене қуаты дайындығының төмендігінен, өз күшіне сенбеуінен, батылдақтың жетіспеуінен, сабақты ұйымдастыру талаптарының бұзылуынан, организмнің тез болдыруынан, алдыңғы үйренген қозғалыс әрекеттерінің кері әсерінен, сабақ өткізетін жердің, құрал - жабдықтардың педагогикалық талаптарға сай еместігінен. Қатені көру оңай болмағанымен, оның шығу себептерін білу қиынға соғады. Қатені түзету жолдарын дұрыс анықтай алуға болады. Қателерді түзету ережелері өте көп. Олардың дене тәрбиесі тәжірибесінде жиі кездесетіндеріне тоқтала кетейік. Қайта түсіндіру.

Алдымен тұрпайы, тәсіл негізін бұзатын қателерді, сонан соң ұсақ қателерді түзету. 3. Мұғалімнің қателерді түзету нұсқаулары, оқушылардың дене қуаты мүмкіншіліктеріне байланысты болуы қажет. Ондайда қатені түзету кезінде пайдаланған жаттығуларды орындап жіберген жөн.

Қатені шығуы, оны түзету көбінесе жаттығуды қайталау сипаты байланысты. Ол қарапайым қайталау және вариативті қайталау болып бөлінеді. Қарапайым қайталау стандартты жаттығулар тәсілін үйренгенде пайдалыналады, оқушылардың

қимыл - әрекеті мұғалімнің көрсеткеніндей орындауын талап етеді. Сол мақсатпен қозғалыс әрекетін қайталау әр түрлі ауыспалы варианттар жүйесімен, түрліше жағдайда орындалады.

Оқушылар жаттығулардың стандартты орындау тәсілін тұрақты игергенде ғана вариативті қайталауды пайдалану қажет. Бұл кезеңде үйрету әдістерінің барлық топтар қолданылады: сөз қолдану әдістері (талқылау, орындалған тапсырманы талдау т.б.) көрнекі қабылдау әдістері (кинограмма, бейнежазулар, тез хабарлау жабдақтары), тәжірибелік әдістер (жеке белшекетеп үйрету, тұтас үйрету).

Қимыл-қозғалысты жетілдіру.

Бұл кезеңнің мақсаты – қимыл дағдысын қалыптастыру, сол арқылы жоғары қимыл ептілігіне жету. Жаттығуды көп қайталағаннан соң қимыл ептілігі дағдыға айналады. Қимыл дағдысы деп жеке қозғалыстарға емес, нақты әрекет нәтижесіне бағытталған қимыл әрекетін автоматтандыра орындай алу қабілеттілігін айтамыз. Қимыл дағдысы әр түрлі қозғаушы факторларға қарсы жоғары тұрақтылық танытады (жаттығуды басқа спорт залда орындау, көрермендер, әр түрлі матерологиялық жағдай т.б.). Қимыл дағдысын қалыптастырғанда қозғалыс дәлдігі жақсарады, қимыл ырғағы жетіледі, жеке қозғалыста біртұтас қимыл әрекетке айналады. Қимыл дағдысын қалыптастыру кезінде анализаторлар қызметін бөлу процесі қатар жүреді. Қимыл анализаторларының мәні артады, өйткені бұлшық еттердің сезімталдығы қозғалысты бақылауда жетекші роль атқарады. Көру анализаторларының қызметі, қоршаған чыртқы ортадағы жағдайды және әрекеттің нәтижелілігін бақылау қызметіне ауысады. Қимыл дағдысы жаттығуды көп қайталағанда пайда болады.

Жаттығуды дұрыс қайталау мынадай факторларға: үйрету міндетіне, оқу материалының күрделілігіне, оқушылардың дайындық деңгейіне, оқыту әдістемесінің жетілгендігіне байланысты.

Тәжірибеде қайталаудың екі жолы қолданылады. Созылмалы-көптеген сабақтарға бөліне қайталау жасау. Түйінді – қысқа мерзімде бір немесе бірнеше сабақты қайталау.

Созылмалы қайталау кезінде қолайлы дұрыс тынығу аралығы болса, көлемді оқу материалын игеру кезінде жаттығушылар

үлкен дидактикалық әсер алады (мысалы: гимнастикадағы еркін жаттығулар). Бұл процесі екі себеппен түсіндіреміз: біріншіден, жаттығу тәсілдерінің есте сақталуы, яғни меңгеріп жатқан оқу материалын жаттығуды орындап жатқанда ғана емес, тынығу аралығында да ұғыну, ойлау. Екіншіден, жаттығуды меңгеру процесінің, организмнің бұлшық ет әрекетіне, бейімделу қызметіне байланыстылығы жаттығуды орындау барысында ғана емес қалпына келу кезеңінде де сақталады.

Тынығу аралықтарының жиілігі (жалпы уақыт ұзақтығы бірдей) сирек ұзақ тынығу аралығына қарағанда организмнің қабілеттілігі қысқарады және жиі тынығу аралығында артады. Сондықтан да сабақтарды біріктіруге болмайды. Түйінді қайталау, тездете үйрену негізін құрайды. Оны жеңіл оқу материалын үйренгенде қолдану тиімді. Бұл екі жағдайда да қайталау сипаты өр түрлі болады. Бастапқы үйрену мезгілінде қайталау жиілеп, сонан соң біртіндеп азаяды. Жаңа тәсіл тұрақтандыру үшін бастапқы жаттығудың жиі қайталануы керек, ал ол бекіп алған соң қайталауды азайтуға болады.

Қимыл дағдысы әр түрлі және біртіндеп қалыптасады. Әр түрлі қалыптасу төрт түрге бөлінеді.

1. Дағдының «жағымсыз тездете» қалыптасуы. Үйрету барысының басында қимыл әрекетін игеру тез, сонан соң ақырындап қалады. Өйткені тәсіл негізі тез қабылданады да, бөлшектері ұзақ игеріледі.

2. Дағдының «жағымды тездете» қалыптасуы. Бұл үйренудің бас кезінде дағды аздап, сонан соң тезірек өседі. Әр түрлі қалыптасудың осы түрі, күрделі әрекетке жетелейді, жаттығуды бөлшектеп үйреніп толықтырған соң, ол үйренулер дағдының тез есуін шапшандатады.

Дағды дамуының ақырындауы. Бұндай жағдай дағдының жетілу деңгейіне жеткен кезінде пайда болады. Дағды неғұрлым жетілген сайын оның одан әрі дамуына қажымас қайрат, көп еңбек және педагогикалық шеберлік керек. Дағды дамуының тоқталуы – үйрету әдістері қате (тиімсіз) болғанда, дене қуатының даму деңгейі (күш, ептілігі т.б.) төмен боғанда, жаттығуды ебедейсіз (қорқыныш, шаршау), ыңғайсыз жағдайда (нашар спорт жабдықтарында т.б.) орындағанда пайда болады.

Оқытушы дағдыны қалыптастыру кезінде осы жағдайларды байқап, уақытында түзетіп отыруы қажет. Мықты қимыл дағдысы, уақытында бекітіліп отырылса, көп жылдар бойы сақталады. Ондай бекітулер болмаса, дағды бұзылады. Қимыл дәлдігі жоғалады, жаттығу орындау олқылығы (өз күшіне сенбеушіліктен), нәтижелілігі нашарлайды т.б. Бірақ дағды түгелімен жоғалып кетпейді, негізі сақталады және қайталағаннан соң тез қалпына келеді.

Қимыл дағдыларының ауысымы. Дене тәрбиесінің тәжірибесінде қалыптасар қимыл дағдаларының бір-бірімен біріге әрекеттенуі жағымды және жағымсыз жағдай туғызады. Ертерек қалыптасқан дағды, келесі дағдының қалыптасу процесін жеңілдетуін жағымды ауысу дейміз. Бұл жағдайда алдынгы қалыптасқан дағдының, жаңа үйренетін қозғалысқа ұқсас элементтерін қолданамыз (мысалы: оқушы гранат лақтыру тәсілін жақсы меңгерген болса, н. йза; лактыру тәсілін де тез игереді). Ертерек қалыптасқан дағдының келесі дағдының қалыптасу процесін қиындатуын жағымсыз ауысу дейміз.

Жоғары қимыл-қозғалыс ептілігі.

Қимыл дағдысының жетілу процесі шексіз. Оның негізгі міндеттері оқушының тұрмыс, еңбек, спорттық әрекеттер дағдыларын еркін меңгеруге үйрету. Дағдының тәжірибелік құндылығы осында. Егер оқушы спортзалында секірген биіктіктен, табиғи ортада секіре алмаса, ло дағдының тәжірибелік құндылығы болмайды.

Сонымен, жоғары қимыл ептілігі дегеніміз қалыптасқан қимыл дағдыларын нақты өмір жағдайларында қолдану шеберлігі (жүгіру, секіру және басқа өнер кәсіптік, әскери әрекеттер) және үйрету мақсатының соңғы межесі. Алға қойған міндетті орындау үшін, қимыл дағдысын мынадай жолмен жетілдіру керек: біріншіден, жаттығуды орындау тәсілінің даралығы: екіншіден, қимыл дағдыларын меңгерудің варианттарын игеріп көру: үшіншіден, меңгерген қимыл дағдысын әр түрлі қозғалыс әрекеттеріне пайдалану шеберлігін игеру: төртіншіден, өзгертін әрекет жағдайына сай ауысып, бейімделе білу қабілетін меңгеру: бесіншіден, жаңа қалыптасқан дағдыны ерте игерілген дағдымен өр түрлі бірлік таба қолдану шеберлігін меңгеру.

Қимыл дағдысын жетілдіру әр түрлі оқу әдістерініңкемегімен іске асырылады. Оның ішінде жетекші орынды ойын және тұтас үйрету әдістері алады. Қатені түзету немесе қозғалысты орындау тәсіліне өзгеріс кіргізу керек болса, бөлшектеп үйрету әдісі қолданылады.

Ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарының жіктелуі мен педагогикалық мағынасы.

Қимыл-қозғалыс ойындарының педагогикалық мағынасы.

Біздің еліміздегі өсіп келе жатқан ұрпақ тәрбиесінің тәжірибесі ойын балалар мен жасөспірімдерің жоғары құқықтық және дене сапаларының маңызды құралы екенін көрсетеді. Ойындар мектепке дейінгі балалар мен мектептегі кіші жастағы балалардың дене тәрбиесінде ерекше үлкен орын алады. Себебі, олар қозғалыс қабілеттерінің кешенді дамуына қалыпты дене дамуына денсаулықты жақсарту мен сақтауға жағымды әсер етеді.

Ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарының басты мазмұны ойыншылардың әр түрлі қозғалыстары мен әрекеттері болып табылады. Оларды дұрыс басқарған кезде жүрек тамыр, бұлшық ет, тынысалу және ағзаның басқа да жүйелеріне жақсы әсер етеді. Қозғалмалы ойындар функционалдық қызметті жақсартады, дененің әр түрлі ірі және кіші бұлшық еттерін әр түрлі динамикалық жұмысқа тартады. Дене буындарындағы қозғалыстарды жоғарлатады.

Денсаулықты жақсарту қатынасындағы ерекшелігі қозғалмалы ойындардың қыста да, жазда да таза ауада өткізу болып табылады. Таза ауадағы қозғалыс кезінде оттегінің артуымен бірге заттардың алмасуы күшейеді, бұл бүкіл ағзаға жағымды әсер етеді.

Ойында қолданылатын дене жаттығуларының әсерінен заттардың алмасуының барлық түрі белсендендіріледі (көміртектік, белок, майлылық және минералдық). Бұлшық еттің жұмысы ішкі секреция бездерінің функцияларын ынталандырады. Қозғалмалы ойындар мұндай жағымды тазалық және денсаулықты жақсарту маңызына тек айналысушылардың жастық ерекшеліктерін, дене дайындығын ескере отырып, дұрыс қойылған жаттығуларда ғана ие болады.

Ұлттық қимыл-қозғалыс ойындары жүктеменің дәл мөлшерлену мүмкіндігін ескеру керек. Себебі, әр қатысушының әрекетін алдын ала көре алмайсың. Ойындағы тұрақты ауысып тұратын жағдайлар өзара әрекеттің жоғары эмоционалдығы жеке қатысушылардың жаттығуларының мазмұнын бағдарламалауды және жүктемені көлемі және бағыттылығы бойынша дәл реттеуді жояды. Сондықтан дене жүктемелерінің оптималды болуын қадағалау керек. Ойындарды жүйелі түрде жүргізгенде балалардың ағзасын оған бірте бірте үйрету үшін интенсивті жүктемелерді қолдану керек.

Ойындар айналысушылардың жүйке жүйесіне жағымды әсер етуі тиіс. Бұған оптималды жүктемелермен сондай-ақ ойынның ойыншыларда жағымды эмоция тудыратындай етіп ұйымдастыру арқылы қол жетеді, жағымсыз эмоцияларға әкелетін дұрыс ұйымдастырылмаған ойын жүйке үрдісінің қалыпты жүруін бұзады, қорқыныш пайда болады, бұл өз алдына денсаулыққа зиянын тигізеді.

Қозғалмалы ойындардағы ережелер қатысушылардың өзара әрекетін реттеуге артық қозуларды жоюға септігін тигізеді. Ойын ережесіне сай нақты объективті төрешілік ойыншыларда жағымды эмоцияларды туғызады. Қимыл-қозғалмалы ойындарды тұрақты түрде пайдалану жүйке үрдістерінің динамикалық стереотиптерін шығаруға көмектеседі. Бұл қозғалыстардың орындалуын жеңілдетеді.

Жаз және қыс кезіндегі таза ауадағы ойындар балаларды шынықтыруға көмектеседі. Қазіргі уақыттағы ақпарат ағымының күшеюі сабақтардың уақытысының көбеюімен, бұлшықет күшін қажет ететін әрекеттердің азаюымен қозалыс белсенділігінің төмендеуімен байланысты өсіп келе жатқан ұрпақты гиподинамия байқалады. Қозғалмалы ойындардың кеңінен қолданылуы қозғалыс белсенділігінің тапшылығын өтейтіндіктен гиподинамияның төмендеуіне септігін тигізеді.

Ұлттық қимыл-қозғалыс ойындары ұзақ мерзімнен ақыл-ой қызметінен кейінгі белсенді демалыс болуы мүмкін. Осы мақсатпен оларды мектепте үзіліс кезінде, сабақ аяқталаған соң алаңдағы серуендеу кезінде, мектептен үйге келген кезде және үй жұмысын дайындаған соң қолданады. Мектептегі төменгі сыныптарда ойындарды сабақ кезінде үзіліс ретінде түрінде

жүргізуге болады себебі, 7-8 жастағы балаларға 45 минут бойы әсіресе соңғы сабақтарда отыру өте қиын. Сыныпта балалармен өткізілетін қысқа уақыттық қозғалыс ойындары жүйке орталықтарының жұмысын жақсартады. Демалуға мүмкіндік береді және бұлшықет қызметін белсендендіріледі. Балалардағы дене дамуының артта қалуы кезінде ағзаның жақсаруына көмектесетін дене дамуының жалпы деңгейін жоғарлататын қозғалыс ойындарын қолдану керек.

Ұлттық қимыл-қозғалыс ойындары сондай-ақ, стационарлар мен санаториялардағы ауру балалардың денсаулығын жақсарту үшін арнайы емдік мақсатта да қолданады. Ойын жеке тұлғаны қалыптасуындағы үлкен орын алатын алғашқы қызмет. Ойындарда балалар жинақталған тәжірибесін көрсетеді, берілген жағдайлар, өмір жөнінде өзінің көзқарасын тереңдетеді. Бала үлкендер секілді қызмет үрдісінде әлемді таниды. Педагогтар өсіп келе жатқан ұрпақты өмірге дайындауда қозғалмалы ойындардың үлкен білім беру маңызын көрсетеді. Себебі, бала ойын кезінде дамиды.

Ойын қатысушыларды жаңа сезімдермен, түсініктермен, көзқарастармен байытады.

Педагогтың қолында ойын баланың жан-жақты дамуына септігін тигізеді. Олар оның көзқарасын кеңейтеді бақылаушылығын, тапқырлығын, талдау көргенін салыстыру қабілетін, осының негізінде оны қоршаған ортадағы бақыланған жағдайлардан шешім шығаруын дамытады.

Қозғалыс құрылымына байланысты спорттың жеке түрлерінен жақын ойындар білім беру мағынасына ие. Мұндай ойындар спорттың бір түрінің алдын ала үйенген техникалық және практикалық әдіс-тәсілдерін дамытуға және нақтылуға қорытуға бағытталған. Қозғалмалы ойындарда кеңістік және уақыттық қатынасты дұрыс бағалау қабілеті және ойынның жиі ауысатын жағдайларына тез және дұрыс әрекет етуді дамытады.

Ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарды қозғалыстардың дұрыс стеротипін тәрбиелеу өте маңызды, себебі, оны кейін дұрыстау қиын болады.

Жаз және қыс мезгілінде жергілікте жерлерде өткізілетін қозғалмалы ойындар үлкен білім беру мағынасына ие: демалыс лагерлерінде, демалыс базаларында, экскурсияларда.

Жергілікті жердегі ойындар туристке, тыңшыға, ізкесушіге қажетті қабілеттердің қалыптасуына көмектеседі. Кішігірім заттармен ойналатына қозғалмалы ойындар мектепке дейінгі жастағы балаларға және төменгі сынып оқушылары үшін ерекше қажетті тері-тактильді және бұлшық ет қозғалыс сезімталдығын жоғарлатады, қол және саусақтардың қозғалыс функцияларын дамытуға көмектеседі.

Оқушылардың біздің еліміздегі ұлттық ойындармен танысуы үлкен білім беру мағынасына ие. Олар балаларды ұлттық мәдениетпен, салт-дәстүрмен таныстырады. Қозғалмалы ойындарда қатысушылар әр түрлі ролдерді ойнайды, бұл олардағы ұйымдастарушылық қасиеттер мен білімнің дамуына көмектеседі.

Ұлттық қимыл-қозғалыс ойындары бойынша жарыстар қатысушыларды жарыстардың ережесімен ұйымдастырумен таныстырады. Бұл білім мен қабілет балаларды жарыстарды өздері өзіңізге үйретеді.

Ойынның білім беру жағы педагог, тәрбиеші, бұған тиісті көңіл аударған жағдайда ғана биікте тұрмақ.

Ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарының дене қасиеттерін тәрбиелеуде маңызы зор. Жылдамдық, күш, төзімділік, икемділік сондай-ақ, қозғалмалы ойындарда дене қасиеттері кешенді түрде дамиды. Қозғалмалы ойындардың көбі қатысушылардан жылдамдықты талап етеді.

Жылдамдық пен күшке бағытталған ойындар күштілікке тәрбиелейді. Қозғалыстардың бірнеше рет қайталануымен үзіліссіз қозғалыс қызметімен күшпен энергияның жұмсалыуымен байланысты ойындар төзімділікті дамытады.

Қозғалыстардың бағыты жиі өзгерумен байланысты ойындар үлкенділікті тәрбиелеуге көмектеседі.

Қозғалмалы ойындардың баланың тәрбиесінде алатын орны үлкен. Қозғалымалы ойын ұйымдық сипатта жүреді, осымен байланысты балаларды ұжымдағы қызметке үйретеді. Ойындар балалардағы серіктестік, бір-біріне деген жауапкершілік сезімді дамытады. Ұжымдық ойында ұжымға қатыса отырып, бала команданың мүддесі үшін өзінің мүдделерін құрбандыққа әкеледі: жақсы орында тұрған жолдасына допты беру, «тұтқынға» түскендерді құтқаруға тырысу және т.б. Серіктестік сезімі ойындарда бірте-бірте қалыптасады. Мектепке дейінгі және кіші

мектеп жасындағы балалардан ойындарда тек өзінің әрекеттері жолдастарының әрекеттерімен үйлесуі ғана талап етіледі. Кейінірек жолдасына көмек көрсетілетін ойындар шығады. Соңында әрекеттері ұжымның, өзінің командасының мүддесіне бағынышты ойындар кездеседі.

Ойында бір ойыншының екіншісіне, бір команданың екіншісіне қарсы әрекеттері болғаны орынды. Осымен байланысты ойыншылардың алдында өз уақытында шешуді талап ететін әртүрлі мақсаттар пайда болады. Бұл үшін қалыптасқан жағдайды қысқа мерзімде бағалап дұрыс әрекетті таңдап, оны орындау керек. Осының әсерінен ойындар өзін-өзі тануға көмектеседі.

Ойыншылар арасындағы нақты қарым-қатынас тек жарыстың жалпы сипатын өзара серіктестіктің психологиялық үйлесімділікті ғана емес, сондай-ақ көптеген ойын әрекеттерінің орындалу ерекшеліктерін, интенсивтілікті анықтайды.

Ойынның ережелері әділдікті, төзімділікті, қатты толқудан кейінгі өзін-өзі ұстай алуды, өзінің эгоистілігін ұстап тұруға септігін тигізеді.

Ұлттық кимыл-қозғалыс ойындары балалардың шығармашылық тәрбиесіне де әсерін тигізеді. Балалардағы көркем шығармашылықтың алғашқы көрінісі ойын түрінде кездеседі. Балалардың әсіресе, мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балалардың ойындарында шығармашылық қиял үлкен орын алады. Қарапайым ағаш та, жылқы да, велосипед те, мылтық та, қылыш та және т.б. болуы мүмкін.

Қиял ролдік ойындарда, сюжеттік мазмұны бар ұйымдастырылған қозғалмалы ойындарда дамиды. Қоршаған ортаны көрсететін ойындар балалардың түсінігінде жеке персонаждардың ролінің көрінісінде, балалар ролінің шығармашылық қиялын қосатын жағдайларды ойнауға құрылған. Мұндай ойындардың барысында шығармашылық қиял дамиды. Олар сезіну мен қабылдауды дамытады, айналадағы заттарды қабылдауға үйретеді. Балаларға оларды қоршаған әлем туралы жаңа әсермен білім береді. Музыкамен ұйымдастырылған ойындар балаларда музыкалық қабілетті дамытады. Педагогтар балалардың музыкалық тәрбиесінде ойындық әдісті қолданады. Әуенмен жүретін қозғалыстары бар ойындар музыканың

сипатымен түрін жақсы түсінуге көмектеседі. Музыкалық ойындарда бала өзінің алғашқы би қабілеттерін көрсетеді.

Бала ойында өзінің барлық жеке қабілеттері мен қасиетерін табады. ойынның барысында жеке ерекшеліктердің көрінуі әр баланы жақсы тануға және, оның қажетті бағытта дамуына әсер етуге көмектеседі. Ешбір қызмет ойын секілді оқушының жеке мінез-құлқын ашық және жан-жақты көрсете алмайды. Бала ойынға беріліп өзінің мінезінің барлық жағын байқайды, сыныптағы тұйық бала ойында өзін жаңа жағынан көрсетеді. Мұның барлығы балаларға дұрыс жеке жолды табуда маңызды. Қозғалмалы ойындар президенттік тест нормаларын тапсыруға қажетті қасиеттер мен қабілеттерді дамытуға көмектеседі.

Ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарының жіктелуі.

Өндірістік сипаттағы жаттығулар – бұл әрбір ұлттың адамдардың дене тәрбиесінің өзіндік жүйесі тарихи түрде қалыптасады.

Ол өмірлік жағдайлардың әсерінен туындайды және қалыптасады. Берілген халықтың еңбек, тұрмыстық және әскери қызметін көрсетеді. Қазақ халқының өмірі ежелден қатал табиғи жағдайларда болды. Біздің ата-бабамыз аңшылықпен айналысқан.

Ата-бабамыз өмір жағдайлар талап еткендей төзімді және батыл аңшылар болған; олар аңдардың іс-әрекетін жақсы білуі керек болатын үлкен күшке және төзімділікке ие болуы керек еді. Ежелгі қазақтардың арасындағы аңшылықтың кеңінен таралуын қазіргі көптеген археологиялық қазбалар көрсетеді. Олар орталық Азия мен Қазақстан территориясындағы неолит дәуірі адамның садақ пен оқты жасауымен басталатынын көрсетті.

Неолит дәуірінде Қазақстандағы тұрақтар ең алдымен өзен-көлдердің жағасында орналасты. Орал, Есіл, Шу, Талас, Каспий, Балқаш және Арал теңіздерінің жағасында. Мұнда алғашқы тайпалар аңшылықпен балық аулаумен және қарапайым жер өңдеумен айналысты.

Басқа тайпалар тау бөктерінде өмір сүрді: Қаратау, Алтайдың батыс беткейлерінде, Қарақаралы тауының жанында және ең көбі қазіргі Семей аумағында. Олар аңшылықпен және жеміс-жидек терумен айналысты. Үшінші тайпалар тобы солтүстік және солтүстік батыс Қазақстандағы далаларға бірте-бірте орын ала бастады. Бұл тайпалар негізінен аңшылықпен айналысты.

Қазақстандағы аңшылықтың жаппай дамуына табиғи географиялық жағдайлар жағымды әсер етті: далаларда құлан, қарақұйрық, ақбөкен, қоян, жабайы ешкілер, шошқалар, түлкі, қасқыр, сілеусін, аюлар кездеседі. Аңшылық алғашында ұжымдық болды. Кейінірек әр түрлі қақпандарды, үйретілген құстар мен иттерді қолдана отырып, ұжыммен бірге жеке дара да аңшылыққа шығатын. Аңшылар садақпен, найзамен, өткір оқтармен және 19 ғасырда мылтықпен қаруланды.

Ежелгі аңшы қазақтың қазіргі уақыттағы сипаттамасы мынадай: «қазақтың игерілмеген шөлдерімен далаларында аңшы қазақтың тұрақты серіктері үйретілген құстар, қазақы тазы және төзімді жылқы болды».

Аңшылық адамнан ең алдымен көш батылдық, ержүректік, қайсарлық, төзімділік, жылдамдық сияқты қасиеттерді талап етті.

Сондай-ақ жүрудегі, жүгірудегі, секірудегі, өрмелеудегі, ауырды көтерудегі, тастарды дәлдеу мен итерудегі қажетті қозғалыс қабілеттері де керек болды. Аңшы аңға күнде шығу керек болды, ол аңдарды орманда да, далада да аңдып, оларға жақындап ағаштардың төбесіне шығу қажет еді. Балық аулау жүзуді, суға сүңгуді талап етті. Тарихшылардың айтуынша негізгі аңшылық құрал ретінде садақ пен оқтың жақсартылған тас қаруларының шығуы тамақ қорын жиналуына жағдай жасады, аңшылық өмірден жануарларды үйретуге өтудің маңыздылығын көрсетті. Мұның өзі мал шаруашылығының пайда болуына және дамуына әсер етті.

Малға шөп қажет еді, сондықтан тұрақтар жиі ауысып тұрды. Яғни малшы мен оның отбасы жылдам орын ауыстыруы керек болды. Мұндай тұрмыстық қажеттіліктер адамда күш және төзімділікті т.б. дамытты. Өйткені, міну және тиеу үшін жылқы мен бұқалар бірден қолданылмады. Мал шаруашылығының тәжірибесі жаңа қабілеттерді туғызды. Мысалы, жаңа жайлауға көшудің өзі көптеген дене жаттығуларын көрсетеді: қойлардың артынан жүгіру, атқа міну, ауыр заттарды көтеру және тасу, жергілікті жер бойынша бағдарлау т.б. Осылайша қоғамдық дамудың алғашқы кезеңдерінде пайда болған дене жаттығулары жаңа ұрпақтың тәрбиесіндегі маңызды құралдар бола бамстады.

Әскери сипаттағы жаттығулар – бұл мал шаруашылығының дамуы қазақтарға жаңа жерлерді игеруге мүмкіндік берді.

Көшпенділік тұрақты және ұзақ мерзімді орын ауыстырулар үлкен қауіп қатерлермен бірге жүрді. Жабайы жануарлар кез келген жерде малдың үйіріне қатер төндірді.

Көрші тайпаларда біреудің арқасында пайдаға кенелгісі келді. Сондықтан көшпенділер әрқашан кез келген шабуылға дайын болуы керек еді, осының арқасында өндірістік сипаттағы дене жаттығуларының жеке түрлері әскери бағыттағы жаттығуларға айнала бастады.

Осыдан дене тәрбиесі әскери дайындық үшін пайдаланыла бастады. Әскери көшпенді өмірдің ерекше қатал шарттарын талдай отырып және тұрақты қауіптің төнуі көшпенділерде белгілі батылдықты, қайсарлықты туғызды.

Қазақтарда дамудың жоғары деңгейінде тұрған орталық Азия көшпенділеріндегідей әрбір ер адам соғысты. Әскери көшпенді өмірде олар шөл мен далада ыстықтан, суықтан, жаңбыр мен бораннан қорықпай ашық аспанның астында тұрып қаруды жақсы меңгерді.

Бозбалаларға мынадай қаруларды қодануды үйретті: айбалта-сабы ұзын балта, найза, қылыш, мылтық, садақ, сойыл т.б. Жаяу жүру және ат үстіндегі спорттық ойындармен жарыстар дәстүр бойынша әскери сипатта болды. Жылқыларды үйрету дене тәрбиесінің жаңа құралдарының пайда болуымен дамуына оларды тәжірибеде қолдануға мүмкіндік берді. Мысал ретінде, аламан бәйгенің пайда болу тарихы болады.

Аламан- бұл ат үстіндегі қаруланған саптың жарысы. Сондай-ақ аламан деп жарысқа қатысушыны атады. Аламандық аламан бәйгенің- ұзақ қашықтықтағы ат жарысы пайда болуына алып келді.

Қазақтардың ең басты қызметі мал шаруашылығы, ал негізгі әскері ат әскері болғандықтан ат үстінде жүрумен байланысты жаттығулар алдыңғы орынға шықты.

Атты әскер күрделі шабуылдық тапсырамыларды орындады. Бұл әскердің жылдам қозғалуын жоғары әскери өнерді жақсы дене дамуын талап етті. Бұл қасиетердің барлығы жігіт үшін, атты әскер үшін қажетті.

Атты спорттық жарыстарға қатысу сарбаздарда төзімділікті, өзін-өзі ұстауды, батылдықты тәрбиеледі. Қарсыластық дененің дайындығын бақылаушылықты қалыптасқан жағдайға бейімделуді

тез шешім қабылдауды қорқынышты жеңуді, ауру мен шаршауды төзуді талап етті.

Аумақтық шашыраңқылық феодалдық қоғамдастық ру арасындағы даулар онсызда жеңіл емес көшпенді қазақ халқының өмірін қиындатты.

Отан үшін соғыспен шайқастар болды, олардан қазіргі уақытта тек дене жаттығуларының түрлері ғана қалды. Бірақ, ол қазіргі таңда да жастардың мықты, төзімді, дені сау болып өсуі үшін қажет.

Ойынсауық сипатындағы дене жаттығулары – бұл ойынсауық сипатындағы жаттығуларға өзінің пайда болуы бойынша ұлттық салт-дәстүрге қазақ халқының өміріне міндетті әр түрлі дене жаттығуларының, ойындардың толық кешені кіреді. «Наурыз», «сейіл», «қыз ұзату» және басқада мерей тойларға өзінің денесінің икемділігін көрсету үшін, шауып бара жатып бір затты алу, шабандозды бір немесе екі адам аттан арқанмен тартқан кезде ертоқымда отыруды көрсету үшін жан-жақтан жиналатын.

Ұлттық тойлардың бағдарламасында негізгі орынды спорттың әр түрі бойынша өткізілетін жарыстар алатын.

Оларға барлық қатысқысы келгендер қатыса алады. Жазба көздері бойынша : «гимнастикалық жаттығуларға өнерлі, жақсы аттары бар адамдар мейрамдарға шақырылмаса да келіп өзінің және жылқыларының қабілеттетін көрсете алатын».

Ақсақалдар мәртебесі ежелгі дәстүрлерде өзіндік орын алған-айтыс болғандарды еске алу, осындай қайғылы күндердің өзінде де адамдар бірге болу мүмкіндігін пайдаланып алыс ауылдардан жиналатын. Жиналатындардың саны сол уақыттарда өте көп болатын.

Әдетте жарыстар ақындар мен музыкантардың өнеріне ұласатын осылайша спорт ұлттық өлең және музыкамен тығыз қарым-қатынаста болды. Қазақтың ұлттық мерекелері өзіндік жалпы қоғамдық қозғалысты көрсетті. Ойын кезінде бай, феодалдардың қысымына қарсылық жиі көрінетін.

Кедей жігітке ат жарыстарында жеңіске жету кейде ғана мүмкін болатын, сондада қарпайым халықтан шыққан керемет шабандоздар, батырлар аз емес. Олар туралы халық өлең, аңыздар шығаратын. Көп жылдар бойы жеңіліс таппаған батыр, әнші Балуан Шолақ туралы аңыздар Қазақстаннан тыс жердеде кеңінен

тараған. Бірақ, ұлттық батырлар мен ақындар өмірде емес, тек өлеңдерде жиі жеңіске жететін.

Ұлттық қозғалмалы ойындардың классификациясы мәселерді талдауда ең алдымен бұл ойындардың педагогикалық құндылығын бағалау үшін белгілі бір критерийлерді қарастыруға болады. Оларды таңдаудың принципін табу керек. Сонымен қатар, кез келген ойында нақты тәрбиелік мақсат болу қажет және соңғысы ұлттық ойындар жақын белгілері бойынша топтастырылуды қажет етеді.

Педагогикалық әдебиеттерде ойындар күрделі және оңай, белсенді және енжар, болып бөлінеді, жастық топ бойынша классификацияда бар. Д. Колоцца ойындарды жеке, жарыстық, әлеуметтік және т.б. деп бөледі. Е.А.Покровский ойындарды ақыл-ой және дене-деңгейі бойынша топтастырды. П.Ф.Лесгафт дене мәдениеті туралы теорияны жасай отырып, ойындарды олардың ағзада физикалық әсерінің белгілері бойынша топтастырды. Ол ойындардың ортақ классификациясын құруға алғашқы болып қадам жасаған.

Мұндай классификацияға С.К.Вишне夫斯基 және М.С.Козлов ұсыныс жасаған. В.Яковлев құрастырған көп деңгейлі классификация толығырақ және анық болып табылады. Бірақ, ол ойынның белгілі бір жағын ғана қатысушы командалардың ұйымдастырылуы сипатын ғана қалыпты қозғалыстар мен олардың әр түрлі ғана қарастырады.

Бұл классификация ұлттық ойындардың ерекшеліктерін ескермейді - олардың формаларының көп түрлілігін, типтерін, ойындық сюжеттерін. Певкованың «Солтүстік халықтарының балаларының ұлттық ойындары» атты жұмысында, өндірістік және тұрмыстық қабілеттермен байланысты доп, соғыс жаттығу ойындарын табатын өзіндік анықтаушылықты байқаймыз. Соңғы жылдары ұлттық ойындардың классификациясын құрастыруға қозғалыстың спецификасы көзқарасынан дағестандық, оситіндік ұлттық ойындарды қарастырған М.Ш.Ахметов белсенді қатысты.

Ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарының бірегей, жан-жақты ғылыми негізделген классификациясы жоқ. Ал, қолда барлары көп жағдайда бір-біріне қарсы келеді.

Ұлттық ойындардың классификациясы үшін, кестелік форма немесе сызықтық қатарды таңдау мүмкіндігі бар. Біріншісі, табиғи

классификацияның талаптарына жауап береді. Ол, формальды логиканың да, диалектикалық логиканың да бірлігін бұзбайды.

Ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарының классификациясы берліген кестелік формасында бір сызбада үш негізгі белгі біріктірілген- қозғалыстың мақсаты мен сипаты, сондай-ақ қолданылатын инвентар; ойындардың бір жастық топқа қатыстылығы; олардың қолданылуы.

Дәстүрлі ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарының мұндай классификациясы, әрине оларды шектемейді. Көптеген ойындар бір уақытта бірінші, екінші және үшінші топқа жатқызылуы мүмкін. Бұл топтарды толық түсіну үшін, олардың кейбірін қарастырайық.

Ойыншықпен ойналатын ойындар - педагогикалық мәні балалақ шақта бала жүре жәәне сөйлей бастағанда оның өзгермес достары ойыншықтар болып табылады. Олар өзінің мазмұны бойынша күрделі емес, үлкен тәрбиелік мәнге ие. Балаларды бақылаушылық дамиды, өзіндік қызмет ету және инициатива шығармашылық бастау оянады. Ойыншықтармен ойналатын ойындар балаларға материалдардың қасиеттерімен, олардың арналуымен танысуға көмектеседі. Олар адамның шығармашылықтың қызметтік жағын көрсетуге көмектесу тиіс, бір сөзбен айтқанда, ойынсауықтың емес ойынның заты болуы тиіс. Ойыншықтар балалардың ойындары үшін жақсы және икемді материал болуы тиіс және уақыт өте келе шығармашылық қиялға итермелеп ортыуы тиіс.

Қазақ балаларының арасында «ағаш ат» ойыншығын кеңінен тарады-оны әдетте ұлттық шеберлер жасайтын және ол балалардың кең шеңберіне арналған. Ол ежелгі дәстүрдің яғни, атқа мінудің естелігі, балаларды ертоқымға отыруға үйретеді.

7-10 жастағы қыз балалардың сүйікті ойынын қуыршақ болды және болады. Қуыршақты әдетте балшықтан және матадан жасаған. Қуыршақ ойынында қыздар үй шаруашылығы бойынша жұмыстарды, ас әзірлеуді, баланы тамақтандыруды және қарауды т.б. үйренеді. Мұндай ойындар тілін және қиялын дамытады. Балаларды өмірге дайындайды.

Қазақтың тұрмысында «безгелдек», «зырылдауық» немесе «жел» ойындары кеңінен тараған. Олардың көмегімен балалар желдің бағытын анықтады, табиғат заңдарын таныды.

Қыста қозғалмалы ойындарды ойынау мүмкіндігі төмен екені белгілі. Баяғыда балалар киім мен аяқ киімнің жоқтығынан күні бойы үйде болды. Мұндай қозғалыссыз өмір балаларды енжер етті. Мұндай күндері ағаш, тас, қорап, пышақ, арба т.б. сияқты қарапайым ойыншықтардың өзі баланы белгілі бір шамада дамытты, оны қозғалысқа мәжбүр етті.

Қазақтың балалары құлын мен ботаның мойнына байлайтын сыңғырлақты жақсы көрді. Сыңғырлақ өзінің үнімен жабайы аңдарды қашыратын, сыңғырлақ сондай-ақ балалардың көптеген ойындарына жарады.

Әдетте ағаштың бұталарынан балшықтан көбіне кепкен қамыстан жасалатын ысқырық балалардың кеңінен тараған ойыншығы болды. Бірнеше тесігі бар ысқырықтарда кездесті.

балалардың ойындарында қамшы да қолданды. Әдетте 7-12 жастағы балалар әсіресе, ер балалар жылқыларды, бұқаларды және қойларды айдауда үлкендерге еліктеп, қамшымен үлкен қызығушылықпен ойнады. Балалар оны өздері жас ағаштың қабығынан жасайды. Ойыншықтардың арасында өзіндік жарыс жиі өтеді-кім қаттырақ ұрады. Мұндай ойындар еңбек сүйгішікті, төзімділікке тәрбиелейді.

Дәлдеу, жүгіру және секіру ойындары - 10-12 жастағы балаларды жылдамдық, дәлдік, тез қимылдау қызықтырады. Олар допты, тастарды, ағаштарды дәлдеу элементтері бар ойындар ерекше қызықты. Дәлдеу элементтері бар ойындар балаларды жылдамдықты, күшті, қозғалыстардың дәлдігін дамытады. Қатысушылардың әрекеттерінің үйлесімділігі талап етіледі. Мұндай ойындар ұзақ уақытқа созылады. Олар сүйікті ойындарының өзіндік шеңберін құрайды оларға «қазан доп», «таяпен ойнау», «әуе таяқ», «лақтырып ұста», «ұрма доп» сияқты ойындар жатады.

Қозғалыстардың басым түрлері-заттарды дәлдеу, үлкен алаңда дәл тигізу.

Жүгіру ойындарда ешқандай құрал-жабдықты қажет етпейтін ең қарпайым және қолжетімді қозғалыстардың түрі. Сонымен бірге ол бала организмнің дамуына белсенді түрде әсер етеді. Өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесінде секіру элементтері бар ойындарға назар аударылды. Себебі, бұл ойындар абай болуды назарды талап етті. Жүгіру элементтері бар ойындар өзінің

мазмұнына ережесі және қарапайымдылығы бойынша қозғалыс жылдамдылығы, өзінің күшіне сенімділігі дамыған балаларға қолжетімді.

Мұндай ойындар балалардың назарына, бағдарлануына, қозғалысты үйлестіруіне септігін тиігізеді. Мұндай ойындарға «үй артында ағаш», «орамал тастау», «тырналар», «ала күшік», «орныңды тап», «аш қасқыр», «қаппен секіру», «секіріп өту» және т.б.

Күрес және қарсыласу ойындары - өсіп келе жатқан ағза қызметін ынталандырады, мұндай ойындарда әр түрлі күрес әдістері қолданылады. Олардың дұрыс ұйымдастырлуында ойындар балалардың жан-жақты дамуының дақсы құралы олвып табылады. Олар күшті, жыламдықты, шыдамдылықты және тапқырлыққа тәрбиелейді. Мұндай ойындарға «текелер ұрысы», «аран тартыс», «жаяу көкпар», «аяқ күрес», «айыс», «тартыс» т.б. жатады. Бұл ойындарда қозғалыстың басым бөлігі-жүгіру, күрес.

Көзді байлап ойнайтын ойындар - ерекше топты бағдарды дамытатын немесе көзді байлап ойнайтын ойындар құрайды. Ойынның мақсаты балаларды біріктіру, балалардың ұйымшыл ұжымын құру болып табылады. ойыншылар бірбірін жақсы танығанда олар бірін-бірі тануы оңай болып ойын ерекше табысты болып өтеді.

Ойынның шарттары қатысушылардан төзімділік пен шыдамдылықты талап етеді. Олар балаларға жергілікті жерде, қараңғыда жүруге үйретеді.

Бағдарды дамытатын ойындар есту мен назарды жақсартады. Ойындардағы қозғалыстың негізгі түрі-жүру, қысқа қашықтықтағы жүгіру, сылып шығу оларға мына ойындар жатады - «соқыр теке», «жіп кесу», « тұмақ ұру», «дауыс кімдікі» және т.б.

Ашық жерде ойналатын ойындар - ашық жерде өткізілетін ойындар кеңінен тараған. Әдетте оларды балалар ата-аналарына, отарды қарауылдауына көмектесу кезінде жайлауда кешкісін ұйымдастырады. Ашық жерде ойналатын ойындар балаларда ұйымдастырушылық әрекеттерге қабілеттілікті тәрбиелейді, инициативаны дамытады. Кеңістіктегі бағдарға жергілікті жағдайларға бейімделуді күшті, жылдамдықты, төзімділікті

тәрбиелеуді үйретеді. Оларға мына ойындар жатады. «ақсүйек», «қара сиыр», «қасқыр құлақ», және басқалар.

Суда ойналатын ойындар - жүзу бойынша өткізілетін өзіндік жарыс. Тек олар үлкен гигиеналық және денсаулықты жақсарту маңызы бар ұлттық ерекшелікке ие. Өзен ауасы таза шаңы аз, ал судағы процедуралар ішкі ағзалардың қызметін белсендендіреді, зат алмасуды жақсартады. Таза, салқын ауа мен су қан айналымына әсер етеді.

Қазақ халқында суда өткізілетін ойындар ежелден келеді: «түйе малту», «сүңгу малту», «ит малту», «су сиыр» және т.б. «Түйе малтуда» барлық қатысушылар жағада бір қатарға тұрып суға бір уақытта кіреді және бір жағымен жүзе бастайды. алдын ала қашықтық туралы келіседі, жүзіп өткен адам жеңімпаз болып есептеледі.

Ит малтуда сол секілді түйе малтқу секілді. бірақ мұнда жүзу техникасы басқаша: жүзуші қолымен аяғының көмегімен қозғалады.

«Сүңги малтуда» қатысушылар жағада бір қатарға тұрып суға бір уақытта басымен кіреді және жүзеді. Қашықтық туралы алдын ала келіседі. Бұл қашықтықты бірінші болып жүзіп өткен адам жеңімпаз болып есептеледі. Судағы ойналатын ойындардың түрі «зат табу». Ойын командалық болып келеді. Жеребе бойынша бір команданың кпитаны алдын ала белгілі бір затты суға тастайды, осыдан кейін команданың барлық қатысушылары сол затты табуға тырысады. оны тапқан команда жеңімпаз болып есептеледі.

Мұндай ойындар күшті, жылдамдықты, төзімділікті дамытады, балаларда шешім қабылдауда, өзіне деген сенімділікті, күшті дұрыс бөлісіре алуды тәрбиелейді.

Әскери ойындар - балалардың әскери ойындары шынайы өмір, әлеуметтік қоғамдық жағдайлар көрінетін ұжымдық сипатта болады. Дұрыс ұйымдастырылғын кезде, олар жақсы тәрбие беру құралы болып табылады.

Балалардың бақылаушылығы, қызығушылығы, шығармашылық қиялы, қабылданған әсерлерді ойынға айналдырады. Егер шайқастар баланың көз алдында өтсе ол оны өмір бойында есінде сақтайды және ол күндер туралы құрдастарына айтады. Айтады

және ойынға көмектеседі. қазақ халқының қиын тағдыры әскери ойындар үшін аз материал берген жоқ.

Әскери ойындар балаларды ұжымдық әрекетке үйретеді. Оларды ортақ мақсатқа-жеңіске біріктіреді. Әскери ойындар достық, өзара сыйластық, әдәлдәк, сезімін тәрбиелейді, назарды жинайды тапқырлықты және инициативаны, серіктестікті дамытады және өз қызығушылықтарын ұжымның ортақ мақсаттарына тәуелді етуге үйретеді. Олар, күшті, жылдамдықты, тапқырлықты, батылдыққа үйретеді.

«Соғыс» ойыны әлемнің барлық халықтарында баяғыдан бар. Тарихи жағдайлардың әсерінен олар өзінің суреті мен сипатын өзгертеді. Әскери ойындарды өткізе отырып, педагог балалар денсаулығына қауіпті кездердің болмауын қадағалау керек.

Ат спорты (аламан бәйге, бәйге, құнан бәйге, дөнен бәйге, тай жарыс, жорға жарыс)

Аламан бәйге.

Аламан бәйгеге жасы 20-ға толған және одан асқан, жаттықтырушы жеткілікті дәрежеде, даярлықтан өткізген спортшыларға қатысуға рұқсат етіледі. Жарысқа әбден жаратылған төзімді аттар таңдалып алынады. Кез келген тұқымның аттарын бәйгеге қосуға рұқсат етіледі. Қашықтықты әрбір жарыста оны өткізетін ұйым белгілейді. Ондайда жарыстың мақсаты мен сипаты ескеріледі, соған орай аттардың шабатын қашықтығы 20 ки-лометрден 100 километрге дейін болуы мүмкін, қазіргі уақытта жарыс айнала шабатын, сондайақ жұмсақ тура жолы бар ипподромда өткізіледі.

Бәйге өткізу тәртібі мен шарттары. Бәйгеге қатысушылардың кезегі команданың өкілін қатыстыра отырып, төрешілер коллегиясы өткізетін жеребе тарту рәсімі арқылы анықталады.

Жеребе тарту алдында команда өкілі бәйгеге қатысушының фамилиясын және туған жылын көрсетіп сұраныс береді. Осы сұранысқа бәйгеге қосылатын ат жөнінде жынысы, туған жылы, кандылығы сияқты мәліметтер болуы тиіс.

Жарыста бір атқа тұрақты бір адамның ғана мініп шабуына рұқсат етіледі.

Бәйгеге қатысушылар өздерінің ұжымы киетін киімді немесе жарысты өт-кізетін ұйым белгілеген киімді киюлері тиіс.

Жарысқа қатысатын әрбір спортшыда жеребе тартып болған соң төрешілер коллегиясы берген нөмірі болуы, ол екі жеңінің шынтағынан жоғары жеріне немесе ердің артқы қасының тұсына тоқымының екі жағына бекітіліп қойылуы тиіс.

Жарысып келе жатқан кезде қашықтықты азайтуға, екінші адамның атын шыбықпен немесе камшымен ұруға болмайды. Осы және басқа да ережелерді бұзған спортшы жарыстан шығарылып тасталады.

Жеңімпазды анықтау. Бәйгеге шабатын жерде жарысқа қатысушылардың ал-ды сызықпен белгіленеді. Жарысушылардың қасында болатын төрешінің белгісі бойынша спортшылар сызықтың алдына сапқа тұрады. Мұнда аттың алдыңғы тұяқтары сызықтан өтпеуі тиіс. Төреші жалаушаны көтеріп, «ал, дайындалындар!» деген белгі береді. Осы кезде жарысушылар аттарының тізгінін тежеп, сақ тұрулары керек. «Тартындар!» деген команда және жалаушаны төмен түсірген белгі бойынша спортшылар шауып жөнеледі.

Шабу. Аттарды айналым бойынша жібергенде оларды сағат тілінің қозғалысына қарсы бағытта шаптыру керек. Шауып келе жатқанда бір шабандоз екіншісіне кедергі келтірмеуі тиіс. Алға алдыңғы аттының сырт жағынан, яғни оң жағынан орап өту керек. Жарысқа қатысушы адам атпен шауып бара жатқанда көтермелеуге рұқсат етілмейді. Екінші атты кісінің атымен әдейі соғып кеткен, оның алдына кес-кестеген немесе спортшылардың шабуына басқа да кедергі келтірген спортшы жарыстан шығарылады (дисквалификацияланады). Ондай спортшының қандай орын алғаны анықталмайды.

Қарақшыға жету қорытындылары. Қарақшыға жеткен соң барлық шабандоздарға да алған орнына қарай — бірінші орын алса — бір, екінші орынға — екі, үшінші орынға — үш ұпай есептеледі. Бұл — жарыс жеңімпаздарын ең аз ұпай санымен анықтау жүйесі. Егер командадан бір спортшы қатыспаған болса, командаға ең соңғы орын беріліп және 2 айып ұпай салынады. Жарыс жеңімпаздарын, сондай-ақ ең көп ұпай санымен де анықтауға болады. Ұпайларды есептеу жүйесі жарысты өткізу туралы ережелерде айтылады. Егер шабандоздар топқа бөлініп

шапқан болса, онда олардың алған орындары олардың керсеткен уақыты бойынша анықталады. Сол қашықтықты ең аз уақытта шауып өткен спортшыға бірінші орын беріледі.

Киім және аттарды дайындау. Шабандоздың, қонышы мықты аяқ киімі, денесіне жабысып тұратын шалбары, қалың матадан күртешесі (көйлегі) болуы тиіс. Басында жеңіл бөркі немесе орамалы болуы керек. Көзіне шыбын-шіркейлерден, шаңнан қорғайтын көзілдірік киюіне де болады.

Атты дайындауға мынадай талаптар қойылады: жүгені басына тар болмауы өрі арқасына батпайтындай жайлы болуы тиіс. «Жарысқа дайындалыңдар» деп шақырғанға дейін тартпасы мен айылының беріктігін, дұрыс тартылған-тартылмағандығын тексеруден өткізу керек. Тартпаны арасынан екі саусақ, ал айылын төрт саусақ ететіндей етіп тарту қажет. Сонда мұның өзі аттың дем алуына көп кедергі келтірмейтіндей болады. Үзеңгісінің ұзындығын шабандоз былай тексереді. Үзеңгісіне аяғын тіреп тұрғанда ер мен екі ортадан жудырық өтетіндей немесе алақан еніндей қуыс қалуы тиіс. Ол қуыс көп болса, таралғыны қысқартады, аз болса ұзартады.

Қауіпсіздік шаралары. Шабандоз атқа тікейіп отыруы керек. Тізгінді үнемі жинап ұстау қажет. Шабандоздың өкшесі башпайларының деңгейінен төмен болуы тиіс.

Қазақ халқының ұлттық спорт ойынының бірден-бір көп тарағаны бәйге мен аламан бәйге. Спорттың бұл түрінің өзгеше бір ерекшелігі сол - жарыс тек жазық жерлер мен ипподромдарда ғана өтіп қоймайды, спортшының өзі мен оның атына жоғары талап қойылатын ойлы-қырлы, жасанды, бөгесінді жерлерде де өткізіледі. Бір жағынан, бұлайша жарысты бұрын белгісіз, ойлы-қырлы жерлерде өткізу қазіргі заманғы ат спортының классикалық түріне жуықтайды. Бұл республиканың жергілікті халықтары арасында спорттың классикалық түрлерін кеңінен таратуға өзінің пайдасын тигізетіні сөзсіз.

Әсіресе аламан бәйгенің спортшының тактикалық шеберлігін жетілдіруде маңызы орасан зор. Жарыста мықты да жылдам спортшылардың бәрі бірдей жеңе бермейді, мұнда кімде-кім жарысты жаттығу жағынан дұрыс құрып, жағдайды дұрыс бағалап, жарыстың барысында атының күшін тиімді пайдаланса ғана жеңіске ие болады.

Жарыстың үлкен шаруашылық, тәрбиелік мәні де бар. Олай болатын себебі — жарысқа қосатын атты таңдап алып, оны баптап бәйгеге жаратуға дейінгі ұзақ мерзімге бәйге атына мініп шабатын бала үнемі басы-қасында болып, бапкермен бірге еңбек етеді. Бапкер бәйгеге шабатын атты ғана баптап қоймайды, оған мініп шабатын баланы да қоса әзірлейді. Бала бәйге атына берілетін жем-шөп, судың мөлшеріне дейін біледі, оның терін алудың, аттың артықшылығы неде, қандай қабілеті бар және жарыс үстінде оны қалай пайдалану керектігін бәйге атына мінетін бала жарыс басталмастан әлдеқайда бұрын қанығып, біліп алады.

Бәйге осы күнге дейін өз маңызын жоймаған спорт түрі. Бұл күнде жарыс ұйымдастырғанда әр ауданның ерекшелігі есепке алынып, шабатын аралық белгіленеді. Атқа шабатын адамның жасы, салмағы бір-бірімен теңдес болып келеді. Бәйге аттарын белгілі жерге алып баратын адам ат айдаушы деп аталады. Ат айдайтын жерге жеткенде ат айдаушы оларды қатар тұрғызады да белгі береді. Жарыс басталады.

Бәйге мен аламан бәйге табандылыққа, батылдыққа, тапқырлыққа үйрететін ұлттық спорттың бағалы түрі болып табылады. Қазақстанда бұл сияқты тамаша спортты кеңінен таратуға барлық жағынан мүмкіншілік мол, республикамызда мініскер аттарды өсіретін арнаулы жылқы заводтары бар.

Бәйге.

Бәйге - ұлттық спорт ойындарының бір түрі. Ат спортының бұл түрі түркі тектес басқа халықтарда да бар. Мысалы, Бәйге өзбектерде “пайга”, қырғыздарда “чабыш” деп аталады. Кейбір деректер бойынша, 15 ғ-дың 70-жылдарында Керей мен Жәнібек хандығы құрғанда, Шу сұлтандар Қазақ өзенінің жағасында, Тұлпарсаз деген жерде бәйге ұйымдастырған. Осы кезден бастап Бәйге қазақ халқының алқалы жиындарының (тойлардың, астардың, т.б.) ажырамас құрамдас бөлігіне айналған.

Бұрын бәйгеге қосылған аттар түстік, күндік жерге, ұзақ қашықтықтарға шабатын (қ. Аламан бәйге). 1957 жылы Қазақстанда қабылданған ереже бойынша құнан байге 1200, 1500, 1600, 1800, 2000 м, дөнен байге 2400, 3000, 3200, 4000, 4800 м, ат бәйгесі 5000, 8000, 10000 м қашықтықтарда өткізіледі. Көбінесе, қашықтық төрешілер алқасының шешімі бойынша бәйге алаң (иподром) айналымының ұзындығына байланысты

белгіленеді. Бәйгеге мал дәрігерінің қарауынан өткен аттар жіберіледі. Жарысқа қатысушылардың кеудесіне және арқасына нөмірлер тағылады; шабандоз жеңіл, ыңғайлы, белгісі бар ұлттық киім киеді. Аттың ер-тұрманында, шабандоздың киімінде адам жарақаттанатындай заттар болмауы тиіс. Бәйгеге қатысушы атын оздыру үшін өзі білетін, ережеде рұқсат етілген тәсілдердің бәрін қолдануына болады. Ал қатарласып келе жатқан атқа қамшысын тигізуге немесе қамшысын үйіріп басқа аттарды жасқауға, айқайлауға, ысқыруға, жарыс жолынан шығып кетуге, оның айналмаларынан төтелеп өтуге болмайды. 1-ші орын мәреге атының тұмсығы бірінші іліккен шабандозға, қалған орын аттардың келу ретіне қарай беріледі. Қазақ халқы Бәйге аттарын ерекше күтімге алған. Құлагер, Ақбақай, Маңмаңгер сияқты сәйгүліктерді ән-жырға қосқан. Топтан озған тұлпарлар туралы халқымыздың ауыз әдебиетінде, эпостық жырларында, мақал-мәтелдерде көп айтылады.

Құнан жары.

Құнан жарыс - ертеден келе жатқан халықтық спорттық ойындарының бірі. Құнан жарысқа тай кезінде озып, бәйгеден келіп жүрген екі жасар жылқы қатыстырылады. Құнан жарысқа қосылмай тұрып, күн ілгері әзірленеді — бапталып, жаратылады. Құнан жарысы көбінесе шағын тойларда өткізіледі. Құнан жарысы 8—10 шақырымдық қысқа қашықтықта өтеді. Ал үлкен жиын-тойларда көбінесе аса қашыққа шабатын бәйге, аламан бәйге аттары келгенше, жиылған жұртты зеріктірмес үшін пайдаланылады. Құнан жарысына 8—9 жастағы балалар қатынасады. Бала құнанды бәйгеге баптаудан бастап, барлық әзірлік кезеңіне қатынасып шаруашылық мектебінен өтеді. Өмірге әзірленіп, шаруашылыққа қатынасады, ерік-қайратын шындап, жеңіске деген ынта-жігері артады.

Дөнен жарыс.

Дөнен жарыс - халықтық көне спорттық ойындарының бірі. Дөнен жарысына әзірлік жарыс болардан әлдеқайда ерте басталады. Жарысқа төрт жасар аттар әзірленеді. Жарысқа қатынасатын дөнендер мұқия іріктеледі және атжарысына жасалатын әзірліктің барлық тәртіптері мұқият сақталады. Дөнен жарысы үлкен жиын-тойларда, алысқа шабатын сақа аттардың алдында, құнан жарысының соңынан басталады. Дөнен

жарысынада жас мөлшері 9-10 шамасындағы немесе одан ересек балалар қатынасады. Дөнендерді қай қашықтықтан жіберу керектігін алдынала белгіленген төрешілер алқасы келісіп шешеді.

Ертеде дөнендер 25—30 шаңырым тіпті оданда алыс қашықтыққа жіберілген. Озып бәйге алған дөнендер келесі жылдары бәйгенің ең жоғары сатылары — ат жарысымен аламан бәйгеге қосыла алады.

Дөнен жарысын әзірлеуге қатынасқан бала малшаруашылығы саласынан көп мағлұматалып, жылқы малын танып, біліп өседі.

Тай жарыс.

Тай жарыс - көне заманнан бері келе жатқан, балалардың жазда сүйіп ойнайтын ойындарының бірі. Үлкендердің ақыл-кеңесімен жарысты балалардың өздері әзірлеп, өздері өткізген. Тай жарысқа тек бір жасқа келген жылқы ғана қатынастырылған. Тайға мініп шабатын балалардың жасы 7—8 жас мөлшерінде болады. Халықтың дәстүрі бойынша әр баланың өзіне арналған бәсіре жылқысы болған. Ол жаңа туған құлын күннен бастап баланың қамқорлығына көшеді.

Жазда қатар қонып отырған ауыл балалары жиылып тайларын үйретіп, үйретілген тайларын жарыстыруға келіседі. Тай жарысы жақын қашықтықта өткізіледі. Тайға ер-тоқым салынбайды, бала жайдақ мініп шабады. Ойынды ересек балалар басқарады. Оны ат айдаушы деп атайды. Белгіленген жерге жеткенде, ат айдаушы жарысқа қатынасушыларды қатар тұрғызады да, жарыстың басталғандығы туралы белгі береді. Озып келген тай иесі жеңімпаз атанады.

Бұл тек ойын ғана емес, баланы жастайынан қоғамдық өмірге, еңбекке тартып, шаруашылық жағдайымен ерте танысуға, жылқы малын танып, білуге баулиды. Жарысқа қатынасу арқылы жастайынан шабысқа жаттыға береді. Сөйтіп, тай болашақ үлкен жарыстың сынағынан өтеді. Бала өзінің жеңіске деген ерік-қайратын шындай береді.¹

Жорға жарыс.

Жорға жарыс - Жорғаға әдетте ұлттық киім киген қыз-келіншектер мініп жарысады. Әйел-дер үшін қашықтық 2—3 километр. Жорға жарысында 6 километр қашықтықты шабандоз атымен 10 минут 26 секунд ішінде өтіп, Бәйсен Елгезеров ең жақсы нәтиже көрсетті. Ал әйелдер арасында 1960 жы-лы Қазақ

мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының білімгер Райхан Әбілахатова 3 километр қашықтықты 5 минут 28-секундта өтіп, республикалық рекорд жасады.

Мұндай жарысқа жорға мінуге әбден дағдыланған спортшылар қатыстырылады. Олардың жасы он сегізден жоғары болуы керек. Жорғаның жасы үш жастан жоғары болуы тиіс. Жарысқа кез келген жылқы тұқымына жататын атты қосуға болады. Қашықтық 2 мың метрден 10 мың метрге дейін болуы мүмкін. Ол жарыс ережелерінде белгіленеді. Жарыс орны тегіс жердегі айналым, жұмсақ тура жол немесе ипподромдағы ат шабатын айналым болуы мүмкін.

Жарыс өткізу тәртібі және шарттары. Жарысқа қатысушылардың, кезегі жеребе бойынша анықталады.

Өкіл (жаттықтырушы) төрешілер коллегиясына жеребе тартқанға дейін бері-летін ұсынысқа шабандоздың фамилиясы, аты, жасы және жарысқа қай мезгілде қатысатыны (бірнеше топ болып жарысқанда) көрсетіледі. Сондай-ақ осы ұсыныста атының жынысы, туған жылы және қандылығы жазылады. Тегі жөнінде құжаты жоқ аттар тегі белгісіз деп тіркеледі. Мал дәрігерлігі пункттерінің рұқсат еткен анықтамалығы болмаса, ат жарыс-қа жіберілмейді.

Жарысқа тек бір атпен бір шабандоз ғана қатыса алады.

Жарысқа қатысушылар өз коллективтерінде киетін немесе жарыс ережелерінде көрсетілген киімді ғана киюлері тиіс. Әрбір шабандоздың жеребе тартқаннан кейін төрешілер коллегиясы берген екі қарына немесе ерінің артқы қасының тұсына, тоқымының екі жағына бекітілген бір рет нөмірі болуы керек.

Ескерту. Шабандоздың рет нөмірі сол облыстың рет нөміріне (алфавит бойынша орналасу ретіне қарай) сай болсын деп ережеде көрсетуге де болады, мысалы, Алматы облысының рет нөмірі 2. Бірақ бұл жеребе бойынша облыстардың жарысқа қатысу тәртібін анықтау керек болады.

Жарыс кезінде қашықтықты азайтуға, шабандоздың атын шыбықпен немесе қамшымен ұруға болмайды. Ережені бұзған шабандоз жарыстан шығарылады. Жарысқа қатысушылар бүкіл қашықтық бойына аттарын жорғасынан жаңылдырмаулары тиіс. I Аттың жорғасынан жаңылып, желіп немесе шоқырақтап кетуі ең

көп дегенде 2 километрде 4 рет, 4 километрде 5, 6 километрде — 7, 10 километрде 10 реттен аспауы тиіс.

Ескерту. Ат төрттен он екіге дейін шоқырақтаса, жорғасынан жаңылған болып есептеледі, ал 13 рет немесе одан да көп шоқырақтаса, шапқан болып саналады да жарыстан шығарылады; үш ретке дейін шоқырақтау жүріс қосу болып есептеледі, ол үшін шабандозға жаза қолданылмайды.

Жеңімпаздарды анықтау. Жарысқа қатысушылардың барлығы да орындарына сай, яғни бірінші орын 1 ұпай, екінші орын 2, үшінші орын 3 ұпай алады. Егер шабандоздар бірнеше топқа бөлініп шапқан болса, олардың алған орны көрсеткен уақыттарына қарай анықталады. Команда орны оның мүшелері алған ең аз ұпай санымен анықталады. Ал егер мұндай команда екеу болса, ең аз уақыт көрсеткен команда бірінші орынға ие болады.

Ат спортынан ең алғашқы Олимпиялық ойындар б.з.б. 680 ж. өткізілген. Атпен жүрудің арнаулы мектептері 16 ғ-дың бас кезінде Италияда, Францияда, Австрияда пайда болды. Ат спорты Олимпиадалық ойындар бағдарламасына 1900 жылы, дүние жүзі және еуропа чемпионаттары бағдарламасына 1953 жылы енгізілді. Халықаралық ат спорты федерациясы (FEI) 1921 жылы құрылды. Қазақстан оған 1952 жылдан мүше. 1956 жылы Алматыда алғашқы ат спорты мектебі ашылды. Қазақстандық шабандоздар алғаш Олимпиялық ойындарға 1960 жылы қатысты. Шабандоз С.Филатов Абсент атты ахалтеке сәйгүлігімен (Жамбыл обл, Луговой жылқы зауыты) ең жоғарғы көрсеткішке жетіп, 1 алтын (Рим — 1960), екі қола медальді жеңіп алды (Токио — 1964; Мехико — 1968). 1996 жылы Кечкемет қаласында (Венгрия) дүние жүзі ат спортшыларының 1-фестивалі өтті. Оған 23 мемлекеттің шабандоздары қатысты. Осы жарыста қазақстандық атбегілер ұлттық ат спорты түрінің бәрінен өнер көрсетіп, жеңіске жетті. Абайдың (1995), Жамбылдың (1996), М.Әуезовтың (1997) мерейтойлары құрметіне ұйымдастырылған халықаралық деңгейдегі аламан бәйгелерде қазақстандық шабандоздар Т.Медеушиев, О.Әмірғалиев, А.Өзіказак, Н.Сатыбаев т.б. жүлдегер атанды.

Ат спорты (ат жегу, ат омырауластыру, аударыспак, қыз қуу).

Ат жегу.

Ат жегу - ұлттық ат спорты түрлерінің бірі. Атты жеңіл арбаға тез жегіп белгіленген межеге дейін жарысады.

Шаруашылық жұмыстарында пайдалану үшін аттарды жүгендеп, ертоқым салып мініп немесе арба-шана мен басқа ауылшаруашылық қондырғыларға жегеді. Жегу құралдары ноқта мен жүген, қамыт пен шілия, шап айыл мен бел көтергіші бар ершік, делбе мен доғадан тұрады.

Аттың басын байлауға арналған ноқта жалпақтау келген. Желке, маңдай, жақ пен иек томаға қайыстарынан тұрса, аттың басын басқаруға арналған жүген аталған томаға қайыстарына қоса екі шығыршықты шайнары (сулығы) бар ауыздықтан, бүлдіргісі бар делбеден тұрады. Атка мініп-түсуге және мініп жүруге арналған ер-тоқым оның ер деп ата-латын ағаш қаңқасынан, құранды ер деп аталатын тарамыспен біріктіріліп, сырты сірімен қас. қаптал ағаштарынан, ойма ер деп аталатын алдыңғы. артқы қас, екі қаптал, желдігі бар екі бөлек белағаштан тұрады. Ер-тоқымды салғанда аттың арқасына тигізбей сақтандыратын оқпан деп аталатын ортасындағы ойығы, үзеңгі бау өткізетін үзеңгілігі, қапталдық қастан асып тұрған жерінде тесілген 8 қанжығалықтары, құйысканның жырымы байланатын шеттігі, ердің белағашын көктеп бекітетін анжысы болады.

Аттың арқасы қажалмауы үшін ер ағашының астына су тисе созылмайтын, күн тисе қурамайтын таза киізден жасалған тоқымдар салынады. Тоқымдардың келесі түрлерін ажыратады: тебінгі, қос қабат киізден жасалған ішпек, тебінгі мен ішпектен бірлестіре дайындалған тебінгі тоқым, өте жұмсақ жалаң киіз - талмадан жасалған ішкілік, қозы, лақ терісінен жасалған терлік.

Ер-тоқым ілгері, аттың мойнына қарай жылжып кетпеуін 2 жақтау, 2 жырым, 2 жаңбырлақтағы салпыншақ, 1 боктық, 1 сауыр үзбе (топшы), 2 жаңбырлық үзбеден тұратын құйысқан қамтамасыз етеді. Ер-тоқымның ат арқасынан ауытқып, ілгері-кейін кетпеуін тұрман қамтамасыз етеді.

Атты жегу құралдарының негізі қамыт иілген екі ағаш не темір жақтаудан, қамыт шұжығынан, киіз атардан, тері қақпақтан

дәнекерленіп жабыстырлған қайыстан, тамақпен екі құлақбауынан тұрады. Қамыттың құлақ бауларына амортизаторлық қызмет атқаратын доға байланады. Арба таудан түскенде қамыттың алға түсіп кетпеуін және атты тежеп, кейін шегіндіру үшін жиекше, арқалық, көлденең, еңкіс және бүйір сырғалықтары қайыстан жасалған өмілдірік қамтамасыз етеді.

Атты доғамен де, доғасыз да жеккенде бел көтергіш арқылы бүкіл жегу саймандарын берік ұстау үшін және тарту қарсылығының белгілі бөлігін аттың арқасына түсіру үшін ертік (ершік, ыңыршақ) пайдаланылады. Ертіктің терлік, тері қақпақ, желкебаудың айылын түймелейтін, ертікті бекітетін, шап айылының қозғалысын жұмсартатын, доғаны жеккіге тез құру үшін қажет торттар болады. Жегілген атты басқару үшін көтергіш үстінен, қамыт құлақбауының астынан өткізіліп, жүген ауыздығымен түймелік арқылы жалғасатын ұзындығы 10 м қайыстан, тоқыма баудан жасалған делбе пайдаланылады.


Ерттеу реті. Аттың шығыр ауыздығынан байлап, терлік астындағы киіз астарының тазалығын тексеріп салады. Оның үстіне ішкілік пен ішпек (тебінгі тоқым) салғаннан кейін, ерді сол қолмен алдыңғы, ал оң қолмен артқы шығыңқы қырынан ұстап, аттың сол жағынан абайлап, шоқтықтан сәл жоғары салып, жайлап арқаға қарай қозғап алдыңғы шығыңқы қыры қас шоқтықтың ең жоғары нүктесінде тұратындай етіп орналастырады. Содан соң аттың оң жағына шығып тартпа айылдарын түсіреді де, канатының астына салады. Бұдан кейін аттың қайта сол жағына шығып әуелі алдыңғы айыл астынан бір бармақ, артқы айыл астынан екі бармақ сиятындай етіп тартады. Айылды жұлқып тартса, ат қарсыласып, қарнын қампайтып алуы мүмкін екенін ескереді.

Жегу реті. Үйретілген, үрікпейтін атты жүгендеп, ер-тоқымды (ыңыршақты) айылымен орналастырып, қамыт шілиясын (өмілдірікті) кигізеді. Аударып ұстаған қамыттан аттың басын өткізіп, оны мойынның ең тар, жіңішке жерінде жалдың жату ағытымен айналдырып, астынан басылған жалды шығарады. Атты жегуді сол жағынан бастап, оң жағында аяқтайды. Қамыт-шілиямен жабдықталған атты шегіндіріп, арба тертесіне кіргізеді. Сол тертеге жақтағы көтермені, содан соң шап айылды кигізеді. Тауға (биікке) көтерілгенде немесе атты суарғанда көтермені

түсіруге тура келетіндіктен, шап айылын тертенің оң жағына да кигізеді. Доғаны сол жағынан терте шеттерінің ара-қашықтықтары бірдей болатындай етіп салады.

Қамыттың сол жақ құлақ бауы тертені жоғарыдан төмен, ал оң жақтағысы - төменнен жоғары қарай орап тұруы керек. Доғаны салған соң құлақ бауының тығыз тартылып, оның алды-артқа қисаймауы және де қамыттың мойынды қыспай, дәл жатуы үшін қамыт ағашына аяқты тіреп, тамақбауын тығыздап тартып, кейіннен жылдам шешілуі үшін тұзақбау етіп байлайды.

Бел көтермені ыңыршақтан асырып, доғаның артынан 40-50 см шамасында тертеге астынан (қамыт пен мойын арасынан) және жоғарыдан (шоқтық пен қамыт арасынан) 2-3 саусақ жалпағынан оңай өтетіндей етіп байлайды. Шап айылын доға басынан өткізіп, тығыз тартады. Жүген тізгіндерін айқастырып мойынның екі жағына салып, доғаның айналасына орап барып тертенің оң жағына қатты тартпай байлайды. Содан соң көтерме мен құлақбаудың үстінен жіберілген делбені ауыздықтың шығыршығына іледі (байлайды).



Ат жегу

Ат арбалары дөңгелекті және табанды (шана), 1, 2, 3 не көп атты, екі не төрт дөңгалақты, ағаш, темір, резина не шин табанды, шарик не ролик втулкелі, рессорсыз және рессорлы-жеңіл және ауыр жүк тасымалдауға арналған болып келеді.

Ат омырауластығу.

Ат омыраулату ойыны кең жазықта өтеді. Ойынға әзірлік күнілгері жүргізіледі. Ойынға аттар да, жігіттер де жаттығуы тиіс. Ойын басталардан бұрын ортадан кең шеңбер сызылады. Сонан соң ойынға қатынасушы аттардың барлығы шеңбердің ортасына жиналады. Ойын жүргізушінің белгісімен ойыншылар шеңбер ішінен бірін-бірі ығыстырып шығара бастайды. Ығыстырғанда, тек аттар ғана сүйкеніседі, қолдарымен біріне-бірі тиісуіне, соқтығуына, итеруіне болмайды.

ҚАЗАҚСТАН
KAZAKHSTAN

180

2009



Ат омырауластығу

Ат омырауластығу маркасы

Ойын шеңбердің ішінде бір адам қалғанша жалғаса береді. Ойын үстіне шеңбер сызығынан кімнің атының артқы екі аяғы өтсе (не алдыңғы екі аяғы) болды, ойыннан шыққанға есеп.


Ат омырауластығу, яғни жылқылармен итерісу, күресу. Бұл ат ойынға тек жігіттер ғана қатысады. Бұл ойын жасыл алаңда немесе басқа ыңғайлы алаңдарда өткізіледі. Ойында екі жарысады, бірақ қатысушылар саны шектелмейді. Диаметрі 10м

шеңберге екі атқа мінуші шығады. Бір-бірін шеңбер шекараларынан шығарып жіберу атқа мінушілердің тапсырмасы. Бұл үшін жылқының сирақтары шеңбер шекараларынан шыққаны жетер. Кімде осындай жнңістер көп болса, сол жеңімпаз атанады. Күресте атқа мінушілер бір-бірін тигізбей, қолдарды бос, тек қана жылқының көмегімен қарсыласты шеңбер сыртына итеруге болады.

Аударыспақ.

Аударыспаққа тиісті дайындықтан өтіп, жаттықтырушыдан және дәрігерден денсаулығы жөнінде рұқсаты бар, 18 жасқа толған азаматтар жіберіледі. Олардың жарысқа жіберілгендігі белгіленген форма бойынша тиісті заявкаға толтырылады.

Жарысты өткізетін ұйымның рұқсаты бойынша жекелеген жағдайда жан-жақты даярлығы жақсы, 17 жастағы жасөспірімдер де ересектермен бірге жарысқа қатыса алады. Мұндай жасөспірімдер ересек спортшылармен бірге жалпы заявкаға тіркелсе де оның жарысқа түсуіне жаттықтырушы мен дәрігер қол қойған анықтама бойынша ғана рұқсат беріледі.



Аударыспақ

Жарысқа қатысуға мандат комиссиясы (оны жарыс өткізетін ұйым бекітеді) рұқсат береді. Оның құрамындағы: бас төреші, бас секретарь, бас дәрігер және мал дәрігері, олар жарыс жөніндегі

ереже шартына сай жарысқа қатынасатын спортшылардың документтері мен заявкаларын тексереді. Жарысқа жіберілген адам-дар үшін сол жарысты өткізетін ұйым жауап береді. Спортшының дене бітімі, салмағы аударыспақта үлкен роль атқаратын болғандықтан жарысқа қатынасушылар мынадай салмақ категорияларына бөлінеді: 1. Жеңілдеу салмақ 60 килограмға дейін. 2. Жеңіл салмақ 70 килограмға дейін. 3. Орта салмақ 80 килограмға дейін. 4. Ауыр салмақ 80 килограмнан жоғары.

Аударыспақтан абсолюттік чемпионды анықтау үшін жарысты оған қатысушыларды салмақ категорияларына бөлмейақ олимпиядалық жүйе бойынша өткізуге болады. Мұндай жарыстың нәтижесі бойынша атақ және разряд беріледі. Спортшылардың салмақ категориясын анықтау үшін өлшеу, жарыс басталатын күні ереже бойынша жарыстың басталуына кем дегенде екі сағат қалғанда өткізіледі; салмақты өлшеу 30 минутқа созылады. Салмақты өлшеуден жарты сағат бұрын (және жарты сағат бойына) жарысқа қатысушыларға салмақтарын ресми түрде өлшеу өткізілетін таразыда тексеріп көруге құқық беріледі. Өлшегенде кешіккен немесе келмей қалған спортшы жарыстан шығарылады. Жарысқа қатысушы өлшенген кезде өзін куәландыратын суреті бар документ көрсетуге міндетті. Жарысқа қатысушылар шешініп өлшенеді. Өлшеудің нәтижелері протоколға түсіріледі. Жеке және жекелей командалық жарыстарда спортшы өлшенген кезінде оған белгіленген тек бір ғана салмақ категориясы бойынша қатысуға ерікті. Спортшыларды бас төреші тағайындаған комиссия өлшейді. Оның құрамына бас төрешінің орынбасары, дәрігер, жарыстың секретарь) кіреді.

Төрешілік ережелерге сәйкес аударыспаққа қатысушылар жарыс алдында алаңдағы аға төреші шеңбердің ортасында тұрып, жанындағы төрешілердің дайын болған-болмағандығын тексереді де жарысқа қатысушыларды белгі беріп шақырады. Аға төрешінің ысқырығы бойынша екі атты шеңбердің ортасына шығып бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Аға төреші ер-тұрмандарын тексергеннен кейін спортшылардың фамилияларын, салмақ категорияларын және қай командадан екенін хабарлайды. Содан соң олар бір-бірімен қол алысып, қарама-қарсы жаққа шеңбер сызығының бойына барып тұрады да аға төрешінің белгісі

бойынша жекпе-жекті бастайды. Аударыспақ аяқталған соң спортшылар шеңбердің ортасына келіп, жарыс басталар алдындағыдай тәртіппен сондай күйде тұрады. Бас төреші бәсекенің нәтижесін хабарлаған соң олар тағы да бір-бірінің қолын алып, шеңберден шығып кетеді. Аударыспақ аға төрешінің ысқырығы бойынша басталып және тоатылып, гонгтың белгісімен аяңталады. Бәсеке 5 минутке созылады. Егер сол уақыт өткенше олардың бірде-бірі жеңіске жете алмаса, онда жарыс нәтижесі ұпай саны бойынша анықталады.

Бәсеке кезінде спортшылардың аға төрешінің рұқсатынсыз шеңберден шығып кетулеріне право берілмейді.

Жарақаттанып қалған жағдайда неме-се киімінде қолайсыздың болғанда жекпе-жек тоқтатылады, бірақ мұндай тоқтау уаңыты әр спортшы үшін 5 минуттен аспа-уы тиіс. Егер 5 минут өткеннен кейін ол бәсекені жалғастыра алмайтын болса, онда ол жеңілді деп есептеледі.

Егер спортшылардың біреуі айнасты қайта-қайта тоқтата берсе оның тоқтатқан уаңыты қосылып есептеледі, ол 5 минуттен аспауға тиіс.

Аударыспақта спортшы таза немесе балл бойынша жеңуі мүмкін.

Таза жеңіс. Жекпе-жек барысында ат-тан сүйреп түсірген немесе аударып тас-таған (егер оның денесінің бір мүшесі жерге тимеген болса) спортшыға беріледі. Таза жеңіске 3 ұпай, жеңіліп қалған сайысшыға 0 ұпай есептеледі.

Балл бойынша жеңіске жету. Бәсеке кезінде басым түскен, яғни ескертуді аз алған және белсенді болған спортшыға жеңіс балл бойынша беріледі. Ал ескерту алған және жарыстан шығарылған (ере-жені бұзғанда және екінші рет сақдандыр-ғаннан кейін де сайыста белсенділік көр-сетпегені үшін) спортшы балл бойынша жеңілді деп есептеледі.

Балл бойынша жеңіске жеткенде 2 ұпай, жеңілгенде 0 ұпай беріледі.

Егер жекпе-жек аяқталғанша екі спорт-шының бірі жеңіске жете алмаса, сондай-ақ олардың алған ескертулері бірдей болса, тең түсті деп хабарланады да әр-қайсысына бір-бір ұпайдан жазылады.

Жекпе-жек кезінде қарсыласын қолынан, белбеуінен, үзеңгіден шығарып алуға тырысып, аяғынан устауға, кеудесінен күшактап алуға, қарсыласын қолымен (ұруға болмайды), денесімен кез-келген жаққа итеруге, өз атының мойнынан күшактап устауға, тізесін немесе табанын қарсыла-сының атының бүйіріне тіреуге рунсат етіледі.

Қарсыласын не оның атын қолмен, қамшымен уруға, немесе тебуге, қарсы-ласын басынан (бетінен, мойнынан, ша-шынан) немесе ер-турманнан (сондай-ақ аттың басынан, жалынан, нұйрығынан) ұс-тауға, ережеде рұқсат етілмеген әдістерді қолдануға (қолын, саусақтарын бұрауға) және қолын қарсыласының аяғының және оның үзеңгісінің астына жіберіп ұстауға, тізгінді қарсыласының қолына, басына са-лып устауға тыйым салынады.

Әдісті дұрыс қолданбаған спортшының бұрын алған упайлары есептелінбейді. Егер төрешілер спортшының біреуінің тыйым салынған әдісті қолданғанын бай-намай қалса, онда жапа шеккен спортшы-ның дауыстап белгі беруіне болады. Осы белгі бойынша аға төреші жекпе-жекті тоңтатып, жағдайды анықтап, кінәліге ескерту жасайды.

Жалған белгі берілген болса, ол тыйым салынған әрекет ретінде бағаланып, спортшы сондағыдай дәрежеде жазалана-ды.

Тыйым салынған әдісті қолданғаны, шеңбердің сыртына әдейі шығып кеткені,

сайысты дәрекі жүргізгені, шеңберге 2 минуттен астам кешігіп шыққаны үшін спортшыға ескерту жасалады.

Жарысқа қатысушы екі адамның біре-уіне ескерту жасалғанда екіншісіне 1 утыс балл есептеледі. Егер ескерту екі спорт-шыға да жасалатын болса, онда екеуіне бір-бірден ұтылыс балы беріледі.

Аударыспақ кезінде әр спортшыға екі-ден артық ескерту жасалмауы тиіс. Ере-жені ол одан әрі бұзса, жекпе-жек тоқта-тылып, ондай спортшы (спортшылар) же-ңілді деп есептеледі.

Жарыста белсенді қимыл көрсетпеген спортшыға әуелі ескерту жасалады да соңынан мұны қайталайтын болса, жарыс-тан шығарылатындығы ескертіледі. Бірін-ші және екінші ескерту төрешілердің көп дауысымен жасалады, ал үшінші ескерту үш төрешінің пікірі қосылғанда ғана бері-леді.

Спортшыны жарыстан шығару жөнінде шешім қабылдағанда оған бас төреші де қатысады.

Жарыстан шығару немесе дисквалификация. Жарысқа қатынасқан спортшы бас төрешінің шешімі бойынша мынадай жағдайларда екі рет ескерту алғаннан кейін үшінші рет ескерту жасау керек болғанда, тыйым салынған әдісті қайталап қолдануға әрекет еткенде, қарсыласына, төреші перге, көрермендерге, т. б. дөрекілік көрсеткенде, қарсыласына қол беруден бас тартқанда, екінші рет шақырылғаннан кейін 3 минут бойы шеңберге шықпғанда, қарсыласына жекпе-жекте одан әрі жүргізе алмайтындай етіп, тыйым салынған әдісті қолданғанда жарыстан шығарылады.

Жарыстан шығарылған спортшы жеңілді деп есептеледі, оған 0 ұпай, ал оның қарсыласына 2 ұпай беріледі.

Ескерту. Жарыстан шығарылып тас-талған спортшының нәтижелерін төреші-лер коллегиясы жояды да, -оған жарыста не жеке, не командалық орын берілмейді

Сайыстың нәтижелерін хабарлау.

Спортшының сайыста жеңгенін, тең түс-кенін не жарыстан шығарылғандығын бас төреші немесе оның орынбасары хабарлайды.

Айналым әдісі бойынша жарыс өткізу үшін жүп құру тәртібі. Жарысқа қатысушының (команданың) рет саны жеребе тарту арқылы анықталады да жарыс аяқ-талғанша сақталады.

Жүптар бойынша айналым құрылады. "І" йірінші айналымды құру үшін спортшылар саны екеу болғанда — бір саны сол жаққа, екі саны оң жаққа жоғарыға жазылады. Содан соң екі санының астына 3, 4, 5 т. с. с. (жарысқа қатысушылардың тең жартысына тең) сандар жазылады да, қалған жарыс бірдің астына төменнен жоғарыңарай тізіледі. Екі бағандағы сандардың тұспа-тұс келгендері (сондай нөмірлі спортшылар) өзара аударысуға қатынасады. Екінші және одан кейінгі айналымдарды құру үшін нөмірлер жылжытылмай бір орында тұрады, ал қалғандары сағат тілі-не қарсы бағытта әр айналым сайын бір орынға жылжиды.

Жарысқа қатысушы спортшылар (командалар) саны так болғанда сол бағанға ең соңғы саннан соң ноль қойылады. Нөмірі нольге тұспа-тұс келген спортшы (немесе команда) бұл айналымда бос болады.

Жарысқа қатысушылардың алған орнын анықтау. Жеке жарыста барлық кез-десудің нәтижесінде кіші топта (финалда) ең көп ұпай жинаған спортшы сол топта жарыстың сол кезеңіне қатысушылар арасында бірінші орын алады. Қалған орындар ұпай санының азаюына қарай бөлінеді.

Екі сайысшының ұпайы тең болған жағдайда олардың өзара кездесудің нәтижесі шешуші болып табылады.

Егер бірнеше сайысшының ұпайы тең болса, онда олардың алатын орны өзара кездескенде жеңіске жету санына қарай анықталады.

Ұпайларының саны да бірдей болса, олардың алатын орны өзара кездескенде-гі жеңіс сапасына қарай анықталады. Таза жеңіске көп жеткен, сол жеңістеріне уақытты аз жұмсаған, бал бойынша көп жеңіске жеткен спортшыларға осы айтылған ретпен артықшылық беріледі.

Қалған жағдайларда спортшыларды кіші топтарға бөлетін салмағының аздығы, жеребе тиісінше роль атқарады.

Егер спортшы кіші топта, жартылай финалда немесе финалда сайыстың жар-тысын не жартысынан астамын өткізіп, ауырып жарыстан шығып қалған болса, қатыспаған барлық жекпе-жекте де ол жеңілді, ал оның қарсыласы 00 минут

00 секунд уақытпен таза жеңді деп есеп-теліп, оған тиісті орын беріледі.

Финал немесе жартылай финал тобы-на енбеген спортшылар жарысты аяқтай-ды да өзара тиісті орындарын алады.

Егер жарысқа қатысушылар екі кіші топқа бөлінген болса, онда екі кіші топ-тағы 3-ші орын алған спортшылар өзара 5-ші және 6-шы орындарды, 4-ші орын алғанда 7-ші және 8-ші орындарды т. с. с. бөліседі.

Егер жарысқа қатысушылар төрт кіші топқа бөлінген болса, онда кіші топтарда 3-ші орын және жартылай финалға енбеген спортшылар өзара 9—12-ші, ал 4-ші орын алғандар 13—16-шы орынды, т. с. с. бөліседі.

Жарыс басында оған қатысушылар кіші топтарға бөлінеді, оның құрамындағы спортшылар саны алтыдан аспауы тиіс.

Жарысқа қатысушыларды екі кіші топ-қа бөлгенде жеке орынды анықтау үшін финал өткізіледі. Әрбір кіші топтан фи-

налға сол топта бірінші және екінші орын алғак сайысшылар шығады.

Жарысқа қатысушыларды төрт кіші топқа бөлгенде оларда бірінші және екінші орын алған спортшылар ортасында жартылай финалдық жарыстар өткізіледі.

Бірінші және екінші кіші топтың жеңімпаздарынан бірінші жартылай финалдық топ, ал үшінші және төртінші кіші топтың жеңімпаздарынан екінші финалдық топтарда бірінші және екінші орын алған сайысшылар финалға шығады. Жартылай финалға (финалға) қатысқан спортшылардың нәтижелері жартылай финалдық (финалдық) деп есептеліп, жартылай финалдық (финалдық) жарыстардың протоколына енгізіледі.

Жартылай финалдық және финалдық жарыстар екі айналым (бірінші айналым 1—3, 2—4, екінші айналым 1—2, 4—3) бойынша өткізіледі. Финалдың екінші айналымын өткізген кезде әуелі 3 және 4 орын үшін, содан соң 1 және 2 орын үшін сайыс өткізуге рұқсат етіледі.

Жарыс өткізудің көрсетілген осы тәртібі айналым әдісі бойынша командалық жарыс кезінде де толық саңталады.

Жарыс өткізетін орын. Аударыспақтан жарыс, шұңғырлы, шоңалаңты бұтасы, тасы және басқа да бөгде заттар жоқ тепе алаңдағы шеңбердің ішінде өткізіледі. Шеңбердің диаметрі 40 метр. Шеңберден 25—30 метр жерге көрермендер отыра-тын орын жасауға болады.

Жарысқа *қатысушылардың киімі. Тығыз матадан тігілген көйлек, жұқа шалбар, шүберек белбеу, етік (мәсі), басқа байлайтын орамал. Ер-тұрман әркімнің қала-уынша.

Аға төреші сайыстың барысын басқарады және оның жарыс ережелеріне сай өтуін набағалайды. Ол спортшының біреуі жеңілгенде, тыйым салынған әдіс қолданылғанда, спортшының біреуі жараланып қалғанда, жекпе-жектің, барысында киім-де өзгеріс болғанда, сақтандыру керек болғанда, төрешілер коллегиясы спортшыны сақтандырмай-ақ жарыстан шығарып жіберуге шешім қабылдағанда бәсе-кені тоқтатады.

Жарыс кезінде аға төреші оның барысын мұқият набағалап, олардың әрекеттерін бағалап, қайсысы шын сайысып, қайсысы әрекет етуден жалтарып, жалған қимылдап жүргенін анықтап

тұруы тиіс. Аударыспақтың дұрыс әрі адал өтуі үшін ол қолындағы билікті түгел қолдануы керек.

Егер жекпе-жек кезінде ережелерге сай сақтандыру қажет болса аға төреші жарысты дереу тоқтатып, содан соң жа-нындағы төрешілермен келісіп алғаннан кейін барып ескерту жасауға тиіс.

Егер спортшы тыйым салынған, бірақ бәсекенің барысында эсер ете ноймайтын әдісті қолданса, аға төреші жарысты тоқтатпай-ақ ондай әдісті дереу доғаруын талап етуге міндетті.

Аға төреші жарыс кезінде жанындағы төрешілердің, белгісіне назар аударып, оларды ережеге сай пайдаланып тұруы тиіс.

Жекпе-жектің нәтижесін хабарлағанда

аға төреші бар төрешілік столына қарай жүзін беріп, жеңіп шыққан спортшыға қарай қолын көтереді. Жарыс тепе-тең аяқталғанда ол екі спортшыға қарай екі қолын да көтеріп тұрады.

Қапталдағы төреші (бір сайыс үстінде мұндай екі төреші болады), спортшылар-дың әрбір әрекетін бағалап, қажет болған жағдайда жарыстың жеке сәттеріне аға төрешінің көңілін аударады.

Жанындағы төрешілер атна жаңсы отыра алатын болуы тиіс. Олар шеңбер-дің сыртында тізгінінен айырылып қалған спортшыға көмектесуге әзір тұрады. Жа-нындағы төрешілер аға төрешінің екі жағында болады. Бәсекені тоқтату керек болған барлық жағдайда да олар қолда-рын көтереді.

Жанындағы төрешілер жарысқа қаты-сушы (натысушылар) сақтандырылуын не-месе ол (олар) дисквалификациялануын талап ете алады.

Аға төреші сияқты жанындағы төреші-лер де неге олай жасағандарын түсіндіре алатын болулары тиіс.

Төреші-секундомерист басқарушының (бас төрешінің) столының басында отыра-ды. Ол жарыс уақытын белгілеп, хабар-лайды. Уақыт аяқталғанда гонг соғылып, аударыспақтың біткені жайлы белгі бере-Д".

Жарысқа қатысушы жарақаттанып не-месе оның киімінде олпы-солпылық бо-лып дайындала алмай қалғанда, үзіліс жасағанда төреші қосымша уақыт хабар-лайды.

Төреші-секундомерист секундомерді бас төрешінің немесе аға төрешінің нұс-қауымен тоқтатады.

Аударыспақ жігіттерді батылдыңқа, шапшаңдыңқа, ұзақ уаңыт шаршамауға, ыңғайлы болуға үйретеді, қайратына қай-рат қосады. Республика көлемінде бұдан 1945 жылдан бастап жарыс өткізіліп келе-ді. 1958 жылдан бастап аударыспақ ат спортының түрі ретінде колхоздардың-совхоздардың және жылқы заводтарының

Бүкілодақтық ат спорты жарысының про-граммасына енгізілді.

Техникалық дәрежелері бойынша он-дықтың қатарына кірген республиканың ең жақсы спортшылары жеңіл салмақта С. Терсебаев (Жамбыл облысы), А. Оспа-нов (Алматы облысы), Ш. Сейітжанов (Шымкент облысы), орта салмақта Б. Өте-баев (Жамбыл облысы), А. Төлеев (Шымкент облысы), ауыр салмақта М. Елгезе-ров (Алматы облысы), Т. Байңасымов (Алматы облысы).

Алматы облысындағы Жамбыл ауда-нының шопаны Мұсахан Елгезеров бүкіл-одақтық жарыстарда үш рет жұлде алды. Алматы облысындағы «Қастек» асыл тұ-қымды қой совхозының аға шопаны Та-лапхан Байңасымов 1958 жылдан бастап бүкілодақтық жарыстарда жеті рет жеңіс-ке жетті.

1966 жылы Ессентуки қаласында өткен Бүкілодақтық жарыста құрамында Боран-бай Қасымбеков (ауыр салмақ), Сатымбек Айтбаев (орта салмақ) және Молжан Шалғынбаев (ауыр салмақ) болған Қазақ-стан командасы бірінші орын алды.

Қыз қуу.

Қыз қуу - қазақ халқының өте көне ойындарының бірі. Ол республикамыздың халықтарының арасында кеңінен тараған ұлттық ат ойыны тобына жатады. Сонау ертеден келе жатқан спорт ойыны, ертеде «Қыз қашар», «Қыз қуалар» деп аталғаны болмаса, біздің заманымызға дейін оншама өзгеріссіз жеткенін атап өтуіміз керек. Бұл жарыс өзінің түрі жағынан біздің заманымыздан бұрын қандай болса, қазірде сол күйінде қалды. Сол заманғы тәртіп бойынша жарыс жігіт пен оның қалыңдығы арасында өткізілген (біздің заманымыздан бұрын VIII—VII ғасырларда Қазақстанның территориясын жайлаған кейбір рулардың арасында осындай тәртіп болған). Егер жігіт жарыста жеңілсе, ол өзіне қойылатын талапты ақтай алмағаны үшін оның қызбен некелесуге құқы болмаған.

Ертедегі аңыз-ертегілерге қарағанда, қазақтарда тағы бір мынадай әдет-ғұрып болған. Осы әдет бойынша жарысқа екі

рудың қыз бен жігіті түскен. Жігіттің жеңілуі оған салынатын айыппен қоса, өз руында еті тірі жігіт пен жүйрік атының жоқтығы үлкен кемістік болып табылған. Егер қыз жеңілген деп табылса, оның жағының келісімі бойынша, ешқандай қалыңсыз-ақ ол жеңген жігітке тұрмысқа шығады.

Бұл сияқты ескі әдет әлдеқашан ұмыт болды. Қазіргі қыз қуу өзінің идеялық мазмұны жағынан одақтағы ұлт республикаларының мәдениетіне енген халықтың спорттардың қай-қайсысынан болса да кем түспейді.

Қазіргі кездегі қыз қуу спорт жарысында күшті теңдестіру үшін әлсіз жаққа берілетін тиімді шартты еске салады. Жарыс мынадай тәртіппен өткізіледі. Сөреге қыз бен жігіт шақыралады. Жігіт қыздан 10—15 метр кейін тұрып жарысқа қосылады.



Қыз қуу – қызды сүйу

Жігіт қызды қуып жетсе, өзінің жеңгендігін білдіру үшін оның білегінен орамалды алуға тырысады. Ал қыз оның керісінше, қуғыншыдан қашып құтылып, сөреге бұрын жетуге әрекет жасайды. Қыз қуу-ды қазіргі бағытымен келешекте де дамытудың үлкен спорттық маңызы бар. Оны ұлттық спорт ойындарының қызғылықты бір түріне айналдыру үшін мүмкіншілік толық. Ол

өзінің маңызы жағынан дене тәрбиесін беруде бүгінгі талапқа толық сай келеді.

Жастар арасында көп тараған қазақ-тың ат спорты ойынының бірі — осы ңыз қуу. Бул ойын өте ңызық өтеді және оған қатысушылар саны жыл сайын көбейе тү-суде. Егер 1958 жылы Москвада өткен ат спорты жарыстарына тек Қазақстан командасы қатысқан болса (онда бірінші орынды Жамбыл облысынан келген кітап-ханашы Жамал Жапсарбаева алған еді), қазір оған барлық одақтас республика-лардың командалары қатысады.

1959 жылы ңыз нуу СССР халықтары-ның ең көп тараған ұлттық спорт түрі ре-тінде Лейпциг қаласындағы Халықаралық жәрмеңкеде көрсетілді. Онда Райхан Әбілахатова жеңіске жетті. Жарысқа 16-ға толған және одан асқан қыздар мен 18-ге толған және одан асқан жігіттер жіберіледі. Олар атқа жаң-сы отыра алатын болулары тиіс. Жарысқа спортшылар белгіленген үлгімен жасалған заявка толтырылғаннан кейін қатыстыры-лады.



Қыз қуу

Қыз қуу тегіс далада немесе иппо-дромда өткізіледі. Шабатын жолда бұта, шұңқыр, шоқалақ, басқа да кедергілер болмауы тиіс. Қашықтықты жарыс өткізе-тін уйым белгілейді. Бірақ ол 1000 метр-ден аспайды.

Өткізу тәртібі және шарттары. Жарыс басталар кезде жігіт мәре сызығында, ал ңыз одан 20—25 метр алда тұруы тиіс. Дәл нашықтықты жарыс өткізетін ұйым жарыс жөніндегі ережелерінде көрсетеді.

Жарыстың мақсаты — жігіт қызды сө-реге дейін қуып жетуі тиіс. Қуып жетіп, ол қызға жеңіске жеткенін білдіреді. Бул кезде жол үстіндегі төреші жалауша кө-теріп белгі береді. Осы белгі бойынша жігіттің жеңіске жеткен уаңыты прото-колға түсіріледі.

Жеңгені үшін жігітке 1, ал ңызға 0 ұпай беріледі. Егер жігіт жете алмаса, оған 0, ал қызға 1 ұпай жазылады.

Жеңімпаздарды анықтау. Команда К.ЫЗ бен жігіттен турады. Жарысқа осын-дай бірнеше жуп қатысқан жағдайда жігіт-тер мен қыздардың алған ұпайлары жеке есептеліп немесе жуптардың ұпайлары есептеліп барып, ең көп ұпай алған ко-мандаға бірінші орын беріледі.

Жеңген жұпқа екі ұпай, жеңілгенде 0, тең туссе — бір-бір ұпайдан беріледі.

Жарыс оған ңатысушылар кіші топтар-ға бөліне отырып, айналым жүйесі бойын-ша өткізіледі. Кіші топта бірінші орын алғандар кіші топ саны екеу болғанда бірін-ші және екінші орынға, ал топ саны 4 бол-са, 1—4 орындар үшін күреседі. Кіші топта екінші орыналғандар топ екеу болса, тиі-сінше 3—4, төртеу болса 5—8 орындар үшін жарысады, т. с. с. Нәтижені есептеу жүйесі ең көп ұпай саны жүйесі болуы мүмкін немесе жарыс ережелерінде (мы-салы, 36 ұпай салған — бірінші орын, 30 ұпай — 2;25 ұпай — 3, т. с. с.) көрсетіліп беріледі.

Екі команданың ұпайы бірдей болған жағдайда бірінші орын жеңіске көп жет-кен, өзара кездескенде жеңген, жігіт қызды ңууға ең аз уаңыт жумсаған (екі жігіттің ұпайы бірдей болғанда) команда-ға беріледі.

Жарысқа қатысушылар ұлттық. киім киюлері тиіс. Ер-турманның әр түрлі болуына рұнсат етіледі, біраң оның да мүм-кіншілік болса назаңы ер формаларының бірінде, ат әбзелдерінің де ұлттық стиль-де болғаны абзал.

Ат спорты (көкпар, жамбы ату, күміс ілу, сайыс)

Көкпар - Ерте заманда қой баққан қазақ халқы үшін қасқырдан асқан жау жоқ-тұғын. Сол кездегі жігіттері де қасқыр аулап, оның басын ру басшысына тарту ететін. Ал қалған тұлыбын жігіттер өз ауылдарына алып қайту үшін таласып, ойын қылады екен. Міне, содан бұл ойынды «көк бөрі» дескен. Кейінірек қасқырдың орнына ешкіні пайдаланып, ұлттық ойынға айналған. Ал сол көкпар ойыны қазір елімізде аса қатты дами қойды дегеніміз күпірлік. Негізінен, Оңтүстік аудандарда ғана қалыптасқан бұл ойыннан біріншіліктер, түрлі жарыстар ұйымдастырылып тұрады. Тоғызқұмалақ секілді көкпарда да қазақ спортшылары қырғыз елінің турнирлеріне үзбей қатысып, етене араласып отырады. Бұл жерде көкпарға аса назар аударып, ұлттық спортты бей-жай қалдырмай, онымен үзбей айналысып тұратын Жамбыл облысында кеңінен тарағанын айта кеткен жөн. 2003-жылдан бастап Тараз қаласының маңында «Көкбөрі» спорт клубы ашылды. Онда тек қана көкпар ғана емес, сонымен қатар ұлттық спорттың бірнеше түрі де қамтылған. Клуб директоры Нұрдәулет Момынов деген азамат өзі осы спорттың үлкен жанашыры. Сондықтан болар, Жамбыл облысының көкпар командасы жыл сайынғы Қазақстан біріншілігінің жеңімпаздары.

Көкпардан жарыс командалар арасын-да өткізіледі. Жарысқа 18-ге толған және одан асқан, тақымы атқа үйренген спорт-шылар қатысады. Команда құрамы 4—6 адам болады.



Көкпар

Жарыс ететін орын, Жарыс еткізу үшін шұңқыры, шоқалағы, бұтасы, тасы жоқ, топырағы жұмсақ жер таңдап алынады. Алаңның ұзындығы 300—400 метр, ені 150—200 метр. Осы алаңның ортасына мәре - диаметр! 9 метршеңбер сызылады. Алаңның екі жағына жалаушалармен қақпалар белгіленіп қойылады. Жалаушы-лардың ұзындығы 50—60 сантиметр, қақпа ені 15 метр. Қақпаның сыртына ені 3 метр, ұзыны қақпаның еніндей алаң жасалады. Егер көкпар осы алаңға немесе әйтеуір оның шекарасына түссе, оны лаңтыру есепке алынады. Егер көкпар алаңға немесе оның шекарасына түспесе, оны сол қақпаның алдына 30—35 метр жерге тастайды да төрешінің ысқырығы бойынша жарыс жалғаса береді.

Қақпаның сыртына тағы 25-30 метрлік сызық созылады. Көкпарды алған сайысшы осы сызықтан асып кетсе, төреші жарысты тоңтатады. Көкпар қайтадан шеңбердің ортасына тасталып, ойын тағы да жалғастырылады.

Жарыс тәртібі. Командалардың кезегін білу үшін жарыс басталар алдында кемінде бір сағат бұрын жеребе тартылады. Аға төреші көмекшілерімен бірге ортаға шығып, кезекті командаларды ыс-қырып, жалау көтеріп, радиомен шақырады.

Командалар ортаға шығып, мәренің (яғни диаметр! 9 метршеңбердің) екі жағына қарсы қарап тұрады да сәлемдеседі.

Ескерту. Командалар бір-бірімен бы-лай сәлемдеседі: капитан: «Семей облы-сының командасына бізден (барлығы но-сылып) — «Сәлем!»

Командалардың капитандары төреші--лердің қасына келеді. Аға төреші капитан-дармен сәлемдесіп болған соң қай қақ-паға қай команда тұратындығын анықтай-ды. Будан соң капитандар орындарына оралады. Аға төреші белгі бергеннен кейін шеңбердің ортасына көкпар қойы-лады. Төрешілердің көмекшілері ортаға шығып, орындарына барып тұрады. Әр командадан кекпарға бір-бір адам жақын-дап, аға төрешінің белгісі бойынша көк-парды жерден көтеріп алады. Сол сәтте-ақ команданың басна мүшелері де сайыс-қа түсіп кетеді. Әр команданың мақсаты қарсы жақтың қақпасына тастау, ал өз қақпасына тастауға әрекет болғанда оған жол бермеу. Көкпарды қарсы жақтың қақпасына көбірек лақтырған команда жеңіске жетеді. Жарыстың ұзақтығы - 15 минут. Көкпардың салмағы 30-40 кило грамм шамасында.

Жарысты өткізетін ұйым көкпардың салмағы мен жарыс ұзақтығын басқаша етіп те белгілей алады.

Алаңның кез келген жерден көкпарды көтеріп, қарсыласынан тартып алуға, оны командалас жолдасының қолына ұстатуға немесе оған қарай лақтыруға, тақымына нысуға, қолымен ұстауға, ерге салуға, ат-тың қабырғасына сүйреп немесе аттың аяқтарының арасына ұстауға, командалас жолдастарына алып қашып, нарсыласта-рының қақпасына тастауға көмектесуге, таласып жүргенде қақпа сыртына (бұл кезде 25-30 метрлік сызықтан әрі асып кетпесе) шауып шыққанда алаңға қақпа арқылы емес сырт жағынан оралуға, сөй-тіп оны қақпаға лақтыруға рұқсат етіледі.

Егер спортшының бірі лақтырған көк-пар алаңға немесе сызыққа түспесе, онда оның артында шауып келе жатқан екінші спортшыға көкпарды алып, қарсы жақтың қақпасына қайта лақтырып түсіруіне болады.

Көкпар кезінде, қарсыласының тізгінін ұстауға, жүгенін сыпыруға, жалпы ер-турманнан ұстауға, нарсыласының қолынан, белбеуінен, денесінің тағы басқа жерінен ұстауға, үзенгімен, аяқпен қар-сыласын уруға, байлауға, шауып келе жатқан аттының алдына кесе-көлденең туруға, айқайлауға немесе сөйлесуге, алаңның шекарасынан шеттеп шығып ке-туге, қақпаға түсірілгеннен кейін де сайыс-ты жалғастыра беруге тыйым салынады.

Егер бір команда немесе жекелеген спортшылар жарыс ережесін өрескел бұзатын болса және төрешілердің саңтан-дыруын тыңдамаса, сол команда тутас немесе жеке сайысшылар жарыстан алас-татылады. Жарыстан шығарылған жігіттің орнына басқа спортшы қатыстырылмайды. Егер команда нұрамындағы спортшы үш-тен аз болып қалса, ол команда жеңілді деп есептеледі. Жарыстан тутас шығарыл-ған команда да солай жазаланылады.

Мұндай жағдайда жеңілісі минус, ал жеңіс плюс белгісімен белгіленеді. Қарсыласының қақпасына көкпарды көп рет лақтырған команда жеңіп шыңнан болып есептеледі. Жеңіп шыңнан командаға 2 ұпай, тең түскенде 1 ұпай, жеңілген командаға 0 ұпай жазылады. Төрешілер коллегиясы жеребе тартысу жолымен командалар-ды 2(4) және одан да көп топтарға

бөле-ді, ол топтарға командалар айналым жүйесі бойынша сайысады.

Будан әрі кіші топтарда бірінші орын алған командалар өзара бірінші және төртінші (4 кіші топ болғанда) орындар үшін сайысады, кіші топта екінші орын алған командалар 5—8 орындар үшін, ал үшінші орын алғандар 9—12 орындар үшін күреседі. Бір команда бір күнде ең көп дегенде тек үш рет қана сайысқа қатыса алады.

Екі команданың упайы бірдей болған жағдайда: жеңімпаз өзара кездесу нәтижесінде бірінің жеңіске көп жетуіне қарай, нарсыласының қаңпасына көкпарды к" >п тастауына қарай анықдалады. Командалардың алған орындарын анықтау үшін ең аз немесе ең көп упай бойынша есептеу жүйесі пайдаланылады. Бұл жайында жарыс ережелерінде жазылады немесе төрешілердің отырысында келісіледі.

Жамбы ату.

Жамбы ату қазақ халқында кең тараған мергендік сынның бір түрі. Атпен шауып келе жатып жігіттер екпінін бәсеңдетпестен құрулы бақан үстіндегі нысананы атып құлатуға тиісті болған. Ереже бойынша жігіттер сөреде өз сәйгүліктерінің жанында болады. Төреші белгі берісімен олар аттарын тез ерттеп, шаба жөнеліп, жолындағы нысаналарды атып құлатуға тиісті. Төрешілердің ұйғарымы бойынша, нысаналар бірнешеу болады. Әрбір олимпиялық ойындардан кейін оның бағдарламаларына енген спорт түрлерінің халықаралық бірлестіктері қайта қарап, түзетулер, өзгерістер енгізіп жүр. Қазір уақыт басқа. Қазақ халқының ұлттық спорт түрлерінің ережелерін де қайта қарап, заман талабына сай өзгертуге болады. Мысалы, Жамбы ату биатлонның ережесіне сай өзгертуге келеді. Тек шаңғының орнына ат керек. Сонда жаңа спорт түрі жазғы биатлон, "қазақ биатлоны" өмірге келер еді.

Ұланғайыр жерімізді батыр аталарымыздың сақтап қалуына себеп болған астындағы желдей ескен сәйгүлігі мен сенімді қаруы болған садағы. Бұл екі мұра, ұрпақтан -ұрпаққа жалғасып, бүгінгі еліміздің тәуелсіздік алған күніне-де жетті. 70 жыл өмір сүрген Кеңес үкіметінің тұсында ұмыттырылған бұл ойынымызды Қазақстан Республикасы Ұлттық спорт түрлері Қауымдастығы қайта жаңғырта бастады. Ежелде жамбы атудың

бірнеше түрлері болған. Солардың ішінде көп тараған түрі тай-тұяқ (көлемі тай тұяғындай) жамбыны ату. Мұнда, жамбы ату жарысы көлемі 300 метрге дейін келетін жазық алаңда өтеді. Мәреден 100 метр қашықтыққа орналасқан биіктігі 3–4 метр келетін бағанаға көлемі тайдың тұяғындай жамбы орналастырылады. Жамбыны спортшы ат үстінде шауып келе жатып көздейді. Егер атының басын тежеп көздесе ұпай есептелмейді. Жарысқа қатысушы шабандоздар жеребеде алған кезегімен, төрешінің «Алға!» деп берген бұйрығы бойынша, арнайы жасалған жолмен шаба жөнеледі.

Шауып келе жатып сол қапталындағы жамбыны тұсынан өте бере садақпен нысанаға алып атады. Оғының дарығанына, дарымағанына карамай сол шапқан бойы мәре сызығынан өтеді. Нысана бекітілген дінгектен құлап түссе оқ тиген болып есептеліп спортшыға ұпай есептеледі. Нысана мен ат шабатын сызықтың арасы 35–45 метр шамасында болады. Жарыс кезінде әрбір спортшыға қанша рет мүмкіндік берілетіндігі алдын ала шешіліп қойылады және барлық спортшыға бірдей мүмкіндік жасалады. Жамбы атудың басқа: айқабақ, мылтықпен ату түрлері, немесе қатар-қатар қойылған бірнеше нысананы ату түрінде-де болған. Бүгінгі таңда жамбы ату жарысы құзырлы органдардың бекіткен ережесі бойынша өткізіледі. Бұлғары садақ, бұқар жай Садақты ерте кезде қазақтар, аң аулауда, соғыс кезінде қолданған. Қарапайым садақты тобылғы, үйеңкі, т.б. ағаш шыбықтарынан доғаша иіп, екі ұшын қайыспен керіп жасайтын болған. Күрделі, яки құрама садақтың сыртқы беті сіңірмен немесе тарамыспен қапталып, ішкі жағы мүйізбен астарланған, кейде ортасы мен екі шетіне сүйек бастырма қағылады. Күрделі немесе құрама садақты ежелгі ерте дәуірде сақтар мен ғұндар көп қолданған.



Жамбы ату сәті

Қазақ садағы көшпенді сақ-ғұндар садағының жетілдірілген жалғасы болып саналады. Ауыз әдебиетінде садақтарды жасалған материалдарына қарай «қайың садақ», «қарағай садақ», «үйенкі садақ» «бұлғары садақ», «адырна», «көн садақ» деген атаулары кездеседі. Қайыңның сарғайған қабығымен қапталған садақты түсіне байланысты «сарыжа», немесе «сарсадақ» деп те атай берген. Қарапайым садақ екі бөліктен тұрады. Біріншісі, яғни, ағаш немесе сүйектен жасалатын ату үрдісін іске асыратын бөлік адырна деп аталады. Ал, шірей тартып, садақ оғын ұшыратын жіпті немесе бауды кіріс деп атайды. Атақты Қазтуған жыраудың: Бұдырайған екі шекелі, Мұздай үлкен көбелі, Қары ұнамы сұлтандайын жүрісті, Адырнасы шайы жібек оққа кірісті, — атты толғауын оқып көріңіз... Адырна — бес бөліктен тұрады. Оның колмен қысып ұстайтын орта тұсын белі деп атайды. Бұлғары садақ, бұқар жай, Тата алмасам маған серт! Бел күшіме шыдамай, Беліңнен кетсең саған серт! («Қобыланды батыр» жырынан) Белі — берік болу үшін сүйекпен көмкеріп, тарамыспен оралған, иінмен түйіскен жері шылғи терімен қапталып, кептірілетін болған. Адырнаның иіlmелі серіппелі бөлігін — екі иіні (жоғары және төменгі) деп атайды. Кіріс, яғни жіп байланатын

адырнаның екі ұшын басы (жоғары және төменгі) дейді. Иіндерінің үстінен тарамыс тартылып, ішкі беті мүйізбен қапталып, қоңыр, аңның немесе малдың майымен майланып отырған.

Халқымыздың дәстүрлі қару-жарағын зерттеп жүрген этнограф Қалиолла Саматұлының еңбегінде: «Адырнаның бастары бөлек-бөлек жасалып, иініне бұрыш жасай бекітіледі» — дейді. Ал, адырнаның екі басын қосып байланған жіпті кіріс дейді. Ол берік жіптен немесе жібектен, тарамыстан өріледі. Міндеті — оқты нысанаға қарай ұшыру. Кіріс жіп садақтың бір басына мықтап бекітіліп, екінші басы адырнаны босатып тұру үшін алмалы тұзақ түрінде алынып, салынады. Кірісті қатты серпігенде адырнаның басы жарылып немесе сетінеп кетпес үшін сүйектен қорғаныш орнатылады. Оны тобыршық деп атайды. Тобыршықты биік жай салып, Дұшпан аттым өкінбен... (Доспанбет жырау Оқ — садақпен жауды ату үшін қажет құрал. Оқты этнограф-зерттеуші Қалиолла Ахметжан мырза бірнеше бөлікке бөліп қарастырыпты. Яғни, оқтың ұшындағы қауіпті металл (сүйек) бұйымды жебе дейді. Жебе бекітілген ұзын, ағашты сабы десе, кіріске бекітіліп, созыла серпілетін тетікті кез-табан деп атапты. Ал, оқтың тұзу ұшуына бағыт беретін қауырсынды оқтың қанаты дейді екен. Оқтың сабы — қайың, тобылғы, қатты талдан жасалады. Оқ өте тұзу болмаса нысанға жетпейді. Қазақта «оқтай тұзу» деген тіркес содан қалған. Сондай-ақ оқты шын шеберлер ғана жасайтын болған.

Аталарымыз: «Әке көрген оқ жонар», — деп бекер айтпаған. Жонылған оқты суы қанғанша кептіріп, дымқылданбас үшін майға бөктіріп пісіретін болған. Оқтың көптеген түрі болған. Олар: жауға ататын оқ, аң аулауға арналған оқ, доғал оқ, отты оқ, күшіген жүнді оқ, сары жүнді оқ, қанаты оқ т.б. Сондай-ақ оқтар басындағы жебесіне қарай әркілі атауларға ие болған. Мысалы: «сұр жебе», «ку жебе», «тобылғы жебе» т.б. қырықтан астам түрлері бар. Көшпенділер оқты арнайы ыдыс-қапқа салып алып жүрген. Оны қылшан немесе қорамса деп атаған. Эпикалық дастандарда, «қорамсаға қол салды, қол салғанда мол салды» деген жыр жолдары осыдан қалған. Жебе — садақ оғының ұшы.

Көшпенділер жебені: қозыжауырын, сауытбұзар, көбешұзар, үш қырлы, доғал жебедеген көптеген түрлерге бөлген. Қозыжауырын қу жебе, Тартатұғын шақ болды. («Ер Тарғын») Жұмсап қатты болатты, Сауытбұзар оқ атшы... («Жұбаныш» Ақсауыт) Көнсадақтың ішінде, Көбешұзар сауыт бар... (Маханбет) Жебенің құрамы: езек желі, қанатжалауша, өткір ұшы, жетесі, қырлары және қалпақшадан тұрады. Жебенің ұшы алмалы-салмалы қатты темір сияқты металдан жасалады. Қалпақша да алмалы — салмалы болады, соғыс кезінде ату нысанасына байланысты жылдам алынып, ауыстырылып отырады. Осы арқылы жебенің ұзақ қызмет етуі қамтамасыз етіледі.

Қалпақшада бағыттаушы саңылау адырнаға қондыру үшін тереңдігі 5—6 мм, ені 2,5- 3,0 мм ойық болады. Жебенің қанаты (жалаушасы) құс жүнінен (қыранның, қаздың, үнді тауығының) немесе жасанды материалдардан (пластмассадан) жасалып, оқты атылғанда тұрақтандыратын қызмет атқарады. Бағыттаушы қауырсынның бірі қалақшадағы адырна үшін жасалған ойыққа желімделеді және ашық түспен боялады. Жебенің оққа бекітілген тұсын жетесі дейді. Жете берік болмаса, жебе сабынан босып жол ортаға түсіп қалады. Сондықтан жебені жетесіне жеткізіп сіңіретін болған.

Қазақтың: «Жетесіне жеткізіп айтылды» деген сөз тіркесі осыдан өрбісе керек.

Күміс алу - жарыстың мақсаты — ең жай дегенде шоқырақтап шауып келе жатқан ат үсті-нен бір жағына еңкейіп, жерде жатқан орамалды іліп әкету.

Жарыс өтетін орын. Бастапқы орын-нан сөреге дейінгі ара қашықтық 100 метр. Бастапқы орыннан 10—15 метрдей жерде мәре сызығы болады. Сол сызық-тан 50—60 метр тегіс таза (ақшыл құм немесе ағаш үгіндісі төселген) жерде ора-мал жатады. Ол арадан сөреге дейінгі нашықтық 20—35 метр.

Жарыс өткізу тәртібі. Күміс алудан жекелей командалық жарыс өткізіледі. Сыртқа жіберетін төрешінің шаңыруымен кезекті спортшы бастапқы орыннан мәре сызығына келіп тұрады. Төреші «Кәне, жөнел!» деп әмір етеді. Сол бойынша спортшы шауып жөнеледі де екпінін бә-сендетпей, еңкейіп орамалды алып, сөре-ге дейін шаба береді. «Жөнел!» деген әмірден сөредегі төреші жалауын сілте-генге дейінгі уақыт белгіленіп отырады. Егер

орамалды ала бергенде ат шабыстан желіске ауысса немесе тоқтап қалатын болса, спортшының бул жолы шабысы есепке алынбайды да оған ноль упай жа-зылады.



Тенге алу сәті

Егер спортшы (зақымданбай) құлап қалса, оған атына найта мініп, сол қулаған жерінен бастап әрі қарай шабуға рұқсат етіледі. Жарыста әрбір шабандозға үш рет шауып өтуге рұқсат беріледі. Орамалды жерден алғаны үшін бір, ала алмай қалса ноль упай беріледі.

Команданың құрамы мен шабандоз-дың неше рет шауып өтуге тиіс болатын-дығын жарысты өткізетін ұйым анықтай-ды және марыс ережесінде жазылады.

Жарыста орамалды көбірек көтеріп алған спортшы жеңіп шығады. Екі немесе одан да көп шабандоздың упайлары тең болып шыңса, барлық шабыста уақытты ең аз жұмсаған спортшы жеңіске жетеді.

Команданың орны оның барлық мү-шесі алған ұпайлар қосындысы бойынша анықталады. Ал упайлары бірдей болса, команданың барлық мүшесінің уақытын қосса есептегенде уақытты ең аз жұмсаған команда бірінші орын алады.

Жарысқа жан-жақты даярлығы жақсы, атқа шаба алатын, жасы 18-ге толған және одан да асқан азаматтар жіберіледі.

Жарыс протоколында шабандоздың жерден неше рет орамал алғанын және шабысқа қанша уақыт жумсағанын көрсе-ту керек.

Жамбы атуға садақ тартып, мылтың ата білетін атқа тақымы мықты адамдар натыстырылады. Пайдаланылатын нару,

жарысқа қатысушылар саны және басқа шарттар жарысты уйымдастыратын уйым бекітетін ережеде көрсетіледі. Жарысқа қатысушының ең жасы 16-да болуға тиіс. Егер өздеріне сай қаруы болса, әйелдер ерлермен бірдей дәрежеде жарысқа на-тысуға рұқсат етіледі.

Жарыс өткізетін орын және оның жаб-дығы. Жарыс орны жергілікті жағдайға байланысты таңдап алынады. Жамбы ату-дан ірі жарыстар ипподромдарда өткізі-леді. Жарыс өткізілетін алаңның көлемі 50X200 метрден кем болмауы тиіс. Ныса-на мылтықпен немесе садақпен көзделе-ді, мәреден сөреге дейінгі жолдың ұзын-дығы 150 метр, ені 5 метр. Нысананың мөлшері 50X60 см, жерден биіктігі 3—4 м. Нысананы жалаушалармен қойған белдеудің кез-келген жеріне атуға бола-ды. Ату сызығынан нысанаға дейінгі ара-лыц 15—20 м болуы тиіс.

Мәреден сөреге дейінгі уаңыт есепке алынып отырады.

Жарыс өткізу шарттары мен тәртібі. Жарысқа натысушылардың жанында бо-латын төрешінің шаңыруымен қолында наруы бар салт атты мәре басталатын жерге келіп, шабатын жағына карап турады.

Дайын болған соң команда беруші төрешінің «алға» деген әмірі бойынша спортшы онша қатты болмағанымен шо-ңыраңтап шаба жөнеледі.

Нысананы жалаушалармен белп'леген-нен: ұзындығы 40—45 метрлік белдеудің кез келген жерінен тек жүрісті баяулат-пай көздеуге болады.

Нысананы көздеген соң спортшы сө-реге шауып жетеді де аяңға ауысып, жи-налатын жерге келеді.

Нысанаға жебе немесе оң тисе ғана есептеледі де спортшыға бір ұпай беріле-ді, тимесе 0 ұпай.

Спортшылардың шығу кезені — ж'а-рыс басталуға кем дегенде бір сағат қал-ғанда төрешілер коллегиясы өткізетін жеребемен аныңталады.

Спортшы төрт рет әрекет жасай ала-ды, оның біріншісі байқау болып табыла-ды да қалған үшеуі есепке алынады.

Қаруды жарысқа қатысушының ұйымы немесе жарысты өткізетін ұйым береді. Бул жарыстың ережесінде көрсетіледі.

Ескерту. Садаң немесе мылтықтың түрі. белгілі бір мөлшерде болуы тиіс.

Шабандоз аттан нұлап немесе қаруын қолынан түсіріп алса, оның қайталап ша-буына рұқсат етілмейді. Нысананы бұл жолы көздеген-көздемегеніне қарамас-тан ол жеңілді деп есептеледі. Егер жа-рысқа қатысушы ат-матымен құласа (бұл кезде жарақаттанып қалмаған болса) ол атына қайта мініп сөреге шауып жетуі тиіс.

Науіпсіздікті қамтамасыз ету. Бас тө-реші жарыс өткізу кезінде науіпсіздік шараларын жүзеге асырып отырады. Ол үшін:

төрешілерді қажетті жерлерге тұрғы-зып, олардың жарыс кезінде жарыс өте-тін орынға нарай келе жатқан транспорт-ты, адамдарды, малды тоңтатып қайырып тұруға міндеттейді;

норшауда тұрғандардың белгісін на-райтын бақылаушы-төреші, көрермен-дер жанында болатын төреші тағайын-дайды.

Сөредегі төреші қауіпсіздікті қамта-сыз ете алатындай жерде тұруы тиіс.

Жеңімпаздарды анықтау. Үш мәрте көздегендегі нәтижелерін есептегенде жарыста ең көп ұпай алған спортшы немесе команда жеңген болып есептеледі. Ұпай саны тең болған жағдайда барлық шабысында ең аз уақыт жұмсаған спорт-шыға не командаға бірінші орын бері-леді.

Бір кезекте ноль уақыт ал-ған, біраң қалған екі жолы екінші бір спортшымен бірдей ұпай алған шабандоз уақытына сол жарыстағы шабыстарының бірінде ең көп уақыт жұмсаған спортшы-ның уақыты қосылып есептеледі.



Теңге ілу

Теңге ілу – бозбалалар мен жігіттердің атпен ойнайтын ойыны. Көбіне қыз ұзатылатын және сүндет тойларының думанында ойналады. Жігіттің атқа мықтылығы, ат үстіндегі самдағай әрекеті, денесін игеріп, билеп алған ептілігі сынға салынады.

Теңгені іліп ала алмай, аттан ауып қалып жататындар да көп болады. Кейде бір ауылға келін ұзағырақ жылдардан кейін түсіп, беті ашылғаннан кейінгі сайранда ырым үшін де ойналады. Сонда жас келін өзінің шолпысын не алқа күмістерін орамалға түйіп, бір қарыстай терең қазылған, қолдың басы ғана сиятын шұңқырға салып қояды. Сәйгүлік мінген жігіттер жүз, жүз елу метрдей жерден екпіндете шауып келіп, сол ағынымен шұңқырдағы орамалды іліп әкетуге тиіс. Шұңқыр тұсында іркіліп, тоқтауға не аттың шабысын бәсеңдетуге болмайды. Кімде-кім орамалды іліп әкетсе, оны өзіне тартылған жас келіннің тарту сыйы деп біледі. Оны өзі алып қалмайды, қалаған адамына сыйлайды.

Сайыс.

Сайыс, ат үстіндегі еліміздің байырғы әскери ойыны. Найзамен қаруланған, қорғанатын тері немесе киіз қалқандары бар екі салтатты шауып келіп бірін-бірі ер үстінен қағып түсіруге тырысады.



Ат үстіндегі жекпе-жек

Сайыс - айысу, төбелесу, алысу, негізіне белгіленген тәртіп бойынша спорттық суық қарудың бір түрінен (рапира, қылыш, семсер) жекпе-жек өткізілетін спорт түрі. Сайыс спорттың түрі ретінде пайда болған уақыты 1925 ж. деп айтылып жүр. Бірақ оның тарихы тым әріге біздің дәуірімізден бұрынғы мыңжылдықтарға кетеді. Адамзат қауымдастығынан бері құнарлы жер, малы үшін жақсы жайылымдарды, сулы, нулы аймақтарды иеленгісі көлді. Бұл үшін күресу, таласу, керек болды, қақтығыстар, соғыстар шықты.

Саяттаушы құстарды аңға салу – құс туралы.

Құсбегілік - бүркіт, ителгі, қаршыға, қырғи, тұйғын, тұрымтай, сұңқар, лашын, жағалтай сияқты жыртқыш құстарды қолға үйретіп, аңға, құсқа салатын саятшылық өнер. Құсбегілік қазақ, қырғыз халықтарында ежелден келе жатқан үлкен өнер ретінде саналады. Қазақ халқының арасында бұл өнердің тамаша шеберлері кең дәріптеледі. Мәселен, «Аспанда жүрсем қанатым талады, жерге қонсам жалайыр Шора алады», «Тінейдегі қасиет — ұялас екен сарқұспен, Шорадағы қасиет — тілдес екен бар құспен», — деген сөз-дер бар

Құсбегілер қыран құсты тор құрып ұстайды немесе қарақанат балапан кезінде ұядан алады. Оның аяғына балақбау мен шыжым тағып, көзіне томаға кигізеді. Құсты әуелде шыжыммен ұшырып, қайыруы жеткен соң семіртеп түлетеді. Бұдан кейін құсты ақжеммен асырап, бос керілген арқанға қонақтатып, ұйқысын алып арытады. Жеңіл ұшып, жеңіл қонатын күйге келгенде аңға салады.

Көшпелі өмір салтын бастан кешірген қазақ халқы табиғатпен мейілінше етене болған. Көшпелілер табиғатты өз өмірлерінің бөлінбес сыңарына балап, табиғат тылсымын неғұрлым тереңірек таныса, өмірдің солғұрлым мәнді де қызықты болатынын жақсы түсінген. Табиғат аясындағы таным-тәжірибесі тек қана күнкөріс тіршілігіне негіз болып қоймай, сонымен бірге уақытты мәнді, көңілді өткізудің жолы ретінде де кеңінен пайдаланылған. Солардың бір көрінісі аңшылық-саятшылыққа байланысты. Аңшылық-саятшылық әскери жаттығудың, шынығып-шыңдалудың тамаша үлгісі болған.



Аңшылық кезең

Құсбегілік әсем табиғат аясындағы көңілді, әсерлі қызығы мол демалыс болып табылады. Ел ішіндегі ит жүгіртіп, құс салған, қақпан-тұзақ құрып, тор жайған жалғыз-жарым аңшылықты айтпағанда, көшпелілер арасында бүкіл рутайпа болып қотарыла көтерілетін, сөйтіп байтақ өңірді қаумаласа сүзетін аңшылық дәстүрлері болған. Мұндай жойқын аңшылықтың із-сорабы, белгі-айғағы ретінде Қазақстандағы Үстірт үстіндегі "құпия сызық" деп жүрген әйгілі қалта ауыз ұра қазбалары, кезінде Шоқан Уәлихановтаңдана жазған, күні бүгінге дейін ізі сайрап жатқан Іле өзені мен Тарбағатай арасындағы ұраны айтуға болады.

Сонау ерте заманнан-ақ қазақ халқы табиғатпен етене қойындас болғандықтан аң-құстың қасиетін айыруға жүйрік болған. Ғасырлар бойы жинақтаған мол тәжірибесін, әсіресе, кейінгі ұрпаққа үйретуге айырықша мән берген.

Қазақ аңшылары өздерінің таным-тәжірибесінің арқасында аңшылық-саятшылық үшін жүйрік ат, қыран құс, құмай

тазы сияқты жан-жануардың тілін таба баптап, қалауына көндіре алған. Осылардың ішінде қыран құстарды баптаудың ғасырлар бойы жинақталған мол тәжірибесі шын мәнісінде әрі өнер, әрі терең біліктілік.

Тарихи деректерге қарағанда, құсбегілік өнері бұдан үш мың жыл бұрын пайда болған. Орта ғасырлардағы италян саяхатшысы Марко Полоның жазбаларында Құбылай ханның саятшылық мақсатта қолға үйреткен 500 ақ-сұңқары және басқа да қыран құстары болғандығын және оларды баптап, күтуге, арнайы 10 мың құсбегі ұстағанын жазады. Орта ғасырларда Орталық Азия мен Қазақстан, Қырым, Еділ бойын билеген патшалар мен хандар да өз сарайларында арнайы құсбегілер ұстаған. Олар сарай қызметкерлерінің құрметтісі саналған. Сондықтан да хан сарайындағы құсбегілік қызметке тек ақсүйектер, бектер, әмірлер тағайындалған. Кейбір тарихи деректерде Шыңғысханның ұлы Жошының 3 мың бүркітші ұстағаны туралы жазылады.

Құсбегілік өнері қазақ ауыз әдебиетіндегі аңыз әңгімелерде де ерекше орын алады. Мәселен, қазақтың әйгілі құсбегісі Жалайыр Шораға байланысты аңызда “Аспанға ұшсам қанатым талады, жерге қонсам Жалайыр Шора алады”, — деп қыран құстар мұн шағады екен. Қазақ және басқа түркі тектес халықтар көбінесе бүркіт асыраған, ал Еуропа мен Ресей билеушілері сұңқарларды қолға үйреткен (“соколиная охота”)

Белгілі әдістері: аумен ұстау, тор жаю, қарға орану, тояттатып алып тұтқиылдан басып қалу, шеңгелдестіру, ұядан алу.

Аумен ұстау үшін шарық жіптен тоқылған ауды елсіз иен жерге құрады. Ол үшін бес-алты талды жерге әлсіздеу қадап, тормен қоршайды да, ау ортасына мықтап қазық қағады. Қазыққа тірі түлкі немесе қоян, кейде бір-екі тауықбайлайды. Қиядан көріп, құдия түскен бүркіт төбесі ашық тордан еш уақытта тік көтеріліп ұшпайды. Жүгіре көтеріліп ұшамын дегенше торға оралады.

Тор жаю әдісі көбіне қыс айларында қар түскен соң пайдаланылады. Ол үшін қар түстес ақ шаңқан торды қар үстіне бір метрге жуық биіктікте кере құрады да, астына тірі түлкі немесе қоян байлайды. Бұған сорғалап түскен қыран аяғын торға шалып

алады. Солқылдақ тор бүркіттің аяқ тіреп, серпіле ұшуына кедергі жасайды.

Қарға орану әдісі қар бекіген соң ғана қолданылады. Ол үшін екі адам бүркіттің аңға түскен сәтін аңдып жүріп, ұшырып жібереді де, біреуі қарға көміліп, жемді төбесіне қойып жатады. Суық сорып, аш өзек болып жүрген бүркіт кешікпей жемге оралғанда, қар астындағы жасырынған адам оны ұстап алады.

Тояттатып ұстау үшін тұз тағысының аңға түскен немесе жемтікке қонған сәтін аңду керек. Сол сәтте ұшқыр атқамініп, әбден мелдектеп тойған бүркітке ең ұрымтал деген иек артпадан тұтқиылда қосылып береді. Күн желтең болса жел жағынан шықса, тойған құс ыққа қарай жүгіргенде бетегесімен жер соғып, көтеріліп кете алмайды. Сол кезде ұшқыр атпен төніп келіп құс үстіне шапан сияқты киіммен жаба салу керек.

Шеңгелдестіру үшін қол құсын, қолға үйреткен бүркітті тұз қыранына салады. Ол үшін қол құсының балақ бауына түлкінің жон терісін, немесе бір санын қызарта байлап қоя береді. Әрине тұз құсының бойын көріп барып жіберу керек. Сонда қол құсы өз тектесімен парлап ұшуды аңсап көтерілсе, тұз құсы оның аяғындағы жемге құдияды. Мұндай жағдайда қос бүркіт сөз жоқ шеңгелдесіп жерге түседі.

Ұядан алу үшін аңшының көп еңбегі, әдісқойлығы, ептілігі қажет. Ол үшін мекен-жайын, қонатын мезгілін әбден бақылап алып, тор, тұзақ, шаппасына кигіз салған қақпан, тағы да басқа әдістер арқылы қолға түсіреді.


Бүркіт сұңқар тәрізділер отряды, қаршыға тұқымдасының қырандар туысына жататын, оның ең ірісі және бірбеткей саналатын, мекенді (қыстайтын) жыртқыш құс. Латынша атауы «Алтын қыран» еген мағынаға ие. Түркі халықтарының көпшілігі бұл құсты бүркіт деп атайды. Және де бұл атауы осы жыртқыш құстың өз жемтігін бүріп ұстайтындығынан шыққан деп пайымдайды. Оның мекені: Солтүстік Америка, Еуразия, Солтүстік-батыс Африка, Жапония, Қазақстан. Елімізде бүркіттің 6 түр тармағы бар. Олар Маңғыстау, Үстірт, Мұғалжар, Сыр бойы, Қызылқұм, Бетпақдала, Сарыарқа, Тянь-Шань, Тарбағатай, Алтай өңірлеріндегі жазық жерлерде, тау бөктерінде кездеседі. Бүркіттер жұптасып тіршілік етеді.

Жас мөлшеріне қарай атауы

1 жастағысы – балапан, 2 жастағысы – қантүбіт, 3 жастағы – тірнек, 4 жастағысы – тас түлек, 5 жастағысы – мұзбалақ, 6 жастағысы – көк түбіт, 7 жастағысы – қана, 8 жастағысы – жаңа, 9 жастағысы – майтүбіт, 10 жастағысы – барқын, 11 жастағысы – баршын, 12 жастағысы – шөгел деп аталады. Академик Әлкей Марғұланның зерттеуінше, қазақ тілінде тікелей бүркітке қатысты 1,5 мыңдай ұғым бар. Бүркіттің аяғы 4 саусақты. Оның атаулары мынандай: артқысы – тегеуріні, ішкісі – жембасар, ортаңғысы – сығымы, шеткісі – шеңгелі.

Бүркіт бейнесі

Көшпелі халықтардың таным-түсінігінде қыран бүркіт – батылдықтың, батырлықтың, мықтылық-тың, қайсарлықтың, еркіндіктің символы. Қазақ-стан Республикасының Туында бүркіт азаттықтың айбыны ретінде бейнеленген. Қазақтар бүркітті пір тұтатындықтан, оның атын қастерлеп, бүркіт-тей қыран, өжет, қайсар болсын деп жаңа туған балаларына да оған қатысты аттарды қойған. Олар: Бүркіт, Бүркітбай, Бүркітхан, Бүркітбек тәрізді есімдер. Тастүлек, Тірнек, Тірнекбай, Балапан сияқты есімдер де бүркітшілердің ырымдап қойған аттары. Қазақ халқы тіпті, бүркіт мекен ететін тауларды: «Бүркіт тау», «Бүркіт шың» деп, бүркіт ұя салатын жерлерді «Бүркіт ұя», «Бүркіт тас» деп те атаған. Және өздерінің ұлттық ою-өрнек, әшекейлерінде «күс тұм-сық», «бүркіт тұмсық», «бүркіт аяқ» деген де кескіндерді бейнелеп, «Бүркіт биін» билеген.



Жас бүркіт

Бұрындары қазақ хал-қы бүркітті киелі құс санап, оларға «Дала сер-мендесі», «Көк тәңірі», «Аспан еркесі», «Құс патшасы», «Қанаттылар ханы», «Құдайдың қазаққа еншілес берген құсы», - деп те мақтау мен мадақтау айтқан. Моңғолдар да бүркітті қастерлеп, оның атауын «бургэд» деген. Осыдан-ақ байқалып отырған шығар, бүркіттің түркі тектес халықтарда «ортақ атауға» ие екені. Жалпы, моңғол жұрты бүркітті «Құс патшасы» деп қастерлейді, түркі тектес Тыба сүйектілер бүркіт ұстаған аңды айырып алып, оны сояды да, «бақыт әкеледі», - дептерісін үйлеріне іліп қояды, ауылға бір құсбегі келсе, білдірмей бүркітінен бір қауырсынды үзіп алып үйіне іліп, оны қасиетті зат санайды.

Қақас жұрты да бүркітті киелі құс деп ұғып, алтайлықтар бүркітті қасиетті құс ретінде бақсылықта кеңінен пайдаланады. Көшпелі арабтар негізінен кішірек жыртқыш құстармен саят құрса, қазір қазақ құсбегілерінің көмегімен бүркітті аңға баулып, ұстауда. Олар да бүркітті ерекше қастерлейді. Тарихи деректерден біз білетін тағы бір жағдай, Құбылай хан өз заманында бүркітшілерді жанына топтастырып, саят құруды салтқа айналдырыпты.

Қазір көп халық «бүркітшілік» өнерінің қазаққа Аллаһ тағаланың тартқан ерекше сыйы екенін түсініп, оны қазақтардай өзге халықтардың игере алмайтынын еріксіз мойындап отыр.

Бүркітпен емдеу

Ертеде қазақ ауылдарында кең тараған шипалық тәсілдердің бірі – сырқат жандарды «бүркітпен емдеу» еді. Бұл ем көбінесе жын-шайтаннан, әлдене-ден шошынған, бір дәмнен ұшынған, бір нәрседен қор-қып қалған, бұғып қалған адамдарды, есалаңдарды сауықтыруға қолданылып келді. Солардың ішінде ақыл-есі ауытқыған адамдарды былай емдейтін: оларға әуелі итті көрсетеді, сосын ауруды бүркіттің қанатымен желпіп ұшық-тайды, ауруды аластап, басын бүркітпен жайлап ұрады.

Ауруды бүркітпен емдегенде көбінесе кәртайған қыран құстар тандап алынады. Бүркіттің иесінің кәнігі құсбегі болғаны дұрыс. Бұрын адамдарды бүркітпен емдеген сақа бүркітші болса, тіпті, жақсы. Себебі, жас бүркітшілер бүркітпен емдеу алдында «дәрет алу», «дұға айту» тәрізді шараларды біле бермеуі мүмкін. Бүркітшінің құсы «шақырғыш», «пыша-қтағыш» болса, тіпті оңды. Себебі мұндай саңқылдап шақыратын бүркіттердің дауысынан-ақ жын-шай-тандар қашып кетеді.

Сырқатты бүркітпен емдегенде мынандай тәсілдер жасалады: бүркітші қолын-дағы бүркітінің қанатын кердіртіп ауру адамға жақындайды, бүркітінің томағасын ол ауруға жақын-дап қалғанда барып сыпырады, сол кезде бүркіттің жарқ-жүрк еткен отты өткір көзі, бейнесі, болат тұяғы ауруға әсер етеді. Сырқат бүркіттен «қорқып именсе» онымен қоса ауру-сырқау, жын-шайтандар да қорқып, тұлабойынан кете бастайды – мыс... Сонан соң бүркітті ауру адамның «басына қондырады», қанатымен желпіп ұшық-тайды, өнбойын аластайды. Басына бүркітті қондырып емдеу, ұшықтау сырқаттың наным-сеніміне қатты әсер етіп, ол айығып кетеді, - дейді бүркітшілер.

Бүркіттің дене мүшелерін қастерлеп ілу

«Бүркіт бір сілкінсе, бір пәле кетеді», - деп сенетін қазақтар ежелден-ақ бүркіттің терсін де, қауырсынын да, қанатын да, басы мен тұмсығын да, тұяғын да, «ұлы денесін» де құрмет тұтып, ол өлген соң бұл мүшелерді аяқ асты тастамай, ырымдап әр жерге іліп қояды. Яғни, бүркіттің басын, аяқ, тұяғын жас отау тұратын үйдің төріне, жас жұбайлардың тұскііз, шымылдық, төсек

бастарына, жас сәбидің бесігінің басына іліп, ол жас отауды, жас жұбайларды, жас сәбиді әртүрлі тылсым әрекеттерден, «қара күштерден», жын-шайта-ннан, көз-сұқтан қорғайды деп сенеді. Сондай-ақ, ақ шашты әжелер бала бесігіне бүркіттің дене мүшелерін ілгенде: «балам бүркіттей алғыр, кайсар, батыл болсын», - деп ізгі тілек те айтады.

Бүркітті, оның құрал-жабдығын мұралыққа қалдыру

Құсбегі бүркітшілік өнерін ұрпағына үйретіп кетуге тиісті. Ол бүркітін көтеріп жүре алмайтын немесе кәсібін балаларына, туған-туыстарына жалғастыруға бермекші болған кезде «бүркітімді енді сен көтер» деп солардың біріне сыйлайды. Мұрагерлікке құсы-мен бірге оның құрал-жабдықтарын да береді. Бүркітті қабылдап алушы жас құсбегі: «Әкемнің бүркіті», «атамның бүркіті», «ағайымның бүркіті» деп мұра бүркітті басқаларынан ерекше қастерлеп, ұстай-тын болады. Кейде қарт бүркітшілер өлер алдында: «Менің құрал-жабдықтарымды түгенше деген бүркітшіге беретін болыңдар», - деп өсиет те айтады. Мұрагерлері бұл заттарды киелі санап, жоғары жаққа іліп қояды.

Бүркітті сыйлау, оған сәлем беру

Қазақ халқының ежелгі салты бойынша, сырттан үйге ең алғаш кіргенінде адамдардың қай-қайсы да әуелі шаңыраққа сәлем береді. Егерде сол үйдің оң жағында, тұғыры үстінде бүркіт отырса, содан кейін оған да сәлем беріп, құр-мет көрсетеді. Үйдегі үл-кендер: «бүркіттің алдын кесіп өтпендер, артынан айналып өтіндер», - деп ескертіп отыруға тиісті. Қыз-келіншектер, олардың ішінде жеңіл жүрістілері бүркіттің алдын кесіп өтсе, «бүркіттің сағы сынады», - деген наным бар. Егерде амалсыз бүркіттің алдынан өтуге тура келсе, адамдар «бисмиллә» деп өтуі қажет.

Бүркіт қону, бүркіттің түске енуі

Киелі құс бүркіт ауылға ұшып келсе, үйдің шаңырағына, қора-қопсының үстіне қонса, қазақ-тар: «Бүркіт қонды – бақ қонды», - деп ырымдап, қуанады. Өйткені, кез-келген түз бүркіті ауыл маңайына ұшып келмейді, үй, қора төбесіне қона бермейді. Бұлай жасайтындар басқа жақтағы құсбегілердің «қол құстарынан» айырылып қалғанында болып тұрады.

Және де бүркіті қартайған-да кейбір құсбегілер оны ауылынан ұзатып, көкке ұшырып қоя береді. Алайда олар өз ауылына ұшып келмегенімен, басқа ауыл іргесіне барып қонуы мүмкін. Жас

бүркітті ұстап алып, иесі табылса апарып береді, кәрі бүркітке жем беріп асырайды. Сөйтіп, қазақтар: «Үйімізге, ауылымызға бүркіт қонды, бас аман, мал өседі, жақсылық болады», деп ырымдап жатады.

Қазақтардың наным, сенімінде бүркіт – жолы ашық құс. Бүркіттің түске енуі – жақсылық. Түсінде бүркіт біреудің басына, иығына қонса: «Оның бағы жанады, басына бақыт, байлық оралады». Түске ақ бүркіт, ақ ала бүркіт, ақиық бүркіт еңсе жақсылықтың нышаны. Түске қара, қара қоңыр бүркіт еңсе, «тым жақсылық емес, жағдайдың қара байырла-натынының белгісі».

Бүркітке шашу шашу

Дешті Қыпшақ елі кезінде «Қыран бүркіт – қанаттылардың ханы», деп, оны қатты қастерле-пті. Сол заманнан халқы-мыздың тұрмысында қалыптасқан дәстүр: кімде-кім ең алғаш рет ауылға, үйіне бүркіт ұстап әкелсе, ауыл әйелдері ақ дәмнен бүркітке шашу шашады. Бұл: «Құсың – қыран, ақ жолтай болсын!», - деген ізгі тілектің белгісі. Әйелдер бүркітке ақ дәмнен шашу шашып болған соң: «Бүркіттің тіл-көзден аман болсын!», - деп тілек айтады да бүркіттің иығына, арқасына үкі тағады. Мұның бәрі бір жағынан, бүркітті киелі құс санап, оған бас ию, екінші жағынан бүркіттің батырлық символы екенін мойындап, оны құрметтеп, қастерлеу. Шашу шашуды, үкі тағуды сол ауылдың аяулы әжелері, аналары, егде әйелдері атқарады.

Бүркітті «жерлеу»

Өзінің асыл қазынасы санаған, атасы мен әкесінен мұрагерлікке қалған, көп жылдар бойы серігі болған ақиық бүркіті жазатайым мерт болғанында, кәртайып өлгенінде оны көп құсбегілер құрметтеп жерлейді. Осы бүркітті ұясы, ұстап алған жері жақын болса, сол маңайға апарып, денесін ақ шүберекке орап, мекенді жерінің биік төбесіне, ұясының қасындағы жер қойнына береді. Кейбір құсбегілер өлген бүркітінің басын кесіп алып, үйінің төріне іліп қойып, үнемі көріп, еске алып отырады.

Бүркіт сыны

Бүркітті әрбір дене мүшесіне қарай, сынайды. Оның атаулары сынына сәйкес төмендегідей.

1. Бүркіттің басы мен тұмсығын бағалау: бақабас, жыланбас, кеш-кілбас, торсықшеке, тобы-ршықшеке, тереңбабақ, айқабас, иіржақ, жыланезу, қайырылған езу, қонқытұмсық,

көктүмсық, жұқатүмсық, қылыштүм-сық, иіртүмсық, шығырық-түмсық, қысқатүмсық, т.б.

2. Бүркіттің көзін бағалау: жайнаған көз, шатынаған сарғыш көз, шырадай жанғыш көз, тоғайлықөз, кандыкөз, шүңіреkkөз, қаракөз, қыс-ықкөз, күмкөз, дүзкөз, жадағай көз, қанқызыл көз, ақ шегір, алты шегір, жезшегір, көкшегір, күре-ңшегір, кішірекшегір, қан-шегір, т.б.

3. Бүркіттің қанат, құйрық, қауырсынын бағалау: қайқықанат, солқылдақ қанат, қара қанат, жеңіл қағысты қанат, аққанат, салқықа-нат, алақанат, сөлбеңқанат, құлашты қанат, абдыра қанат, дөңгелек қанат, қияққанат, құрт қанат; кездей құйрық, ақ құйрық, келте құй-рық, шолақ құйрық, тарлан құйрық, ұзын құйрық, күрек құйрық, ағаш құйрық, майысқақ құйрық, қамыс құйрық; сұңқар қалып, ірі қау-ырсын, доғал қауырсын, т.б.

4. Бүркіттің санын, аяғын, саусағын, тұя-ғын, табанын бағалау: сидасан, серкесан, шоқ-парсан, қаттысан, дома-лақ сан, түйірсан; долана толарсақ, жуансіңір, жуан аяқ, үкі аяқ, күшіген аяқ, қисық аяқ, ақ аяқ, сұңқар аяқ, кек аяқ, тоғысай аяқ; кекболатты саусақ, быштыңыр саусақ; болат тұяқ, үкі тұяқ, ұзын тұяқ, алғыр тұяқ; қара табан, бүршік табан, ақ табан, сар табан, т.б.

5. Бүркіттің өң-түсін, жүн ретін бағалау: қара ала, сары ала, ақ ала, ала, қара кер, қоңыр, көк сұр, құласұр, қызғылт, жирен ақиық, қоңырала қара, шұбар, ақ; кесек жүнді, жапырақ жүнді, ала жүнді, қабырақ жүнді, көк шаңғыттай жүнді, тура жүнді, қияқ жүнді, қызыл балақ, канды балақ, қызыл шуда, т.б.

6. Бүркіттің денесін бағалау: ұзын құс, кербез құс, жапырақ құс, төртбақ құс, домалақ құс, қайқы төс құс, жатаған құс, шомбал құс, т.б.

Саяттаушы құстарды аңға салу – ит туралы.

Тазы сыны және аң қағушылық сипаты

Қазақ тазысының мекен еткен жеріне үйлескен өзіне ғана ерекше бітімі мен сипаты, түр-тұлғасы бар. Соған сай аң қағарлығы, физикалық ерекшелігі аса жоғары болып келеді. Тарихи даму барысында қалыптасқан бұл жағымды қасиеттерді қазақ жерінде болған жиһанкездер мен шетелдіктер аса қырағылықпен байқаған және оның тұқымын алып кетіп өз

жерінде тазысын асылдандыруға немесе жаңа тұқымды дүниеге әкелуге (мысалы, орыс тазысы) пайдаланған. Қазақ тазысын алғаш рет әлемге танытқан жазбалар орыс тілді деректер арқылы хатқа түскен. Тазының алыс қашықтыққа жүгіру жағынан жылдамдығына Европада бір де бір ит жетпейді дейді басылымдарда.

Тазының аңшылық сипатын анықтағанда алдынан, артынан, жанынан дене бітімінің үйлесімділігін, мүсінін, сымбатын қимыл қозғалысын назарға алады. Мысалы үрт етінің ширақтығы, сан етінің толықтығымен қаттылығы. Қазақтар аң алатын итті шоқтығының биіктігімен, тазының төсі мен шонданайы аралығындағы өлшем қараилас келуін дұрыс деп санады. Ал төсінің кеңдігіне иттің күші байланысты болса, кеудесінің биік бітуі тыныс тарылмай шаршамай жүгіруге тура байланысты болады дейді. Ал желкесінен бастап құрыққа дейінгі өлшем иттің жылдам оқыс қимылдауына мүмкіндік береді. Бұлар тазының тұқымы жасы, жынысы, жаратылысы, бұлшық етінің жетілуіне байланысты болады. Ит өте арық болса сымбатына ғана нұқсан келмейді, ниеті қашып кетеді.

Қазақ тазыларының сипаттамалары мынадай: жалпы бітімі сидаң, жүні сұйық, танауы үшкіл, делден құлақты, жоны дөңестеу келеді. Басы - тықыр жүнді, жеңіл, әрі ұзынша біткен, жіңішке, тұмсығы - сүйір, көбінесе қара түсті; ақ, сары тазылардың тұмсығы қоңырқай, кеңсірігі сәл дөңестеу; көз жанары өткір, көзі үлкен, көбінесе қара түсті (кейде қоңырқай), қиығы тым қысыңқы емес, сопақтау келеді. Тістері ақсиыңқы, азуы үлкен, келген. Тазының құлағы шашақты, ұзындығы - 6-8см., салбыраңқы (шамамен 12-14 см.); мойны сәл қысқалау, бірақ, берік; жауырыны жалпақ, бұлшық еттері шымыр; кеудесі кең, омыраулы, кеуде еттері берік жетілген, салқы; арқасы түзу, кеуде тұсы жалпақ, құйрық жағы сәл дөңестеу; қарны жіңішке, қабысыңқы.



Құмай тазы

Тазының қол-аяқтары сіңірлері адырайған, тарамысыжуан, әрі аксиыңқы, екі шынтағы сыртына қарай шығыңқы. Алдыңғы аяқтары ұзын сіңірлі, тырнақтары өткір, саусақтарының ортасына үлпілдек жүн өскен, алдыңғы екі аяғының арасы сәл дөңгелене біткен. Ал, артқы аяқтары сәл артқа шалқақтау орналасқан, бота тірсек, тұяқтары ұзын да өткір, жіңішке аяқтың табаны әдеттегіден жалпақтау; сирақтары жіңішке, Жамбас еттері шымыр, мықты тазыларда білеуленіп тұрады.

Аяқтары тойтық, маймақ емес, сымбатты біткен сыптығыр тұзу болады. Астыңғы және үстіңгі жақтың өзара тістелудегі қалыпты жағдайы (прикус) қайшы тәрізді, яки үстіңгі жағы астыңғысынан сәл ғана озған бір-біріне тістесіп келген болады. Ал иектерінің біреуі екіншісінен озып шығып тұрса оны кемиек дейді және ол нашар нышанның, кембағалдықтың белгісі ондайлар жақсы тазы болып жарытпайды. Ондай күшіктерді тазы деп асырамайды.

Тазының құйрығы жіңішке, шашақты келеді. Шынымен-ақ тазының құйрығы ұшына дейін сүйектеніп қатайып қалмаған тазышылар тілімен айтқанда "ою құйрық" болып келуі оның кимыл қозғалысы кезінде үлкен септігін тигізетін фактор. Өйткені тазының статистикалық қозғалыс әрекеті кезінде анды ілгенде

шұғыл бұрылу, жүгіргенде екпін алуға, бағыттауға, тепетендікті табуға құйрығы үлкен қызмет атқарады. Тазының "ою құйрығы" оның құйырығының ұшында омыртқасының шеміршек тәрізді жұмсақ, қимылдауға икемді болуымен түсіндіріледі. Тазының құйрығы тірсегіне дейін жетіп тұрса жақсылықтың белгісі, тұқымы асыл деп бағалайды қазақ аңкөстері. Оған қоса шашақтары болса ол тіптен тамаша. Тірсегіне құйрығының ұшы жетпесе немесе онан асып кетсе ол жақсы тазының белгісі емес.

Құйрығы қамшы тәрізді тазы ол "тайған" тұқымынан делінеді. Ондай "қамшықұйрық" тазының құйырығының ұшында омыртқа болмайтындықтан иіріліп дөңгеленбейді. Тайған мен абориген ауған тазысы тұқымы жағынан жақын туыстар және тауда аң алатын иттерге саналады.

Тазының жүні тықыр бол ғанмен, құлағы мен құйрығының шашағы жібектей үлпілдек. Түсі көбінесе ақ, қара, сарғыш, көк қасқа, қызылқоңыр болып келеді, алабажақ теңбіл түстері кездеспейді. Қазақ тазысының биіктігі: арланында - 65-70 см (салюки мен ауған тазыларымен сәл ғана, 2-5 см аласалау), салмағы 20-25 келіге дейін жетеді (салмағы екі пұтқа дейін жететін арлан тазылар сирек те болса кездесіп қалады). Қырым, Кавказ тазыларымен салыстырғанда қазақ тазысының тұрқы 5-6 см ұзын. Ал салмағы 4-5 кг ауыр келеді.

Тазының дене бітімі мен сипатына қарай өз деңгейі болады. Мысалы Сөгетідегі "Саятшы клубы" құсбегілерінің Көкдауыл атты тазысы түлкілік деңгейдегі бойы мен дене бітімі орташа, кесек емес, бірақ көз ілеспес жылдамдығы бар ұшқыр. Ол бір аңшылық маусымда 29 түлкі, 2 мәлін алған. Әзірше қазақ даласында өте жүйрік тазы өте сирек кездеседі. Тазының түсі көк қасқа болса, алғыр әрі қажып-шаршауды білмейтін, тазының нағыз құмайы саналатын көрінеді. Қазақ аңшылары тек сондай тазыларды ғана тәуір деп есептейді екен.

Арқа жақта өмір сүрген Ақпан аңшы (1900-1953) жүйрік иттің сынын жақсы білген. Жүйріктазыларды көргенде: "Мынау жыланбас, түлкі тұмсық, қасқыр шеке екен" немесе "теріс азу, сағақты екен, жарғақ құлақ жалықпастың өзі екен, салқы төс, кеудесі, шынтағы қабырғадан жеке тұр екен. Сүйектері буынды, жұмыр кең қабырға, қысқа бел, шоқпар сан, арты маймақ, жүнді аяқ жұмыр табан екен" деп мықты тазыға баға беріп отырады екен.

Қазақтар тазыларды аң қағушылық сипаты

Тазыларды аң қағушылық сипатына қарай бірнеше топқа бөледі: қасқыр алатын, қоян алатын, түлкі түлкі алатын (түлкілік). Қасқыр алатын тазылар мықты, денесі кесек, күшті келеді және өз ішінен әлділігіне қарай бірнеше дәрежеге бөлінеді.

Бірінші топқа жататын қасқыр алатын тазылар өте сирек кездеседі. Олардың сапасы ең жоғары деп санайды, шынымен-ақ бітімі кесек, күшті, өжет әрі жүйрік келеді. Олар көрген қасқырын бір-екі жұлып бетін қайтарып, содан соң қатарласа беріп алқымынан алып жығады да бір-ақ мытып өлтіретін қарулы келеді. Кейде күздігүні бөлтірік қасқырлар тобына киліксе, бірін жібермей түгел қырып салады.

Екінші топқа жататындар онша кесек денелі, арынды емес, сидам, серектеу келеді, жуандығы орташа, денесі шымырлау болады. Ал батылдығы мен жүйріктігі жаман емес. Бұлар қасқырды қуып жетіп, жұла береді, қасқырдың мысын құртып, қасқырды денесіне жуытпайды, әрі жібермейді. Иесі жеткенше қасқырды ұстап босатпайды. Бұл иттердің қасқыршылық қабілеті мол болады және оны өлтіргісі келіп тұрады.

Үшінші топқа жататындардың алдыңғылардан айырмасы, бұлар қасқырды тартқанда иесіне жалтақтап иек артқыш, арқаланғыш келеді. Иесі кейіндеп қалса, жалтақтап артына қарай береді. Бел асып иесінің қарасы батып кетсе, аңды қумай тоқтап та қалады. Қасқырды тек аттың тізесімен алатындықтан мұндай тазыларды көмекші тазы деп атайды. Екеу болса батыл келеді, таласудан тайынбайды. Қасқырды тез тоқтатып, тез жығады.



Тазылар

Енді бір тазылар өте күшті, әлді болса да шабандау келеді, қасқырға жете алмай қалады. Енді бірінің ұшқырлығы зор болса да, көп алысуға дәрмені жетпейтін әлжуаз, оны бірер тартып тұрып қалады.

Демек, қасқыр алатын тазы әрі жүйрік, тегеурін ді болуы керек. Рас, кейбір ершігеш жүйрік, кішкене, әлсіз иттердің өзі қасқырды дамылсыз жұлқылап, иесі жеткенше жібермейтіні де болады.

Қоян, түлкі алатын тазыларды да үш топқа бөледі. Мәселен, қара жерде немесе қар борамаған сонар күніге бесалтыдан қоян алатын тазылар бірен-саран. Екіншісі күніне екі-үш қоян алатын жүйрік тазылар саналады.

Үшіншісі күніне бір-екі қоян алатын марғау, болдырғыш тазылар.

Түлкінің айлакерлігі болмаса қояннан ұшқыр емес. Сондықтан жоғарыда айтылған тазылардың қайсысы да түлкіні ала береді. Кейбір ауызданбаған немесе алғашқыда түлкінің тісі батып қалғандары ғана кейін жүрексініп, түлкі ала алмайды.

Қазақ жерінде кездесетін Түркменнің алабайына ұқсас тұқымды ит өсірумен айналысатындар табиғатынан мықты, күшті жаратылған төбетті (халықтық атауы бөрібасар) жеке тұқымға

жатқызады. Қасқырды алыса кетсе алқымын сығатын, қасқырға қотаннан қой бермейтін, алыса кетсе, жеңетін мықты "бөрібасар", ал денесі онан сәл шәкене келген, атты кісіні жүргізбейтін тайыншадай "төбет". Төбетті Ж.Бабалықұлы таутөбет, маңтөбет (немесе салқам) деп өз ішінен екіге бөледі.

Төбет сөзінің мағынасы Тибетпен де, басқа талдаулармен байланысты шамалы дейді кинолог М.Исабеков. Керісінше, қазақтың дәстүрлі шаруашылық қарекеті мен тіршілік болмысына байланысты туындаған. Айталық, мал баққан қазақ ауылындағы жыл сайын қорасын тазалағанда шыққан қоң-қоқысты тау төбе қылып үйіп қояды. Ал ит аязды түндері тоңып, жаурамас үшін, аяғымен тырмалап, төбеден өзіне жатақ орын дайындайды. Көп уақыттан бері тапталып үйілген көңде биохимиялық үрдістер үздіксіз жүріліп, көннен жылу пайда болатыны сөзсіз. Ондай төбеде тоң болмайды, әрі биік төбеден айнала түгел көрініп тұрады. Осындай жылы орынды таңдаған ит ауылды, қотандағы малды түнде бөріден қорғайды. Осыдан төбедегі ит "төбе+ит-төбет" сөзі пайда болған деп жорамалдауға әбден негіз бар дейді кинолог маман М.Исабеков.

"Жақсы ит малға серік" дейтін. Күндіз малды бағысып, түнде ашқоз ұрылар мен қорқау жыртқыштардан күзететін, көшпелі тұрмыстың тауқыметін бөлісуші саққұлақ қотаншыл сырттан иттер ішінара аз да болса кездескен. Қайсы біріжалғызілік қойшыларға мал отарласып, адамша жәрдемдескен жәйттер де ұшырасқан. Олар көбінесе барқыраған жуан дауысты, дене бітімі кесек келген, сирақтары білемдей, басы "қазандай", кеудесі биік әрі толық келеді. Сондай-ақ олар үй маңына жуық емес, күндіз көп үрмейтін, қимылы ширақ болады.

Қазақтар аңшылық құруға қолайлы деп ақ өңін қалаған. Ақ түсті итті "Ақ жолтай" деп ырымдайтындар бар. Ақ итті көрген суырлар шуылдап, аңқиттап өре түрегеледі. Олар итке айбар етіп, өшіге, өршелене індеріне кірмей "қоқайып тұрып" аңқиттайды. Аңшы осы кезде суырларды атып алады.

Ит 1,5-2 жасында толық жетіліп, ұйығады. 58-65 күн өткенде көздері жұмылған, құлағы естімейтін, тіссіз қызыл иек, соқыр, саңырау күшіктер туады. Шамамен бір апта өткенде құлақ тесіктері ашылып, онан тағы он күн өткенде көзін ашады, бір айда сүт тістері шығады.

Қазақтар бауырын жаңа көтерген кезінде тазы күшігін қарғыбауын беріп, үйіне әкеледі де, мәпелеуді бастайды. Арам мен қарам, адал мен сауап деген ұлттық категорияларды биікке қоятын қазақтар дәстүрінде күллі хайуанаттардан үйге емін-еркін кіріп шығуын рұқсаттаған бірден-бір хайуан (мысықты және мал төлдеген уақыттағы малшы үйіндегі төлді есептемегенде) - ол тазы (!) ғана. Тазыны қазақтар киіз үйдің кіреберісінің оң жағына астына киіз төсеп, жатқызып қояды...

Тазыға ұшқыр, алғыр болсын деп көбіне аса жүйрік аңқұстың атын қояды. Мысалы, ұшқыр да, қыран болсын деп, "Лашын", киіктей зауласын деп, "Сүркіік", жүйрік аттай болсын деп Көсқасқа, жолбарыстай айбарлы болсын деп, "Жолбарыс", адал, қырағы болсын деп, "Сырттан", қасқырға шабатын, қасқыр алғыш болсын деген үмітпен, "Бөрібасар", сақ болсын деп, "Саққұлақ", алғыр өжет болуға балап, "Жарып сал", "Алып соқ", жолы болғышқа меңзеп "Жолдыаяқ", өңі, сыртқы бейнесіне қарай "Аламойнақ", "Ақтөс", "Төрткөз", "Майтабан" деген сияқты атаулары қазақ ауылдарында кездеседі. Жазушы С.Мұқанов Өшімнің Сарықасқасы, Төрениң Көкшолағы, Саққұлақтың "Сүркіігі" дейтін қасқыр алатын иттер болғандығын айтады. Сүлеймен дейтін аңшының жолбарыс тұлғалы "Сарықасқа" атты иті кейде аңсары ауып кетіп, өз бетімен сексен қасқыр алғандығын жазады.

Итті алғаш алғанда: "Итің аңшы, аң алатын ит болсын!" деп тілек айтады қазақ. Құлағының бұйра шашағынан басқа денесінің түгі жетіле қоймаған қызылшақа күшікті тақыр тулақтың үстіне, күншуаққа кешкісін жылы жерге жатқызып қояды. Адамдарға, иесі мен бала-шағасына үйір етеді, тіптен түнде жылы төсегінен де орын береді. Иісі сіңген адамын ол жақсы көріп бауыр басып кетеді, күшік иесі мен үй адамдарының соңынан қалмай еріп жүретін болады.

Тазы күшігі әбден адамға үйреніп дағдыланған соң далаға ертіп шығып, ауыл маңында жүреді, адамдар мен үй малына үйірсек етеді. Бірте-бірте аяқ-қолы жетіле түскен сайын ауылдан аулағырақ ұзатып шығып бұта-шілікшөп ішінде қонақтаған бөдене, жортып жүрген кесірткелерді қуалап, ойнатудан баулуды бастайды. Осылайша күшіктің неге әуес екендігін байқап бажайлайды...

Күшік бітік шөп, бұта арасы, тау-таста ойнаған кезде ауаны искеп, танауын тартып, зыр жүгіретін болса, ондайда оның бойында тазылық қасиет әбден байқалды дейді. Ал ондай сәттерде зулай жөнеліп, бейсауат жүрген кішігірім аңдарға ауыз салатын болса оның соңынан қалмай, қорғаштап, анды алуына көмектеседі. Өйткені аң талап тастаса жүрегі шайлығып, аңға жүгірмейтін, қорғаншақ болып қалады дейді. Осылайша күшікті жастайынан баулиды. Келешекте ұстататын аңдарын "жаралап" оны күшікке ұстатып үйретеді, аң етін жегізіп дәнiктiредi.

Иттің бір жасқа толған шағын "үйіне толды" деп атайды. Үйіне толғанға дейін күшікке тамақты тойдыра мол береді. Тазы күшігі үйіне толған кезде дене бітімі сомдалып, құлағының бұйра шашағы төгіліп, қайратты тазығыр шабдар түгі күмістей жылт-жылт етеді, аяғының бұлшық еттері тарамдалып, болат серіппедей ширығып тұрады.

Тазы дегдар, бекзада адам тәрізді талғампаз, кірпияз, әрнені жемейтін талғампаз болып келеді. Қыс маусымында үйде жатады. Үйдегі адамдардың тірлік ырғағына еш нұқсан келтірмейді. Өзімен-өзі жата береді. Егер сыртқа шыққысы келсе дегбірсіздене белгі береді, есіктің тұтқасына жармасады. Оларға қанша аш болса да аштығын білдірмейтін төзімділік тән.

Қазақ тазыларында табиғи инстинкт, қабілеттілік инстинкт өте жоғары жақсы дамыған, көзінде ақылды адамға тән тереңдік пен тектіліктің ізі жатады дейді маман. Ал тазы дүбәрә болса оның көзі ойнамалы, тексіз, ұрлықшы, әрнені жалмайтын, талғамай жей беретін тәрізді оғаш қылықтары болады. Тазы елгезек, қозғалысы шапшаң, құрсағын қаншырдай тартқан, тұрқы ұзын, бойы сұнғақ, елендеген көзқарасы ширақ болады. Тазы адамның "құлы" емес, керісінше бір-біріне бауыр басқан, пайда келтіретін, қалыптасқан байланыс нормалары бар. Ит, соның ішінде тазы адамдар ортасында олардың көмегімен жақсы дами отырып, өз қабілетін көрсете алатын жануар. Сондай-ақ ол көргенін жазбай қайталайтын есте сақтау қабілеті жақсы дамыған есті хайуан. Үйретіп, баулыған кезде тазының мінез-құлқы кез келген жағдайда, әсіресе адамға байланысты, тұрақты болу жағын қалыптастыруға ерекше ден қояды. Тазылар бауырластар ішінде бір-біріне бағына білетін жануар.

Аң қағушылық сипаты

Қазақтар тазыларды аң қағушылық сипатына қарай бірнеше топқа бөледі: қасқыр алатын, қоян алатын, түлкі алатын (түлкілік) . қасқыр алатын тазылар мықты, денесі кесек, күшті келеді және оз ішінен әлділігіне қарай бірнеше дәрежеге бөлінеді.

Бірінші топқа жататын қасқыр алатын тазылар өте сирек кездеседі. олардың сапасы ең жоғары деп санайды, шынымен-ақ бытымы кесек, күшті, өжет ары жүйрік келеді. олар көрген қасқырын быр-екі жұлып бетін қайтарып, содан соң қатарласа беріп алқымынан алып жығады да быр-ақ мытып өлтіретін қарулы келеді. кейде күздігүні бөлтірік қасқырлар тобына киліксе, бырын жібермей түгел қырып салады.

Екінші топқа жататындар онша кесек денелі, арынды емес, сидам, серектеу келеді, жуандығы орташа, денесі шымырлау болады. ал батылдығы мен жүйріктігі жаман емес. бұлар қасқырды қуып жетіп, жұла береді, қасқырдың мысын құртып, қасқырды денесіне жуытпайды, ары жібермейді. иесі жеткенше қасқырды ұстап босатпайды. бұл иттердің қасқыршылық қабылеті мол болады және оны өлтіргісі келіп тұрады.

Үшінші топқа жататындардың алдыңғылардан айырмасы, бұлар қасқырды тартқанда иесіне жалтақтап иек артқыш, арқаланғыш келеді. иесі кейіндеп қалса, жалтақтап артына қарай береді. бел асып иесінің қарасы батып кетсе, аңды қумай тоқтап та қалады. қасқырды тек аттың тізесімен алатындықтан мұндай тазыларды көмекші тазы деп атайды. екеу болса батыл келеді, таласудан тайынбайды. қасқырды тез тоқтатып, тез жығады.

Енді быр тазылар өте күшті, алды болса да шабандау келеді, қасқырға жете алмай қалады. енді бырының ұшқырлығы зор болса да, көп алысуға дармені жетпейтін алжуаз, оны бірер тартып тұрып қалады.

Демек, қасқыр алатын тазы ары жүйрік, тегеурін ды болуы керек. рас, кейбір ершігеш жүйрік, кішкене, алсыз иттердің озы қасқырды дамылсыз жұлқылап, иесі жеткенше жібермейтіні де болады.

Қоян, түлкі алатын тазыларды да үш топқа бөледі. мәселен, кара жерде немесе қар борамаған сонар күніге бесәлтідән қоян алатын тазылар бірен-саран. екіншісі күніне екі-үш қоян алатын

жүйрік тазылар саналады, үшіншісі күніне быр-екі қоян алатын марғау, болдырғыш тазылар.

Түлкінің айлакерлігі болмаса қояннан ұшқыр емес. сондықтан жоғарыда айтылған тазылардың қайсысы да түлкіні ала береді. кейбір ауызданбаған немесе алғашқыда түлкінің тысы батып қалғандары ғана кейін жүрексініп, түлкі ала алмайды.

Қазақ жерінде тазымен аң алу жақсы дамыған өңірде оның алғырлығын ар тұрмен бағалайды. егер қарқаралықтар тазыжүйріктігін қоян алу мөлшерімен бағаласа, әякөздіктер бұған қосылмай, тазы жер қарада қоянға жете алмайды дегенді айтады. қоян көжектеген кезде, қар тұяқ көбеден жоғары және басқа ит, аң қуып болдыртқан кезде, қасында екінші көмекші болғанда қоян, түлкі ұстаған итты жүйрік деуге келмейді.

Маркакол жақтағы быр қойшының ұялас тазысы аюлар жататын үңгірлерге барып, қуалаған аюды тістей қашып, қақпақылдай кезекпе-кезек тістелеп, жасырынған мылтықты иесіне қарай алып баратын болған.

Тазылар әлбетте аңнан қоян, түлкі, қасқырдан басқа, қарсақ, суыр, борсық, тіптен үлкен аңдарды - тәуешкі, елік, қабан, сайғақ алады.

Қазақтар тазымен бірге азулы аңдарды алуға, олардан малға шапқан кезінде қорғануға қазақ төбеті былайша айтқанда борыбасар асырағаны көпке малым. оның тұқымы ғұндар заманынан бастау алады. оны америкалық ғалым джексон стиенфорд қытай жылнамаларындағы деректерге сүйене отырып, "шамамен быздың заманымызға дейінгі 126-шы жылы орталық азияға иттың бұл тұқымын ғұндардан батысқа қарай алтай тауларында орналасқан өздерін озы "юечжи" деп атайтын көшпелі тайпа әкелген" деген дерегі қуаттайды. "юечжилер ұйыр-ұйыр жылқы бағып, жылқы сұтын сусын ретінде ішкен. сол көп жылқыны үлкендігі тайдай, қара тұсты сабалақ қара иттер күзеткен. бұл иттың қаһарына қарсы тұрар хаюан жоқ", - деген деректерді алға тартады ғұндардың батысындағы алтайдағы юечжилер туралы жазбада қытай жылнамасы. ғұн итіне қатысты деректер сүйек қаңқалары қазыргы моңғоля жері мен бәйкөл өңірінде табылып отыр және олардың жасы шамамен екі мың жыл.

Қазақ жерінде кездесетін түркменнің алабайына ұқсас тұқымды ит осырумен айналысатындар табиғатынан мықты, күшті жаратылған төбетті (халықтық атауы борыбасар) жеке тұқымға жатқызады. қасқырды алыса кетсе алқымын сығатын, қасқырға қотаннан қой бермейтін, алыса кетсе, женетін мықты "борыбасар", ал денесі онан сал шәкене келген, атты кісіні жүргізбейтін тайыншадай "төбет". төбетті ж. бабалық ұлы тәутөбет, мәңтөбет (немесе салқам) деп оз ішінен екіге бөледі.



Қазақы төбет ит

Төбет созының мағынасы тибетпен де, басқа талдаулармен байланысты шамалы дейді кинөлөг м. исәбекөв. керісінше, қазақтың дәстүрлі шаруашылық қарекеты мен тіршілік болмысына байланысты туындаған. айталық, мал баққан қазақ ауылындағы жыл сайын қорасын тазалағаыда шыққан көң-қоқысты тау төбе қылып ұйып қояды. ал ит аязды түндері тоңып, жаурамас ұшын, аяғымен тырмалап, төбеден өзіне жатақ орын дайындайды. көп уақыттан бері тапталып үйілген көнде биохимиялық үрдістер үздіксіз жұрылып, көңнен жылу пайда болатыны созсыз. ондай төбеде тоң болмайды, ары биік төбеден айнала түгел көрініп тұрады. осындай жылы орынды таңдаған ит

ауылды, қотандағы малды түнде бөриден қорғайды. осыдан төбедегі ит "төбе+ит- төбет" созы пайда болған деп жорамалдауға әбден негіз бар дейді кинөлөг маман м. исәбекөв.

"Жақсы ит малға серік" дейтін. күндіз малды бағысып, түнде әшкөз ұрылар мен қорқау жыртқыштардан күзететін, көшпелі тұрмыстың тауқыметын болысушы саққұлақ қотаншыл сырттан иттер ышынара аз да болса кездескен. қайсы бырыжалғызылық қойшыларға мал отарласып, адамша жәрдемдескен жәйттер де ұшырасқан. олар көбінесе барқыраған жуан дауысты, дене бытымы кесек келген, сирақтары білемдей, басы "қазандай", кеудесі биік ары толық келеді. сондай-ақ олар ұй маңына жуық емес, күндіз көп үрмейтін, қимылы ширақ болады.

Қазақтар аңшылық құруға қолайлы деп ақ оңын қалаған. ақ тұсты итты "ақ жолтай" деп ырымдайтындар бар. ақ итты көрген суырлар шуылдап, аңқиттап өре түрегеледі. олар итке айбар етіп, өшіге, өршелене індеріне кірмей "қоқайып тұрып" аңқиттайды. аңшы осы кезде суырларды атып алады.

Қытай жылнамаларындағы деректер иттың сипаты сүйріктей сұлутазыдан гөрі бүгінгі тұқым ретінде құрып бітуге айналған тайыншадай қазақ төбеттеріне көбірек келіңкірейді деп пайымдайды осы саланың білгірі, ары тазы осыруды ермек ететін қайраткер м. құл-мұхаммед мырза.

Қазір орта азиялық қойшы иты (өвчәркә) аталатын (оның қате атау екендігін а. п. мазөвер 1939 ж. ескерткен екен) кесек бытымды, күшті, дене бытымы ұсқынсыз, қимылы ширақ, алып ұшқан қызба мінезі жоқ, байсалды, батыл, қасқырмен бетпе-бет келуге психикалық тұрғыдан да, физикалық тұрғыдан да саймасай, бағу, күтімді талап етпейтін көмпіс, оз несінің ишаратынсыз бөгдеге шабуылдамайтын ақылды, бырақ адамға шабатын қауып бар, әгрессив тұқым. олар түнде сергек, күндіз бұйығы, маубас. жыныстық қабылеті кешірек он екі айында жетіледі, денесі торт-бес жасында толысады. бұл иттерді түркімендер мен өзбектер ғасырлар бойы "қазақ ит" атап келген екен дейді мәселені, арнайы зерттеген мамандар. түркмен иты атап жүрген мал бағатын иттер негізінен қазақтар тұрған өңірде сақталып, кейін кеңес заманында кең таралып, соңғы ширек ғасыр уақытта, тіптен жаңа тұқым ретінде тіркеліп, алабай атауына 1980 жылдары ғана ие болған. оның алабайға өте жақын болғанымен онан

айырмасы бас сүйегінде. алабай мен казак төбеті (бәлкім борыбасар) озара өте ұқсас тұқымдар. алабайдың бас сүйегі қоңыр аюдың бас бітіміне ұқсас, тұсы көбіне ашық болып келсе, казак төбетінің басы ақ аюдың бас бітіміне ұқсайды, жақ бытымы қасқырдықыне ұқсайды. алабай шоқтығы 70см-ден аспайды, жұны тақырлау қысқа, тері астындағы қоңы жұқа болса казак төбеті ірілеу. айталық, соңғы төбеттерді быры мойнақ атты иттың шоқтығы 79 см, салмағы 62 кг, жіліншігі орамы 17см, кеудесінің орамы 98 см, басы 57 см. жазба әдебиеттерді сараптай отырып, олар шынымен-ақ быр-біріне ұқсас екі тұр деп пайымдауға болады.

Мастиф иттерге жататыны төбет немесе борыбасар түрлері туралы орта ғасырлық еуропалық жиһанкездер тамсана жазады (тазытуралы жұмған аузын ашпайды дедік) . мәркө поло ежелгі казак жері мен тибетте үлкендігі есектей ит ұшырасатындығы туралы жазса, шағатай ұлысының патша сарайында он мыңдай ит ұсталады, олардың тұқымы мәделян (мәдениленген) иттерден, оларды аң аулауға, күзетуге, жүк тарттыруға қолданады дейді


Тоғызқұмалақ

Тоғызқұмалақ - ұлттық спортымыздың ішіндегі шоқтығы биік, қалыптасып орныққан спорт түрі, бұл – тоғызқұмалақ. Бұл спорт түрі – әлемдік мәдениеттің озық үлгілерімен бой теңестіре алатын, түркітөктес халықтардың рухани, логикалық ойлау өнері. Негізінен тоғызқұмалақты жақсы қолға алып, дамытып жатқан Қазақстан мен Қырғызстан федерациялары. Қазақстан спортшылары Қырғызстанның ашық біріншілігінің тұрақты жеңімпаздары десек өтірік емес. Қазақстан федерациясының басшысы Әлихан Бәйменовтың тікелей қолдауымен Еуропада, Америкада тоғызқұмалақты насихаттап, түрлі жарыстар ұйымдастырылып тұрады. Және бұл ойын интеллектуалды ойындардың қатарына еніп, бүгінде Лондондағы олимпиадада тоғызқұмалақтан турнирлер өтеді. Сондай-ақ, ұлттық спортымызды ұлықтап жүрген испаниялық Дэвид Котин, американдық Баутиста Роха секілді тұлғалар да осы өнерді дамытуға атсалысып жүр.

Ал бірақ еліміздегі жағдайға келсек, әлі де тоғызқұмалақтың дамуында кедергілер кездесуде. Жай ғана тоғызқұмалақ тақтасының өзін табу іздегенге қиынға соғады. Сонымен қатар, осы ойынның компьютерлік бағдарламасы жоқ. Тоғызқұмалақ туралы, оның ережесі жайында толыққанды кітаптар да жоқтың қасы.

Тоғызқұмалақ қазақтың аса ңызық ұлттық спорт ойындарының бірі. Ол халық арасында өте ежелден тараған. Ойын ойды ұштайды, есте сақтау қабілетін, математикалық ойлауды дамытады. Ойынның көптеген тәсілдері бар. Ол ойыншыдан аса төзімділікті, қорғану тактикасын шабуыл әрекеттерімен шебер уштастырып отыруды талап етеді. Жоғарыда жазылғандай тоғызқұмалақтың жолдары көп. Соңғы жылдары оның біреуі ғана кеңірек тарауда, жарыс та сол бойынша өткізіледі.

Ойын құралдары. Тоғызқұмалақтың арнайы тақтасы болады. Оның бетінде тоғыз-тоғыздан екі жаққа бөліп орналас-ырыған 18 отауы және екі жақта екі қазаны бар. Ойын кезінде пайдаланылатын 162 құмалағы болады. Екі жақтың отаулары солдан оңға қарай сандармен белгіленеді. Әр отаудың өзінің аты бар. Мысалы, белбасар, нандыңақпан, көкмойын, т. б. Бул отауларда туздық жасай алған ойын-шының артыңшылығы болады, өйткені жүрістің көпшілігі осы отаулар арқылы өтеді. Сондай-ақ таңдық және көшпелі аталатын отауларға құмалақты көп жинау-дан аулақ болу керек, өйткені ол отау-ларды қарсы жақ ұдайы шабуылдап отырады.



Кәзіргі заманғы Тоғызқумалақ тақтасы

Ойынның мақсаты. Тоғызқумалақ ойынында да екі жақ кезектесіп жүріс жасайды. Ал жүрістің қай жағы бірінші жасайтынын білу үшін жеребе тартылады. Ойынның мақсаты қарсыласынан бұрын өзінің қазанына 82 қумалақ жинап алу. Егер екі ойыншының қазанында да 81 қумалақ болса, ойынның тепе-тең аяқталғаны.

Жүру тәртібі. Жүріс жасағанда ойыншы кез-келген отауындағы қумалақтың біреуінен басқасын (біреу болса, онда ештеңе қалдырылмайды) түгел қолына алып, сағат тіліне қарсы бағытта араға отау қалдырмай бір-бірлеп салып шығады. Осылайша жүріс жасағанда ең соңғы қумалағы қарсы ойыншының отауына түскенде сол отаудағы қумалақ саны жұп болса, ондағы қумалақты түгел өзінің қазанына салады. Мұндай жүріс, табысты жүріс деп аталады. Ал ең соңғы қумалақ түскен отауда таң қумалақ болса немесе ол ойыншының өз отауына түссе, бұл жай жүріс деп аталады. Қарсы жақ та осындай тәртіпте жүреді.

Тұздық. Жүрген ойыншының ең соңғы қумалағы қарсыласының екі қумалағы бар (9-шы отадан басқа кез-

келгеніне) отауына түссе онда ойыншы ол құмалақ-тарды өзінің қазанына салады. Содан бұ-дан былайғы жүрістің бәрінде де осы отауға түскен құмалақ әлгі ойыншының қазанына салынып отырады. Міне, осыны тұздық, тұздық алу деп атайды.

Ойынның аяғында екі жақтың бірінің нұмалағы таусылады да отаулары бос қалады. Қумалағы бар жақтың тақтадағы барлық құмалақты өзінің қазанына салып алуға қақы бар. Осылайша бір ойыншы отауларының бос қалуын атсырау дейді.

Ойын үстінде өзінің немесе қарсы жақтың орынсыз нол тигізуіне тыйым салынады. Егер ойыншы отауындағы құмалақты қолына алған болса, жүрген болып саналады. Сондай-ақ ол құмалаққа нол тигізген отауынан, егер қарсыласының нұмалағына нол тигізсе, ең соңғы тасы сол отауға түсетіндей етіп жүруге міндетті.

Партияны жазу. Екі жақтың отаулары санмен белгіленіп қойылатындығын жоға-рыда айттық. Соны пайдаланып, тақтадағы жағдайды жазып отыруға болады. Сон-да алғашқы сан отаудың рет саны, ал одан кейінгі сан (сандар) онда неше құмалақ барын көрсетеді. Жүрісті көрсеткенде жү-ріс басталған отау мен аяңталған отаулар жазылып, арасына сызықша қойылады. Егер сызықша орнына қос нүкте қойылса, онда оның табысты жүріс болғандығы. Ал тұздық алынған отаудағы құмалақ саны-нан соң Х таңбасы жазылады. Сондай-ақ жүрістің сипатын көрсететін басқа белгілер де пайдаланылады.

Партияны қағазға түсіргенде екі жақ-тың жүрісін бағана етіп жазған дұрыс.

Тоғызқұмалақтан ресми жарыстар және жолдастық кездесу өткізіледі. Чемпионат, біріншілік, ауқымды жарыстарға ба-ратын спортшыларға анықтау жарыстары ресми болып табылады. Бұған спорт ше-бері атағы мен разряд берілетін жарыс-тар да жатады. Сондай-ақ жарыс жекелей, командалық, жекелей-командалық болуы мүмкін. Олар айналым әдісі бойынша өткізіледі: әр ойыншы қалған ойыншы-лармен бір рет ойнап шығады.

Жеңімпазды анықтау. Ойыншылардың бірі қазанына 82 құмалақ жинаса, қарсы-ластардың бірі ұтылғандығын мойындап, ойынды тоқтатса, ойыншының бірі атсы-рағанда да екіншісі жеңіске жеткен болып табылады.

Сонымен қатар ойыншының бірі уаңыт-ған утылса, кездесуге 30 минут бойы келмесе, жарыстан шығып қалса, тәртіп бузса, екіншісі жеңді деп хабарлайды.

Егер екі ойыншының ұпайы бірдей болса, олар қайтадан ойнайды. Тағы да тең түссе, мына жағдайлар ескеріледі: қарсыласынан алған ұпайы көп болса; утқан партиясының саны артық болса; утқан құмалағының саны артық болса; қайта ойнағанда артық құмалақ алған болса, сол ойыншы жеңімпаз деп танылады.

Командалар арасында ең көп ұпай жинаған команда жеңімпаз атанады. Егер екі не одан да көп команда бірдей ұпай жинаса, олардың утқан партияларының саны, күшті (әлсіз) командалардан алған ұпай саны, екі (не одан да көп) команда-ның өзара кездесу нәтижелері ескеріледі.

Тыйым салынған амалдар. Ойын үстін-де өзі жүрмей тұрып, қарсыласының са-ғатын қосуға, ойынның барысы туралы біреуден сурауға, тоғызқұмалақ туралы жазылған қолжазбаны, кітап оқуға, жүріс жасайтын уақытта турып кетуге, ойынды талдауға, отауларды қолмен устауға, қат-ты сөйлеуге, ойынға қатысы жоқ нәрсе-лермен айналысуға тыйым салынады.

Ойыншылар төрешінің айтқандарын сөзсіз орындао отырулары тиіс.

Ойынға берілетін уақыт, қатысу тәрті-бі, партияны қайта ойнау, кейінге қалды-ру, аяқтау, т. б. жағдайлар ойын ереже-сінде көрсетіледі.

Халқымыз сонау ерте заманнан өнердің алуан түрін бойына сіңіріп, сол өнерлерін ұрпақтан ұрпаққа аманаттап, бүгінгі күнге жеткізіп келеді. Тоталитарлық жүйенің ықпалында болуында қарамастан біз атадан-балаға мирас болып келе жатқан төл құндылықтарымызды сақтай білдік. Бұлай деуге негіз, дүниеде ұлт ретінде өзіне тән мәдениетін, өнерін, дәстүрін жалпы айтқанда сол ұлттың өзіне тән құндылықтары тарих бетінен өшіп, мына жаһандану заманында жойылып кетіп жатқаны қаншама. Қай ұлт болмасын өткеннің көрінісі болған құндылықтарын осы уақытқа дейін жеткізіп, келер болашаққа өткізіп беруі тым күрделі құбылыс. Тек дара шыққаны, өмірлік мәні, құны бар құндылықтар ғана келер ұрпаққа жетіп отыратыны айқын. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халыққа

жолдауында «Патшалықтың, төңкеріс дүмпуі мен тоталитаризмнің барлық ауыртпалығы мен қиыншылықтарына қарамастан, біздің еліміздің аумағында тұратын қазақтар және басқа да халықтардың өкілдері өздерінің мәдени ерекшеліктерін сақтай алды» – деп атап өткен болатын.

Міне, осындай ұлтымыздың ежелден өшпей бүгінгі күнге жетіп, қазір қарқындап дамып отырған құндылығымыздың бірі, ұлттық ойынымыз – тоғызқұмалақ. Бұл халқымыздың тамырын тереңге жайған төл мұрасы. Бұл спорт түрі – әлемдік мәдениеттің озық үлгілерімен иық теңестіре алатын, қазақ халқының ежелден келе жатқан рухани, логикалық ойлау өнері.


Ойынның шығу тарихы туралы нақты қандай бір дәлме-дәл дерек жоқ. Алайда зерттеуші ғалымдардың пайымдауынша ойын осыдан 4000 жыл бұрын пайда болған деседі. Тоғызқұмалақ көшпелі қазақтың өмірінен көрініс беретін бірден-бір ойын. Себебі ойын көшпенді қазақтың тұрмыс-тіршілігімен және мал шаруашылығы тығыз байланысты. Ерте кезден-ақ халық жерден арнайы отау қазып, ойын жүрісі үшін малдың құмалақтары немесе қиыршық тастарды пайдаланған. Бұл ойынның алғашқы көріністері болып табылады. Кейін заман ағымына сай арнайы тақталар пайда болып, ойынның өзіндік ережелері беки түсті.

Бүгінде тоғызқұмалақ үлкен сұранысқа ие болып отырған, кеңінен дамып, қанат жайып келе жатқан ұлттық ойынымыздың бірі. Оның дамуы үшін де бірталай игілікті істер жасалынып келеді. Бұның айқын көрінісі ең алғаш тоғызқұмалақтан елімізде жекелей чемпионат 1974 жылдан бері өткізіліп келеді. 1998 жылдан бері арнайы Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жүлдесі үшін халықаралық жарыстар ұйымдастырылып келеді. 2009 жылдың 19-26 қазан аралығында Шымкент қаласында Азияның тұңғыш чемпионаты өтті. 2001 жылы Тоғызқұмалақ әуесқой ойыншылары үшін Қазақстан Республикасы Тоғызқұмалақ Федерациясы құрылды. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі жыл сайын ересектер, жастар мен жасөспірімдер, ардагерлер арасында жекелей және командалық есепте ел чемпионаттарын өткізуде.

Қазіргі уақытта тоғызқұмалаққа тек қазақтар ғана емес шет ел азаматтары қатты қызығушылық танытып отыр. Әлемнің көптеген елдерінде ұлттық ойынымыз кеңінен насихатталып жатыр. Бұл

әлемдік деңгейдегі ойын үлгісіне айналып бара жатыр. Сөзімізге дәлел мәселен, Моңғолияда тоғызқұмалақтан мектептерде арнайы олимпиада өтеді екен. Көршілес Қытай, Қарақалпақстан елдерінде ойынның үлгілері сипатталған арнайы кітаптар, ғылыми еңбектер шығарылған. 2007 жылы Македонияның Охрид қаласында өткен Түркі тілдес халықтардың жастар құрылтайында 40 елден келген 240 делегатқа ұлттық ойыннан арнайы семинар, тренингтер өткізілген. Тоғызқұмалақ алты рет 2006 жылы – Лондонда, 2007, 2008, 2009 және 2010 жылдары – Прага мен Пардубицеде (Чехия), 2010 жылы – Каннда (Франция) дүниежүзілік зияткерлік олимпиада мен фестивальдердің бағдарламасына енді. 2009 жылдың 15 қыркүйегінен бастап ең алғаш рет интернетте тоғызқұмалақ ойыны алғаш рет интернетте тіркеліп, онлайн жүйедегі ойнайтын бағдарламасы жасалды. Бүгінде тоғызқұмалақ тек түркі тілдес халықтар арасында ғана насихатталып жатқан жоқ, Англия, Германия, Чехия, Франция сында әлемнің дамыған елдері де үлкен қызығушылық танытып отыр. Осындай ұлттық мұрамыздың кеңінен насихатталып жатқаны да өз тарапынан оң бағасын, жемісін бере білді. Бұның айғағы 2010 жылдың 1-7 қараша аралығында Елорда төрінде алғаш рет тоғызқұмалақтан әлем чемпионаты өтті. Алғашқы әлем чемпионатына Англия, Әзірбайжан, Германия, Испания, Қазақстан, Қырғызстан, Қытай, Өзбекстан, Латвия, Монғолия, Түркия, Түркменстан, Ресей, Чехия, Швейцария, Украина сияқты елдерден барлығы 50-ге жуық спортшы қатысқан. Сол уақыттан бері тоғызқұмалақтан әлем чемпионаты әлемнің өзге де елдерінде ұйымдастырылып келеді.

«Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді осы әралуандығымен және ұлылығымен қосып қорғауымыз керек, мәдени игілігімізді бөлшектеп болса да жинастыруымыз керек» деп ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы атап өткендей, атадан балаға мирас боп, бүгінге жеткен мәдени құндылығымыздың бір бөлшегі, ұлттық ойынымыз тоғызқұмалақты бүгінгі тарих бетінен өшірмей, келер өскелең ұрпаққа жеткізу біздің басты – парымыз. Олай болса ұлттық ойынды тек қана ұлықтап, болашақ та олимпиада ойындарының қатарынан көрейік.



Ежелгі тоғызқұмалақ түрі

Қазақ халқының ежелгі заманнан ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық спорт ойындарының қай-қайсы да балаларының батыл да батыр, қайсар да қайратты, ақыл-парасатының мол, ойлау қабілетінің ұшқыр болып ержетуіне арналған. Ең алғашқыда-ақ оны ойлап табушылардың соны мақсат тұтқаны анық. Елімізде ерте кезден-ақ «қойшылар алгебрасы», «малшылар математикасы» деп аталып кеткен тоғызқұмалақ – сондай ойындардың бірегейі. Тоғызқұмалақты қазақтармен бірге қырғыздар да, қарақалпақтар мен алтайлықтар да ойнайды. Тоғызқұмалақ ойнайтын бар халықтың да айтатыны: «Біздің түркі халқы ұрпақ тәрбиесіне қаншама мән-маңыз береді, мұны бір ғана тоғызқұмалақ ойынынан-ақ көріп, білуге болады».

Тоғызқұмалақ – интеллектуалды ойын. Ол тұңғыш рет 2006 жылы Лондонда өткен зияткерлік ойындар олимпиадасына енді. 2008 жылы Чехияда тоғызқұмалақтан халықаралық жарыс өткізіліп, 8 мемлекеттің тоғызқұмалақшылары қатысқан бәсекеде бас бәйгені шымкенттік Салтанат Сапарбаева мен Ғалымжан Темірбаев жеңіп алды. Профессор С.Дүйсен тәрізді ғалымдар тоғызқұмалаққа ұқсас ойын ережесінің XII ғасырда ойлап табылғанын айтса, біздің бір білетіміз, қазақтың ұлттық

ойындары туралы жазбаша деректердің ХІІІ ғасырдан бастап қағазға түсірілгені.

Тарихи құжаттарда итальяндық саяхатшы Пано Карпинидің ХІІІ ғасырда Жетісу мен Тарбағатайды басып өткенде жаңағы аймақты мекендеген қазақ тайпалары руларының тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, ойын-сауықтары туралы көптеген этнографиялық материалдар жинап, Еуропа жұртшылығына таныстырғанында, қазақтың тоғызқұмалақ ойыны жөнінде де баяндаған көрінеді. Әзірге бізге белгілі тағы бір дерек, П.Карпиниден соң халқымыздың мол этнографиясынан деректер жинап, ең алғаш рет тоғызқұмалақ ойынының бейнесуретін түсіріп, ойнау тәртібімен бірге қағаз бетінде қалдырған адам-этнограф Н.Пантусов.

«Бұл ойын өте көне және кім ойлап тапқаны белгісіз,- деп жазады ол, өзінің 1906 жылғы зерттеуінде. Ойын қазақтың үш ордасының барлығына тегіс тараған».

Кезінде Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Ғ.Мұсабаев та этнографиялық тексерулер жүргізген-ді. Зерттеу нәтижесінде еліміздің жерінен «тоғызқұмалақтың» тас бетінде қашалып салынған да таңбалары табылды. «Қазақтың ұлттық ойындары» атты кітап жазған Базарбек Төтенаев мұны растап, Тарбағатай тауының Сайқан жоталарының бірінде, Қоржынбай жайлауының етегінде жартасқа салынған тоғызқұмалақ тақтасының барын, Ақшұқыр деген тас төбенің үстіндегі тегіс таста тоғызқұмалақтың отаулары мен қазандары қашалып бедерленгенін баяндайды.

Неміс ғалымдарының зерттеулерінде де тоғызқұмалақтың мұнан 4 мың жыл бұрын Қазақстан мен Қырғызстан жерінде өмір сүрген тайпаларының ойыны болғандығы айтылады. Зерттеу деректеріне арқа сүйесек, тоғызқұмалақ ертеде ғұндардың әскеританымдық ойыны болып, Мөде қаған тұсында «Орда» ойыны деп аталған. Түркілердің дүниетанымында «Орда» - мемлекет ұғымымен шектес қарастырылатын сөз. Алтын Орда, Ақ Орда, Көк Орда – бәрі де тарихымызда болған мемлекет атаулары ғой. Орда сөзінің Отан деген ұғыммен де мағыналас айтылатын кездері бар. Қазір мемлекетті президент басқарса, бұрын Ордаға билікті қаған жүргізді. Қағанға бағынған халықтың әр үйі әскерге ат (адам) беруге міндетті болды. Бейбіт заманда отбасында болатын

жауынгерлер соғыс, жаугершілікте Ордаға жиналды. Орда халықты біріктіретін, жан-жақтағы әскерінің басын бір жерге қосатын, жинайтын орын болды. Соның әсері, тоғызқұмалақ ойынында «қазан», «орда» сөзі қатар аталып, қолданылып, жинақтаушы қызмет атқарып, соған сәйкес ойынның атауы ретінде де кейбір ауыз әдебиеті үлгілерінде көрініс тауып, бізге жетіп отыр. Ойынның осы көне атауының қырғыз халқының «Манас» дастанында кездесуі де сондықтан. Дастанның Сағынбай Оразбекұлының нұсқасындағы 1978 жылғы бірінші кітабының 296 бетінде Манас батырдың тоғызқұмалақ (Орда, М.С.) ойынын ойнайтыны былайша жырланады:

Ордо деген оюнду

Бизге мирас қалғаны.

Тоғуздап коргоол салғаны,

Бу Манастан калғаны.

Әлгі «Манас» дастанының екінші кітабының 308 бетінде Алманбет батырдың Шу бойына Манасты іздеп келгенінде, батырдың қырық шатыр тігіп, алаңсыз Ордо ойнап жатқанының үстінен түскендігі айтылады. Қырғызша Ордо сөзі – қазақша Орда екені белгілі. Соған сәйкес, бірқатар этнографтар: «Біздің «тоғызқұмалақ» атты ұлттық ақыл-ой өнерімізді; «Тоғызқұмалақ – шексіз қозғалыс ойыны» деп жазғаннан гөрі, Орда деп атап, «Орда – ат жинау немесе қор жинау ойыны» деп жазғанымыз дұрыс», - дейді. Қазақ халқында тоғызқұмалақ туралы ең алғаш кітап жазған С.Аманжолов та 1936 жылы жарық көрген туындысында орда сөзін кеңінен пайдаланып, «18 отаудың ортасын ала бірімен-бірінің арасы 8 сантиметр жерде 2 үлкен шұңқыр болады, әрқайсының кеңдігі 8 сантиметр, тереңдігі 2 сантиметр. Бұл шұңқырларды – «Орда» немесе «Қазан» - дейді», деп мәлімдейді.

«Тоғызқұмалақ (Орда) ойынының ғасырлар бойы сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жетуінің бір сыры, ата-бабаларымыздың ұл-қыз тәрбиесіне айрықша көңіл бөлуінен, ауызша айтып қалдыру, есте сақтау қасиетінің мықтылығынан, балбалтастарға, Орхон-Енисей ескерткіштеріне ұлттық ойын тақтасын бедерлеп ұрпағына салып кеткен даналығынан. Қазақтың тоғызқұмалақ тәрізді есеп ойындарының тәрбиелік те, танымдық та терең мән-мағынасы бар ғой, шіркін. Оның жырмен өрнектелген бір түрі 1985 жылы

Алматыдағы «Жалын» баспасынан жарық көрген «Жеті жүз жұмбақ» атты кітапта тіпті былай деп те жазылыпты:

Тоғыз отау көтерген Алтын орда,
Екі ауыл қатар қонған оң мен солға.
Тоғыз отау қоралап қой өргізіп,
Екі қойшы салыпты ылғи солға.
Бағады қойын қойшы шыр айнала,
Қошқар, тоқты, еркек қой, саулық жаңа,
Бірі арық, біреуі семіз емес,
Барлығының салмағы бірдей ғана.
Аяғы жоқ, құлақ жоқ, мүйізі жоқ,
Қанша қуғын көрсе де бүйірі тоқ,
Серке, теке, қой-ешкі айырылмайды,
Жаратты екен қай мықты осындай ғып.

Өлең арқылы ой қорытып көрейікші: тоғызқұмалақ тақтасындағы отаулар саны 18 (9+9) емес пе, әр отаудағы тастардың да (құмалақтардың) саны тоғыздан. Әр ойыншының отауларындағы тастар саны 81 (9x9). Жалпы тастар – 162 (81+81). Отаулар солдан оңға қарай есептеліп, бірінші отау – «арт», екінші отау – «тектұрмас», әрі қарай, рет-ретімен – «ат өлмес», «атсыратар», «бел», «белбасар», «қанды қақпан», «көк мойын», «маңдай» деп аталады. Құранның математикалық құпияларын зерттеп жүрген жезқазғандық ғалым Ғұзыхан Ақпанбектің айтуынша, «Әлемді тану жолындағы астрономия ғылымының бір сыры тоғызқұмалақ ойыны арқылы танылған. Тоғызқұмалақ ойынын дұрыс, сауатты ойнау үшін күрделі есептеулер жасай білу қажет». Иә, тоғызқұмалақ ойыны халқымызда «қойшылар алгебрасы», «малшылар математикасы» деп аталған ғой, осы сөзден-ақ шебер ойыншылардың күрделі есептеулерге жетік жандар екенін аңғару қиын емес.

Ұлттық ойынымыздың өмірге келуі, түркі тілдес көп халықтың ортақ асыл құндылығына айналуы, әлемге тарауы туралы пікірлер сан алуан. Соңғы деректер бойынша, қазір Қырғызстандағы мектептерде тоғыз-қоргоолдан олимпиада өтеді, Қытайда, Қарақалпақстанда тоғызқұмалақ хақында кітаптар, ғылыми еңбектер жарыққа шығуда, көршілес Алтайда, Қарашай-Шеркеште, Сахада тоғызқұмалақ үйірмелері бар, Еуропаның бірнеше елінде тоғызқұмалақ ойналады. Әлемде тоғызқұмалаққа

ұқсас мынандай ойындар көп: Моңғолияда – эсон коргоол, Шри Ланкада – олинда калия, африкалықтарда – манкала, габата, абапа, нам-нам, бао, тамподуо, омвесо, маработ, тұрғылықты американдықтарда – аджи-бото, варри роунд және роунд, азиялықтарда – сунгка, палангули, гонгкак. Мұның ішінде Африкадағы Уганда еліндегі омвесо деген ұлттық ойында тоғызқұмалақтан бір өзгешелік, отау саны көбірек (32 отау), құмалақ саны азырақ (64 құмалақ). Угандықтар осы ойынды әлемдік интеллектуалдық ойындар қатарына кіргізіп, одан жыл сайын біресе Америкада, біресе Англияда олимпиадалар өткізіп келеді. Шри Ланканың манкала үлгісіндегі жеті отаулық олинда калия ойыны болса, интернет арқылы жедел дамып, әлем халықтарына одан әрі тарай түсуде.

Әлем халқына кең тараған зияткерлік ойындар мыңдап саналғанымен, Д.Мюррей тәрізді зерттеушілер оның бәрін бес-ақ түрге бөліп қарастырады. Оның соңғы түрлеріне африкалық калах пен арабтардың манкаласы және қозғалыс ойындары кіріпті. Қазіргі деректерде әлгі ойындардың мұнан 3,5 мың жыл бұрын Африка немесе Азия елдерінде пайда болуы мүмкін екендігі айтылады. Болжам археологтардың қазба жұмыстары кезінде тапқан ойын тақтасы, шар типтес заттар негізінде жасалып отыр. Бұл ойындардың пайда болған мерзімі тіпті әріде жатқандай. Египет саркофагтарындағы, Афины храмдарындағы, көне керуен жолдарындағы тастарға салынған суреттер, кескіндер соны меңзейді. Тек, есте болатын бір жағдай, калах ойыны көптеген ғасырлар бойы ұмытылып қалып, XIX ғасырдың соңында ғана Вильям Чемпион тәрізді зияткерлік ойын жанашырларының насихаттап, дамытуының нәтижесінде қайтадан өмірге келді, тоғызқұмалақ ойыны болса, ешқашанда ұмытылмай, ғасырлар бойы қазақтарда, түркі тілдес халықтарда ойналып келеді. Олай болса, калах тоғызқұмалақтың негізі емес, «Домино, нарды, кости» деген кітаптағы «Калах көптеген халықтарға таныс болған, әркім оны өзінше атаған және қосымша ережелер енгізген. Мысалы, қазақтарда калах – тоғызқұмалақ, Малак жартыаралында – джонгк, Шығыс Африка елдерінде – оуа деп аталады», - деген пайымдау жаңсақ. Калах тоғызқұмалақтың негізін салған жоқ. Керісінше, калах тәрізді көптеген зияткерлік ойындар тоғызқұмалақ арқылы өмірге келген.

Нью-Йорк қаласындағы Аляска университеті тоғызқұмалақты арнайы зерттеп отырған бірден-бір орталық. Оқу ошағында тоғызқұмалақтың компьютерлік бағдарламасын жасау қолға алынған. Лондонда тоғызқұмалақ тектес ойындардың мұражайы бар. Берлин қаласында «Неміс зияткерлік ойындар мұрағаты» ғимаратында тоғызқұмалақ туралы шыққан еңбектер жинақталуда. Испан азаматы Виктор Ватутиста тарихымызда тұңғыш рет ағылшын тілінде тоғызқұмалақ ережелері мен компьютерлік бағдарламасы орналастырылған арнайы сайт ашып, интернетте арнайы сабақтар өткізіп отыр. Әйгілі суретші Н.Хлудов 1900 жылы «Тоғызқұмалақты ойнау сәті» деген сұрақ салды.

Тоғызқұмалақ қазақтың ерте заманнан келе жатқан ұлттық спорт ойыны болғанымен, оны қырғыздар да, қарақалпақтар да, алтайлықтар да ойнайды, Түркия, Түркіменстан, Өзбекстан елдерінің кейбір аймақтарында да ойналып, одан жарыстар өткізіледі. Тоғызқұмалақты қырғыздар – «тоғузкоргоол» десе, Ақтеңіз жағалауындағы кейбір көшпелі түрік тайпалары «тоғузташ» деп атайды. Коргоол – моңғол тілінде құмалақ, таш-тас деген сөз.

Мұхтар Әуезов бастаған Абай өмірін зерттеушілердің айтуынша, ақын тоғызқұмалақты аса құмарта шебер ойнаған. Абайдың үзеңгілес жолдасы, ақындық жолда шәкірті болған Көкбай Жанатаев та оның ән-күй, сауық кештерімен бірге тоғызқұмалақты, дейбі ойындарын да демалыстың, көңіл көтерудің бір түрі санағанын жазып кетіпті. Ол өз естелігінде былай дейді: «Тобықтыда бес-алты ойыншы шықты. Солар: Көрпебай, Құттықожа, Қуаттың Құдайбердісі, Нақыштың Смағұлы дегендер еді. Абай осыларды кезек-кезек алғызып, кейде бәрін бір уақытта жиып, көп күндер бас алмай ойнап жатады. Артынан ойын тарқап, әлгі кісілер қайтатын болғанда, дәулеті аз нашарларына соғымдық тай, тайынша, қой, киім сияқты нәрселер беріп қайтарады...».

Қазақстанда тоғызқұмалақ ойынының қазіргі үлгісі 1948 жылы қалыптасты. Ұлттық ойынымыздың заман талабына сай классикалық ережесін жасауға Мұхтар Әуезов пен халық әртісі Қалибек Қуанышбаев зор еңбек сіңірді. Қазір елімізде тоғызқұмалақ ойыны жетілген тоғыз отаулық классикалық ережемен ойналады. Ойынның жүрісі оңнан солға қарай. Әрбір

отаудың мынандай атауы бар: бірінші отау – таңдық, екінші отау – көшпелі, үшінші отау – атөтпес, төртінші отау – атсұратар, бесінші отау – бел, алтыншы отау белбасар, жетінші отау – қандықақпан, сегізінші отау – көкмойын, тоғызыншы отау – маңдай. Әр отаудың бұлай аталуы өзіндік тарихына байланысты. Бертінде тоғызқұмалақ тақтасы ағаштан жасалды да, әрбір отаудың маңдайына «а» харпінен бастап, тоғыз отаудан солдан оңға қарай – а, б, в, г, д, ж, з, и әріптерімен белгіленді. Осы әріптік белгілерді қойған адам – Шәймерден Ыбыраев. Ойынды бұлай белгілеу жазу кезінде қиындық туғызды да, 1974 жылы әріптік белгі сандық белгіге көшірілді. Оның авторы – С.Тілеубаев. Тоғызқұмалақ ойынының алғашқы біріншілігі Қазақстанда 1948 жылы өткізілгенінде оған төрт ойыншы қатысып, жамбылдық Шорман Өтегенов жеңімпаз деп танылды. Республикалық деңгейдегі аймақтық біріншіліктер 1970 жылдарға дейін бірнеше рет ұйымдастырылып, Рақымбай Ақмамбетов он реттен аса жеңіске жетті. Қазақ КСР тоғызқұмалақ федерациясы 1974 жылы құрылып, федерация ұсынысымен 1977 жылы тоғызқұмалақтан республика чемпионына «Спорт шебері» атағын беруді мақұлдады. 1980 жылы тоғызқұмалақ ойынының негізгі қағидаларына өзгерістер енгізіліп, 1991 жылы белгілі тоғызқұмалақшы Б.Азымжанов пен

М.Тәникеев ұлттық ойынымыздың негізгі қағидаларына жаңа түзетулер мен өзгерістер енгізді, ойынның жаңа кодексін өмірге әкелді. 1991 жылға дейін жекелей чемпионаттарда ерлер мен әйелдер бірге сайысқа түсті, 1997 жылдан бастап Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев жүлдесі үшін тоғызқұмалақтан халықаралық жарыстар өткізіле бастады, 2001 жылы республикамызда ұлттық ойынның ардагерлері мен жасөспірімдері арасындағы чемпионаттар бөлек өткізілетін болып белгіленді, 2005 жылдан бастап әр ойыншының жеке дәрежесін (рейтингтік) есептеу тәртібі енгізілді. Қазір жас ерекшеліктеріне сәйкес те ұлдар мен қыздар, ерлер мен әйелдер арасында жарыстар өткізіледі. Және жекелей чемпионаттар мен шапшаң ойнау чемпионаттары да ұйымдастырылады. Біздің елімізде тоғызқұмалақ ұлттық ойынымыздың дамуына ерекше үлес қосқан жаттықтырушылар мен мамандар: Б.Әзімжан, Ә.Ақшораев, Б.Елшиев, Ш.Жақыпов, А.Жақыпбаева, Е.Иманбаев, С.тілеубаев және тағы да басқалар.

Ұлттық ойынымыздың атауы «тоғызқұмалақ» - біріккен сөз. Алғашқы сыңары – сан есім де, кейінгісі зат есім. Құмалақ неге жеті, сегіз, он бір, он үш емес? Рас, тоғыз саны ежелгі түркілерде көптік мағынаға ие әрі қасиетті сан. «Тоғыз жолдың торабы», «Тоғыз қабат торқадан, тоқтышақтың терісі артық», «тоғыз інген боталап, тоғыз інген құлындап» - деген сөз тіркестерінің бәрінде тоғыз саны көптік мағынаны білдіріп тұр. Тоғыз – шексіздікті бейнелейтін сан. Құмалақ – домалақ, қозғалғыш. Желмен алға қарай домалайды, жоғарыдан төмен қарай созылған тас, тақта үстіне қойсаң дөңгелене жөнеледі. Яғни, құмалақ – қозғалыс символы. Сол себепі, ата-бабаларымыз тоғызқұмалақты – «шексіз қозғалыс» ойыны» ретінде атаған. Өздеріңіз сараптап көріңізші, логикасы мықты емес, қиялы шабан адам тоғызқұмалақты ойнай алады ма? Жоқ!

Ойындағы калах сөзі қазан деген мағынаны білдіреді. Демек, «калах», «манкала» - ұтып алынған құмалақтар салынатын орын атауы. Біздегі – қазан, көнедегі – орда. Біздің ата-бабаларымыз ертеде тоғызқұмалақ ойынын құмалақпен ғана емес, домалақ заттармен де, жемістің дәндерімен де, тастармен де ойнаған. Құмалақпен ойнағанның өзінде жүріс жасау барысында оны құмалақ демей, «ат» деп, басқаша атаған («Сенің белбасарыңа жететін менде «ат» жоқ», «сенің «атың» менің «байыма» жығылып жатыр», «байға» жетем десең, «ат» жина»). Иә, құмалақты тура мағынасында қабылдамай, оны қазақтардың дүниетанымына сәйкес түсініп, пайымдай білуіміз қажет.

Тоғызқұмалақ – «Шексіз қозғалыс» ойыны.

Қазақша күрес

Қазақша күрес - Қазақ халқының өте ертеден қалыптасқан спорт ойындарының бірі – қазақша күрес. Қазақша күрес көшпелі халықтың тіршілігімен бірге жасасып келе жатқан спорт түрлерінің бірі. Қазақша күрестің басқа халықтардың ұлттық күресімен салыстырғанда өзіндік бір ерекшелігі бар. Қазақша күрес негізінен әдет –ғұрыпқа байланысты және еңбек процестерін дәріптейтін жиын –тойларда өткізіледі. Кезінде қазақша күрес «күш атасын танымайды» деген ұранмен, еш салмақ дәрежесіз –ақ, үлкен –кішіге қарамай, тіпті баласы мен

әкесі де күресетін болған. Онымен қоса белгілі бір жүиеленген белдесу ережесі де болмаған. Осылайша күш аталары өздерін қарсыласы мен халықының алдында паш етебілген. Мұндай күш аталары халық тарихында, ауыз әдебиетінде жырға қосылған. Әсіресе, тарихтағы халық батырларымен қоса ел арасында аты әйгілі – Қажымұқан, Балуан Шолақ, Битабар секілді алыптар да бар. Белдесуге шыққан палуандарды бір қолды астынан – бір қолды үстінен алып белдестіретін. Бұл белдесуді қазақтар «қоянқолтық» ұстасу деп атайды. Белдесу барысында қолды белбеуден босатуға болмайды.

Қазақша күресте қолданылатын айла – тәсілдердің негізгі түрлері;

- иықтан асыра лақтыру әдісі;
- қарсыласын жамбасқа салып жығу;
- іштен шалып жығу;
- сырттан шалып жығу;

Егер де қарсыластың біреуі әдіс қолданып, екіншісі қарымта жасап бірде құлап түссе, онда «итжығыс» деп, төреші оларды орындарынан тұрғызып қайтадан белдестіреді. Белдесу барысында тең түсу, я ұпай санымен ұту деген болмаған. Белдесудің уақыты шектелмегендіктен міндетті түрде қарсыластың біреуі жеңіске жетеді. 1950 жылы үш түрлі – 66 кг (жеңіл), 82 кг (орта) және 82 кг (ауырсалмақ) дәрежесі бойынша жарыстар өткізіліп тұрды. Жарыс уақыты белгіленді. Әр белдесуге 10 минут уақыт бөлінді. Белдесудің саны шектелді. Бір күнде төрт реттен артық белдесу өткізуге болмайды. Әр белдесуден кейін ең аз дегенде 20 минут дем алуға уақыт беріледі, болмаса одан да көп уақыт берілуі мүмкін. Кілем үстінде белдесудің дұрыс өтуін бақылайтын төреші жүреді. Кілем үстіндегі төреші палуандарды «қоянқолтық» ұстастырғаннан кейін күресті бастауға ысқырық арқылы рұқсат береді. Белдесу барысында ұпай саны емес, таза жеңіс қана есепке алынады. Демек, қарсыластардың біреуінің жауырыны жерге тигенде ғана белдесу тоқтатылады.

Белдесу тең айақталмайды. Ондай болған жағдайда 10 минут аралығында қолданған айла –тәсілдер ғана ескеріледі. Белдесу кезінде қарсыласының қарқынынан қорыққан палуан тең түскісі келсе, тізерлеп отыра қалса болғаны, оған айла –тәсіл қолданып одан ары оны жауырынына жатқызуға болмайды. Және 7 (55, 60,

66, 74, 82, 90, + 90) салмақ дәрежесіне сәйкестелген. 1971 жылдан бері қарай «Қазақ ССР спорт шебері» деген спорттық жоғары атақ белгіленді. Жарысқа қатысушы палуандар міндетті түрде дәрігерлік комиссиядан өтеді және жарыс кезінде дәрігерлік бақылауда болады.

Қазақша күрес біздің барлық палуандарымыздың айла – тәсілдерін жетілдіре түсетін нағыз бұқаралық спорттың бір түрі. Жарыс белгіленгінер ереже бойынша өткізіледі. Командалар салмақ дәрежесі бойынша өзара кездеседі де, ұтылған команда жарыстан шығады. Осылайша, жарыс қорытындысы командалық есеп бойынша шығарылады.

Бұл ұлттық ойындардың ішіндегі ең қарқынды дамыған көшбасшы түрі. Бұлай сөйлеуіміздің себебі де жоқ емес.

Өйткені, қазақ күресінен бүгінгі күнге дейін 4 рет Азия, 1 рет Еуропа, 2 рет Әлем біріншілігі өтті. Дүниежүзілік қазақша күрес федерациясының атқарып жатқан жұмыстары да ұшан-теңіз. Федерация басшысы Серік Төкеев осы спорттың барынша дамып, әлемдік деңгейге көтерілуі үшін игілікті шаралар атқарып жатыр. Орск қаласында өткен әлем біріншілігіне 20-дан астам елден 72 балуан келіп қатысты. Оның ішінде Еуропаның белді мемлекеттері Грекия, Германия, Франция, Испания, Голландия, Швеция секілді елдердің спортшылары да бар.

Сол додаға қатысқан неміс спортшысы Доринг Холгер қазақша күресті жақсы көргені соншалық, өз жерінде осы спорт түрінен үйірме ашып, неміс балаларын қазақ спортына тәрбиелеп жатқан көрінеді. Холгер сияқты азаматтарға қолдау көрсетіп, қазақша күресті жер-жерлерде насихаттасақ, түптің-түбінде ұлттық спортымыз Олимпиада ойындарына кірер ме еді деген ой келеді кейде. Мысалы, жапондар өз дзю-доларын Олимпиадаға кіргізбес бұрын әлемнің түпкір-түпкірінде сол спорттан жарыстар ұйымдастырып, тегін спорттық киімдер таратып еді. Олимпиадаға қазақ күресі кірер болса, онда ел спортының жоғарғы жетістікке жеткені деп ойлауымызға болады. Орскідегі өткен II-әлем біріншілігінде 7 салмақтың алтауында қазақ балуандары алтыннан алқа тағып, көк байрағымызды желбіретіп қайтқан.



Ежелгі түркілер күресі

Спорт тек денені дамыту және спорттық жетілу үшін үлкен мүмкіндік туғызып қоймайды, сонымен бірге спорттың өзіне тарту күші дене және психикалық күштердің көрінуіне жоғары талап, адамның саналылығы мен рухани бейнесін жекелей бағытты тәрбиелеу үшін кең көлемдегі мүмкіндіктер туғызады. Тәрбиелік мақсатқа жетудің соңғы нәтижесі тек спорттың өзіне ғана емес, барлық тәрбие және даму жүйесінің әлеуметтік бағыттылығына да байланысты. Осындай бейнеде, спорттың тәрбиелік мүмкіндіктері өзінен - өзі шешілмейді, спорт аясында жинақталған, тәрбиелік бағытталған қатынастар жүйесі арқылы іске асырылады.

Спорт әлеуметтік – педагогикалық жүйеге кіргендіктен дене тәрбиесінің ықпалды құралы болып табылады, ал спорттың күрес түрлерімен шұғылдану нәтижесінде еңбек және әскери қызметтің маңызды компонентіне айналады. Сол сияқты, қазақ күресінің ел спортын дамытудағы маңыздылығы орасан зор. Күресті бабаларымыз қастерлеген, ақсүйектер спортына балаған. Кешегі XIII ғасырда Шыңғысханның жарысына енген ережеде күрестен

елдің жеңімпаз балуанына сол кездегі ең жоғары, талантты әскери қолбасыға берілетін “Тархан” атағымен бара-бар құқықтар берілген. Оған орасан зор сыйлықтардан бөлек бас балуанның тоғыз ауыр күнәлары кешірілетін “пайза”, яғни рұқсатнама берілген.

Мұндай зор атаққа б.д.д. 539 жылы даңқты Кир патшаның Вавилонды алу жеңісіне арналған әлемдік спорт ойындарында сақ патшайымы Тұмар (Томирис) ханымның жұбайы, қасиетті сыр бойын жайлаған елдің ұланы, Рүстем күрестен грек, парсы балуандарының жауырындарын жер иіскетіп, әлемдік бас балуандықты жеңіп алған.

Нақтылы дерек көздерінен алынған бұл мәлімет біздің халқымыздың әлемдік Халықаралық жарыстағы жеңісі болуы мүмкін. Қазіргі заманғы танымал спортшыларымыз олимпиада ойындарының әлем біріншіліктерінің жеңімпаздары Жақсылық Үшкөмпіров, Шәміл Серіков, Дәулет Тұрлыханов, Қабден Байдосов, Амангелді Ғабсаттаров, Мәлік Нәдірбековтер өздерінің даңқты жолдарын қазақ күресінен бастаған. Қазақ күресінің үздік әдіс-тәсілдері орыстың “самбо” күресінің негізгі үлгісіне енген. Күреспен шұғылданған жас жеткіншектер, дзю-до, еркін күрес, грек-рим күресі сияқты олимпиада ойындарына енген күрес түрлерін тез меңгеруге алғы шарт жасайды. Күресті әлемнің 60 елі мойындап отыр. Күресу қазақтың қанымен келген, жүрегіне жақын спорттың асылы. Мұнда ұлттық рух, туған топырағына, еліне деген сүйіспеншілік, ел намысы үшін өз ар намысын құрбан ету сияқты патриотизм бар.

Қазіргі таңда елімізде қазақ күресін әлемдік бәсекеге лайықты спорт түрі деңгейінде дамыту басты мақсатқа айналып отыр. Күшпен әдіс-тәсілдерді бір сөзбен айтқан да, күш болмаса әдіс-тәсілдің, әдіс-тәсіл болмаса күшті қолданудың бәрі бекер болғаны және жеңіске жетудің жүзеге асырылуы да мүмкін емес. Сондықтанда қазақ күресімен шұғылданбас бұрын маман жаттықтырушы шұғылдануға талап білдірушілердің денсаулық жағдайын медициналық тексеруден өткізуі тиіс. Жақсы балуан дайындап шығару үшін жанкештілікпен тер төгіп, тиянақты жаттығумен үздіксіз жаттығу жасау қажет. Білікті бапкер оқытатыну жүйесін күнделікті жүйелі түрде жетілдіре отырып, әр шұғылданушыны үлкен жүктемелерді меңгеруге дайындауы тиіс.

Яғни, бұл кілем үстіндегі белдесулер жоғары қарқындылықта өтетін болғандықтан ұзақ уақыттар жүйелі түрде жаттығу қажет.



ҚАЗАҚ КҮРЕСІ

THE QAZAQ KUREST FEDERATION OF REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Қазақ күресінің эмблемасы

Осы заманғы белдесулерде жаттықтырушылар мен мамандар назарының шапшаңдық, күш және қарқынды төзімділікті дамытуға аударылуы өмір тәжірибелерінен туындаған қажеттілік. Жылдамдық-күш қызметі жұмыстарын орындаумен байланысты балуандардың бұлшық еттері жақсы дамыған болуы тиіс. Жаттықтырушылар оқу жаттығу сабақтарында жалпы және арнайы дамыту жаттығуларын іріктеп, таңдап алуы қажет.

Әсіресе мойын білігі, иық иіні, шынтақ, тізе мен аяқ басы буындарының бұлшық еттерін дамытып, бекітуге ерекше назар аударуы тиіс. Сондықтан да қазақ күресімен шұғылданушы жасөспірім балуанға әдіс-тәсілдерді жетілдіруге бағытталған жұмыс жасауы үшін, алдымен қозғалыстың үйлесімді әрекеттерін үйреніп, оны одан әрі жетілдіру, қозғалыс шапшаңдығын дамыту және оны дағдыға айналғанша жетілдіруді қамтамасыз ету, және оның негізінде жекелеген әдіс-тәсілді және қозғалыс әрекеттерін

көп рет қайталау кезеңі жатыр. Әрбір жаттығуды қайталау сыртқы үйлесімді орындалу бейнесімен өтілген алдыңғыларына ұқсас болғанымен, барлық уақытта өзінде жаңа үйренген, жаңа бөліктің мазмұнын береді. Атап айтқанда, мұнда жаңа қозғалыс әрекетінің біртіндеп қалыптасуының кепілі, кілті жатыр. Тұтас қайталау кезеңін мақсатқа сәйкес шартты түрде екіге бөлеміз:

1) Қозғалыс (икемділігін) біліктілігін қамтамасыз ету.

2) Қозғалыс (икемділігін) біліктілігін жетілдіру.

Қозғалыс біліктілігінің пайда болу сатысы қозғалыс икемділігінің негізгі түрінің бірінші бастапқы қалыптасуын қамтамасыз етеді, ал әрекетті орындау қозғалыс икемділігінің қалыптасуының өзіне тән белгісі. Жоғары сатыдағы қозғалыс біліктілігіне кезегімен өтетін қозғалыс дағдысын қалыптастыруды қамтамасыз ету жатады. Міндетке сәйкес педагогикалық жүйенің бұл кезеңі келесі екі сатыға бөлінеді:

1) Қозғалыс дағдысының пайда болуы;

2) Қозғалыс біліктілігінің жоғары тәртібінің қамтамасыз етілуі.

Жетілдіру кезеңінде барлық әдістер кешені қолданылады, алайда бүтіндей үйрету, жарыстық және ойындық әдістері әр түрлі үйлестікте және түрлері басты орын алады. Бір уақытта көру және есту бағдарларын пайдалану көлемі тарылады, бірақ қозғалысты сезіну рөлі артады. Балуандардың күресу тәсілдерін жетілдіруде оқытып үйретудің екінші және үшінші кезеңінің негізінде қозғалыс әрекетін көп рет қайталау жүйесі жатыр. Соңғы кезең үшін қайталау мәселесінің ерекше маңызы бар: көп рет қайталаған дұрыс, бірақ көп қайталау шексіз емес, ол ақылға сыятындай дәрежеде шектелуі тиіс.

Қазақ күресі тәсілдерінің жалпы негізі балуанның әдіс-тәсілдік, сол сияқты жан-жақты дайындығы және ерік күші мүмкіндіктерін шебер пайдалану болып табылады. Мұның өзінде жарыстардағы нақты жағдайларда қарсыласының ерекшеліктері де есепке алынады. Күрестің әдіс-тәсілдері әдіспен қоса алғанда балуанның спорттық шеберлігінің негізі болып табылады. Балуандар мен жаттықтырушылардың бірлескен шығармашылығы арқасында күрес тәсілдері ұдайы жетіліп, арта түседі. Әдіс-тәсілдерді ұдайы жетілдіріп, байыта түсу әдіс-тәсілдік шеберлікті арттырудың міндетті шарты. Егер балуан белдесу барысында ең болмағанда

бір жаңа әдіс қолдана алатын болса, онда соған сай оның әдіс-тәсілдік әрекетінің аясы да кеңі түседі.

Балуандардың әдістік-тәсілдік дайындығының жан-жақты болу қажеттілігі жөнінде айтқанда, біз олардың әр түрлі топтағы бағдарламаларды мінсіз меңгере алулары, шабуылға шыққанда жиі қолданылатын әдістерге қарсы тәсілдер қолданулары, сондай-ақ қарсыластың барлық шабуылдарынан қорғана алулары қажеттігін есте ұстау қажет. Егер балуан қандай болмасын бір қарсыласының негізгі әдісінен қорғана алмайтын болса, оның әлсіз жерін біліп қалған қарсыласынан сөзсіз жеңіліп қалатындығын күні бұрын ақ айтуға болады. Жоғарыда айтып кеткендей балуанның әдіс-тәсілдік мүмкіндіктері көбінесе оның дене күші қабілетіне байланысты. Жаттығу кезінде балуандардың ет қызметін ғана бақылауға алып қоймай, олардың қан айналым және жүйке жүйесіне де мән берген дұрыс.

Тыныштық күйде жүрек соғу жиілігі балуандарда минутына 60-65 рет. Жүрек көлемі жоғары дәрежелі балуандарда Ю.А.Борисова және Г.С.Туманян зерттеулерінің нәтижелері бойынша орта есеппен 953 см³-ты құрайды. В.Л.Карпманның мәліметтері бойынша балуандарда бұл көрсеткіш 953см³-қа тең (жеке спортшыларда 719-1248 см³). Балуандарда жүрек көлемі дене салмағына және бой ұзындығына байланысты. Жүрек соғу жиілігі балуандарда белдесу кезінде жұмыстың қуатына байланысты минутына 170-200 ретке жетеді. Балуандарда жаттығу сабақтарында жүрек соғу жиілігін телеметриялық тіркеу қарсыласын лақтыру кезінде жүрек ырғағы минутына 180-190 ретке дейін өсетінін көрсетеді. Балуанның тәсілдік жағынан даярлануы әдістік әрекеттерді, айқастарды жүргізудегі, сондай-ақ жарыстарға қатысқандағы біліктілігіне, шеберлігіне және дағдыларына байланысты.

Спортшы күресудің әдіс-тәсілдерін спорттық жаттығу ұстанымына сай ұдайы зерттеп, жүйелі және дәйекті түрде жетілдіріп отыруы тиіс. Әдіс-тәсілдерді меңгеріп, жетілдіру жолында жұмыс жүргізгенде жаттығушылардың сол материалдың мәніне қаншалықты терең бойлағандығының маңызы үлкен. Сондықтан-да күрес әдіс-тәсілдеріне үйреткенде жаттығушылардың шығармашылық белсенділігі мен инициативасын ұдайы арттыру, өзінің әрекеттерін сын көзбен

және бүге-шігесіне дейін талдау, әдіс-тәсілдік тәжірибесін тұжырымдау қабілетін дамыту қажет. Егер балуан тапсырманы немқұрайды орындай салатын болса, белсенділік және инициатива көрсетпесе, бұрын жинақтаған тәжірибесін пайдаланбаса, ондай спортшы бәсекелерде жоғары нәтиже көрсете алмайды, яғни күрделі әдіс-тәсілдік міндеттерді өз бетінше шешуге оның қабілеті жетпейді. Өзі жоспарлаған әрекеттерінен қандай болса да ауытқыса (ал мұның өзі жарыста жиі кездеседі), спортшы саса бастайды, қиын жағдайдан амал тауып шыға алмайды, сөйтіп жеңіліп қалу қаупіне ұшырайды. Инициативасы мол, шығармашылық оймен қимылдайтын балуан тез арада әдіс-тәсілдік тәжірибе жинақтап, оны ұдайы байыта береді. Егер жаттықтырушы балуанды оның өресі жетеді деген барлық жағдайда да өз бетінше шешім қабылдай алатындай етіп үйретсе, егер оны жарыстардағы белдесулерде және жарыстарда кездесетін қиын жағдайлардан өз бетінше жол тауып шығуға баулыса, онда оның шығармашылық белсенділігі артып, спорттың шеберлігі шыңдала түседі. Осы мақсатпен балуанның өздегенін шығармашылық жұмыс істеу формасын (әдебиеттерді оқу, үйде әртүрлі тапсырмаларды орындау) кеңінен қолданған жөн.

Сонымен қатар, күреспен шұғылданушыларды күнделікті және жарыстарға қатысқандығы жайлы күнделігіне жазып жүруге үйретіп, дағдыландыру керек. Егер жаттығу сабақтары кезінде видео қойылымдар (фильмдер), сондай-ақ жеке жарыстар хроникасы, кинограмма, т.б. пайдаланылатын болса, әдіс-тәсілдерді меңгеру және жетілдіре түсу едәуір оңай болады. Сондай-ақ жарыстарға көрермен ретінде қатысу, аса күшті шеберлердің, қарсыластарының жаттығуын көру де едәуір пайда береді. Осының барлығы балуанға әртүрлі әдістік және тәсілдік әрекеттерді тереңірек талдауға, сөйтіп оны бүге-шігесіне дейін білуге, ол жөніндегі өзінің түсінік аясын кеңейте түсуге мүмкіндік береді. Тәсілдік даярлықтың әртүрлі әдістері мен құралдарын жаттығып жүргендердің жеке басының ерекшеліктерін ескере отырып пайдаланғанда ғана балуандардың қажетті сапаларын дамытуда жеңістікке жетуге болады. Қазіргі заманғы өскелең өмір талабы жағдайында спорт түрлерінен, оның ішінде қазақ күресінен болашақ жаттықтырушы мамандар даярлауда болашақ мамандар дене шынықтыру мен спорттың теориясы және

әдістемесі, анатомия, физиология, биохимия, дене жаттығуларының биомеханикасы, спорт менеджменті, педагогика және психология сияқты қатарлас пәндерін оқып, білуі және олармен спорттық жаттығуды үйлестіруі тиіс. Әрбір отанын сүйетін, елінің патриоты, кәсіпкер азаматтар қазақ халқының ізгі дәстүрлерінің бірі, ұлттық қазақ күресін дамытуға ат салысуы тиіс. Сондықтан қазіргі таңда ұлттық қазақ күресінің көсегесін көгерту, сонымен бірге әлем мойындайтын спорт түріне дәрежесіне жеткізу үшін жан-жақты кәсіби дайындықтан шеберлік дағдыларын меңгерген білікті мамандар дайындау – дене мәдениеті ЖОО педагогикалық ұжымдарының басты міндеті.

Қазақ күресін дамыту міндеттері:

1. Қазақ күресімен шұғылданатын балуандардың күш қабілеттерін дамытудың ғылыми-педагогикалық негіздерін саралау;

2. Қазақ күресімен шұғылданатын балуандардың күш қабілеттерін дамыту дайындығының әдістемелік бағдарларын көрсету;

3. Жоғары оқу орны студенттерінің болашақ қазақ күресінен жаттықтырушылық мамандығына кәсіби бейімделуін ұйымдастырудың педагогикалық іс-шараларының негіздерін қалыптастыру;

4. Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, болашақ қазақ күресінің жаттықтырушысы мамандарын даярлаудың үйлесімді жүйесін жасаудың ғылыми-практикалық әдістемесін дайындау


Жоғары оқу орындарында, балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері бөлімдеріндегі және жалпы білім беретін орта мектептеріндегі спорт секцияларындағы оқу-жаттығу сабақтары оқу-тәрбие процесінің бөлінбейтін бөлігі болып есептеледі, сондықтан, қазақ күресі арқылы олардың дене мәдениетін қалыптастыру, жаттықтырушылық қызметінде жоғарғы оқу орнын оқыған жылдарында меңгерген шеберлік дағдыларын біліктілік пен дағдыларын іс жүзінде қолдану, дәрежелі спортшылар даярлауда педагогикалық шеберліктерін жетілдіру өскелең өмір талабы.

Асық ойындары.

Бүгінгі жастардың мемлекет қамын ойлайтын ертеңгі елағалары екенін ескерсек, олардың азаматтық санасыбүгіннен бастап ұлттық болмыспен ұштаса дамуы керек. Осы мақсатты іске асыру үшін ұлттық мәдени мұраның озықұлгілерінің бірі болып табылатын ұлттық ойындарды өткізуді дәстүрге енгізу қолға алынды. Ұлттық ойындардың ішінде аса танымалысы - асық ойыны.

Мемлекетіміздің экономикалық қазынасын арттыруға есе қосумен бірге ұлттық бейнесін де танытуға барлығымызды күш-қайрат жұмсауға жетелейді. Ұлттық қасиетті, салт-сананы, дәстүрді қалпына келтіре отырып, ұлттық сипатты да мықтап қалыптастыру - жүрегінде жалыны бар жастардың борышы.

Салт - ұлттың ғұмыр бойы жиған мәдениеті, ұлттың ұлт екенін әлем халықтары мойындаудағы төрт белгінің бірі. Біз асылы бар, жасығы бар, құдайға шүкір, салтқа бай халықпыз. Асық - ойыны сол бай салтымыздың бір дәстүрі.



Көнкіз түрі

Асық ойыны - халқымыздың дәстүрлі ұлттық ойыны және спорт түрі. Халқымыз асықты қастерлеген. Біз жаратылысымыздан мал шаруашылығымен айналысып, малға қатысты мәселенің бәрін білген халықпыз. Өмір салтымыз, әдет-ғұрпымыз төрт түлік малға байланысты. Қаншама атау, ұғым-түсінік, таным мен пайым соған қатысты. Одан өрбитін сөз де, мақал-мәтел де жеткілікті.

Қазақта «Асығың алшысынан түссін» деген ізгі тілек бар, яғни сәті түсіп, жол болып тұрғандығын білдіреді.

Ғасыр бойы халықтың зердесінде сақталып келген осы бір қызғылықты ойынды өскелең ұрпақты тәрбиелеудің тиімді құралы ретінде ұтымды пайдаланған жөн. Асық ойынын жас баладан қарияға дейін ойнай алады және жас, не жыныс айырмашылығына қарамай біройынға қатыса береді.

Ойын - жарыс, не жаттығу өткізуге арнайы орынды талғамайды, үй ішінде, ашық алаңдарда, оқу орындарында, мектеп, балабақша бөлмесінде өткізуге болады.

Асық ойнаған адам жылдамдық пен ептілікті, шыдамдылықпен сабырлықты, тәртіп пен мергендікті жастайынан санасына сіңіреді.

Ертеде халқымыз асықты жас кезінен бастап, тіпті сәби дүниеге келмей жатып, жас нәрестеге арнап асық жинайтындар да болған. Асық тұла бойы құдіретке тұнған күш іспетті. Сол себептен де бақсы-балгерлер асық арқылы болашаққа болжам жасаған. Ол әу баста ежелгі түріктердің арасында кеңінен тараған. Сондай-ақ асықты «Астралаг» деп ежелгі Грецияда, «Талус» деп ежелгі Римде салт-дәстүріне нақышталған ойын ретінде санап әрі насихаттаған. Алайда, асықты қазақтың ұлттық ойыны деп санағанмен, мұны Орта Азия халықтары, оның ішінде өзбек, қырғыз, тәжік т.б. ұлттар да әлі күнге дейін ойнап келеді.

Асық ойыны – өзінің түрлеріне қарай баланың күш-жігерін арттырып, мергендігін, шапшаңдығын, ептілігі мен қырағылығын жетілдіреді. Бір мезгілде бірнеше адам ойнайтын асық ойынының түрлері жас баланың намысын жанып, «қатарымнан озсам» деген талпынысты бойға қасиет қылып сіңіреді. Асықтың атып ойнайтын түрлері үнемі кимыл-қозғалысты қажет ететіндіктен, денені қыздырып, бойдағы қан айналымын жақсартады. Үнемі отырып-тұру, жүрелей отыру, тізені жартылай бүгу, жиырылу, шырығу жас балалардың денесін шынықтырып, аяқ-қолдағы буын ауруларының алдын алады.

Асық ойындарының тәрбиелік мәні зор. Асық ойынын қазағымның кең пейіліндей сары арқа даласында көсіле жазықта ойнағанға не жетсін. Кемі екі адамнан бастап қанша адам ойнасаң да болады. Үлкен мен кіші бір-біріне қамқор болып келісіп ойнасаң да, құрдас пен құрдас бір - біріңе бәсекелесіп ойнасаң да, үлкен мен кіші бір біріңді сынай ойнасаң да әбден болады. Жүгіресің, секіресің, көздейсің, тигізесің, ерегесесің, жеңесің, жеңілесің, ұтасың, ұтылысың, асыққа бай боласың, жоқ боласың. Таза бәсеке, таза тәрбие, өтірігі, арамдығы, жалғандығы жоқ. Ұлттық тәрбие, ұлттық ойын - спорт ойыны, спорттық бәсеке. Шеберлікке, мергендікке, батылдыққа, шешімдікке, ырымға ырысқа тәрбиелейді. Міне асық ойынының кереметігі де осында.

Ұлттық ойындары көбінесе әр халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларына, шаруашылық мүмкіншіліктеріне байланысты қалыптасқан. Қазақ халқының ұлттық ойындарының көбі табиғи заттармен ойнауға негізделген. Шаруашылығы мал шаруашылығына негізделгендіктен қазақ халқының ұлт ойындары да осыған икемделеді. Әсіресе, қойды көп өсіргендіктен, бұл ойынының көбі қой асығымен байланысты болып келеді. Сондықтан асық ойындары ұлт ойындарының ішіндегі арыдан келе жатқан көнелерінің бірі болып табылады.

Асық ойыны баланың жастайынан жүйке жүйелерін шыңдап, оларды дәлдікке, ұстамдылыққа, байсалдылыққа тәрбиелейді. Мұндай қасиеті болмаса, адамда төзімділік, шыдамдылық та болмайды. Ондай қасиеттері болмаса, адам ойында да, өмірде де көздеген мақсатынан шыға бермейді.

Асық ойыны күндізде түнде де ойналады. Күндіз - мергендікке, түнгісі - ептілікке баулиды.

Иіргенде түскен қалпына қарай асық - алшы, тәйке, бүк, шік деп, ал атуға арнап арнайы қорғасын құйылып жасалғаны - сақа, жақсылары - оңқы аталады.

Асық ойынында тігілген асықтарды атуға жарамды сақа таңдап алынады. Сақа болатын асық салмақты, ірі болуға тиіс. Ол көбінесе еркек қойлардың, не қошқарлардың асығы болып келеді.

Сақа арқардың асығы болуыда шарт. Ертеде бай қуаттының балалары ұстайтын, "Қоңқар" немесе "Құлжа" арқардың еркегінің асығы. Салмақты қолға қолайлы және ойнағанда мерейің жоғары

болып жүреді. Тиген асықтар быт-шыт болып жан-жаққа бытырай ұшады.

Асық сойылған қойдың, арқардың, ешкінің, киіктің асықты жілігінен алынады. Оны шикідей де, піскен күйінде де сіңірінен тазалап, пайдалана береді. Шикі асық салмақты, берік келеді. Асықты кез келген жерге тастай салсаң, не тұра қалады, не жатады ғой. Тұрса— не алшы, не тәйке, не омпы тұрады да, жатса— не бүк, не шік жатады. Жолында омпы тұрған асықты көрген қазақ жолым болады екен деп, ырымдап сүйіп алып, сақтап жүрген. Өйткені асық омпысынан өте сирек тұрады.

Асықты жақ- жақ болып та, екі бала да ойнай береді. Екеуден-алтауға дейінгі балалар ойынды тез бітіреді және қызғылықты болады. Балалар тым көп болса, дау көбейіп мәнін жоғалтады.

Асық ойынына қой, арқар, құлжа сияқты жануарлардың асығы мен тайынша-торпақтың топайларынан өңделіп пайдаланылады. Асық ойыны барысында әсіресе, ұтыстың негізгі шарттарының бірі — асықтың алшы түсуіне айырықша мән берілді. Сондықтан алшы түсуге икемді ірі, шомбал еркек қойдың және арқар мен құлжаның асықтары, әсіресе, осы асықтардан жасалған сақалар жоғары бағаланды. Аса тиімді атыс асықтарының қатарына кеней мен топай (жылқы мен тайыншаның топайынан басқа) деп аталатын сақалардың шағын түрлері де жатқызылды. Қазақы ортада сақалар құнды бұйым ретінде ойыншылардың арасында әртүрлі айырбасқа түсіп отырды. Бір сақаны екі асыққа айырбастады. Ал құлжаның сақасы үш асыққа тең болған деген сияқты. Ойыншылар асықтың күтіміне ерекше мән берді. Әсіресе, әртүрлі түске боялған асықтар да жоғары бағаланды. Қазақ әйелдері жүн бояғанда бояудың басыртқысына немесе қалған қалдығына асықтарды салып, сәл қайнатып бояп беретін болған.

Асық ойынының түрлеріне: құмар, тәйке, омпы, алшы, хан ату, қақпақыл, т.б. жатады. Асық ойынының халық арасына кең тараған, басқа да түрлері бар.

Асық ойыны жәй ғана ойын емес-адамдардың өткені мен бүгінгісінің көрінісі, біздің іс-әрекетіміздің оңайлатылған түрі. Сондықтан ойынды тәрбие, үйрету, оқыту құралы деп қарастыру қажет.

Асық ойындарында оның жатысына көп мағына беріледі. Асықтың төрт түрлі жатысына қарайоның мәртебесі арта түседі.

Ал егер асық төбесімен, не екі «аяғымен» тік тұрсаоны «омпы» деп атайды.

«Омпы»-асықтың қалыпты жағдайы емес. Ол жағымен асық өте сирек түседі. Сондықтан «омпы» ойын ережесіне көбіне қосылмайды, қосылуы өте сирек кездеседі.

Асық жатысының мағынасын: адам денесі мүшелерімен салыстыра отырып; адамның белгілі бір жағдайдағы қалпымен; оның қоғамдағы әлеуметтік жағдайымен байланыстыра бейнелеуге болады.

Осы уақытқа дейін асықтың осы мағынасына этнографтар арнайы назар аударған емес. Сол себепті, бұл түсініктемелеріміз де көбіне жорамал мен болжам ретінде қарастырылуы тиіс. Бірақ болжамсыз теория тумады. «Шік» (шөк) – жат, шалқақнан түс, құладегенді білдіреді. Түйені «шөк» деп шөгеру осы мағынаға жақын. Бұл да асықтың әлсіз жатысының бірі - шалқасынан жатқана адамның кейпін береді.



Асықтық жатысының атаулары

Ондай адам қауқарсыз келеді, ішін жоғары қаратып жатқанынан іш, іші, шік – шалқасынан жату мағынасы туындаған. Асықтың ортасындағы шұқыр кіндік шұқырымен сәйкес. Сондықтан, «шік» дегеніміз ойда құлдырау, берілу, шарасыздық, амалсыздық сияқты ұғымдармен сәйкестендіртеді.

«Бүк»-иілу, бұғу, көну мағынасын береді. Асықтың бұл жатысында тағдырдың тәлкегіне түскен, жазмышқа көнген, оны толық мойындаған, әрекеті жоқ, бүкірейіп төрттағандап құлаған, басын түсірген қауқарсыз адамның бейнесі бар. Дәлел ретінде қазақтың «бүк», «бүгіл», «бүктіру» сияқты мағынадағы сөздерін атауға болады. Адамның мұндай жағдайы толық бағынышты құлға тән. Мүмкін, түркілермен көп араласқан орыстардың «бог» деген сөзі «бүк» (бүгіл, тағзым ет) сөзіне туындағаны рас шығар.

«Тәйкі» сөзі «тай» (құлын) сөзінен емес, «тай»(тайып тұр) деген мағынадан шығады. Тайғақ, таю, тайғанақ, осыдан «тәйкі» сөзінің өзгерген түрі. Шынында да, асықты осы беті мұз сияқты тегіс, жылтыр келеді. Бұл – жағдайдың сенімді емес, тайғанақ, яғни, мығым емес, қолайсыз, қауіпті екендігін білдіреді. Сондықтан «тәйкі» адамның қолайсыз жағдайын, ортасы орнықсыз екендігінің бейнесі. Адамдар өз тағдырымен бетпе-бет қалған қазіргі заманда көбінің асықтары «тәйкі» тұр десек болар. Бұл түсініктеме көбіне асық тұрысының мағынасына сай болғанмен, қазақ тілінде «тәй-тәй» (жүр) деген етістік барын ұмытпау керек. Аяғына жаңа тұрған балаға қарата қазақ «аяғыңда нық тұрмасаң да, қадамың құтты болсын, тәй, тәй» деп тілейді. «Тәй-тәй» деген «Жүр! Жүр!» деген бұйрық райына жатады. Ендеше, бұрындары «тай» дегеніміз құлынның жалпы атауы емес, жаңадан туылған құлынға қаратыла айтылатын сөз. Себебі, оның орнынан тез тұрып, тез аяқтанып, қасқырға жем болмай тұрғанда тайып тұруын тілеген адамдар құлынға «тай» деп ырымдап айтуы.

«Алшы» - «ал» деген бұйрық райы етістігінен және «шы» деген әрекетті жасаушыны білдіретін қосым жалғаудан тұрады. Мұнда асық ойыны мен адамның біртұтастығы берілген. «Алшы» дегеніміз асықтың түсуі ғана емес, ол санада «алушы», «женуші», «жаулаушы» мағынасын туғызады.

Ереже - асықтан жарыс өткізу шарттарын реттейді

Асық ойыны адамдардың бойында қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасына құрмет сезімін қалыптастыру, сондай-ақ ептілікке, мергендікке, ұқыптылыққа, сергектікке баулиды және асық ойындарын білуге құштарлығын арттыру мақсатында өткізіледі.

Асықты иіріп тастағандағы жатысы бес түрлі аталады. 1. Ең сәтті тұрғандағы атауы «алшы». /барлығын бірден ұтасың / 2. Төңкеріліп тұрғаны тәукі /тәуекел мағанасы/ (тәйкі) 3. Етбетінен жатқаны «бүк» /бүк түсіп жату/ 4. Шалқасынан түскені «ішік» /іші көрініп жату/ 5. Егер еңкейіп, тұмсығымен тік қадалса «омпа» /омақа аса құлаған/ 6. Таза тұрмай - алшы тұрғаны қисайып, не тәукі қисайып тұрса «қырта» дау туғызатын /қырынан жату/ деп аталады.

Асық ойыны барысында қолданылатын негізгі атаулар, ұғымдар

Асық – төрт түлік мал мен қоңыр аңның санының орта тұсында орналасқан асық жіліктен алынады.

Сақа – асықтың үлкен әрі шымыр түрі, қолдағы бар асықтың үлкенінен, ірісінен, салмақтысынан, оңқайынан белгіленеді. Солақайлар сақаны солақай асықтан ұстайды. Бұл асық жеткен еркек қойдан (серкеден) немесе қошқар-текеден алынады.

Алшы – асықтың қырынан тұрғанда ойығы үстіне, алтегістеу, тәйке жақ беті астына қарап түскен қалпы.

Тәйке (тәйкі) – асықтың алшыға қарама-қарсы түскен қалпы.

Бүк (Бүге) – асықтың иірілгенде дөңес жоны үстіне қарап, етпетінен жатық түсуі.

Шік (Шіге) – асықтың иірілгенде шұңқыр құрсақ жағы үстіне қарап, шалқасынан жатық түсуі.

Тұрық – асықтың алшы не тәйке түсуі.

Омпы (оңқа) – асықтың тұмсығымен жер тіреп, тік шаншылып түсуі.

Сомпы (шоңқа) – асық тұмсығымен көкке қарап, тік шаншылып шоңқая түсуі.

Қынжы (жантай) – асықтың омпыға қарсы жағымен жерге қарап түскен түрі;

Табан – асықтың тәйке жағы.

Оңқай – асықтың бүгесі алақанға қарап, тәйкесі оң қол бас бармағына басылып ыңғайлы ұсталуы. Оңқай асық малдың сол жақ аяғының тілерсегінде болады.

Солақай – асықтың шігесі сыртқа қарап, алшысы оң қол бас бармағына басылып ыңғайлы ұсталуы. Солақай асық малдың оң жақ аяғының тілерсегінде болады.

Сызық, шеңбер – ойын барысында асық тігілетін орындар;

Көн, көмбе – асық тігілетін жердің атаулары;

Табан, адым – ойында қолданылатын өлшемдер;

Қағу, қаржу, иіру, шерту, басу, тап басу – асық ойындарында қолданылатын әдістер мен тәсілдер;

«Үй ішілік» («тақта ойыны»), «далалық» («алаң ойыны») – ойнау орнына қарай ойын түрлері;

Қарал, қаралық – ойын тәртібіне сай келмейтін іс-әрекет, яғни адал ойнамау деген сөз;

Құлжа сақа- арқардың асығы.

Топай (томпай)- бұзаудың, тайыншаның асығы(жалпы сиыр асығын томпай дейді). Мұз үстінде әдейі асық ойнау үшін жасалған алаңда ойнағанда, алыстан атылатын ойындарға топай сақа ретінде пайдаланылады.

Шүкейт (үшкейт)- қой немесе киік асығының кішкенесі, яғни қозы, ешкі асығы немесе ең кішкене жас малдың асығы.

Кеней, кентай –ойында ұпайға тігілетін асық. Кіші мағынасын білдіреді, шүкейдің көп жұмсалып мұжылған түрі,көпшілік ойнауға арналған қарапайым асықтар.

Пұш – тәйке түспесін деп, алшы жағы жонылған асық. Пұшпай болу мағынасында.

Ешкімер – ешкінің асығы.

Қойлақ – қойдың асығы.

«Шыр» - кенейлерді бір жерге тігіп, ұтысқа ойналатын асықойынының аты.

Қорғашбай сақа-табан жағынан ойылып қорғасын құйылған сақа.

Жабайт– ірі қой асығының сақадан кейінгі қорғасын құйылмаған түрі.

Көктабан – қорғасын құйылған салмақты сақа асық.

«Айналсақ сақа» (Бүгі мен шігін айналдыра қорғасын белбеу құяды, ол сақа алшы мен тәйке ғана түседі).

«Жымпит» сақа (Асықтың екі жағын жұқалап егеп тастайды, көздегенде жер жалатып тигізуге оңай, ал қарсыласың мұндай сақаға оңайшылықпен тигізе алмайды).

«Тәйпек» сақа (Асықтың не алшы, не тәйке жағының бүрі егеліп, тегістелген сақа.Алшы жағын егесе, тәйке тұрғыш, тәйке жағын егесе, алшы тұрғыш болады).

«Қорғасын» сақа (Асық салмақты, ұшқыр болып, дәл тиюі үшін түрлі әдістермен жан-жағын қуыстап тесіп, қорғасын құйған сақа).

Асық бояу– сақа, кенейлер сәнді болу үшін жүн бояп жатқанда, ішіне салып, әр түске бояп алады.

Көн киіз — асықтың «тақта» ойыны барысында қолданатын жұқа әрі икемді асық атуға, қаржуга қолайлы құрал. Бұл асық ойынының түрлеріне байланысты 50X50, 80X80, 100X100 см көлемінде болады. Көн киіздің дөңгелек шеңбер түрінде қолдануға болады. Ондай жағдайда көн киіздің диаметрі 50, 80, 100 см. Көн

киіздің жиегін жіңішке ұлттық нақышты оюлармен көмкерген дұрыс.

Тақта — «Көн киіз» шағын тақтаның үстіне орналасады. Тақта дөңгелек немесе 4-6 қырлы болады. Ойыншылардың қимылына кедергі келтіретіндей үлкен болмауы шарт. Тақта ойыншылардың қалауына немесе ұйымдастырушылардың ұсынысына қарай отырып болмаса түрегеп тұрып ойын жүргізуге қолайлы болу керек.

Асық иіру — ойыншы асықты иіргенде көп асық қолына сыймайтын болса екі-үш бөліп иіруіне болады. Иіріп тасталған асық «Көн киіздің» сыртына шашырап кетпеуі қажет. Ондай жағдайда көннен тыс жатқан асық ойыннан да тыс қалады, яғни ойыншы өз мүмкіндігіне толық ие бола алмайды.

Асық иірудің әдісі — ойыншы асықты жай шашып тастамайды аса ептілікпен иіреді. Асықты қос қолдап немесе бір қолмен иіріп тастайды. Қолды төңкеріп немесе «Көн киіздің» ортасын көздеп шиырлата иірген асық дұрыс орындалған болып есептеледі. Егер ойыншы асықты дұрыс иірмесе, төреші тарапынан ескерту алады. Ескертуді қатарынан үш рет алған жағдайда асықты келесі ойыншыға ауыстырады.

Асық ату — бұл асық ойынының ең бір ептілікті қажет ететін тұсы. Ойыншы қажетті асықты атқанда екі қолдың он саусағының кез-келгенін пайдаланады. Бірақ ату кезінде саусақты сүйретіп немесе жай түртіп атуға болмайды. Бұлай істеген жағдайда асық келесі ойыншыға ауысады.

Асық атудың әдісі — ойыншы «Көндегі» асықтың орналасуына қарай асықтарды атады. Асықты атуға ыңғайлы саусақ бүгіліп, екінші бір саусақтың тіреуінен шертіліп барып асыққа тигені дұрыс.

Қаралық — ойыншы асық ойыны ережесіне сай келмейтін іс-әрекеттерді қолданғанды айтады. Бұл төрешілер тарапынан ескерту беру арқылы жөнге келтіріледі.

Шеңбер — бұл асықтың «алаң» ойыны кезінде көп қолданады. Ойыншылардың сыртқы түзілім шегі.

Су — ойыншылардың алаңға тігілген асықты ату кезіндегі бағыты. Ойынның түріне қарай 1, 2, 3, 4 бағытта болады.

Сөре — асық тігілген кіші шеңбер. Онда ойыншылар көнге салған асықтар орналасады.

Қарақшы – алтын сақа орналасқан нүкте.

Кезек – асық ойыншылардың ойынға кіру реті.

Кезекті анықтау – кезекті төрешілер анықтайды. Ойыншыларға асық иірту арқылы немесе жеребе бойынша кезек тоқтатады, яғни ойыншылар көнге тастайтын асықтарын иіртіп кімнің асығы көп алшы түседі, соған қарай кезек береді.

Қаржу (қаршу) әдісі – асықты жоғары серпіп тастап, сол аралықта көндегі асықты іліп алып, жоғары серпілген асықты жерге түсірмей қаржып алу арқылы атқарылады. Асықтың санына немесе түріне қатысты қаржыйды.

Сақа негізі

Асық ойынында асықтың берекесі де, басшысы да «сақа». Асықтарды атқанда сақамен көздейді. Бас бармақпен сұқ саусаққа қысып ұстап жоғары сілкіп, салмақтап айландырады. Айландырып тұрған сақаны сағаттың тіліне қарсы иіріп атады. Ірі әрі салмақты иіріліп тиген сақа асықтарын бірнеше домалатады. Шебер иіріліп атылған сақа, асыққа тигенде біраз жерге дейін ұшырып жібереді.



Сақалар

Қорғасын құю тәсілдері де әр түрлі, омпы жағынан не тәйкесін, не алшы жағын үңкіп құю. Әр ойынның түрлеріне қарай жеке-жеке сақалары болады. Сақаның тұмсығын өзіңе қаратып, тәйке жағынан сұқ саусағымен қысып ұстап, иіріп атасың, не шиырып тастайсың.

Сақаны кейде қаржиды, яғни сақаны екі алақаныңның арасына салып, не қара санның үстіне қойып, оң алақаныңмен жіп ширатқандай ысып қалып жерге тастап жіберу.

Сақа соғыстыру - ойын бастау кезегіне не болу үшін балалар бар сақаны жиып алып, төмен шашып тастайды. Кімнің сақасы бірінші тұрса, кезек соныкі. Егер екі сақа бірдей тұрса, екеуін қайта тастайды, қай тұрғаны–бірінші, тұрмағаны екінші болады.

Асық ойыны жарысына қатысу тәртібі

Ойынға өңірлік іріктеу кезеңдерінің жеңімпаздары болыптабылатын ойыншылар қатыса алады. Ойынға қатысушылар өз топтарын ажыратып тұруы үшін жарысқа қатысушы топтар біркелкі киім үлгісін қолдануы тиіс. Ойыншылар ұлттық нақыштағы киім үлгісін қолдануына болады.

Киімнің жеңі, етегі асық атуға, иіруге, лақтыруға кедергі келтірмейтіндей ықшамды болуы шарт. Ойынға қатысу үшін өтінімдер белгіленген уақытқа дейін қабылданады. Ойынға қатысушылардың келу және қайту күні, уақыты туралы ақпаратты және жауапты тұлғалардың қолы және мөрімен бекітілген нақтыланған қатысушылар тізімін ұсынылған нысан бойынша беруі қажет. Ойыншыларда міндетті түрде жеке басын куәландыратын құжаты болуы шарт.

1. Қатысушылар құрамы: Әр өңірден келетін қатысушылар құрамы 5 адамнан аспауы тиіс, яғни: жетекші-бапкер – 1 адам; қатысушы – 4 адам. Барлық ұйымдастыру мәселелерін шешуді, олардың тұрғынжайы мен тамақтану шығыстарын жарысқа жіберуші жақ көтереді. Ұйымдастыру комитеті жоғарыда аталған адамдардың жарыс өтіп жатқан залдарға, жарыстың ашылуымен жабылуына кедергісіз өтуі мақсатында аккредиттеуді олардың келуіне өтінім қатысушының негізгі құрамымен берілген жағдайда ғана кепілдендіреді.

2. Болжамды бағдарлама: 1 - күн жарысқа қатысушылардың келуі, экскурсиялық бағдарлама; 2 - күн жарыстың салтанатты ашылуы, жарыс; 3 - күн жарысқа қатысушылар мен қонақтардың қайтуы.

Асық ойынының түрлері

Асық ойынының түрлері өте көп, яғни ол әр өлкеде әртүрлі атауларға ие және ойнау әдіс-тәсілдері де өзгеше. Аталған ойын түрі осы барлық ерекшеліктерін сақтай отырып дамыған. Осының барлығын салыстыра отырып аталған ойын түрін – «үй ішілік» және «далалық» деп екіге бөліп жіктеуге болады. «Үй ішілік» — ойын түрі қазіргі заманауи жағдайға икемделіп – «тақта ойыны» деп аталса, ал, «далалық» түрі – «алаң ойыны» деп аталады.

Асық ойынының «тақта ойыны» түріне: «Хан» немесе «Ханталапай», «Хан ату», «Құлжа немесе ату»; «Құмар»; «Қақпақыл»; «Қаржу»

«Қаржымақ»; «Сасыр»; «Төрт асық»; «Бес тас»; «Бес асық»; «Иіркеміл» т.б. жатады.

Асық ойынының «алаң ойыны» түріне: «Арқаласпақ»; «Алты атар»; «Омпа»; «Кетсін бір»; «Шыр»; «Бәйге»; «Алшы»; «Бес табан»; «Көтеріспек (Атбақыл)» т.б. жатады.

Асық жабайлату – ішінде бір сақасы бар кенейлерді жиып алып, уыстап шашып тастауды атайды. Иесі сақасымен жұптас жатқан кенейлерді үлесіне қосып алады. Сақасы басқа асықтардан жеке-дара (алшы, не тәйке, не бүк, не шік) түссе, ойын келесі кезектегі қарсыласқа жылжиды.

Өріс ойыны. 3, 5, 7 метр қашықтықтан (қашықтық балалардың жас ерекшелігіне байланысты). Түзу бойына алшы, тәуки кезектесіп тізіледі. Өріске ұзап барып атасың. Кімнің бірінші ататындығы сақаларын қосып, бір ойыншы басынан асыра (соғады) жерге тастайды. Алшы түскен сақа иесі бірінші, тәуки екінші, бүк үшінші, ішік төртінші болып атады.

Ойынындағы ұтыс (жеңіс) тәртібі • Сақа асыққа тиіп «алшы» түссе - тізілген асықты түгел ұтып алады. • Сақа асықтарды құлатып, сақа бүк түссе - ішік шатқан асықтарды ұтады. • Сақа асықтарға тиіп, ішік түссе - бүк түсіп жатқан асықтарды ұтады



Өріс ойыны

Бұзылған асықтарды түзу бойына қайтадан тізіп қояды. Келесі кезектегі ойыншы сақасы мен тізілген асықтарды көздеп атады. Атқанда сақа асықтарға тиіп, құлатып өзі омпта түссе, сақаны омпалатады. Тізеден төмен сақаны домалатып тастайды. Келісім бойынша үш рет қайталауға болады. Өрістен атылған сақалар, домалап түскен жерінде жатуға тиіс. Кімнің сақасы төрге озып кетсе, сол бірінші болып кері атады. Тимей кетсе келесі ойыншы кезек алады. Ойыншылар тигізе алмаса, алғашқы ойыншы қалған асықты сақамен қосып, басынан асыра жерге тастайды. Ұтқан асығыңды жинап отырасың. Шебер ойыншы қарсыласының асығын түгел ұтып алады.

Сақа мынадай жағдайда асықты ұта алмайды • Сақа бүк жатса- бүк жатқан асықты ұта алмайды • Сақа ішік жатса- ішік жатқан асықты ұта алмайды • Сақа бүк, ішік, тәукі, омпта жатса- алшы тұрған асықты жеңе алмайды • Сақа бүк, ішік, тәукі, омпта жатқанда - тәукі тұрған асықты жеңе алмайды • Сақа бүк, ішік, тәукі, омпта жатқанда - омпта тұрған асықты жеңе алмайды.

Асықты тігіп ойнау. Ойыншылар ортадан төрт бұрышты сызық сызады. Сол төрт бұрышты ортасынан тең етіп екіге бөледі. Әр жағының қашықтығы балалардың жас мөлшеріне қарай белгіленеді. Сонда 1—1,20 см немесе 1,5 метрге дейін болады. Мұны «көн» деп атайды. Сонда ойнаушылардың өзара келісімі бойынша көннен 4—5 м. не одан да көп мөлшерде асық ататын орын белгіленеді. Оны сызықпен белгілейді. Ойыншылар осы жерден тұрып көндегі асықты ататын болады. Ойынды кім бірінші болып бастайтынын сақа иіру арқылы анықтайды. Сақасы алшы түскен ойыншы бірінші болып ату кезегін алады.

Ойыншы асыққа дәл тигізіп, оны көнбе сызығынан шығарса, оны алады да, сақасы түскен жерден қайта атады. Сөйтіп көннен шығарғандарын ала береді. Егер оның сақасы көндегі асыққа тимей кетсе, асықты келесі ойыншы атады. Ал тігілген асықтарды бұзып, бірақ көннен шығара алмаса, қалған ойыншылар асықтарды сол жатқан қалыбында атып, көннен шығарып алуға тиіс. Ойын көндегі асықтар бойынша біткенше ойнала береді. Көндегі асық біткен соң, ойынға қатынасушылар бір-бірден көнге қайта асық тігіп, ойын қайта басталып, жалғаса береді.

«Алшы ойыны» Ойнаушыларға шек қойылмайды. Ойын басталар алдында, ойын жүргізуші, барлығының сақаларын жинап

алып, ойында әркімнің кезегін белгілеу үшін, яғни, кімнен кейін кім асық ату керектігін анықтау үшін, сақаларды иіреді. Иірген кезде кімнің сақасы алшы түссе, сол бірінші, тәйке түссе екінші, бүк түссе үшінші, шік түссе одан кейін асық ататын болады.

Атқан кезде сақасы мен асығы бір жақты түссе, атқан асығын алып, әрі қарай ата береді. Енді бірде асық атқан кезде сақасы алшы түсіп, асық кез келген жағында жатса да асықты алады, тағы атады, ал сақа мен асық екеуі екі түрлі түссе, онда алмайды. Ол атуды тоқтатып, кезекті келесі ойыншыға береді. Екінші ойыншы өз кезегінде сақасын иірген кезде тәйке түссе, онда өзінен кейін кезекте тұрған ойыншы көмбеде тұрып оның тәйке түскен сақасын атады, тигізсе, сақа иесі ойыннан шығып қалады, тигізе алмаса, өзі ойыннан шығады. Кезек алу үшін сақаларын иірген кезде бүк, шік түскен ойыншылар өз кезектерімен көнге тігілген асықты ата береді. Осы ретпен көндегі асықты атып тауысқанға дейін ойнайды да, асықтарын қайта тігіп, ойынды жалғастыра береді.

«Омпа» бұл ойынды көбінесе бозбалалар ойнайды. Оны таза ауада аланда, не үлкен бөлмелерде ойнауға болады. Ойнаушылардың санына шек қойылмайды. Ойынның мақсаты — асық ұту. Ойнаушылар арасы 20 қадам екі көн сызады да біріншісіне төрт бұрыш жасайды (оның көлемі өзара келісіледі) дәл ортасындағы сызыққа әрбір ойыншы өздерінің асықтарын тігеді. Тігілген асықтардың ортасына бір асық мұртынан «Омпа» тұрғызады. Ойнаушылар екінші белгіленген жерден бірінің артына бірі тұрып әркімнің өз кезектері бойынша, қолдарындағы сақаларымен «омпаны» ата бастайды. Егер кімде-кім омпаға тигізсе және оны төрт бұрыштың шетіне шығарса, онда көндегі асықты түгел алады. Ал омпаға тимей, жанындағы асықтарға тисе, оны да төрт бұрыштың шетіне шығара алса, онда сол атқан асығын ғана алады. Асық таусылған сайын, көнге асық қайтадан тігіліп отырылады. Ойын жалғаса береді.



Ханталапай ойыны

«Ханталапай» - Олар ойын жүргізушінің айналасына жарты шеңбер құрып отырысады. Ойын жүргізуші қолындағы асықты «хантаалапай» деп ортаға қарай шашып жібереді. Ойынның мақсаты — балалардың жылдамдығын жеделдету, жүйке жүйелерін шыңдау, тілін дамытып, ойда сақтау қабілеттерін жетілдіру.

Бұл ойында екі баладан бес-алты балаға дейін (алаша не сырмақ төселген тегіс жерде) ойнай алады. Әр бала келісім бойынша бірнеше кенейін ортаға қосады. Бір асықты (түрі қызыл болса тіпті жақсы) ішінен «хан» етіп сайлайды. Ол асық қосқан кенейлер санына қосылмайды. Асық иіріп немесе санамақ арқылы бірінші ату кезегіне ие болған бала асықтарды қос уыстап алып, араластырып, шашып жібереді. Ойыншылар бірден «ханның» қалай түскеніне қарайды. «Хан» алшы тұрса, таласа-тармаса жаппай қарманып, мол үлес алып қалу үшін, асықтарды бас салады. Балалардың жинаған ұпайы, алып үлгерген асығына қарай есептеледі. Бас салған кезді «Хантаалапай» деп айтады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты. 050108 - «Дене шынықтыру және спорт» мамандығына арналған. ҚРБЖҒМ. Астана. 2004ж.
2. Типтік оқу бағдарламасы. Жоғары кәсіптік білім. Ұлттық спорт түрлері. 050108 - «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша педагогикалық ЖОО-на арналған. Астана. 2006ж.
3. Қазақстан Республикасының заңы. «Білім туралы». Астана. Ақорда. 2007 жылғы шілденің 27-сі № 319-III ҚРЗ.
4. «Дене шынықтыру және спорт» туралы заңы. Астана. 1999 жылғы желтоқсанның 2-сі. № 490-I ҚРЗ.
5. Мұхамеджанова Ұ. Дене шынықтыру пәнін оқыту әдістемесі (Оқу құралы). Астана. «Фолиант». 2007ж.
6. Әбенбаев С.Ш. Тәрбие теориясы мен әдістемесі (Оқу құралы). Алматы. «Дарын». 2004.
7. Қошаев М.Н. Дене тәрбиесінің әлеуметтік-экономикалық тиімділігі. Алматы. ДТҰҒ-П орталығы. 2002ж.
8. Тәнікеев М.Т, Асарбаев А.Қ. Қазақстандағы дене шынықтыру мен спорт тарихы (Оқу құралы). Алматы. ҚазСТА 2002ж.
9. Телеуғалиев Ю. Дене тәрбиесі. Қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша мұғалімдерге арналған оқу-әдістемелік құрал. Алматы «Жазушы» 2006ж.
10. Баимбетов Т. Дене шынықтыру сабақтарындағы жалпыдамытушы жаттығулар және терминология . Әдістемелік құрал. Алматы. «Қазақ университеті» 2006ж
11. Иванов Г.Д., Құлназаров А.Қ. Студенттердің дене тәрбиесі. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық. Алматы. ДТҰҒ-П орталығы. 2008ж.
12. Ә.Бүркітбаев. Спорттың ұлттық түрлері және оның тәрбиелік мәні. Алматы 1985ж. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институты.
13. Құрманбаева С.К. «Ұлттық ойындардың бүгіні мен келешегі», «Алматы» 2004 жыл.
14. Несіпбаев Б.К. «Ұлт мәдениеті мен өнері», «Білім» 2003 жыл.

15. Атабаев А.С. «Ұлттық ойындар- халық мұрасы», «Кітап» 2006 жыл.

16. Наурызбаев Ж. «Ұлттық мектептің ұлы мұраты», «Алматы» 1995 жыл.

17. Әбішев Кендебай., Теміров Нұрғали., Қазақтың ұлттық спорт түрлері. Алматы 2015ж. Нұр-Принт.

18. Кендебай Әбішев., Қазақтың ұлттық спорт түрлері. Алматы 2015ж. Нұр-Принт.

19. Тайжанов С. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы 2010ж. «Эверо».

20. М.Болғамбаев. Қазақтың ұлттық спорт түрлері. Алматы 1985ж. «Қайнар».

21. Базарбек Төтенаев. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы 1994ж. «Қайнар».

22. Е.Сағындықов. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы 1991ж. «Рауан».

23. Е.Сағындықов. Ұлттық ойындарды оқу-тәрбие ісінде пайдалану. Алматы 1993ж. «Рауан».

24. Қазақстан даму институты. Қазақтар. Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық. 5 том. Ата-салт. Алматы 1998ж. «ІДК-ТІРО».

25. Төтенайдың Базарбегі, Басыбеков Болатбек. Дене шынықтыру. 4 сынып. Алматы «Атамұра» 2000.

26. Төтенайдың Базарбегі, Тайжанов Сүгірәлі. Дене тәрбиесі. 5 сынып. Алматы «Атамұра» 2001ж.

27. Төтенай Базарбек. Дене тәрбиесі. Оқулық. 2-басылым. «Фолиант» Астана. 2012ж.

28. «Білім және еңбек» журналы. № 1. Алматы 1985ж.

Мазмұны

Кіріспе	3
Ұлттық спорт туралы түсініктер оның зерттелуі және даму жолдары	4
Ұлттық спорт ойындарының ғылыми-педагогикалық негіздері	26
Еліміздің ұлттық ойындарының оқыту барысын жетілдіру мен тұлғалық-салауаттылық негізі	30
Ұлттық ойындардың даму тарихы	34
Қауымдастық	44
Халқымыздың ұлттық мерекелері мен ойындары және спорттық жарыстары	47
Ұлттық спорт ойындарының әртүрлі дене жаттығулары	53
Ұлттық спорт ойындарының қимыл-қозғалысы	58
Ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарының жіктелуі мен педагогикалық мағынасы	64
Ат спорты (аламан бәйге, бәйге, құнан бәйге, дөнен бәйге, тай жарыс, жорға жарыс)	78
Ат спорты (ат жегу, ат омырауластыру, аударыспақ, қыз куу)	86
Ат спорты (көкпар, жамбы ату, күміс ілу, сайыс)	102
Саяттаушы құстарды аңға салу – құс туралы	115
Саяттаушы құстарды аңға салу – ит туралы	124
Тоғызқұмалақ	137
Қазақша күрес	151
Асық ойындары	161
Пайдаланылған әдебиеттер	176
Мазмұны	178

Шилібаев Бекболат Аманжолұлы

Ұлттық спорт ойындары

Оқу құралы.

Басылуға 25.09.2019 қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/16 . Көлемі 11,2 б.т.
Таралымы 500 дана. Тапсырыс №

ЖШС «Альманахъ» баспа үйі»
Алматы қ., Алатау ы/ауд., Наурыз к-сі, 74-а үйі
e-mail: almanah_id@mail.ru

«Нур-Принт» баспаханасы
Тел: 8 (727) 308-25-46, 298-64-02
e-mail: nur-print@mail.ru
www.nur-print.kz